



**ЖА
СЫЛ
БАНК
ЖЫЛ
ДЫҚ
ЕСЕП
2019**



CENTERCREDIT



1	ГЛОССАРИЙ	3		
2	ТОП ПОРТРЕТИ	4		
	Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі	5		
	Басқарма төрағасының үндеуі	5		
	Инвестициялық тартымдылық	7		
	Өңірлік қатысу	8		
3	ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАР	10		
	«BCC Invest» АҚ	10		
	«BCC-ОУСА» ЖШС	12		
4	СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЕСЕП	13		
	ЦентрКредит Банкі туралы мәліметтер	13		
	2019 жылғы негізгі оқиғалар	14		
	Макроэкономиканы және банк секторын шолу	15		
	ЦентрКредит Банкінің даму стратегиясы	18		
5	НӘТИЖЕЛЕРДІ ШОЛУ	23		
	Бөлшекті бизнес	24		
	Карточкалық бизнес	26		
	Корпоративтік бизнес	29		
	Қор және банкаралық нарықтағы операциялар	35		
6	ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ДАМУ	37		
	2018-2020 жылдарға арналған IT-стратегия	38		
	Core Banking	39		
	Data Engineering	40		
	Digital Channels	41		
	IT Architecture	41		
	API	42		
	Операциялық процестер	42		
7	НӘТИЖЕЛІ КОМАНДА	44		
	Қызметкерлер саласындағы саясат	44		
	Оқыту және дамыту	46		
8	КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖӘНЕ КОРПОРАТИВТІК ОҚИҒАЛАР	47		
	Корпоративтік басқару	47		
	Корпоративтік оқиғалар	48		
	Директорлар кеңесі	49		
	Басқарма	51		
	Акционерлер және капитал. Дивидендтік саясат	52		
	«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың ұйымдық құрылымы	53		
	Филиалдардың үлгі құрылымы	54		
	Ішкі аудит қызметі	55		
	Заңнама талаптарының сәйкес келуі	55		
	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл	57		
	Банктің Директорлар кеңесінің және Басқармасының мүшелеріне 2019 жылы төленген сыйақы мөлшері мен құрамы туралы ақпарат	57		
9	ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК	58		
	Әлеуметтік жауапкершілік және қоршаған ортаны қорғау	58		
	Демеушілік және қайырымдылық қызметі	59		
10	ҚАРЖЫЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕР	60		
	Активтер	61		
	Міндеттемелер	61		
	Капитал	62		
	Кірістілік	62		
	Қаржыны басқару жүйесін жетілдіру	63		
	Кредит беру қызметі	63		
11	ТӘУЕКЕЛДЕР БОЙЫНША ЕСЕП	64		
	Тәуекелдерді басқару жүйесі	65		
	2019 жылы сәйкестендірілген тәуекелдер	67		
	2019 жылы тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру	67		
	2020 жылы ТБЖ жетілдіру жоспары	68		
12	ФИЛИАЛДЫҚ ЖЕЛІ	68		
13	ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАРДЫҢ ЕСЕБІ	70		
	Пайда және залал туралы шоғырландырылған есеп	74		
	Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп	75		
	Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп	76		
	Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп	77		
	Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп	79		
	Шоғырландырылған қаржылық есептілікке жасалған ескертпелер	80		



1 AQR / АСБ	(Asset Quality Review) – Активтердің сапасын бағалау	18 АТМ	(Automated Teller Machine) – банкомат
2 CIR	(Cost-to-Income ratio) – Операциялық шығыстардың операциялық кірістерге қатынасы	19 БЦК / Банк	«Банк ЦентрКредит» АҚ
3 CRM	(Customer Relationship Management) Клиенттермен бірге қарым-қатынас жасауды басқару жүйесі – клиенттермен бірге әрекет ету стратегиясын автоматтандыруға арналған ұйымдарға ұсынылатын қолданбалы бағдарламалық қамсыздандыру	20 ШШБ	Шаруашылық шығыстар бюджеті
4 CSI	(customer satisfaction index) – Клиенттердің қанағаттануының индексі	21 ЖІӨ	Жалпы ішкі өнім
5 FinTech / финтех	Дәстүрлі қаржы ұйымдарымен бәсекелесу үшін технологиялар мен инновацияларды қолданатын компаниялардан құралатын сала	22 БО	Бас офис
6 IFC	(International Finance Corporation) – Халықаралық қаржы корпорациясы (ХҚК)	23 ЦКБ тобы / Банк тобы	«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың компаниялар тобы
7 Market Place	Операцияларын маркетплейс операторы өңдейтін үшінші тұлғалардың өнімі мен қызметі туралы ақпарат беретін электрондық коммерция платформасы, электрондық сауда жүргізетін онлайн-дүкен	24 ЕҚДБ	Еуропалық қайта құру және даму банкі
8 NIM / ЧПМ	(Net Interest Margin) – Таза пайыздық маржа	25 ӨЖС	Өзгерістерге жасалған сауал
9 NPL	(Non-performing loan) – Екінші деңгейдегі банктердің мерзімінен 90 күннен аса уақытқа кешіктірілген қарыздары	26 ЖК	Жеке кәсіпкер
10 NPS	Net Promoter Score – Тұтынушылардың тауарға немесе компанияға бейілділігін белгілеу индексі (кеңес беруге әзірлік индексі)	27 АТТ	Ақпараттық-төлем терминалдары
11 ROAA	(Return on Average Assets) – Активтердің рентабельділігі	28 ИТ / ИТ	Ақпараттық технологиялар
12 ROAE	(Return on Average Equity) – Меншікті капиталдың рентабельділігі	29 Кросс-селлинг	Тоғыспалы сату – қазіргі сатып алушыға қосымша өнімді немесе қызметті сату әрекеті немесе тәжірибесі
13 SCF	(Supply Chain Finance) – Сатылымдар тізбегін қаржыландыру – жеткізушілер мен сатып алушылардың айналым капиталы бойынша мұқтаждықтарын қанағаттандыруға арналған интернет-платформа арқылы сатып алушыларды (корпоративтік клиенттерді), олардың жеткізушілерін және Банкті байланыстыратын айналым капиталын оңтайландыратын құрал	30 IOB	Ірі және орта бизнес
14 StarBanking	Интернет желісіне қосылған әртүрлі техникалық құрылғылардың (компьютер, смартфон, планшет және т.б.) көмегімен банктік шоттарды нақты уақыт (online) режимінде басқаруға мүмкіндік беретін жеке тұлғаларға қашықтан банктік қызмет көрсету жүйесі	31 АТБК	Ақпараттық технологияларды басқару комитеті
15 StarBusiness	Мобильді құрылғы (смартфон, планшет) көмегімен динамикалық сәйкестендіру құралдарын немесе смс-кодты пайдалану арқылы электрондық банктік қызмет көрсететін «Интернет-банкинг» жүйесінің мобильді нұсқасы	32 ШБ	Шағын бизнес
16 АДБ	Азия даму банкі	33 ХВҚ	Халықаралық валюта қоры
17 «Даму» КДҚ» АҚ / «Даму» қоры / Даму	«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ	34 МШОБ	Микро, шағын және орта бизнес
		35 ШОБ	Шағын және орта бизнес
		36 ҚР ҰБ / Реттеуші	Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі
		37 ББ	Бөлшектегі бизнес
		38 ИБЖ	«Интернет-банкинг» жүйесі – заңды тұлға клиенттердің Банк офисіне келмей-ақ, Интернет желісі арқылы «Банк ЦентрКредит» АҚ-тағы банктік шотты қашықтан басқару қызметін пайдалануына арналған жүйе
		39 ЖТ	Жеке тұлға
		40 ФҚТ	Функционалдық-құндық талдау
		41 БҚ	Бағалы қағаздар
		42 Чат-Бот	Пайдаланушылардың қажеттіліктерін анықтап, кейін оларды қанағаттандыруға көмек беретін бағдарлама
		43 Эквайринг	Сауда-саттық кәсіпорындары үшін тауарлар мен қызметтерге қолма-қол ақшасыз пластик карталармен жасалатын төлемді қабылдау мүмкіндігі
		44 ЗТ	Заңды тұлға

ТОП ПОРТРЕТИ



ҚҰРМЕТТІ АКЦИОНЕРЛЕР, КЛИЕНТТЕР ЖӘНЕ СЕРІКТЕСТЕР!

Бақытбек Байсейітов,
«Банк ЦентрКредит» АҚ
Директорлар кеңесінің төрағасы

Еуропалық орталық банктің халықаралық тәжірибесіне сәйкес қаржылық тұрақтылықты және банк секторын сауықтыруды қамтамасыз ету мақсатында жүргізілетін, банк активтері көлемінің 87%-ын және нарықтың несие портфелінің 90%-ын құрайтын Қазақстанның ең ірі банктерінің активтерінің сапасын бағалау, сонымен қатар Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігін құру еліміздің қаржы нарығында 2019 жылдың басты оқиғасы болды. Жүргізілген бағалау қорытындысы банк секторының тұрақтылығын растады, жүйелік негізде капитал тапшылығы бақыланбады, K1 және K2 пруденциалдық нормативтері орындалды, сондай-ақ олар тәуекелдерді өтеу үшін жеткілікті болды.

AQR қорытындысына, сонымен қатар белгіленген нормативтік шекте ЦентрКредит Банкі капиталының жеткіліктілігіне қарамастан, активтердің сапасын одан әрі жақсарту 2019 жылы Банктің маңызды міндеттерінің бірі болды. Өткен жылы ЦентрКредит Банкі резерв құруға бағытталған шығыс көлемін арттыра отырып, жылды 1,98 млрд теңге мөлшерін құрайтын оң қаржылық нәтижемен аяқтады.

AQR-дың оң қорытындысын назарға ала отырып, Standard&Poor's және Moody's рейтинг агенттіктері ағымдағы жылдың басында Банктің шетел валютасындағы және ұлттық валютадағы B (B2) деңгейіндегі ұзақмерзімді рейтингін растады. Рейтинг бойынша болжам «Тұрақты».

2019 жылдың қорытындысына сәйкес кредиттік қызметі бойынша ЦентрКредит Банкі 5-орыннан 4-орынға көтеріліп, 1 053,1 млрд теңгеге, яғни 2,7%-ға өскен несие портфелінің мөлшері бойынша банктің нарықтық позицияларын күшейтті. Банк жұмыс істемейтін қарыздарының (NPL) үлесін 6,4%-дан 6,2%-ға дейін төмендетті.

Есепті жылы банк бөлшекті кредит беруге басым назар аудара отырып, жаңа қосымшалар арқылы қолданыстағы өнімдер желісін кеңейтті.

«Даму» қорының, Қазақстан Даму банкінің, Ауыл шаруашылығы министрлігінің мемлекеттік бағдарламаларын, сондай-ақ Азия Даму банкі мен Еуропалық қайта құру және даму банкінің бірлескен бағдарламаларына белсенді қатысу ШОБ портфелін 8,1%-ға көбейтті.

Өткен жылы басқа бағыттар бойынша да маңызды жұмыс жүргізілді, банк еліміздің ірі қалаларында бір филиалы мен бірқатар бөлімшелерін ашып, еліміздің өңірлерінде көрсететін қызметтерінің аясын кеңейтті. «BCC Elite» премиум санатындағы жаңа бағыттың дамуы бастау алды.

Технологиялардың қарқынды дамуы мен процестерді цифрландыру клиенттердің жүріп-тұруын, сондай-ақ талғамын өзгертіп, банктердің қазіргі бизнес-үлгілерін трансформациялай бастады. Осы құбылыс кезінде банк түрлі цифрлық бастамаларды белсенді түрде енгізіп, бірқатар өнімдер мен қызметтер бойынша пионер болып келеді.

Әлем экономикасындағы өсімнің бәсеңдеуі, шикізат және қаржы нарығындағы құбылмалылық, COVID-19 індеті, сондай-ақ өзін-өзін оқшаулау бойынша мәжбүрлі шаралар сияқты бүгінгі ғаламдық өзгерістер банкті жаңа бастамаларды дамытуға ынталандырады. Олар клиентке және оның қажеттіліктерін талдауға бағытталған қашықтан қызмет көрсету арналары мен цифрлық жүйелер, сегменттерге бөлінген өнімдік қосымшалар мен дербес сервистерді әзірлеу және құру, серіктестік желі мен банктің экожүйесін дамыту сынды бастамалар болды.

Алдағы уақытта да біз озық тәжірибелерді енгізуді жалғастыруға бел байлап отырмыз, алға қойған басты мақсатымыз – клиенттерге қызмет көрсету сапасын арттыру, қолданыстағы барлық процестердің технологиялылығы есебінен өсімді қамтамасыз ету, басқа нарықтарға шығу, сондай-ақ серіктестерімізбен бірге өсіп-өркендеу.

«Банк ЦентрКредит» АҚ
Директорлар кеңесінің төрағасы
Бақытбек Байсейітов

БАСҚАРМА
ТӨРАҒАСЫНЫҢ
ҮНДЕУІ

ҚҰРМЕТТІ КЛИЕНТТЕР ЖӘНЕ СЕРІКТЕСТЕР!

Ғалым Хұсайнов,
«Банк ЦентрКредит» АҚ
Басқарма төрағасы

2019 жылы отандық экономиканың дамуы жалғаса түсті. АҚШ пен Қытай арасындағы сауда қақтығысына байланысты әлем экономикасы белсенділігінің бәсеңдеуіне қарамастан, Қазақстанның экономикасы 4,5%-ға өсті. Шикізат, құрылыс және қызмет көрсету саласын қоса алғанда, тұтыну мақсатында берілетін кредиттер аясын кеңейту нәтижесінде туындаған еліміздің ішкі пайдалануының жоғары қарқыны қазақстандық экономикаға қолдау көрсетті.

2019 жылы халыққа кредит беру өткен жылдағыдай банк секторының дамуының өзегіне айналды. Бір жыл ішінде бөлшекті кредиттер портфелі 26,8%-ға өсіп, ЕДБ клиенттерінің жиынтық несие портфелі 6,7%-ға көбейді. Өзінің стратегиялық басым бағыттарын ұстана отырып, ЦентрКредит Банкі бір жыл ішінде негізгі күш-жігерін бөлшекті сегментті, сондай-ақ шағын және орта бизнесті дамытуға жұмсады. Жылдың қорытындысы бойынша Банктің клиенттеріне берілген кредиттер портфелі 1 053,1 млрд теңгеге, яғни 2,7%-ға өсті. Осы ретте «Баспана» ипотекалық ұйымы» АҚ бағдарламалары аясында берілген қарыздарды есепке ала отырып, бөлшекті кредиттердің өсімі 7,8%-ды құрады, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғалардың кредиттері 8,1%-ға өсті, ал корпоративтік клиенттердің қарызының көлемі 3,2%-ға төмендеді.

Халыққа кредит беру саласында өзінің орнын

күшейте отырып, Банк «7-20-25» және «Баспана Хит» мемлекеттік ипотекалық бағдарламаларын іске асыруға басым назар аударды. Осы ретте аталған жобаларды іске асыру кезінде әлеуметтік жауапкершілік Банк үшін маңызды аспект болып табылады. Осыған байланысты ЦентрКредит Банкі әскери қызметшілерге арналған арнайы бірегей бағдарламаны іске қосты. Осы бағдарламада әскери қызметшілер алатын қосымша төлемдер де ескеріліп, бұл ипотекалық қарыздар бойынша мақұлдау алу пайызын сөзсіз көтерді.

Жылдың соңында «7-20-25» және «Баспана Хит» бағдарламалары аясында берілген қарыздардың үлесі жиынтық бөлшекті портфельдің 27,9%-ын, сондай-ақ Банк клиенттеріне берілген қарыздың 9,8%-ын құрады. ЦентрКредит Банкіне «Баспана – Көшбасшы 2019» құрмет белгісі табысталды. 2019 жылғы қарашадағы жай-күйі бойынша Банктің үлесі «Баспана» ипотекалық ұйымы» АҚ-тың жалпы портфелінің 41%-ын құрады.

Нарық үрдісіне ілесе отырып, Банк бір жылдың ішінде тұтынушылық мақсатта кредит беру қызметін белсенді түрде дамытты. Осы сегментті кеңейту аясында ЦентрКредит Банкі бірқатар бірегей жобаларды іске асырды.

Жылдың басында Банк саудаға кредит беру саласында жаңа озық қосымшаны – «Кредиттік брокер» бағдарламасын пайдалануға қосты. Бұл – расында да қазақстандық нарықта теңдесі жоқ революциялық сервис. «Кредиттік брокер» қызметкердің сауда орталығында нақты болуын қажет етпей, Банктің кредиттік өтінімдер бойынша шешім қабылдауына мүмкіндік береді. Аталған жүйе бір жылдың ішінде өзін тиімді жағынан танытқандықтан, Банк 2020 жылы да оны жетілдіруді жалғастыра түсті.

Сегментті белсенді түрде дамытудың нәтижесінде жылдың соңында ЦентрКредит Банкінің тұтыну қарыздарының көлемі 147,9 млрд теңгеге, яғни 13%-ға өсіп, барлық бөлшекті портфельдің 40%-ын құрады.

Автокредит беру мен серіктестік желінің ауқымын кеңейту процесінде Банк 2019 жылы тікелей сату орындарынан қашықтан кредит беру қызметін іске асырды, бұл автокредит портфелінің жылдың аяғында 14%-ға өсуіне әсер етті. Ағымдағы жылы ЦКБ жаңа өнімдерді іске қосу арқылы, соның ішінде озық цифрлық технологияларды қолдану және серіктестер желісін бұдан әрі дамыту арқылы аталған бағытты белсенді дамытуды жалғастырады.



Төлем карталары бойынша көптеген сервистер енгізу және қолма-қол ақшасыз операциялар жасауға ынталандыру кезінде тұрғындарға қызмет көрсетуге және клиентке бағдарлауға ден қойылды.

2019 жылғы желтоқсанда ЦентрКредит Банкі Қазақстанда бірінші болып VIP-клиенттер үшін металдан жасалған контактісіз #IronCard карталарын нарыққа шығарды. #IronCard халықаралық төлем жүйелері өнімдері желісіндегі ең беделді карта - Visa Infinite базасында құрылған. Банк «#картакарта кредит картасы» жаңа өнімін беруді іске асырып, жобаны қанатқақты режимде іске қосты. Аталған өнім карточкалық бизнестің барлық артықшылықтарын қамтитын бірегей төлем құралы болып табылады. Банктің клиенттері жеке, сондай-ақ кредит қаражаттарын пайдалану, сонымен қатар пайызсыз бөліп төлеу және бір карта аясында әртүрлі кешбэк алу мүмкіндіктеріне ие болды.

ЦентрКредит Банкінің басым міндеттерінің бірі – шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау. Банктің өзін «Бизнеске арналған банк» ретінде танытып, кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау бойынша барлық бағдарламаға дерлік белсенді қатысуының арқасында клиенттерге өз бизнесін қолжетімді сыйақы мөлшерлемелерімен дамыту мүмкіндігін береді. Клиенттердің жоғары сеніміне ие болып, қазіргі күні Банк Мемлекет қаражатынан, сондай-ақ халықаралық қаржы институттарының қатысуымен іске асырылатын кәсіпкерлікті қолдау бойынша 23-тен астам бағдарламаға қатысады. Тарихи жағынан қарасақ, Банк кәсіпкерлікті қолдау бағдарламаларының ең белсенді операторларының бірі болып танылып, 2019 жылы «Даму» қорының атынан «Ең жылдам банк» номинациясы бойынша бірінші орынды және шығарылған Қор кепілдіктерінің саны бойынша үшінші орынды иеленді.

Ыңғайлылық пен жеделдік ЦентрКредит Банкінің клиенттерге қызмет көрсету бойынша негізгі қағидаттары болып табылады. Өткен жылы ЦКБ шағын кәсіпкерлерді қаржыландыру тәсілдерін қайта қарастырды, оның нәтижесінде Банк скоринг модельдерін қолдану арқылы ЖК кепілсіз қаржыландыру жобасын сәтті іске асырды.

2020 жылдың басында Банк аталған технологияны дамытуды жалғастырып, нарыққа «Скоринг жүйесін пайдалану арқылы берілетін овердрафт» атты жаңа өнімді ұсынды, бұл шағын және орта кәсіпорындардың қысқамерзімді қаржыландыруды бұдан әрі ыңғайлы және сенімді пайдалануын қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Өткен жыл бойынша шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға берілген қарыз портфелі 135,6 млрд теңгеге дейін, яғни 8,1%-ға өсіп, Банк клиенттерінің жиынтық несие портфелінің 12,9%-ын құрады. Осы ретте сегменттеудің ішкі өлшемдеріне сәйкес ШОБ-тың кредит портфелінің меншікті салмағы (жеке кәсіпкерлердің қарыздарын есепке алғанда) 20,8%-ды құрайды.

Технологияны дамытудың жедел қарқынына ілесе жүретін клиенттердің талғамының ерекшеліктерін, сонымен қатар операциялық ортаның ағымдағы жағдайын есепке ала отырып, қашықтан қызмет көрсету арналарын үнемі жетілдіру және олардың қызмет аясын кеңейту Банктің негізгі бағыттарының бірі болып табылады.

Бүгінгі күні ЦентрКредит Банкінің цифрлық сервистері клиенттердің банк офисіне келуін толықтай алмастыра ала алады. Тиімді интернет-өнімдерді дамыту саласында аудит және консалтинг жүргізуге мамандандырылған Markswebb агенттігінің зерттеуіне сәйкес жеке тұлғаларға арналған StarBanking қосымшасы Қазақстандағы мобильді қосымшалардың ішінде үшінші орынды иеленеді.

Банк жеке кәсіпкерлер мен фирмалардың басшыларына арналған арнайы StarBusiness қосымшасын іске қосты. Қосымша бизнес-клиенттерге мобильді телефон арқылы ұйымның және еншілес филиалдардың ақша қаражаты қозғалысын толық бақылауға мүмкіндік береді. Шоттарды белсенді басқарумен қатар, жүйе клиенттерге онлайн режимінде валюталық шарттарды тіркеу, тендерлік кепілдіктерді шығару, қызметкерлерге карталарды ресімдеу, тиімді бағаммен ақша айырбастау және көптеген басқа қызметтерді пайдалануға мүмкіндік береді.

Технологияларды дамыту нәтижесінде Банктің клиенттері кемі 20 минут ішінде Қазақстанның кез келген өңірінен онлайн түрде тендерлік кепілдіктер ала алады. Сонымен қатар 2019 жылы ЦКБ алғашқылардың бірі болып бірегей онлайн сервисті іске асырды, ол арқылы біздің Банк беретін кепілдік міндеттемелерді bcc.kz сайты арқылы легитимділігі жөнінен тексеруге болады.

ЦентрКредит Банкі өзінің клиенттерінің ыңғайлылығы үшін нарықта алғашқылардың бірі болып OpenAPI технологиясына негізделген қаржы платформасын пайдалануға қосты. Бұл платформа Банкпен интеграция жасауға, сондай-ақ Банк пен серіктес-компанияның клиенттері үшін сұраныстағы сервистерді жасауға мүмкіндік береді.

2019 жылғы шілдеде ЦентрКредит Банкі мен «Астана» халықаралық қаржы орталығы (АХҚО) Қолданбалы бағдарламалық интерфейсті (API) бірлесіп дамыту және қолдану, сондай-ақ ЦентрКредит Банкінің қаржы технологиялары нарығындағы қатысушыларға API сервисін ашу үшін өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды. Қазіргі күні АХҚО-ның және оның резиденттерінің талаптарын ескере отырып, сервисті қызметі жағынан кеңейту бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр. Банк АХҚО-мен құрылған ынтымақтастықтың сәтті болатынына сенімді.

Кредит беру аясын кеңейтумен қатар, клиенттік сервисті белсенді дамытудың арқасында 2019 жылы Банктің операциялық кірісі 2018 жылмен салыстырғанда 9,0 млрд теңгеге, яғни 12%-ға өсті. Оның ішінде несие портфелінің құрылымын өзгертудің және міндеттемелерді тиімді басқарудың есебінен таза пайыздық кіріс 59 млрд теңгеге, яғни 29%-ға жетті.

Осы ретте Банк активтердің сапасын одан әрі жетілдіру бойынша қызу жұмыс жүргізді. 2019 жылы Банк Реттеушінің ауқымы жағынан теңдесі жоқ «Активтердің сапасын бағалау (AQR)» атты тексеруіне қатысты, бұл тексеру банктік активтердің жалпы көлемінің 87% үлесін иеленетін отандық 14 банкті қамтыған.

AQR нәтижесі Банк үшін кредит беру тұрғысынан оң болғанымен, оған қоса Банктің капиталының жеткіліктілігін растағанымен, ЦентрКредит Банкі қосымша резерв көлемін құру туралы стратегиялық шешім қабылдады. Бұл 2018 жылмен салыстырғанда провизияға кеткен шығысты 35,2%-ға өсірді. Резерв құрудың айтарлықтай үлкен көлемін есепке алғанның өзінде жылдың соңында ЦентрКредит Банкі 1,98 млрд теңге мөлшерінде оң қаржылық нәтиже көрсетті.

2020 жыл ЦентрКредит Банкі үшін жаңа сынақ дайындады: мұнай бағасына, ұлттық валютаның әлсіреуіне, сондай-ақ коронавирус індетіне және карантин режимінің енгізілуіне байланысты күтпеген жағдай экономикалық белсенділікті бәсеңдетті. Экономиканы тұрақтандыру бойынша Мемлекет тарапынан қабылданып жатқан шараларды, сонымен қатар Банктің тиімді бизнес-моделін есепке ала отырып, ағымдағы жылы ЦентрКредит Банкі бизнестің нысаналы бағыттарын дамытуды жалғастырады, сондай-ақ активтердің сапасын одан әрі жетілдіру, өтімділіктің, кірістіліктің жеткілікті деңгейін ұстап тұру және оң қаржылық нәтижеге жету үшін үлкен жұмыс атқаруға дайын.

«Банк ЦентрКредит» АҚ
Басқарма төрағасы
Ғалым Хұсайнов

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ТАРТЫМДЫЛЫҚ

НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРДІҢ ДИНАМИКАСЫ

млн теңге	2017	2018	2019
Активтер	1 330 498 ↑	1 517 760 ↑	1 460 439 ↓
Кредиттер Нетто	831 251 ↑	968 684 ↑	982 390 ↑
Капитал	128 883 ↑	107 098 ↓	113 089 ↑
Таза пайыздық кіріс	47 500 ↑	45 848 ↓	58 977 ↑
Резервтер құру	43 743 ↑	30 814 ↓	41 657 ↑

БАНК ТОБЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ




«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АҚ



«BCC INVEST» АҚ
Брокерлік-дилерлік
қызмет



«BCC-ОУСА» ЖШС
Стрестік активтерді
басқару



«ЦЕНТР ЛИЗИНГ» ЖШС
Қаржылық лизинг

РЕЙТИНГТЕР

STANDARD
& POOR'S
«Тұрақты»
12.03.2020 ж.

B

MOODY'S
«Тұрақты»
30.04.2020 ж.

B2


МАРАПАТТАР

«Баспана» ипотекалық
ұйымы» АҚ-тың тұрғын
үй бағдарламаларын
іске асыруда көшбасшы
банк болып танылды

«Ең белсенді
деск»

Digital Ecosystem
Platform of the year -
Open API platform -
Kazakhstan, 2019

Қазақстандағы
«Күнделікті қызметтерге
арналған ең үздік
мобильді банк»
санатында үшінші
орынды иеленді






19
ФИЛИАЛ

110
ЕСЕП АЙЫРЫСУ
КАССА ОРТАЛЫҒЫ

642
БАНКОМАТ



ЕНШІЛЕС КОМПАНИЯЛАР

ЕНШІЛЕС КОМПАНИЯЛАР



BCC INVEST

«BCC INVEST» АҚ

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың еншілес ұйымы «BCC Invest» инвестициялық компаниясы Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік емес бағалы қағаздардың қайталама биржа нарығының жетекші операторларының алғашқы үштігіне кіреді, сондай-ақ компанияның бағалы қағаздар нарығында 20 жылдық тәжірибесі бар.



Брокерлік-дилерлік
қызмет



Тікелей
инвестициялар



Корпоративтік
қаржыландыру



Клиенттердің
активтерін басқару

Соңғы жеті жылдың ішінде бірлескен күш-жігердің арқасында «BCC Invest» АҚ командасы бизнесті жеті еседен аса өсіру, сонымен қатар компанияның кіріс бойынша бюджетін асыра орындау арқылы сипатталатын қызметтің тұрақты жоғары көрсеткіштерін көрсетіп келеді.


Тек соңғы 4 жылда Компанияның жиынтық активі 11,9 млрд теңгеден (2016 жыл) 31 млрд теңгеге дейін (2019 жыл), таза кіріс 1 млрд теңгеден (2016 жыл) іс жүзінде 2 млрд теңгеге дейін (2019 жыл), яғни 85%-ға өсті, осы ретте комиссиялық кіріс 2.4 есе өсіп, 2019 жылы 664 млн теңгені құрады.

* «BCC INVEST» АҚ-тың басқарушылық есептілігіне сәйкес


664
млн теңге

«BCC INVEST» АҚ-тың
басқарушылық есептілігіне
сәйкес


Активтер
млрд теңге



Компанияның пайдасы
млрд теңге



Капитал
млрд теңге





Андеррайтер қызметі бойынша KASE биржасының рейтингінде

2019 жылы нарықтағы үлесі 32%, корпоративтік облигацияларды орналастырудың жалпы көлемі 732,2 млрд теңгені құрады.

- «Баспана» ипотекалық ұйымы» АҚ-тың (100 млрд теңге),
- «Проблемалы кредиттер қоры» АҚ-тың (614 млрд теңге),
- «ВТБ Банкі» АҚ-тың (15 млрд теңге) облигацияларын орналастыру бойынша мамандандырылған сауда-саттық өткізді.



Корпоративтік облигациялар секторындағы маркет-мейкер қызметі бойынша KASE биржасының рейтингінде

2019 жылдың қорытындысы бойынша Компания нарықтағы 21,5% үлесімен корпоративтік облигациялар секторындағы маркет-мейкер қызметі бойынша көшбасшы орынды иеленді.



ҚР Ұлттық Банкінің деректері бойынша Қазақстандағы сенімді басқарушылар арасында

2019 жыл нарықтағы 46% үлесімен интервалды инвестициялық пай қорларын сәтті ілгерілету және басқару жылы болды, сондай-ақ пай ұстаушылардың саны 25%-ға өсті:

- «Валюталық» ИИПҚ-ның басқаруындағы таза активтердің құны 21,8 млрд теңгені құрап, бір жылда 17 млрд теңгеден аса өсті;
- Нарықтағы ең жоғары кіріс «Валюталық» ИИПҚ-ға тиесілі. Аталған кіріс жылдық 7,81%-ды (жылдың басынан бастап) құрады;
- «Валюталық» ИИПҚ-ның басқаруындағы таза активтердің құны 50 млн теңгеден аса өсті.



Корпоративтік облигацияларды орналастыру нарығында және акциялар нарығында KASE биржасының рейтингінде

Жаңа «Өсім акциялары» жабық инвестициялық пай қоры өз қызметін бастады. «BCC Invest» АҚ өзінің клиенттеріне арналған өнім желісін кеңейту аясында АҚШ биржасында сауда құралдарын инвестиция жасауға бағытталған Қор құрды. Қордың концепциясы «Өсім» қорларының класына жататындықтан, орташа мерзімді кезеңдегі кірістіліктің аса жоғары құбылмалылығын қоса алғанда, осы Қордың аса жоғары болжамды кірістілігі оны «консервативті қорлардан» өзгешелейді.

Компанияның даму стратегиясының аясында клиенттерге арналған сервисті жақсарту үшін онлайн-қызметтер белсенді дамып отыр, осылайша электронды тәсіл арқылы берілген бұйрықтардың саны 9%-ға өсті, бизнес-процестерді автоматтандырудың арқасында мәміле жасау уақыты 2 есеге қысқарды.



1,7
МЫҢ

АШЫЛҒАН БРОКЕРЛІК ШОТТАРДЫҢ САНЫ

23,8
млрд теңге

СЕНІМДІ БАСҚАРУДАҒЫ АКТИВТЕРДІҢ КӨЛЕМІ

3,4
трлн теңге

БРОКЕРЛІК ШОТТАР БОЙЫНША МӘМІЛЕЛЕРДІҢ КӨЛЕМІ

КОМПАНИЯ КЕЛЕСІ СЫЙЛЫҚТАРДЫҢ ЛАУРЕАТЫ АТАНДЫ:



«Қазақстанның үздік институционалдық брокері» номинациясындағы Cibonds Awards CIS сыйлығы



«Қазақстанның үздік басқарушы компаниясы» номинациясындағы Cibonds Awards CIS сыйлығы



«Корпоративтік облигациялар нарығындағы жыл маркет-мейкері» номинациясындағы KASE сыйлығы



«ВСС-ОУСА» ЖШС «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың 100% еншілес компаниясы болып табылады. Компания **2013 жылғы «21» тамызда** құрылған.

КОМПАНИЯ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ:



Бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алу



Сатып алынған күмәнді және үмітсіз талап ету құқықтары бойынша кепілге берілген мүлікке өндіріп алу қолданудың нәтижесінде Бас банктің меншігіне өткен жылжымайтын және жылжымалы мүлікті және (немесе) құрылысы бітпеген объектілерге меншік құқықтарын сатып алу



Жер телімдері және (немесе) құрылысы бітпеген объектілер түріндегі күмәнді және үмітсіз активтер бойынша жылжымайтын мүлік объектілерін салуға, құрылысын аяқтауға және (немесе) пайдалануға беруге бағытталған қызметті жүзеге асыру



Сатып алынған күмәнді және үмітсіз талап ету құқықтары бойынша кепіл (бас тарту төлемі немесе қамсыздандыру) ретінде заңды тұлғалардың акцияларын және (немесе) жарғылық капиталындағы қатысу үлестері қабылданған жағдайда, оларды сатып алу



Бас банктен сатып алынған күмәнді және үмітсіз талап ету құқықтары бойынша кепіл, өзге қамсыздандыру ретінде ұсынылған немесе бас тарту төлемі түрінде алынған мүлікке өндіріп алу қолдану нәтижесінде меншігіне өткен жылжымайтын мүлікті жалға беру немесе осындай мүлікті уақытша ақылы пайдаланудың өзге нысанын қолдану.

«ВСС-ОУСА» ЖШС

ЕНШІЛЕС ҰЙЫМНЫҢ ЖИЫНТЫҚ АКТИВТЕРІ ШАМАМЕН

114
млрд теңге

Компанияның негізгі қызметтен түскен кірісі 1 375 154 000 теңгені құрады, бұл көрсеткіш өткен жылы 761 113 000 теңге болатын.

Негізгі қызметтен түскен кірістің құрамына 552 772 000 теңге сомасында жылжымайтын мүлікті жалға беруден түскен кіріс,

343 581 000 теңге сомасында сыйақы бойынша пайыздық кіріс, сондай-ақ 426 933 000 теңге сомасында активтерді іске асырған кезде құнның өсуінен түскен кіріс,

51 868 000 теңге сомасында облигациялар бойынша есептелген купон қосылған.

«ВСС-ОУСА» ЖШС-НЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШІ

(АУДИТ ЖҮРГІЗІЛМЕГЕН ЕСЕПТІЛІК)

Көрсеткіштер	01.01.2020 ж.	01.01.2019 ж.
Компанияның таза залалы	(877 362)	(965 564)
Компанияның активтері	114 082 024	88 831 045
Компанияның меншікті капиталы	8 762 443	8 674 241
Ұзақмерзімді қарыздар	101 141 149	76 186 151
Негізгі қызметтен түскен кіріс	1 375 154	761 113

Күмәнді және үмітсіз активтердің сапасын жақсарту бойынша іс-шараларды жүргізу нәтижесінде «ВСС-ОУСА» ЖШС-ның сатып алынған (алынған) жылжымайтын мүлкін іске асыру көлемі 8 787 316 000 теңгені (2019 ж.) құрады.

Осыған дейінгі 2018 жылдың сәйкес кезеңінде жылжымайтын мүлікті іске асыру көлемі 2 589 560 000 теңгені құрады. Есепті жыл ішінде активтерді іске асырған кезде, құнның өсуінен түскен кіріс 426 933 000 теңгені құрады.

«ВСС-ОУСА» ЖШС-НЫҢ МЕНШІКТІ МҮЛКІН ІСКЕ АСЫРУ КӨЛЕМІ

(АУДИТ ЖҮРГІЗІЛМЕГЕН ЕСЕПТІЛІК)

Көрсеткіштер	01.01.2020 ж.	01.01.2019 ж.
Жылжымайтын мүлікті іске асыру көлемі	8 787 316	2 589 560
Жылжымайтын мүліктің баланстық құны	8 360 383	2 403 213
Объектілерді іске асырған кездегі құнның өсуі	426 933	286 347

СТРА ТЕГИЯ ЛЫҚ ЕСЕП



БАНК ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР



19.09.1988

«Банк ЦентрКредит» акционерлік қоғамы 1988 жылғы 19 қыркүйекте құрылған және Қазақстанның ең алғашқы коммерциялық банктерінің бірі болып табылады.

ЦентрКредит Банкі – дамудың әмбебап үлгісін ұстанатын қазақстандық әмбебап қаржы институты.

БАНКТИҢ АҚЦИОНЕРЛЕРІ



Байсейітов
Бақытбек
Рымбекұлы



Ли
Владислав
Сединович

**Басқарма
төрағасы:**

Хұсаинов
Ғалым
Әбілжанұлы



S&P Global Ratings және Moody's жетекші рейтинг агенттіктері Банктің сәйкесінше B және B2 деңгейіндегі ұзақмерзімді рейтингін растады.

**STANDARD
& POOR'S**

B

MOODY'S

B2

Банк Қазақстанның барлық өңірлерінде орналасқан 19 филиалы мен 110-нан аса бөлімшесінде барлық санаттағы клиенттерге сапалы қызмет көрсетеді.



ЦентрКредит Банкі отандық кәсіпкерлікті дамытуға 30 жылдан аса қолдау көрсетіп, еліміздің экономикасының нақты секторын кредиттеу саласының көшбасшысы болып табылады.



2019 жылғы наурызда Банк қолжетімді кредиттеу механизмін (600 млрд бағдарламасын) іске асыру аясында бірінші болып қарыз берді. Бұл бағдарлама «Даму» қорымен бірге жүзеге асырылады.



90 000-нан аса заңды және 1 300 000-нан аса жеке тұлға Банктің клиенттері болып табылады.



ЦентрКредит Банкі — «Баспана» ипотекалық компаниясы» АҚ-тың бағдарламаларын іске асыру саласындағы үздік банк. «7-20-25» және «Баспана Хит» бағдарламалары аясындағы ипотекалық қарыздардың 60 пайызынан астамын ЦентрКредит Банкі ұсынған.



Банк меншікті өнімдерін цифрландыруға ауқымды инвестициялар жасап отыр.

Жеке тұлғаларға арналған StarBanking мобильді қосымшасы Forbes.kz журналының ақпараты бойынша Қазақстандағы банктік қосымшалар арасында 4-орынды иеленеді.

Сонымен қатар ЦентрКредит Банкінің Интернет-банкингі Markswebb агенттігінің зерттеуі бойынша Қазақстандағы «Күнделікті қызметтерге арналған ең үздік мобильді банк» санатында үшінші орынды иеленді.



ЦентрКредит Банкі қазақстандық ЕДБ ішінде алғашқы болып Open API революциялық жүйесін пайдалануға қосты. Жүйе Банк серіктестерінің кең желісіндегі клиенттердің банктік қызметті пайдалануын, сондай-ақ АХҚО-мен және E-gov-пен бірлескен ашық экожүйелерді құруды айтарлықтай жеңілдетеді.

ҚАҢТАР

ЦентрКредит Банкі Шығыс Қазақстан обл., Аягөз ауд., Аягөз қ., Абай гүлзары, 24 «А» ғимараты мекенжай бойынша Аягөз қаласында жаңа бөлімшесін ашты.

АҚПАН

ЦентрКредит Банкі «Sunqar» жедел төлемдер жүйесі бойынша ақша аударымдарын іске қосты. Енді ЦентрКредит Банкінің клиенттері банктік шотқа тіркелген телефон нөмірі бойынша ақша қаражатын аударуға алады. Жүйеге қосылған алғашқы ЕДБ қатарында ЦентрКредит Банкі, Алтын Банк және Еуразиялық Банк.

НАУРЫЗ

ЦентрКредит Банкі қазақстандық ЕДБ ішінде бірінші болып қолжетімді кредиттеу механизмін іске асыруға кірісті. Кәсіпкерлерге қолжетімді кредит беру Жамбыл облысындағы сүт өнімдерінің ауқымды спектірін өндіру бойынша желіні модернизациялаудан басталды.

СӘУІР

ЦентрКредит Банкі мен Касса24 төлемдерді комиссиясыз жүргізу туралы келісімге келді. Енді ЦентрКредит Банкінің клиенттері кредит бойынша төлемдерді Касса24 ақпараттық-төлем терминалдары арқылы жүргізе алады.

ЦентрКредит Банкі мен ҚДБ-Лизинг ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Аталған ұйымдар шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыру бойынша бірлесіп жұмыс жасауға келісті. ҚДБ-Лизинг өнімдері қаржыландырудағы қажеттіліктерін тиімді қанағаттандыру үшін Банктің өз клиенттеріне ұсынатын қаржы құралдарының тізіміне кірді.

МАМЫР

ЦентрКредит Банкі ЕДБ ішінде алғашқылардың бірі болып OpenAPI платформасын пайдалануға қосты. Бұл платформа әлеуетті серіктестердің дайындық процедураларына ұзақ уақыт жұмсамай, Банкпен интеграция жасауына, сондай-ақ серіктес-компания мен Банктің ортақ клиенттері үшін инновациялық сервистер жасауына мүмкіндік береді.

МАУСЫМ

ЦентрКредит Банкі Көкшетау қ., Осипенко көш., 1, «РИО» сауда және ойын-сауық орталығының бірінші қабаты мекенжайы бойынша Көкшетау қаласында жаңа бөлімшесін ашты.

ЦентрКредит Банкі 160900, Қазақстан, Түркістан обл., Сарыағаш ауд., Сарыағаш қ., Исмаилов көш., н/ж үй мекенжайы бойынша Түркістан облысында жаңа филиалын ашты.

ШІЛДЕ

ЦентрКредит Банкі мен «Астана» халықаралық қаржы орталығы API сервисін дамыту үшін өзара түсіністік жайындағы меморандумға қол қойды. Сондай-ақ Меморандумда АХҚО қатысушыларының платформаны пайдалануы, инновациялық зертханаларды дамыту, акселерация және инкубациялық бағдарламаларға қатысатын финтех-стартаптарға менторлық қолдау көрсету, бірлескен шеберлік сабақтары мен воркшоптарды өткізу мәселелері бойынша құрылымдардың бірлесіп әрекет етуі туралы қағидалар баяндалған.

ТАМЫЗ

ЦентрКредит Банкі келесі мекенжайлар бойынша Шымкент қаласында жаңа үш бөлімшесін ашты:

№1 ЕКБ, мекенжайы: 160009, Шымкент қ., Еңбекші ауд., ул. Рысқұлов көш., 15,
№3 ЕКБ, мекенжайы: 160008, Шымкент қ., Еңбекші ауд., Ж. Аймауытов көш., 143,
№4 ЕКБ, мекенжайы: 160004, Шымкент қ., Абай ауд., Жиделі Байсын көш., 92.



ҚЫРКҮЙЕК

Deutsche Bank (Frankfurt, Germany) 2018 жылдың қорытындысы бойынша ЦентрКредит Банкіне құрмет марапатын берді. ЦентрКредит Банкіне 2018 жылғы қызмет нәтижелері бойынша еуромен жүргізілген төлемдерді өңдеу үшін «2018 EUR Operational Excellence Award» естелік белгісі берілді.

ҚАЗАН

ЦентрКредит Банкі қазақстандық ЕДБ ішінде бірінші болып «Әскери қызметшілерге арналған ипотека» жобасын іске қосты. Жоба ЦентрКредит Банкі қазақстандық ЕДБ ішінде көшбасшы орында болатын «Баспана» ИҰ» АҚ-тың «7-2-25» және «Баспана Хит» қолданыстағы ипотекалық бағдарламаларының аясында бастау алды.

ЦентрКредит Банкі Алматыда премиум санатында қызмет көрсететін жаңа «BCC Elite» VIP-орталығын ашты. Жаңа VIP-орталық қаламыздың іскерлік бөлігінде – ЦентрКредит Банкінің Бас офисінің ғимаратында әл-Фараби даңғ., 38 мекенжайы бойынша орналасқан.

ЦентрКредит Банкі «Жалақы жобасы» бірегей бағдарламасын пайдалануға қосты. Аталған өнімнің бұған дейінгі ұқсас бағдарламалардан едәуір айырмашылығы бар, сондай-ақ бағдарламаның жалақы есептеумен қатар, басқа да көптеген артықшылықтары бар.

ЦентрКредит Банкі мен Еуропалық қайта құру және даму банкі тәуекелдерге қатысу жөнінде негіздемелік келісімге қол қойды. Қол қойылған құжат ЕҚДБ-ның тәуекелдерді бөлу бойынша жаһандық бағдарламасы аясында әзірленген, оған сәйкес ЕҚДБ коммерциялық банктерге қарыз алушылар үшін тәуекелдің 50%-на дейін өтейтін кепілдіктер беру арқылы корпоративтік жобаларға қатысады.

ҚАРАША

ЦентрКредит Банкі «Ең белсенді деск» номинациясы бойынша Refinitiv агенттігінің бас марапатына ие болды. Марапат белгісі ЦентрКредит Банкіне 2018 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанның банкаралық нарығындағы аса белсенділігі үшін берілді. Белсенділік көрсеткіші шетел валютасымен жүргізілетін сауда-саттық саласындағы мәмілелер көлемі мен саны бойынша есептелді.

Citibank (New York, USA) 2018 жылдың нәтижелері бойынша ЦентрКредит Банкіне құрмет марапатымен марапаттады. ЦентрКредит Банкіне 2018 жылғы қызмет нәтижелері бойынша АҚШ долларымен жүргізілген төлемдерді өңдеудің жоғары сапасы үшін «US Dollar Payments Straight-Through Processing Excellence Award» естелік белгісі берілді. Сондай-ақ Банкке STP-Rate* 95% + жоғары рейтингі берілді.

Moody's агенттігі «Банк ЦентрКредит» АҚ рейтингін растап, болжамды «Жағымды» деңгейіне дейін жақсартты. «Moody's» халықаралық рейтинг агенттігі «Банк ЦентрКредит» АҚ рейтингін халықаралық шкала бойынша растады. Сонымен қатар ұлттық шкала бойынша банк депозиттері бойынша ұзақмерзімді рейтингін және CRR ұзақмерзімді рейтингін көтерді. Болжам жақсарту жағына қарай қайта қарастырылып, «Тұрақты» деңгейінен «Жағымды» деңгейіне көтерілді.

ЖЕЛТОҚСАН

ЦентрКредит Банкіне ЕҚДБ теңгемен 40 млн АҚШ долларына дейінгі мөлшерде кредит береді. Кредит беру туралы келісімге Алматы қаласында 12 желтоқсанда қол қойылды. Қаржыландырудың жалпы пакетіне микро, шағын және орта бизнесті (МШОБ) қаржыландыру үшін теңгелік баламада 30 млн АҚШ долларына дейінгі мөлшерде 3 жылға берілетін кредит, сондай-ақ ЕҚДБ-ның «Бизнестегі әйелдер» бағдарламасы аясында әйелдер кәсіпкерлігін дамыту үшін теңгелік баламада 10 млн АҚШ долларына дейінгі мөлшерде 3 жылға берілетін кредит кіреді.

ЦентрКредит Банкі жеке кәсіпкерлер үшін кепілсіз кредит беруді бастады.

ЦентрКредит Банкі қазақстандық ЕДБ ішінде алғашқы болып премиум санатындағы контактісіз металл карталарды шығара бастады. ЦКБ-нің ең жоғарғы премиум деңгейіндегі жаңа картасы #IronCard деп аталады және ЦентрКредит Банкі мен Visa халықаралық төлем жүйесінің авторлық дизайнын, мәртебесін, айрықша артықшылығын үйлестіреді.


ӘЛЕМ ЭКОНОМИКАСЫ



Халықаралық валюта қорының деректері бойынша 2019 жылы әлем экономикасының өсу қарқыны күтілгеннен де біршама бәсеңдеп, көрсеткіштер 2,9%-ға өсті, сондай-ақ шикізат нарығындағы баға әлсіздік танытуды жалғастырды, дегенмен, алтын, палладий, никель сынды тауарлардың жеке түрлерінің көрсеткіштері өсті. 2019 жылдың ішінде біз барлық дерлік ірі елдердің орталық банктерінің пайыздық мөлшерлемелерді төмендетіп, сатып алу бағдарламаларын жаңартып, ақша-кредит саясатын белсенді түрде жеңілдеткенін байқадық. Үкімет бюджеттік шығысты болашақта кеңейтетінін хабарлады.

Сауда соғысы жалғасып жатса да, ол британдық Brexit-ке тең келіп, нарыққа маңызды әсер ете алмады. Жылдың соңында Қытай мен АҚШ арасында сауда келісімінің «1-фазасы» бойынша келісімге қол жеткізіліп, 31 қаңтарда Ұлыбритания Еуропалық одақтың құрамынан шықты.

ЭКОНОМИКАНЫҢ ӨСУ ҚАРҚЫНЫ




Есепті кезеңнен кейін коронавирус індетінің тарауы салдарынан болған шок комбинациясынан, сондай-ақ әлемдік тауар және қаржы нарықтарындағы құбылмалылықтан туындаған оқиғалардың, сонымен қатар індеттің ұзақтығына қатысты тұрлаусыздықтың әсерінен ХВҚ 2020 жылы әлем экономикасының өсу қарқынын -3%-ға дейін төмендету жағына қарай қайта қарады. Оқшаулау режимінің, сонымен қатар бизнес пен халықты қолдау үшін салық және бюджет, ақша-кредит саласында жеңілдіктер беру, сондай-ақ қаржылай салым жасау арқылы экономиканы ынталандыру бойынша мемлекет тарапынан қабылданған іс-әрекеттердің нашарлауы 2021 жылы әлем экономикасының экономикалық белсенділігін қалпына келтіруге мүмкіндік береді.



Мемлекетті бюджет тарапынан ынталандыру, тұтынудың өсуі және инвестициялық белсенділік 2019 жылы еліміздің экономикасының 4,5%-ға өсуіне ықпал етті. Мұнай бағасы өткен жылы 10%-ға түсіп, бір баррель үшін \$64 белгісіне дейін төмендегеніне қарамастан, бұл экономика үшін айтарлықтай жайлы жағдай болды. Экономиканың нақты секторындағы өсім шикізат, құрылыс және қызмет көрсету саласы арқылы қамтамасыз етілді. Инвестицияның 8,5%-ға және бөлшекті сауданың 5,8%-ға өсуінің есебінен ішкі тұтыну жоғары өсу

қарқынын сақтады. Халықтың кірісін арттыруға бағытталған фискалды және әкімшілік ынталандыру халықтың 2019 жылдағы нақты кірісін 5,5%-ға арттырды. Аталған жыл ішінде инфляция деңгейі жалпы алғанда 4-6% дәлізінде болып, 2019 жылдың қорытындысы бойынша 5,4%-ды құрады.

ҚР ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ӨСУ ҚАРҚЫНЫ, %




\$ 373- 390
теңге

Ұлттық валюта бағамы 2018 жылғы 21% дәлізімен салыстырғанда, өткен жылдың ішінде көлемі 4,5%-ды құрайтын айтарлықтай тар диапазонның 373-390 KZT/USD шегінде болды. Бағамның құбылмалылығы төмендеп, 2019 жылы теңге 0,4%-ға нығайды.

ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫ



ИНФЛЯЦИЯ ЖӘНЕ БАЗАЛЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕ, %



Базалық мөлшерлеменің өзгермегеніне қарамастан, ақша-кредит жағдайы бейтарап болды. 2019 жылғы шоғырландырылған халықаралық резерв негізінен Ұлттық қордың актив көлемінің 6,8%-ға өсуінің есебінен 2,2%-ға көбейді.

2020 жылы COVID-19 коронавирусының таралуына байланысты пайда болған тәуекелдер, сондай-ақ сыртқы экономикалық жағдайдың тұрақсыздығы, мемлекет тарапынан енгізілген карантин шаралары кезінде бастау алған ғаламдық құлдырау мен іскерлік белсенділік бәсеңдеген жағдайда, Қазақстан экономикасының өсу қарқынының төмендеуі болжанады. Қазақстан Республикасы Үкіметінің әлеуметтік-экономикалық дамуының соңғы болжамдарына сәйкес 2020 жылы нақты ЖІӨ-нің төмендеуі 0,9%-ды құрайды.


Экономика, сондай-ақ халықты қолдауға бағытталған шығыс көлемін кеңейту, салықтық ынталандыру, ШОБ-ты қолдау және жеңілдікпен кредит беру сияқты Үкімет экономиканы ынталандыру үшін қабылдайтын шаралар жағымсыз сыртқы көріністің әсерін азайтып, 2020 жылы еліміздегі экономикалық белсенділікті қалпына келтіруге мүмкіндік береді.



"First Heartland Jysan Bank" (бұрынғы - «Цеснабанк» АҚ) пен "First Heartland Bank" АҚ-тың Jysan бренді ретінде ортақ бір банкке бірігуінің арқасында 2019 жылы банктердің саны 28-ден қысқарып, 2020 жылдың басында Қазақстанның банк секторы екінші деңгейдегі 27 банктен тұрды.

ЕДБ-нің жиынтық активтерінің өсуі бір жыл ішінде 6,2%-ды (26,8 трлн теңгеге дейін) құрады, осы ретте банк секторы өткен жылдағыдай экономикаға болар-болмас қатысуды жалғастырды: активтердің ЖІӨ-ге қатынасы бұрынғыдай 40% деңгейінде сақталып келеді.


Активтердің құрылымындағы 55% немесе 14,7 трлн теңге осы жыл ішінде 7,1%-ға (банкаралық қарыздар мен кері РЕПО-ны есепке алмағанда 6,7%-ға) өскен несие портфеліне (негізгі борышқа) тиесілі.



Өткен жылдағыдай портфельдің өсу базисі бөлшекті кредиттердің (+26,8%) есебінен қамтамасыз етілген, осы ретте корпоративтік сегменттің кредиттері 4,5%-ға өскен, ал ШОБ қарыздары 13,3%-ға төмендеген.



СЕГМЕНТТЕРДІҢ НЕСИЕ ПОРТФЕЛІНЕ ЖАСАҒАН САЛЫМДАРЫ,%



БАНК СЕКТОРЫ

Бөлшекті кредиттеу соңғы үш жылдың ішінде өсуге қатысты тұрақты тенденцияны көрсетіп келеді. Жеке тұлғалардың қарыздарының құрылымында негізгі өсім тұтыну мақсатына берілген кредиттер мен Мемлекет тарапынан ынталандырылатын ипотекалық кредиттер аясында болды.

2019 жыл ішінде банк секторының активтерінің өсуімен қатар міндеттемелер жылдың қорытындысы бойынша 23,2 трлн теңгені құрап, 4,2%-ға өсті. Міндеттемелер құрылымындағы негізгі үлес (77,6%) 01.01.2020 жылғы жай-күйі бойынша мөлшері 18,0 трлн теңгені құрайтын клиенттердің салымдарына тиесілі.

КЛИЕНТТЕРДІҢ САЛЫМДАРЫНЫҢ ДИНАМИКАСЫ, ТРЛН ТЕҢГЕ



Дереккөз: ҚРҰБ деректеріне сәйкес

Депозиттік базаның динамикасы бір жыл ішінде саяси және экономикалық факторлардың жиынтық әсері арқылы анықталды. 2019 жылдың соңында салымдардың өсімі 5,5%-ды құрады, осы ретте барлық депозиттің жартысынан көп бөлігі (51,8%) жеке тұлғаларға тиесілі болды.




Бір жыл ішінде 48,4%-дан 43,1%-ға дейін төмендегеніне қарамастан, салымдарды долларлау ұлттық валюта бағамының ауытқуы жағдайында бұрынғыдай айтарлықтай жоғары деңгейде қалып отыр.



Несие портфелінің құрылымын кірісі жоғары бөлшекті кредиттердің пайдасына өзгерту, сонымен қатар қор құру құнының төмендеуі банк секторы кірісінің өсуіне ықпал етті. Осылайша, 2019 жылдың қорытындысы бойынша сыйақы алуға байланысты таза пайыздық кіріс жүйе бойынша 1151 млрд теңгені (өткен жылдағы 981 млрд теңгеге қарағанда) құрап, таза пайыздық маржаның өсуіне әкелді.

БАНК СЕКТОРЫ КІРІСІНІҢ ДИНАМИКАСЫ



Активтердің сапасы банк секторының өзекті мәселесі болып қалып отыр. Банктердің проблемалы берешекті тануды жалғастыруы жағдайында ҚРҰБ-ның әдістемесіне сәйкес несие портфеліндегі жұмыс істемейтін қарыздардың (NPL) үлесі бір жыл ішінде 7,38%-дан 8,13%-ға дейін өсті.

Активтердің нақты сапасын анықтау, сонымен қатар Ұлттық Банктің 2017 жылы іске қосылған «Банк секторының қаржылық тұрақтылығын арттыру бағдарламасының» тиімділігін бағалау мақсатында ең ірі 14 ЕДБ-ні қамтыған «Активтердің сапасын бағалау (AQR)» атты ауқымды тексеруге бастамашылық жасалды. Тексерудің нәтижесіне сәйкес жүйелік негізде капитал тапшылығы бақыланбайды, ал капиталдың жеткіліктілік нормативтері артығымен орындалды. Осы ретте АСБ нәтижесі мен осының негізіндегі ҚРҰБ-ның ұсыныстарын назарға ала отырып, банктер Реттеушінің мақұлдауына ұсынылатын түпкілікті шаралар жоспарын әзірлейді.

2020 жылдың бірінші тоқсанының соңында Қазақстанның банк секторында COVID-19 індетіне, ТЖ мен карантиннің енгізілуіне, сонымен қатар мұнайға қатысты баға шоғына және ұлттық валютаның құнсыздануына байланысты сыртқы операциялық орта жағдайының нашарлауы байқалды.

Халықаралық рейтинг агенттіктерінің пікірі бойынша ағымдағы жағымсыз экономикалық көріністің сақталуы активтердің сапасы мен банктің кірістілік көрсеткіштеріне теріс әсер етуі мүмкін.

Банк секторының тұрақтылығына келтірілетін теріс әсерді барынша азайту мақсатында Реттеуші 30.03.2020 жылдан бастап 30.09.2020 жылға дейінгі кезеңде пруденциалдық нормативтерді есептеу аясында бірқатар реттеуіш жеңілдіктерді енгізді. Экономикалық белсенділікті қосымша ынталандыруды Мемлекет тарапынан COVID-19 індетінің нәтижесінде қызметіне зақым келтірілген экономика субъектілерінің қарыздары бойынша қайта құрылымдау, сонымен қатар шағын және орта бизнес субъектілерін қаржыландыру бағдарламаларын кеңейту арқылы жүзеге асырылады.

Нысаналы қаржыландыру бағдарламаларын іске асыру аясында екінші деңгейдегі банктердің халықаралық қаржы институттарының қаражатын тартуы кредиттеудің оң динамикасының сақталу факторы болып табылады.

МИССИЯСЫ:

БАРЛЫҚ ТҰЛҒАЛАРҒА БАНКТИК ӨНІМДЕРДІ ОҢАЙ ПАЙДАЛАНУҒА МҮМКІНДІК БЕРУ



Еліміздің әрбір азаматының банктік қызметті пайдалана алуын қамтамасыз ету



Әр әмиянда екінші карта болуы тиіс



ЦКБ – өз қажеттіліктерін іске асыру үшін тұрақтылықты, қауіпсіздікті, ыңғайлылықты, материалдық жетістіктерді қалайтын клиенттерге арналған қаржылық қызметтерді ұсынатын танымал бренд

СТРАТЕГИЯ

Қарапайым өнімдер



- Бірінші рет жасаған кезде-ақ операциясын сәтті аяқтаған жаңа клиенттердің үлесі;
- Бірінші рет жасаған кезде-ақ операциясын сәтті аяқтаған жаңа клиенттердің үлесі.

Икемді процестер



- Тұрақты процестер;
- Омниарналылық;
- Қолжетімді барлық арналарда процестің кез келген қадамын жүргізу мүмкіндігі (кез келген арнаға енгізілген ақпарат сақталады).

Кәсіби мамандар командасы



- Жоғарғы 20% қызметкерлердің өзгеруі 2% / төменгі 20% қызметкерлердің өзгеруі 50%;
- 1 қызметкер бойынша кірістіліктің жылдық өсімі кемінде 15%-ды құрайды.

Бренд құндылық ретінде



- Банктің клиенттері – экономикалық жағынан белсенді 4 млн халық;
- NPS – ҚР-дың басқа ЕДБ-леріне арналған бенчмарк.

Тиімді банк



- Бір клиент бойынша пайда;
- ROE;
- CIR;
- NIM.



БӨЛШЕКТІ БИЗНЕС



КРЕДИТТЕР

Автокредиттеу

Серіктестік желіні дамыту, автонарықтың негізгі қатысушыларының автосалондарында Банктің болуы. 2021 жылы нарық үлесі 2%-дан 20%-ға дейін өседі.

Ипотека

Серіктестік желіні дамыту, құрылыс компанияларымен бірге бірлескен ипотека бағдарламаларын іске қосу.

Кепілді кредиттер

Өнімге, сондай-ақ процеске реинжиниринг жасау.

Тұтынушылық кредиттер (POS)

Серіктестік желіні дамыту, желі ішінде ақысын бөліп төлеуді ұсыну.

ДЕПОЗИТТЕР



Портфельді диверсификациялау.



Портфельдің тұрақты өсімін қамтамасыз ету: қазіргі салымшыларды ұстап қалу және жаңа салымшыларды тарту.



Жаңа өнімдер.



Клиенттерді белсенді оқыту.





Полиграфжиынтықты актуалдандыру: ақша қаражатын депозитте сақтаудың қауіпсіздігі туралы клиентке арналған ақпаратты қосу, мемлекет беретін кепілдікке басым назар аудару, салымдарға кепілдік беру бойынша тараулар құру.



Қашықтан қызмет көрсету мүмкіндіктерін жетілдіру.

КАРТОЧКАЛЫҚ БИЗНЕС

Қазіргі сәтте нарықтағы үлесі 3,4% құрайды. 2025ж. қойылған мақсат – нарықтағы үлесі жалпы карталар бойынша және әр сегмент бойынша жеке-жеке 25%: жалақы бойынша клиенттер / жобалар, премиум санатындағы карталар, зейнеткерлер. Кредиттік карта бойынша мақсат – 2025 ж. дейін 5 000 000 карта.



ЯКОРЛЫҚ ӨНІМДЕР: ЖАЛАҚЫ ЖОБАСЫ, ЗЕЙНЕТАҚЫ БАҒДАРЛАМАСЫ
ЖӘНЕ JUNIOR BANK



КРОСС-СЕЛЛИНГТІ ДАМУ




КЛИЕНТТЕРДІҢ ТҰТЫНУШЫЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІ ЕСКЕРІЛГЕН ЖАҢА ӨНІМДЕР

ТӨЛЕМДЕР МЕН АҚША АУДАРЫМДАРЫ

2025 г.

Төлемдер мен ақша
аударымдарын белсенді
жүргізетін



ақша аудару жүйелері
бойынша нарықтың үлесі



Банк – ХТЖ мен
финтех-компанияларға
арналған платформа
және серіктес



КЛИЕНТТЕРГЕ ҚЫЗМЕТ ТӨЛЕМДЕРІ МЕН АҚША АУДАРЫМДАРЫН ОҢАЙ, ЫҒАЙЛЫ
ӘРІ ЖЕДЕЛ ЖҮРГІЗУГЕ МҮМКІНДІК БЕРЕТІН DIGITAL СЕРВИСТЕРДІ ӨЗІРЛЕУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЕСЕП

БАНКТИҢ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ:
ҚАРАПАЙЫМ ӨНІМДЕР (ШАҒЫН БИЗНЕС)

Нарықтың үлесі
(белсенді клиенттер
бойынша)




Онлайн арналар
арқылы жүргізілетін
сатылымдардың үлесі

Өнімдер	2020	2025
Шот ашу	0%	90%
Төлемдер және ақша аударымдары	98%	99%
Депозит ашу	13%	90%
Кепілдіктер	13%	90%
Кредиттер	0%	70%
Қолма-қол ақшамен жүргізілетін операциялар (банкоматтар / терминалдар / инкассация)	0%	70%

Өнімдер



Жаңа өнімдер



БАНКТИҢ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ: ҚАРАПАЙЫМ ӨНІМДЕР (ІРІ ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕС)



2025 жылы белсенді
клиенттердің саны



Кредит портфелі



Депозит портфелі



Белсенді клиенттердің үлесі мен
салымшылар санының өсімі






Белсенді клиенттік базаның ИБЖ
мен StarBusiness қосымшасында
қамтылуы 90%-дан асады

Интернет-банкингте жүргізілетін
транзакциялардың үлесі
98%-дан асады


Сатылымдар тізбегін қаржыландыру
бойынша жаңа өнімдерді әзірлеу
және енгізу

- дистрибьюторларды қаржыландыру;
- шоттарды дисконттау;
- жөнелту алдында қаржыландыру;
- риверсивті факторинг

БИЗНЕСКЕ АРНАЛҒАН АТ

-  Бизнесің АТ арналарына өзгерістер енгізу процесін автоматтандыру (DevOps)
-  Өзгерістер жылдамдығы – жұмыс қабілетін жоғалтпай шапшаң түрде жүргізілетін күніне 1 жаңарту
-  Монолиттік БҚ орнына пайдаланылатын микросервистер
-  Код орнына пайдаланылатын бизнес-ережелер
-  Сүйемелдеу қызметкерлерінің 50%-ын қызметті дамытуға және сатылымдарға қайта бағдарлау


ЦЕНТРКРЕДИТ БАНКІНІҢ ЭКОЖҮЙЕСІ



-  Bank-as-a-Service — лицензия алмай-ақ, сонымен қатар интеграция жасауға шығындар жұмсамай-ақ серіктестерге банктің мүмкіндіктерін беру:
 - Номиналды және есеп айырысу шоттарын ашу және оларды жүргізу;
 - Пайдаланушыларды сәйкестендіру;
 - Банктік сервисті серіктестің сатылымдар арнасымен интеграциялау
-  Bank-as-a-Partner
 - Online кросс-сатылымдар мен Market Place;
 - Серіктесті іздеуге және өнім өткізу нарығын кеңейтуге көмек көрсету;
 - Сатылымдар бойынша агенттерді тарту мүмкіндігі;
 - Банктің рефералды бағдарламасы;
 - Қосымша сервисті ұсыну: заңгердің, бағалаушының кеңес беруі


TO BE АТ ПЛАТФОРМАСЫ

- | | |
|---|--|
|  Тігісі жоқ интеграция |  Коммуникациялық күнтізбе |
|  Серіктестерге арналған процессинг |  Ереже |
|  Ашық API |  Интеграциялау |
|  Бақылау |  Банктік экожүйе |
|  Оқиғаларды басқару | |

БАНКТИҢ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ: КӘСІБИ МАМАНДАР КОМАНДАСЫ








НӘТИЖЕЛЕРДІ ШОЛУ



БАНКТИҢ НЕГІЗГІ ЖЕТИСТІКТЕРІ МЕН БИЗНЕСТЕ ЖЕТКЕН ТАБЫСЫ

2019 жылы тиімді тарифтік саясаттың, тарифтерді автоматтандырудың, қолданыстағы өнімдердің функционалын кеңейтудің, өнімдер мен қызметтердің кросс-селлинг бағыты бойынша филиалдардың жұмысының қарқындылығын арттырудың арқасында бөлшекті бизнестің комиссиялық кірісі өсті.

КЛИЕНТТЕРДІҢ САНЫ



Жалақы жобасына қатысушы-қызметкерлердің клиенттік базасының өсімі 63 614 адамды құрады, клиенттердің өнімдері бойынша өсім 170 383 бірлікті, жалақы жобасына қатысушылардың кросс-селлинг коэффициенті 1,29-дан 1,46-ға дейін көбейді.

ИПОТЕКАЛЫҚ ПОРТФЕЛЬ

«7-20-25» және «Баспана Хит» ипотека өнімдері бойынша портфельдің үлесі бөлшекті портфельдің 28%-ын және Банктің жиынтық несие портфельінің 10%-ын құрады.

Осы кезеңде бағдарлама бойынша 78 млрд теңгеден асатын сомада берілген барлық қарыз саны – 7800.

Банк «Баспана» компаниясының «Көшбасшы 2019» құрмет белгісімен марапатталды.



2019 жылы 1 филиал және 6 бөлімше ашылып, 1 филиал және 4 бөлімше орнын ауыстырды.



БӨЛШЕКТІ ӨНІМДЕР (КЕПІЛСІЗ, ТҰТЫНУШЫЛЫҚ, ИПОТЕКА, АВТО)

Ішкі жіктеудің талаптарына сәйкес жеке клиенттердің несие портфельі 2020 жылғы 1 қаңтардағы жай-күйі бойынша 369,6 млрд теңгені («7-20-25» және «Баспана Хит» бағдарламалары аясында берілген қарызды есепке алғанда) және 128 273 кредитті құрады. Портфель бойынша өсім 14%-ды құрады.


Өнім түрі	Сомасына берілген	Кредит саны
Ипотекалық кредиттер («Баспана» бағдарламасы бойынша берілген кредиттерді қоса алғанда)	82 283 млн теңге	8 341 кредит
Тұтынушылық қарыздар (кепілді қарыздар)	11 284 млн теңге	1 577 кредит
Тұтынушылық қарыздар (кепілсіз қарыздар)	67 661 млн теңге	69 429 қарыз
Автомобиль сатып алуға берілген кредиттер	3 737 млн теңге	581 кредит

Өткен жылы тұтынушылық кредиттердің көлемі 13%-ға көбейіп, 01.01.2020 жылғы жай-күйі бойынша бөлшекті бизнестің несие портфельінің 40%-ын құрады. Ипотекалық кредиттердің меншікті салмағы («7-20-25» және «Баспана Хит» бағдарламаларының аясында берілген қарыздарды есепке алғанда) жылдың қорытындысы бойынша несие портфельінің құрамындағы ең үлкен үлесін сақтай отырып, 27 млрд теңгеге өсті.

ЖЕКЕ КЛИЕНТТЕРДІҢ НЕСИЕ ПОРТФЕЛІНІҢ ДИНАМИКАСЫ (БРУТТО), МЛН ТЕНГЕ



Пайыздық кіріс* (млрд теңге)



Портфельдің кірістілігі*



*«Баспана» бағдарламасы аясындағы қарыздар есепке алынып, ішкі басқарушылық есептілікке сәйкес



BCC Elite – дәулетті клиенттерге банктік және банктік емес қаржылық қызмет көрсететін ЦентрКредит Банкінің (BCC Invest серіктестігінің қатысуымен) премиум санатындағы жаңа бағыты.

2019 жылы Банк Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларында «BCC Elite» желісінің екі офісінің есігін ашты, сонымен қатар Банктің 18 өңірлік филиалы жанындағы VIP поинттарды іске қосты.

Клиенттерге ұсынылатын сервис және олардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған жеке қызмет – BCC Elite көрсететін қызмет форматының басты талабы. Әрбір клиентке 24/7 режимінде қолдау көрсететін дербес менеджер, сонымен қатар жеке капиталды басқару үшін BCC Invest компаниясының сарапшылар командасы бекітілген. Өнімдік желі ерекше талаптары бар банктік қызмет кешенін, сонымен қатар инвестициялық банкинг, брокерлік қызмет, консалтинг өнімдерін және т.б. ұсынады.

НЕГІЗГІ ЖЕТІСТІКТЕРІ МЕН БИЗНЕСТЕ ЖЕТКЕН ТАБЫСЫ

- Ыңғайлы және функционалды мобильді қосымша**
- Конфиденциалдылық**
- 24/7 режимінде қолдау көрсететін дербес менеджер**
- Клиенттерге отбасылық қызмет көрсету**
- Инвестициялық банкинг, брокерлік қызмет көрсету**
- Жайлы офістерде қызмет көрсету**
- Клиенттерге ұсынылатын сервис және олардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған жеке қызмет**
- Ерекше талаптармен ұсынылатын банктік қызметтер кешені**
- Құқықтық, салықтық және басқа мәселелер бойынша консалтинг**
- Халықаралық төлем жүйелері ұсынатын артықшылықтар**

VIP КЛИЕНТТЕРДІҢ САНЫ




ТӨЛЕМДЕР МЕН АҚША АУДАРЫМДАРЫ




2018 жылы Банк Орта Азия банктерінің арасында Western Union компаниясының online жөнелту сервисін іске асыру бойынша эксклюзивті серіктес мәртебесіне ие болды. 2019 жылдан бастап Қазақстанда шығарылған, 3D Secure қызметін қолдайтын төлем карточкаларын ұстаушылар 200-ден астам елге және дүниежүзі аумағында тәулік бойы «24/7» режимінде ақша аудара алады. Клиент және оның қажеттіліктерін қанағаттандыру бөлшекті бизнесті дамытудың негізгі басым бағыты болып қалғандықтан, өз өнімдеріміз бен процестерімізді үнемі жетілдіру үшін жұмыс жасаймыз.


2019 жылы "Western Union" ақша аударымдары жүйесіндегі нарықтық үлесі 15% құрады




Золотая Корона ақша аударымдары жүйесіндегі нарықтық үлесі – 10 %



«Sunqar» жүйесіне түрлі қатысушы-банктердің клиенттері арасында Қазақстан бойынша жедел төлемдер мен ақша аударымдарын жүргізу мүмкіндігі 2019 жылдың келесі жаңалығы болды. Осы ретте жеке тұлғалар арасында ақша аудару үшін оңай әрі ыңғайлы сәйкестендіргіш – ұялы телефон нөмірі пайдаланылады. Оны кез келген төлем кезіне – төлем карточкасына, ағымдағы банктік шотқа, электрондық әмиянға тіркеу қажет. 2019 жылғы желтоқсанда "Sunqar" ақша аударымдары жүйесінде нарықтың үлесі 77% құрады.



Банк клиенттерге жеңіл, ыңғайлы және жылдам ақша аударуға мүмкіндік беретін сервистерді әзірлеп, таратуды жалғастыруда. 2019 жылы р2р-аударымдары арқылы 3 200 мыңнан астам аударымдар жүргізілді.



2019 жылы жасалған төлемдердің орташа саны 35%-ға көбейді, осы ретте барлық негізгі төлем түрлері бойынша өсім байқалды. «Starbanking» жүйесі арқылы жасалатын қолма-қол ақшасыз төлемдерді белсенді дамытудың арқасында сенімді өсімге қол жеткізілді, қолма-қол ақшасыз төлемдердің үлесі 15%-ға көбейіп, жалпы төлем көлемінің 90%-ын құрады. 2019 жылы Банк халықтан төлем қабылдауды белсенді дамытуды жалғастырып, ең көп жасалатын төлем түрлерінің бірі – айыппұл төлемі бойынша клиенттік тәжірибені қайта қарады. Банк алғашқылардың бірі болып «Е-айыппұлдар» жүйесімен интеграцияланды. Енді Банктің клиенттері айыппұл салынғаны туралы хабарлама алып, оны online режимінде төлей алады.

Серіктестерімізге жаңа бизнес-модельдерді құру және кіріс алу көзін кеңейту сияқты жаңа мүмкіндіктер ашу тұжырымдамасын ұстана отырып, Банк 2019 жылы «Төлем шлюзі» атты жаңа сервисі пайдалануға қосты. Аталған сервис FinTech компаниялардың онлайн-төлемдерді қабылдауына және ресімдеуіне мүмкіндік береді.



НӘТИЖЕЛЕРДІ ШОЛУ

2020 ЖЫЛҒА ҚОЙЫЛҒАН МАҚСАТ



2020 жылы Шымкент, Ақтау, Атырау қалаларында «BCC Elite» бөлімшелерін ашу жоспарланған.



2020 жылы «BCC Elite» ҚР нарығында өз саласының үздігі болу үшін мәртебелі клиенттерге жоғарғы санаттағы сервис дәрежесінде ұсынылатын жеке өнімдер мен қызметтер бағыты бойынша дамуын жоспарлап отыр.



2020 жылы Банк «Starbanking» мобильді қосымшасында Western Union ақша аударымдарын жүргізу мүмкіндігін іске қосуды жоспарлайды.

2020 ЖЫЛҒА БАНК КЕЛЕСІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ ЖОСПАРЛАҒАН:



QR бойынша төлем жасау



Тұрақты төлем жасау



Төлемге арналған шотты ұсыну

КАРТОЧКАЛЫҚ БИЗНЕС

#IRONCARD, #КАРТАКАРТА, #МНЕФИОЛЕТОВО



#IRONCARD



2019 жылғы желтоқсанда Банк Қазақстанда бірінші болып нарыққа VIP-клиенттерге арналған контактісіз металл карталарды шығарды.

#IronCard халықаралық төлем жүйелерінің өнімдері желісіндегі ең беделді карта Visa Infinite негізінде жасалған.

Карта оның иесінің мәртебесі мен беделін көрсетеді. Стильді болып қана қоймай, қамқорлық деңгейін, қауіпсіздік пен конфиденциалдылықты қамтитын жоғары сапалы металдан жасалған.

ЕКІ АЙДЫҒ ІШІНДЕ КАРТАНЫ ШЫҒАРУ ҮШІН АЛЫНҒАН КОМИССИЯ



АСТАМ СОМАНЫ ҚҰРАДЫ

Қаңтар және ақпан айларында клиенттерге картаны 50% жеңілдікпен ресімдеу мүмкіндігі ұсынылды. Екі айдың ішінде 250-ден астам клиент металл картаға тапсырыс беріп, төлем жасады.

Банк ұсынған акцияға сәйкес картаны шығару үшін алынатын комиссия 15 000 теңгені құрайды, екі айдың ішінде картаны шығару үшін алынған комиссия 4 млн теңгеден астам соманы құрады.

КЭШБЭК




Картаны пайдалану үшін алынатын комиссия айына 10 000 теңгені құрайды. Егер клиент айына 1 млн теңгеден астам сомаға қолма-қол ақшасыз төлем жасаса немесе оның 15 млн теңгеден астам сомаға ашылған Рақмет / Рақмет+ салымы болса, картаны тегін пайдалану қарастырылған.

Сонымен қатар клиенттерге сатып алынған тауар құнының 4 %-на дейін кешбэк алу мүмкіндігі берілген.



#КАРТАКАРТА




Өткен жылдың қараша айында Банк «#картакарта кредит картасы» жаңа өнімін беруді іске асырып, жобаны қанатқақты режимде іске қосты. Аталған өнім бірегей карта болып табылады, ол бойынша жеке қаражатыңызды, сондай-ақ кредит қаражатын пайдалануға, пайызсыз бөліп төлеуге және әртүрлі кешбэк алуға болады.

#картакартаны ұстаушылар үшін StarBanking қосымшасында өз бетінше бөліп төлеу режимін басқару және ай сайын Банк ұсынатын жоғары кешбэк белгіленген өзіңіз ұнататын санаттарды таңдау мүмкіндігі көзделген.

Бастапқыда скоринг нәтижесінде кредиттік лимит мақұлданбаса да, картаның барлық клиенттерге берілетінін атап өткен жөн. Кейін клиенттер мұндай картаны өз қаражатының есебінен белсенді пайдаланатын болса және клиенттердің төлем жасау қабілеттілігі өзгертін болса, Банк клиенттің Банкке келуін талап етпей-ақ, лимитті қашықтан қайта қарастырады және белгілейді/арттырады.

Бұл механика Банкке ерекше операциялық шығындарсыз жеке тұлға клиенттер базасын, сонымен қатар несие портфелін ұлғайтуға мүмкіндік береді. Қанатқақты жоба аясында қарашадан бастап желтоқсанға дейін кредиттік карталар Банк қызметкерлеріне берілді. Нарыққа өнім 2020 жылғы қаңтар айында шығарылды.

КАРТОЧКАЛЫҚ БИЗНЕС
#IRONCARD, #КАРТАКАРТА,
#МНЕФИОЛЕТОВО

#МНЕФИОЛЕТОВО



2019 жылғы қарашада тізілім бойынша жалақы карталарын шығару жөнінен жаңа функционал іске асырылды. Функционал Банктің клиенттеріне (заңды тұлғалар), сонымен қатар Банкте есеп айырысу шоты жоқ клиенттерге қолжетімді.

Жаңа функционалдың аясында Банктің клиенттеріне келесі қызметтер қолжетімді болды:


- «Интернет-Банкинг» жүйесіне тегін қосылу және 24/7 режимінде қызмет көрсету
- бөлімшеге келмей-ақ өз қызметкерлеріне жалақы карталарын шығару
- «Интернет-Банкинг» жүйесі арқылы жалақыны жылдам аудару
- электронды түрде тізілімдермен қауіпсіз алмасу
- басшылар үшін премиум санатындағы карталарды шығару

Жалақы карталарын ұстаушыларға арналған қызметтер:

- әлемдегі кез келген банкоматтан 1 млн теңгеге дейін қолма-қол ақша алу
- тегін СМС-хабарлама қызметі
- кез келген сауда үшін 1% кешбэк есептеу
- ҚР басқа банктері шығарған карталарға ақша аудару тегін (ең көп сома айына 200 мың теңге)



ApplePay жүйесіне қосылған карталардың саны артты:
01.01.2019 ж. - 4 452,
01.01.2020ж. - 16 365



STARBANKING




Барлық платформаларда (Android, iOS, Web) интерфейстер толықтай қайта өңделді:



Ақша аударымдары мен төлемдерді ресімдеу навигациясы мен процестері жақсартылды, шоттар/карталар бойынша үзінді көшірмелерді экспорттау іске асырылды, ақша аудару нысандары жақсартылды, ақша аударымын қайта жүргізу үшін басқа клиенттердің карталары сақтала бастады және көптеген басқа қызметтер қосылды.


Сонымен қатар «In app provisioning» қызметі қосылды: iOS платформасында тікелей қосымшадан картаны Apple Wallet қосымшасына тіркеу.



BCC Invest компаниясымен бірге инвестицияларды басқару сервистері іске асырылды: бағалы қағаздар мен ПИК портфелін көрсету, бағалы қағаздарды сатып алуға / сатуға бұйрық беру, сауда-саттық шотынан қаражатты шығару (Web нұсқасы m.bcc.kz сайтында).

+34%

STARBANKING ҚОСЫМШАСЫНА
ҚОСЫЛҒАН КЛИЕНТТЕРДІҢ
САНЫ 34%-ҒА АРТТЫ



STARBANKING
ЖҮЙЕСІНЕ
ҚОСЫЛҒАН БАРЛЫҚ
КЛИЕНТТЕР

ЭКВАЙРИНГ



ЭКВАЙРИНГ

2019 жылы ақшаны рециркуляциялау қызметімен NCR Recycler моделіндегі 200 банкомат сатып алынды. Банк тарихында алғаш рет банкоматтар брендтелді.



Төменде көрсетілгендердің есебінен шығыстар оңтайландырылды:

- Карточкалық жабдыққа техникалық қызмет көрсету бойынша банктің жеке сервисіне өту;
- Сақтандырудан бас тарту;
- Есептен шығарылатын жабдықты жою процесінің күші жойылды. Банкоматтарды метал сынықтарына тапсыру;
- Чектердің бірыңғай форматы.

Біздің және басқа ұйымдар шығарған Visa және MasterCard карталары үшін жаңа ATM-де контактісіз қызмет көрсету режимі енгізілді: толықтыру / алу. ДСН кодты енгізген кезде, Enter батырмасын басу қызметі алынып тасталды.



Жеке өнім ретінде Интернет-эквайринг қызметі енгізілді және Way4 процессинг базасында сауда-сервистік кәсіпорындардың Интернет-дүкендерімен интеграциялау процесі іске асырылды;








Интернет-эквайринг сервисі аясында онлайн-төлемдер және бірреттік SMS парольдер арқылы 3DES аутентификациялау бойынша фрод-мониторинг функционалы енгізілді және күйге келтірілді;














Ұлттық Банктің тізіліміне қосылған және өзінің сауда-сервистік кәсіпорындар клиенттік желісі бар төлем жасайтын ұйымдарды қосу мүмкіндігімен сауда эквайрингі базасында төлем шлюзі сервисі әзірленіп, енгізілді;

КАРТОЧКАЛЫҚ БИЗНЕС

-  2020 жылы 3 000 данадан астам IronCard сату
-  Клиенттерді дұрыс өнімдерді пайдалануға үйрету
-  Премиум санатындағы карталар бойынша абоненттік төлемдер енгізу
-  Жалақы жобалары портфелінің белсенділігі мен сапасын арттыру
-  Жалақы карталарын ұстаушыларды белсенді түрде қолма-қол ақшасыз төлем жасауға ынталандыру

ЭКВАЙРИНГ

-  Эквайринг желісінің тиімділігін арттыру
-  Банкоматтағы қызметтер тізбесін қысқарту
-  АТТ-ға контактісіз төлемдерді енгізу
-  АТТ мен АТМ-да жеке кабинетті әзірлеу
-  Бірыңғай интерфейс
-  Бөлімшелер аясында банкоматтар үлесін 40%-дан 70%-ға дейін ұлғайту
-  Ұсақ орындардан және жалақы жобалары бойынша орындардан көшіру есебінен шығынды желіні қысқарту
-  Банк бөлімшесінен тыс орналасқан 1 АТМ-ге орташа есеппен 45 000 теңге мөлшерінде Банк бөлімшесінен тыс өтелімділікті арттыру
-  «Маркетплейс», «Ақша аударымдары», «Бөліп төлеу», «Кредиттеу» сервистерін қолдауды қосқанда, төлем агрегаторларының пайдасына транзакциялық және есеп айырысу қызметтерін ұсыну үшін бірыңғай платформа ретінде Банктің эквайрингін іске асыру
-  «Қолма-қол ақшасыз шайпұл», «шотты бөлу», «ССК кассасы арқылы қолма-қол қаражатты алу», «Чат-Бот» қосымша сервистерін енгізу
-  QR және SoftPos өнімдерін енгізу

КОРПОРАТИВТІК БИЗНЕС







Әлем қарқынды дамып келеді, ертең көшбасшы болып қалу үшін біз болашақты бүгін ойлауымыз қажет. «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Корпоративтік бизнес тобы Корпоративтік қаржы департаменті мен Шағын бизнес департаментінен құралған және клиенттердің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін күннен күнге банктік өнімдер мен қызметтерді жетілдіріп отырады. Өңірдегі экономикалық өзгерістерге және банк секторындағы жаңа әлемдік тенденцияларға сәйкес, қашықтан қызмет көрсету арналарын дамытуға, клиенттер базасын көбейтуге, өнімдер мен қызметтерді цифрландыруға, сонымен қатар қаржы нарығындағы орындарды бекітуге ден қоюға мүмкіндік

беретін, Банктің нарықтағы орнын ескере отырып, өткен жылы Банктің 2022 жылға дейінгі кезеңге арналған Даму стратегиясы жаңартылды.

Клиенттеріміздің бізді сенімді іскерлік серіктес ретінде тануы үшін бар күшімізді салып, Қазақстанда кәсіпкерлік мәдениетті дамытуға көп көңіл бөлетін боламыз. Өз клиенттері үшін бизнесті жүргізуді жеңілдету мақсатында «Банк ЦентрКредит» АҚ 2019 жылы банктік өнімдер мен қызметтерді жетілдіруге, сонымен қатар дистанциялық сервистерді енгізуге басты назар аударды.

«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АҚ-ТЫҢ 2019 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ ЖЕТІСТІКТЕРІ




Клиенттердің қажеттіліктерін және технологияның экспоненциалдық дамуын есепке ала отырып, Банк банктік өнімдер мен «Интернет-банкинг» жүйесі (бұдан әрі – «ИБЖ») сияқты дистанциялық сервистерді жетілдірді және 2019 жылғы ақпанда IOS және Android үшін «StarBusiness» мобильді қосымшасын енгізді, бұл шағын және орта бизнес сегментінде клиенттік базаның айтарлықтай өсуіне әсерін тигізді.



2019 жылы ИБЖ мен «StarBusiness» жүйесінде белсенді клиенттердің өсімі 15%-ды құрады. Сонымен қатар интернет-банкингтегі транзакциялар саны бойынша өсім бір айда 45%-ға артты, бұл транзакциялар үлесінің 10%-ға өсуіне әсер етіп, 96%-ды құрады. Биржалық бағам бойынша валюта айыр-бастау үшін онлайн-платформаны енгізудің арқасында клиенттердің валютамен жүргізетін мәмілелерінің саны 37%-ға артты.

Клиенттердің мүддесін бірінші орынға қою, айқындық, бизнес-процестердің тиімділігін, сонымен қатар экономикалық тиімділікті талдау және бағалау Банктің 2019 жылы атқаратын қызметінің негізгі басқару принциптері болып табылады.

Клиенттер процестердің сенімділігі мен сапасы, операциялардың жылдамдығы, төлемдер бойынша қашықтан қолдау және интернет-банкингке техникалық қолдау көрсету сапасы бойынша оң өзгерістерді атап өтті, бұл 2019 жылғы CSI нәтижелеріне оң әсер етіп, 87,65%-ды құрады.




01.01.2020 ж. жай-күйі бойынша бірегей клиенттер саны 99 494 клиентті құрады, соның ішінде белсенді заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер – 71 589, оның ішінде ірі бизнес клиенттері – 912 клиент, орта бизнес – 1 665 клиент және шағын бизнес – 69 012 клиент. Соның ішінде қарыз алушылар – 2 412 клиент, берілген қарыздар саны – 8 015.



ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ НЕСИЕ ПОРТФЕЛІНІҢ ДИНАМИКАСЫ (БРУТТО)

01.01.2020ж. жай-күйі бойынша корпоративтік клиенттердің несие портфелі бір жыл ішінде 17,9 млрд теңгеге немесе -2,5%-ға қысқарып, 683,5 млрд теңгені құрады.


Портфельдің құрылымында негізінен ірі корпоративтік клиенттердің қарыздары азайды, атап айтқанда 2019 жылы 3,2%-ға азайды.



■ Шағын және орта бизнес ■ Корпоративтік бизнес

ЗТ несие портфелінің динамикасы кредит портфеліндегі ШОБ үлесін арттыру диверсификациясы бойынша Банктің Стратегиясына сәйкес келеді. Шағын және орта бизнес бойынша Банктің кредит портфеліндегі басым үлесті келесі қалалардағы филиалдар алады: Қызылорда – 32,8%, Шымкент – 25,2%, Орал – 24,8%, Қостанай – 22,5%, Тараз – 15,9%.


01.01.2020 Ж. ЖАЙ-КҮЙІ БОЙЫНША ЗТ БЕЛСЕНДІ КЛИЕНТТЕРДІҢ САНЫ




«Банк ЦентрКредит» АҚ әртүрлі өнімдер мен қызметтерді ұсына отырып, шағын бизнес кәсіпкерлерін қолдап отырады, бұл 2019 жылы кредит портфелінің ұлғаюына ықпал етті.

Сенімді қарыз алушылармен жұмыс істей отырып, Банк ірі мемлекеттік қаржы институттарының мүмкіндіктеріне сәйкес ірі сомаларды берумен қатар, жедел шешім қабылдауға әзір. Аталған факторлар бизнесті жүргізудің негізгі факторларының бірі болып табылатындықтан, 2019 жылы біз қарыздардың саны мен көлемін ұлғайтуға әсер еткен электронды кредит комитетін енгіздік.


ШБ НЕСИЕ ПОРТФЕЛІНІҢ ДИНАМИКАСЫ, МЛРД ТГ



ШБ ТАЗА ПАЙЫЗДЫҚ КІРІСІ, МЛРД ТГ



ШБ ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН АКТИВТЕРІНІҢ КІРІСТІЛІГІ



Көрсеткіштер Банктің басқарушылық деректеріне сәйкес есептелген.

КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚОЛДАУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ



«Банк ЦентрКредит» АҚ өзін «бизнеске арналған банк» ретінде позициялап, кәсіпкерлікті қолдау бойынша барлық дерлік мемлекеттік бағдарламаларға белсенді қатысады. Мемлекеттік бағдарламалардың айтарлықтай маңызды жолдауларының бірі – кәсіпкерлерге төмен мөлшерлеменен ұзақмерзімді қаржы алу мүмкіндігін ұсыну. Шағын және орта кәсіпорындарды ынталандыру кез келген мемлекеттің, оның ішінде Қазақстанның да ұлттық стратегиясы болып табылады.

Мемлекеттік және халықаралық даму институттары тарапынан жоғары сенімге ие бола отырып, Банк кәсіпкерлерді қолдау бойынша 28 бағдарламаға қатысады, оларға келесідей мемлекеттік стратегиялық бағдарламалар жатады: «Өңдеу өнеркәсібіндегі кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыруды қамтамасыз ету бағдарламасы» («ДАМУ» кәсіпкерлікті дамыту қоры) АҚ және «Қазақстанның Даму банкі» АҚ), «Нұрлы Жер» тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын дамыту бағдарламасы», «Бизнестің жол картасы 2025» бағдарламасы, «Кең Дала» ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қаржыландыру (Ауыл шаруашылығы министрлігі және «Қазагро» холдингі).

АДБ, ЕҚДБ, IFC сияқты халықаралық даму институттарымен тығыз ынтымақтастық орнатумен қатар Банк кәсіпкерлерді қолдаудың бірқатар бағдарламаларын, соның ішінде әйелдер кәсіпкерлігін дамыту бағдарламаларын ұсынады.

2019-2020 жылдары Банк 41,7 млрд теңге көлемінде онжылдық мемлекеттік «Басым жобаларды кредиттеу бағдарламасын» толықтай іске асырды. Бұл ретте Банк бірінші болып қаражат тартып, «ДАМУ» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-пен субсидиялау шартына қол қойды.



Жалпы жылдың қорытындысы бойынша әртүрлі мемлекеттік бағдарламалар бойынша Банктің ШОБ портфелі шамамен 62,5 млрд теңгені құрады (1 189 қарыз алушы немесе 2 451 кредит). 2019 жылдың өзінде жалпы сомасы 33,2 млрд теңге сомасында 1 844 кредит берілді.

Банк ұлттық даму институттарымен ынтымақтастық орнатқан барлық кезеңде 334 млрд теңгеден астам сомаға кредит берілді.

КӘСІПКЕРЛЕРДІ ҚОЛДАУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ АЯСЫНДА 2019 ЖЫЛЫ БЕРІЛГЕН КРЕДИТТЕРДІҢ ЖАЛПЫ СОМАСЫ






Банктің стратегиясына сәйкес 2018 жылы ұйымдық құрылым ендірілді, ол шағын және орта бизнес сегментіндегі клиенттерді тартуға, оларға банк өнімдерін сатуға және қызмет көрсетуге ден қоюға мүмкіндік береді. Аталған факті есепке алынып, кредит портфелінде ІБ үлесінің азаюы байқалады, бұл ретте кросс-селлинг коэффициенті бойынша көрсеткіші жоғары, табысты клиенттерге басымдылық беріледі.

01.01.2020 жылғы жай-күйі бойынша ірі бизнес сегменті бойынша қарыз алушылардың саны 144 клиентті құрады және 29 қарыз алушыға немесе 17%-ға азайды, кредиттердің саны 456-ға азайып, 1268 кредитті, соның ішінде 2019 жылы берілген кредиттердің саны 631 кредитті құрады. Бұл ретте ұқсас кезең бойынша 2018 жылы 905 кредит берілді, бұл 2019 жылы ІБ сегменті бойынша берілген кредиттер санынан 43%-ға асады.

Заңды тұлғалардың ірі бизнесінің несиелік портфелі 01.01.2020 жылғы жай-күйі бойынша бір жыл ішінде 15,5 млрд теңгеге немесе 3,2%-ға азайып, 464,5 млрд теңгені құрады.

2019 жылы берілген кредиттердің сомасы 128,3 млрд теңгені құрады, бұл 2018 жылы берілген қарыздарға қарағанда 68,5 млрд теңгеге немесе 35%-ға кем.

КОРПОРАТИВТІК БИЗНЕСТІҢ НЕСИЕ ПОРТФЕЛІНІҢ ДИНАМИКАСЫ (МЛРД ТЕҢГЕ)



01-01-2020 Ж. ІБ ЖАЛПЫ ПОРТФЕЛІНДЕГІ ФИЛИАЛДАРДЫҢ ҮЛЕСІ



2019



АҚПАН

ЦентрКредит Банкі заңды тұлғаларға арналған StarBusiness мобильді қосымшасын іске қосты.



СӘУІР

ЦентрКредит Банкі мен ҚДБ-Лизинг ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Ұйымдар шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыру бойынша бірге жұмыс жасауға келісті.



СӘУІР

ЦентрКредит Банкі «Ең жылдам банк» және «Үздіктердің үздігі» номинациясы бойынша «Даму» қорының наградаларына ие болды.



МАУСЫМ

Еуропалық қайта құру және даму банкі ЦентрКредит Банкіні 2018 жылғы қызметінің қорытындысы бойынша «Қазақстандағы ең белсенді эмитент-банк» деп таныды.



ШІЛДЕ

ЦентрКредит Банкі мен «Астана» халықаралық қаржы орталығы API сервисін дамыту үшін өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды. Меморандум АХҚО қатысушыларының Платформаны пайдалануы, инновациялық зертханаларды дамыту, акселерация және инкубациялық бағдарламаларға қатысатын финтех-стартаптарға менторлық қолдау көрсету, бірлескен шеберлік сабақтары мен воркшоптар өткізу мәселелері бойынша құрылымдардың бірлесіп әрекет етуі туралы қағидаларды қамтиды.



ҚАЗАН

ЦентрКредит Банкі «Жалақы жобасы» атты бірегей бағдарламаны іске қосты. Бұл өнімнің бұған дейінгі ұқсас бағдарламалардан едәуір айырмашылығы бар және оған жалақы есептеумен қатар, басқа да көптеген артықшылықтар кіреді.



ҚАЗАН

ЦентрКредит Банкі мен Еуропалық қайта құру және даму банкі тәуекелдерге қатысу бойынша негіздемелі келісімге қол қойды. Қол қойылған құжат ЕҚДБ-ның тәуекелдерді бөлу бойынша жаһандық бағдарламасы аясында әзірленген, оған сәйкес ЕҚДБ коммерциялық банктерге қарыз алушылар үшін тәуекелдің 50% дейін өтейтін кепілдіктер беру арқылы корпоративтік жобаларға қатысады.



ҚАРАША

ЦентрКредит Банкі «Ең белсенді деск» номинациясы бойынша Refinitiv агенттігінің бас марапатына ие болды. Марапат белгісі 2018 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанның банкаралық нарығындағы аса белсенділігі үшін берілді. Белсенділік көрсеткіші шетел валютасымен жүргізілетін сауда-саттық саласындағы мәмілелер көлемі мен саны бойынша есептелді.



ЖЕЛТОҚСАН

ЦентрКредит Банкі және ЕҚДБ 40 миллион АҚШ долларына дейінгі сомаға кредиттік келісімге қол қойды



ЖЕЛТОҚСАН

The Steppe ЦентрКредит Банкіні 2019 жылғы Серіктес деп таныды.

ЦентрКредит Банкінің стратегиялық мақсаты – цифрлық технологияларды дамыту.

Банк заңды тұлғаларға және жеке кәсіпкерлерге арналған банктің сұранысы жоғары сервистерінің 90%-ын өтейтін онлайн бизнес процестері желісін құрды:



Клиенттер өз уақыттарын үнемдей отырып, қашықтан онлайн түрде жаңа шоттар ашады



Банктің Төлем жүйесі 24/7 режимінде жұмыс жасайды және қай жерде болғанына қарамастан, пайдаланушы үшін әрқашан қолжетімді



Клиенттер тендерлік кепілдіктерді 20 минуттың ішінде онлайн ала алады



bcc.kz сайты арқылы кепілдіктердің түпнұсқалығын онлайн тексеруге болады



Банк биржалық бағам бойынша комиссиясыз валюта айырбастауға арналған онлайн-платформаны ұсынады



Клиенттер салымдарды ең тиімді мөлшерлемен қашықтан онлайн аша алады. Ашуға болатын салымдар саны шектелмеген



Банк өз клиенттеріне валюталық шарттарды онлайн тіркеуді ұсынады



Клиенттер жалақы карталарын онлайн шығара алады



Банк клиенттерге Интернет-банкинг арқылы ақша ағынын басқарудың жоғары технологиялық әдістерін ұсынады



Клиенттер интернет-дүкендер арқылы карточкалық операциялар бойынша сауда және сервис кәсіпорындарымен қолма-қол ақшасыз есеп айырыса алады.

ЖЕКЕ КӘСІПКЕРЛЕРДІ КЕПІЛСІЗ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ. СКОРИНГТІК МОДЕЛЬДЕРДІ ҚОЛДАНУМЕН БЕРІЛЕТІН ОВЕРДРАФТ



ЖЕКЕ КӘСІПКЕРЛЕРДІ КЕПІЛСІЗ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

1

Банктің бір қызметкері

4 құжаттың орнына бір сауалнама

Кредит алу және ағымдағы шот алу бойынша бір шарт

Шот ашу және кредит беру бойынша бір операция



СКОРИНГТІК МОДЕЛЬДЕРДІ ҚОЛДАНУМЕН БЕРІЛЕТІН ОВЕРДРАФТ

	БҰРЫН	ҚАЗІР
Ресімдеу мерзімі	30 күн	30 мин бастап
Банк жұмыскерлері	5 адам	1 адам
Барлық клиенттер үшін шекті лимит 200 млн тг	ЖОҚ	ИӘ
Құжат тапсырған клиенттер саны	29	2



Соманы
автоматты түрде
есептеу

Кепілдіктерді шығару мерзімі
2 сағаттан **20** минутқа дейін



Бөлімшеге
келмей-ақ Online
режимінде
кепілдік алу

Интернет-банкинг жүйесі арқылы кепілдікті
Online шығару процесі іске қосылды,
бұл клиенттік базаның өсімін арттыруға
мүмкіндік береді



ЦКБ ұсынатын
тендерлік
кепілдіктердің
артықшылықтары

- Тендерлік кепілдіктерді шығару – 20 минуттан бастап
- Құжаттардың ең аз пакеті
- Кепілдіктерді Қазақстанның басқа өңірлерінде ресімдеу және шығару мүмкіндігі
- Кепілсіз, кез келген банктегі айналымдар есебімен
- Қамсыздандыру бойынша барынша икемді жағдай жасау
- Ағымдағы шотты тегін ашу



Кепілдікті Online
тексеру

Бенефициар мен Принципалға ыңғайлы болу үшін біздің Банк берген кепілдіктердің легитимділігін жазбаша сауал жөнелтпей-ақ, Банктің сайты арқылы online түрде тексеруге болады

ФАКТОРИНГ ЖӘНЕ САТЫЛЫМДАР ТІЗБЕГІН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

2019 жылы «Банк ЦентрКредит» АҚ IFC әдістемесі бойынша Supply Chain Finance (SCF – жеткізу тізбегін қаржыландыру) бағдарламасын енгізе бастады. 2019 жылы Банк IFC өкілдерімен бірге өнімдер мен бизнес-процестер құрылымын және тәуекел моделін әзірледі, SCF бағдарламасын енгізу және іске қосу стратегиясын бекітті, онлайн платформаны жеткізушіні іздестіру үшін бизнес-талаптарды әзірледі.

2020Ж. АРНАЛҒАН ЖОСПАР

SCF ӨНІМДЕРІН ЖӘНЕ БИЗНЕС ПРОЦЕСТЕРДІ ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ ЕНГІЗУ

Дистрибьюторларды қаржыландыру

қанатқақты - наурыз 2020

Шот-фактураларды дисконттау

қанатқақты - шілде 2020

Жөнелту алдындағы қаржыландыру

қанатқақты - шілде 2020

Реверсивті факторинг

қанатқақты - қыркүйек 2020

IT платформаны енгізу

қанатқақты - қазан 2020

2020 Ж. АРНАЛҒАН МАҚСАТТАР


2,85 МЛРД ТЕҢГЕ
ПОРТФЕЛЬ



2020 жылы Банк флагмандық көпшілікке ұсынылатын өнімдерге ден қояды:

- ✓ ШОТ АШУ ЖӘНЕ ИНТЕРНЕТ-БАНКИНГ,
- ✓ ЖЫЛДАМ КРЕДИТТЕР

БҮЛ ӨНІМДЕР НАРЫҚТА ҮЗДІК АТАНУЫ ТИІС!



КОРРЕСПОНДЕНТТІК ҚАТЫНАСТАР ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ИНСТИТУТТАРЫМЕН ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУ



«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың алыс шетелдегі, ТМД елдері мен Қазақстанның жетекші банктерін қамтитын кең таралған корреспонденттік желісі бар, бұл әртүрлі валютамен жүргізілетін төлемдер мен ақша аударымдарын тиімді бағыттауға мүмкіндік береді. 2019 жылдың соңына дейін Банкте АҚШ-тағы, Еуропадағы, Ресейдегі, Қытайдағы және басқа елдердегі контрагенттермен 50-ден астам ностро және лоро шоттары ашылды.



Бизнес-стратегияға сәйкес Банк халықаралық даму институттарымен, әсіресе Еуропалық қайта құру және даму банкімен (ЕҚДБ) белсенді түрде бірлесіп әрекет етеді.



2019 жылғы маусымда ЦКБ «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-тың кепілдігімен микро-шағын-орта бизнесті (МШОБ-3) және әйелдер кәсіпкерлігін («Бизнестегі әйелдер - 2») қолдау үшін 2018 жылғы 7 тамыздағы Кредит келісімі бойынша екінші транш аясында ЕҚДБ-дан 8,7 млрд теңгеге жуық қаражат тартты.



Бұл ретте 2019 жылы Банк МШОБ-2 және «Бизнестегі әйелдер - 2» бағдарламалары бойынша екінші траншты толықтай өтеді.



2019 жылғы қазанда ЦКБ Еуропалық қайта құру және даму банкінің тәуекелдерді бөлу жөніндегі жаһандық бағдарламасына қосылды. Бұл бағдарлама халықаралық даму институтының қор құрмай, Банк клиенттерінің жобаларына қатысуын көздейді.



2019 жылғы желтоқсанда Банк ЕҚДБ-мен мемлекет тарапынан кепілдіксіз, кейінгі үш жылда игеру арқылы жалпы сомасы 40 млн АҚШ долларын (теңгемен баламасы) құрайтын МШОБ-4 және «Бизнестегі әйелдер - 3» бағдарламалары бойынша кезекті Келісімге қол қойды.



Шамадан тыс өтімділікті есепке ала отырып, Банк қарыз қаражатын тартудан бөлек 2019 жылы Таяу шетелдің қаржы институттары үшін ұйымдастырылған синдикатталған қарыздарға қатысты.

ҚОР НАРЫҒЫНДА ЖӘНЕ БАНКАРАЛЫҚ НАРЫҚТА
ЖҮРГІЗІЛЕТІН ОПЕРАЦИЯЛАР

 **100**
млн АҚШ
доллары

2019 жылы Банк «Астана» халықаралық қаржы орталығының алаңында айналыс мерзімі 2 жыл, жалпы сомасы 100 млн АҚШ долларын құрайтын облигацияларды шығарды.

 **29,7**
млрд теңге

2019 жыл ішінде Банк жалпы сомасы 29,7 млрд теңгені құрайтын бұрын тіркелген облигациялар шығарылымын және сомасы 13,1 млн АҚШ долларын құрайтын жаңа шығарылымды орналастырды.

 **13,1**
млн
АҚШ доллары

 **33,4**
млрд теңге

Шығарылым перспектісіне сәйкес Банк 2019 жылы жалпы сомасы 33,4 млрд теңгені құрайтын облигацияларды жоспарлы түрде өтеді. Өтеу соңғы купондық сыйақыны бір уақытта төлеу арқылы айналыстағы облигациялардың атаулы құны бойынша жүзеге асырылды.

 **KASE**

Банк ҚРҰБ-ның қысқамерзімді ноталарын және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық облигацияларын сатып алу бойынша бастапқы дилер болып табылады, «Қазақстан қор биржасы» АҚ-та мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алу-сату бойынша брокердің қызметін көрсетеді.



2019 жылдың қорытындысы бойынша Банк РЕПО операциялары нарығына белсенді қатысушылардың бірі болып табылады. Банк ішкі және сыртқы нарықтарда мемлекеттік және мемлекеттік емес бағалы қағаздармен мәмілелер жасайды.

КАСТОДИАНДЫҚ ҚЫЗМЕТ
МЛН ТЕҢГЕ


Клиенттер	2017	2018	2019
Инвестициялық қорлар	578 876	32 504	10 222
Заңды тұлғалар	228 533	215 078	263 224
Барлығы	807 409	247 582	273 466

ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ДАМУ

ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ДАМУ



2018-2020 ЖЫЛДАРЫ ІТ ДАМУДЫҢ ҮШ НЕГІЗГІ ВЕКТОРЫ



BANK AS A SERVICE

ЦИФРЛЫҚ
ЖОЛ — ЖАЙ ҒАНА
ТЕХНОЛОГИЯНЫ
ЕНГІЗУ ЕМЕС, БИЗНЕСТІ
ТРАНСФОРМАЦИЯЛАУ

Цифрлық трансформация бұл спринт емес, марафон

Трансформацияға байланысты тәуекелдерді азайту үшін ұйымдық дайындыққа және өзгеру қабілеттілігіне сәйкес компаниялардың эволюциялық өзгеру фазаларын қарастыру қажет.

СТРАТЕГИЯ			
Болжам	Стратегия	Көшбасшылық	
▼			
ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМ ЖӘНЕ БАСҚАРУ			
Ұйымдық құрылым	Басқару моделі және есептілік	Мәдениет және өзгерістерді басқару	Ресурстарды тарту
▼			
КЛИЕНТТЕРДІҢ ТӘЖІРИБЕЛЕРІ			
Стратегия	Көп арналы жүйе	Тұтынушылардың қажеттіліктері	
▼			
ОПЕРАЦИЯЛАР			
Ресурстармен қамтамасыз ету	Инновациялық өнімдер мен қызметтер	Автоматтандыру және роботтандыру	
▼			
ДЕРЕКТЕР ЖӘНЕ АНАЛИТИКА			
Деректер (Singl Customer View және MDM)	Бірлесіп әрекет ету	Сегменттеу және талдау	Интеграциялау
▼			
ДЕРЕКТЕР ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛАР			
Технологиялар және архитектуралық жоспар	Платформа және инфрақұрылым	Жұмыс орны технологиясы	

ӨНІМДЕР МЕН ПРОЦЕСТЕРДІ ЦИФРОВИЗАЦИЯЛАУ
ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ. DIGITAL-ҒА 10 ҚАДАМ

- 01 Клиент банкпен бірлесіп әрекет ету әдісін тандайды, офиске бару міндетті емес. Қашықтық маңызды емес.
- 02 Базалық іс-әрекеттерге бизнес-процестер мен қызметтерді декомпиляциялау – процестерді цифрландырудың «проблемалы нүктелерін» анықтау.
- 03 «Банк сервис ретінде» - қызметкерлерді процеске барынша қатыстырмау үшін бизнес процестерді қайта қарастыру, артық және қайталанатын процестерді алып тастау.
- 04 Сауалнамада жолдардың болмауы» - клиент туралы ақпаратты сенімді ашық ДБ-дан алу принциптері.
- 05 «Қашықтан сәйкестендіру» - аутентификациялаудың альтернативті әдістерін енгізу (Клиент. Банк).
- 06 «Цифрлы Қазақстан» - үкіметтің бағдарламасын енгізуге және талқылауға белсенді қатысу.
- 07 «Өз өнімінді жина» - өнімдерді/сервистерді бірегейлендіру. Өнімдер мен қызметтердің конструкторы.
- 08 «Ақылды тарифтер» - жай және икемді тарифтер. Клиент үшін айқын тарифтер.
- 09 «Бірыңғай шарт» - шарттарды қайта қарастыру/оңтайландыру – кешенді қызмет көрсету шартына сәйкестендіру.
- 10 «Қағаздардың болмауы» - клиенттермен (ішкі/сыртқы) қарым-қатынасты цифрландыру.

ТЕХНОЛОГИЯНЫ ДАМУ

2019 ЖЫЛЫ ЕСЕП АЙЫРЫСУ-КАССА ҚЫЗМЕТІН КӨРСЕТУ БОЙЫНША ЖҮРГІЗІЛГЕН CORE BANKING НЕГІЗГІ ЖОБАЛАРЫН ШОЛУ

ЖАҢА ӨНІМДЕР МЕН ҚЫЗМЕТТЕРДІ ӨЗІРЛЕУ

- Тұрғын үй төлемдеріне арналған арнайы ағымдағы шот;
- ЖТ арналған эскроу шот;
- Мемлекеттік бағдарламаларға арналған ағымдағы шот;
- ҚҚС есепке алуға арналған бақылау шоты;
- Алимент аударуға арналған ағымдағы шот/Инвестициялық төлемдерді аударуға арналған шот;
- Online режимінде Компания агенттерінің қаражатты толықтыруы үшін Астана-Плат және QIWI арналған шот;
- Кредит серіктестіктеріне арналған Рақмет/Рақмет+/Жинақтаушы плюс;
- ЗТ/ЖК ақшаларын күн сайын орналастыруға арналған Жинақтаушы плюс / Жер қойнауын пайдаланушының салымы;
- АІХ «FX for АІХ» АХҚО үшін онлайн конвертациялау бойынша API сервис / Клиенттік Forward (валюта сатып алуға / сатуға қажетті мерзімге шарттар жасау)/ Өңірлік тәсілді есепке алып, солтүстік өңірдің (North тобы) айырбастау пункттеріне бағамды автоматты түрде белгілеу.



КЛИЕНТТЕР ЖӘНЕ CRM

- «Card-reader ВСС» жаңа банктік қосымша (сыртқы БҚ-дан бас тарту)
- Аутентификациялау бойынша процесті OTP-ге көшіру
- PINPAD-тан бас тарту
- Клиенттің белсенді емес карталарын автоматты түрде анықтау және жабу
- SAS жобасы аясында Starbanking, email, CallCenter, ИБЖ, ФҚБ арналары арқылы клиентпен кері байланыс орнату
- CRM-де техникалық овердрафттарды пысықтау
- «Starbusiness» қосымшасы арқылы Online брондау және ЗТ/ЖК шот ашу

ИНТЕГРАЦИЯЛАУ ЖӘНЕ АВТОМАТТАНДЫРУ

- Төлемді шектеуге қатысты төлем талаптарын (ТТ) орындау бойынша функционалды іске асыру («Банктер және банк қызметі туралы» заңның 36-бабының талаптарын уақытылы орындау);
- Қолма-қол ақшаны алуға өтініш, тапсырыстарды есепке алғанда, ФҚБ-ны қолма-қол ақшамен қамтамасыз ету үшін соманы автоматты түрде есептеу / ЦКБ төлемдерінде QR code қолдану;
- БААЖ-да құжаттарды автоматты түрде құру және жүргізу үшін клиенттерді инкассациялаған кезде ілеспе ведомосьтерде QR-кодты қолдану («КазИнкас» АҚ-пен ортақ жоба);
- Валюталық нарықтағы мәмілелер бойынша 9-ХҚЕС-ке қатысты провизияларды автоматты түрде есептеу. Инкассоға қабылданған банкноталарды басқа банкке жөнелту бойынша функционал және мәміленің жаңа түрі;
- FIX хаттама арқылы KASE-мен интеграциялау, «Айырбастау модулі» модулінен бас тарту (делдал «Etrade»)/AST+ MOEX сауда платформасымен интеграциялау. FIX 5.0 халықаралық хаттама арқылы COLVIR БАЖ бен KASE арасында қор нарығындағы мәмілелерді автоматты түрде интеграциялау / Валюталық бағалы қағаздарды қайта бағалау үшін Bloomberg нарықтық котировкаларды енгізу.



ЭКК/ Андеррайтингтің қатысуынсыз автоматты түрде шешім қабылдауды қолдана отырып, ЖК кепілсіз кредит беру / ЕКБ арқылы айналымдағы қаражатқа кепілсіз ТК беру / ИБЖ арқылы лимит белгіленген тендерлік және төлем кепілдіктерін беру



Тікелей сату орындарынан кредиттерді қашықтан беру мүмкіндігіне бағытталған жаңа, жеңілдетілген фронтты өнімдер (Тауарлық кредит және Автокредит беру)



Жалақы есебіне берілетін кепілсіз кредит / OpenAPI енгізу (КредБрокер, Sulrak және басқалар)




IT/АҚ тәуекелдерін басқару жүйесі — IT тәуекелдерін есепке алу және өңдеу жүйесі

ТЕХНОЛОГИЯНЫ ДАМУ

2019 ЖЫЛ БОЙЫНША CORE BANKING НЕГІЗГІ БИЗНЕС-ЖОБАЛАРЫН ШОЛУ (BPM, БЭК-ОФИС)

BPM



Antifraud/MEMC/Вестерн Юнион аударымдары бойынша Amazon пайдасына ақша аудару




Фронт-офис пен IT-тобын жаңа ұйымдық құрылымға көшіру



Салық салу және АҚС шарттар бойынша ЖТ кірістерінен сот тағайындаған сомаларды өндіріп алу тәртібін авtomattandyru




Жылды жабуды авtomattandyru



ТЕХНОЛОГИЯНЫ ДАМУ

2019 ЖЫЛ БОЙЫНША DIGITAL CHANNELS НЕГІЗГІ БИЗНЕС-ЖОБАЛАРЫН ШОЛУ (ҚАШЫҚТАН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ, КАРТАЛАР)



2019 ЖЫЛЫ ЖҮРГІЗІЛГЕН IT ARCHITECTURE БОЙЫНША НЕГІЗГІ ЖОБАЛАРДЫ ШОЛУ (АРХИТЕКТУРА, ИНТЕГРАЦИЯ)



Froot/ҚАОААЖ/INAPP-Provisioning
Қанатқақты: PaaS платформа OpenShift Origin(OKD)

ӘМСҚ, DAMU, Золотая корона, BCCInvest, ЗТМДБ, Картел, ҚазАвтожол, ШШБ, KaspiBank интеграция

Чат боттар, шарттар бойынша HD, шарттар бойынша ELMA өтінімдерін құру, интернет эквайринг, кіріс СМС-ді өңдеу бойынша сервистер

OPENAPI СЕРВИСТЕРІ

FINANCIAL API



- Клиенттердің шоттарының тізімін алу;
- Шот туралы ақпарат алу (қалдығы, жай-күйі және т.с.с.);
- Шот бойынша үзінді көшірме алу;
- Төлемдер немесе фильтрлі төлемдер туралы деректер алу;
- Теңгемен ақша аударымын құру;
- Валютамен ақша аударымын құру;
- Валютаны конвертациялау.

PAYMENT API



- Агенттердің терминалдары арқылы Банктегі шоттарға төлемдерді қабылдау;
- ЖТЖ қызметін жеткізушілердің пайдасына төлемдерді қабылдау;
- Қызметтерді жеткізушілер үшін жүргізілген төлемдердің тізбесі бойынша жан-жақты ақпарат алу.

CREDIT API



- Клиентті құру;
- Скоринг сауалы;
- Кредит бойынша деректерді беру;
- Кредитті мақұлдау.

INFORMATION API



- Валюта бағамы;
- АТМ және АТТ орналасқан жері;
- Тендерлік кепілдіктер бойынша ақпарат;
- Бөлімшелердің орналасқан жерлері.



OPEN API БОЙЫНША КОНВЕРСИЯ



2019 ЖЫЛ ҮШІН PAYMENT API БОЙЫНША ДЕРЕКТЕР

01.03.2019Ж. БАСТАП 31.12.2019Ж. ДЕЙІНГІ КЕЗЕҢДЕГІ ТРАНЗАКЦИЯЛАР САНЫ



2019 ЖЫЛ БОЙЫНША ҚЫЗМЕТТЕР АЯСЫНДАҒЫ ТРАНЗАКЦИЯЛАР САНЫ



МИР ХТЖ ATM бойынша мультивендор (эквайринг)



Junior Bank «Авторизацияланбаған аймақ» Хабарлаудың бірегей шлюзі



QR төлемдер, «Менің мақсатым» депозиті, Грин Фронт



ПС2,0, Оракл 18, Swift GPI, ОЗА, ЖТҚ, ЭКЖ



3Д орталықтандыру, Басқарма мәжілісін автоматтандыру, ШШБ, Кірістілік калькуляторы



КартаКарта, Автокредит беру, Қашықтан кредиттеу, Кепілді кредит беру



Бейілділік жүйесін рефакторингтеу



ФҚБ қызметкерлерін мотивациялауға қатысты барлық бағдарламалар бойынша дашбордтарды құру



ФҚТ сәресін енгізу




GreenPlum технологиясында BigData енгізу Self Service аналитиканы енгізу




Microservices Jira confluence

ТЕХНОЛОГИЯНЫ ДАМУ

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТЕР. ЕКІНШІ ҚОЛДАУ ЖЕЛІСІ



ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТЕР. БИЗНЕСКЕ АРНАЛҒАН БАСТАМАЛАР



НӘТИЖЕЛІ КОМАНДА

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТ



Банктің кадрлар жөніндегі саясаты өзара сыйластық, сенімділік пен ұзақмерзімді ынтымақтастыққа бағдарлау принциптеріне негізделген. Банкте қандай да бір белгілер бойынша кемсітуге жол берілмейді. Жынысына, нәсіліне, ұлтына, тегіне, сондай-ақ жұмыскерлердің іскерлік қасиеттеріне байланысты болмайтын басқа да мән-жайларға тәуелсіз, Банктің әрбір жұмыскерінің құқықтарын іске асыру үшін тең мүмкіндіктері бар.

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

		2015	2016	2017	2018	2019
Саны	Банк	3 911	3 679	3 753	3 866	4 157
	БО	891	891	1 024	1 141	1 455
	Филиалдар	3 020	2 788	2 729	2 725	2 702
Өсімі, адам	Банк		-232	74	113	291
	БО		0	133	117	314
	Филиалдар		-232	-59	-4	-23
Өсімі, %	Банк		-6%	2%	3%	8%
	БО		0%	15%	11%	28%
	Филиалдар		-8%	-2%	0%	-1%

Кадрлардың тұрақтамауы 2019 жылы Банк бойынша жалпы 34,0%-ды құрады. Келесі себептермен барлығы 1 368 адам жұмыстан босатылды (бұйрықтан).

КАДРЛАРДЫҢ ТҰРАҚТАМАУЫ

Жұмыстан босату себептері	саны	үлесі
Өз еркімен жұмыстан шығу	1 234	90,2%
Қызметкердің зейнеткерлік демалысқа шығуы	12	0,9%
Тұрғылықты жерінің ауысуы	14	1,0%
ЖЕШ мерзімінің аяқталуына байланысты жұмыстан босату	6	0,4%
Еңбекақының және мотивацияның жеткіліксіздігі	5	0,4%
Жұмыс кестесінің ұнамауы	1	0,1%
Мансабының өспеуі	1	0,1%
Әкімшіліктің шешімі бойынша	1	0,1%
Қайтыс болуына байланысты	1	0,1%
Тараптардың келісімі бойынша жұмыстан босату	82	6,0%
Өзге себептер	11	0,8%
Барлығы	1 368	100,0%



ГЕОГРАФИЯЛЫҚ Өңір ЖӘНЕ ҚАБЫЛДАНҒАН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ПАЙЫЗЫ

Өңір	Саны	2019 жылы қабылданды	
		саны	үлесі
Алматы (БО)	1 455	504	34,6%
Алматы (АҚФ)	610	325	53,3%
Ақтау	104	69	66,3%
Ақтөбе	114	34	29,8%
Нұр-Сұлтан	253	72	28,5%
Атырау	108	36	33,3%
Жезқазған	70	21	30,0%
Қарағанды	154	69	44,8%
Көкшетау	81	37	45,7%
Қостанай	121	38	31,4%
Қызылорда	110	41	37,3%
Павлодар	108	29	26,9%
Петропавл	74	39	52,7%
Семей	92	53	57,6%
Талдықорған	150	74	49,3%
Тараз	89	45	50,6%
Орал	139	61	43,9%
Өскемен	161	38	23,6%
Шымкент	149	99	66,4%
Түркістан	15	3	20,0%
БАРЛЫҚ Банк	4 157	1 687	40,6%


2019 жыл ішінде Фронт-офис пен Бэк-офис қызметкерлерінің қатынасы Фронт-офистің пайдасына ұлғайды:

	31.12.2018 г.	31.12.2019 г.	Өсімі
Фронт-офис	48,00%	49,60%	1,60%
Бэк-офис	52,00%	50,40%	-1,60%

Фронт-офис бөлімшелеріндегі қызметкерлердің саны артты:

	Саны
Бөлімшедегі қызметкерлердің саны 31.12.2018	1 115
Бөлімшедегі қызметкерлердің саны 31.12.2019	1 465
2019 жыл бойынша өсім	350
Оның ішінде жаңа бөлімшелерде	78
Жаңа бөлімшелердің саны	13

ГЕНДЕР



ЖАС ТОПТАРЫ



БАНКТЕГІ ЖҰМЫС ӨТІЛІ

Банктегі жұмыс өтілі	саны	үлесі
1 айға дейін	130	3,1%
1-6 ай	613	14,7%
6-12 ай	569	13,7%
1-3 жыл	856	20,6%
3-5 жыл	306	7,4%
5 жылдан жоғары	1 683	40,5%
Барлығы	4 157	100,0%

Банкте еңбекақы төлеу жұмыскерлерді тиімді жұмыс істеуге және нәтижеге қол жеткізуге ынталандыруға бағытталған және жұмыскердің біліктілігіне байланысты сыйақының бекітілген бөлігіне және қызметкердің жеке жетістіктеріне байланысты сыйақының ауыспалы бөлігіне негізделген. Банкте жоғары нәтижелерге қол жеткізе алатын жұмыскерлерді ұстап қалу, дамыту және ілгерілету үшін тұрақты түрде жұмыстар жүргізіледі. Бас офистің және филиал-

дардың құрылымдық бөлімшелері басшыларының сабақтастығын жоспарлау бағдарламасы іске асырылады. Жылдың қорытындысы бойынша Банк барлық жұмыскерлердің нәтижелілігін бағалайды. 2019 жылғы ақпанда 2018 жылғы нәтижелер бойынша бағалаудан 3 616 адам өтті, оның ішінде 2 446 әйел және 1 170 ер. Бағалау қорытындысы бойынша жалпы бағалаудан өткен қызметкерлердің ішінен 1 045 адамның жалақысына үстеме ақы қосылды.

СЫЙАҚЫ (ЖАЛАҚЫ) МЫҢ ТЕҢГЕ

Өңір	1 адамға берілетін сыйақы (жалақы)	Ерлер	Йелдер
Алматы (БО)	365,2	428,1	312,3
Алматы (АҚФ)	193,0	230,1	185,5
Ақтау	188,6	215,6	166,3
Ақтөбе	170,6	167,0	171,6
Нұр-Сұлтан	207,2	220,5	202,1
Атырау	179,5	235,0	163,6
Жезқазған	165,1	151,8	170,8
Қарағанды	174,6	172,0	175,7
Көкшетау	158,9	170,4	153,8
Қостанай	182,4	200,1	173,7
Қызылорда	149,1	167,1	138,0
Павлодар	174,3	193,1	163,7
Петропавл	152,3	165,8	146,2
Семей	155,6	144,6	160,5
Талдықорған	161,3	175,4	156,1
Тараз	146,2	155,5	141,9
Орал	169,9	199,1	161,9
Өскемен	170,1	181,3	166,6
Шымкент	153,4	157,9	150,3
Түркістан	133,7	121,0	140,0
БАРЛЫҚ Банк	242,3	302,9	211,5

ӘЛЕУМЕТТІК ПАКЕТ



Банктің барлық жұмыскерлерінің әлеуметтік пакетіне амбулаториялық, стационарлық және стоматологиялық қызмет көрсетуді қамтитын медициналық сақтандыру кіреді. Сонымен қатар Банк қиын жағдайға түскен жұмыскерлерге материалдық көмек көрсетеді.

ӘЛЕУМЕТТІК ПАКЕТ

- ✓ Медициналық сақтандыру
- ✓ Көлікті жалға алу төлемі
- ✓ Ұялы байланысты жалға алу төлемі
- ✓ Төмендегілерге байланысты материалдық көмек
 - неке қию
 - бала туу
 - 50 жас мерейтойы
 - зейнеткерлік демалысқа шығу
 - қайтыс болу

2019 жыл ішінде жұмыскерлердің тізімдік саны бойынша 715 адам немесе 15,1% декреттік демалысқа (жүктілікке және босануға байланысты демалыс және бала күтіміне байланысты демалыс) шықты. Оның ішінде 2-і ер адам, қалғандары әйелдер. Банкте жарақаттану немесе белгілі бір аурулармен сырқаттану тәуекелі жоғары болатын қызмет түрлері жоқ. Жұмыскерлерді кемсіту, жазатайым оқиғалар және Банк жұмыскерлерінің жарақат алу жағдайлары есепті жылы тіркелмеген.

ОҚЫТУ ЖӘНЕ ДАМУ

Қызметкерлердің кәсіби тұрғыда өсуіне, Банкке бейімділігіне және мансабының дамуына тікелей әсер ететін, тиімді жұмыс істеуінің маңызды факторы болып үздіксіз оқыту жүйесі танылады. Банктің оқыту жүйесі мамандармен қатар басшыларды да қамтиды. Клиентке бағытталған қызмет көрсету сервисі, қызмет көрсету сапасының стандарттары, сатылымдар техникасы, даулы мәселелерді шешу және т.б. бағыттар бойынша 766 қызметкер оқу орталығы базасында ішкі тренингтен өтті. 452 маман Қазақстанның және таяу шет елдің сыртқы оқу орталықтары базасында бейінді оқытудан өтіп, сертификат алды. Күндізгі оқыту жүйесінен бөлек қызметкерлер үшін интерактивті дистанциялық курстар әзірленді, аталған курстар Банктің оқыту порталында әр қызметкер үшін қолжетімді. Орташа алғанда, әр қызметкер онлайн режимінде жылына 5 рет оқытудан өтті.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ДАМУ БОЙЫНША ЖОСПАР

Бұдан әрі қызметкерлермен жұмыс жүргізу бойынша негізгі басымдылық жүйелі тәсілді құру болып танылады (қауіпті еңсеру және мүмкіндіктерді барынша қолдану үшін): ішкі және сыртқы коммуникациялар жүйесінің негізінде барлық процестердің логикалық өзара байланысы, жұмыс берушінің жеке имиджін қалыптастыру және үміткерлердің мақсатты аудиториясын тарту мақсатында құнды ұсыныстарды әзірлеу (EVP), жұмыс берушінің күшті жақтарын күшейту.

Келесі басымдықтар есепке алынып, үш негізгі деңгей базасында кадрлық саясатты іске асыру жоспарлануда:

- 1 СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДЕҢГЕЙ**
 Талантты қызметкерлерді дамыту және бағалы жұмыскерлерді ұстап қалу арқылы кадрлық ресурстың құнын арттыру
- 2 ТАКТИКАЛЫҚ ДЕҢГЕЙ**
 Қызметтің тиімділігін басқару және бағалау арқылы нәтижелілікті арттыру
- 3 ПРОЦЕСТІК ДЕҢГЕЙ**
 Бизнес-процестерді жетілдіру арқылы ішкі клиенттерге ұсынылатын негізгі қызметтердің сапасын арттыру

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖӘНЕ КОРПОРАТИВТІК ОҚИҒАЛАР

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ



«Банк ЦентрКредит» АҚ-тағы корпоративтік басқару акционерлер жиналысында бекітілген (2006 жылғы 26 мамырдағы хаттама, 5.1-тармақ), кейін акционерлердің жиналысында бекітілген (2009 жылғы 30 сәуірдегі хаттама, 6.1-тармақ, 2013 жылғы 26 сәуірдегі хаттама, 5.1-тармақ, 2015 жылғы 24 сәуірдегі хаттама, 4.1-тармақ, 2018 жылғы 27 сәуірдегі хаттама 4-тармақ, 2019 жылғы 26 сәуірдегі хаттама 4-тармақ) өзгерістер мен толықтырулар енгізілген Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тағы корпоративтік басқару келесі принциптерге негізделген:

- 1 Банк акционерлері мен қызметкерлерінің құқықтары мен заңды мүддесін құрметтеуге негізделген және оның тиімді қызмет етуіне, оның ішінде активтерінің құнын арттыруға, қаржылық тұрақтылығын берік ұстап тұруға, табыс алуына, сондай-ақ жұмыс орындарын ашуына ықпал етеді;
- 2 Банктің негізгі тиімді қызметі мен инвестициялық тартымдылығының негізі – корпоративтік басқаруға қатысушылардың барлығының өз қызметін жүзеге асыруының ашықтығы. Корпоративтік басқарудың принциптері Банкті басқаруға байланысты туындайтын қарым-қатынаста өзара сенімді орнатуға бағытталған;
- 3 Акционерлерге қоғамға қатысуына байланысты өздерінің құқықтарын жүзеге асыруға нақты мүмкіндіктерді қамтамасыз ету;
- 4 Акциялардың бір түрін иеленетін акционерлерге бірдей қарым-қатынасты қамтамасыз ету. Құқықтары бұзылған жағдайда, барлық акционерлер тиімді қорғалу мүмкіндігіне ие болады;
- 5 Директорлар кеңесінің Банк қызметін стратегиялық басқаруын және Басқарманың қызметін тиімді бақылауын, сондай-ақ Директорлар кеңесі мүшелерінің өз акционерлеріне есеп беруін қамтамасыз етуі;
- 6 Банктің атқарушы органдарына (Басқарма) Банктің ағымдағы қызметін саналы түрде, адал, тек Банктің мүддесінде ғана тиімді басқару мүмкіндігін, сондай-ақ атқарушы органдардың (Басқарма) Банктің директорлар кеңесі мен акционерлеріне есеп беруін қамтамасыз ету;
- 7 Банк акционерлері мен инвесторларының негізді шешім қабылдау мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында Банк туралы, оның ішінде оның қаржылық жағдайы, экономикалық көрсеткіштері, меншік және басқару құрылымы туралы толық және шынайы ақпаратты уақытылы жария етуді қамтамасыз ету;
- 8 Банктің активтерін, Банктің акциялары мен бағалы қағаздарының құнын ұлғайту, жаңа жұмыс орындарын құру мақсатында мүдделі тұлғалардың, оның ішінде Банк жұмыскерлерінің заңнамада көзделген құқықтарын есепке алу және Банк пен мүдделі тұлғалардың белсенді ынтымақтастығын қолдау;
- 9 Акционерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында Банктің қаржылық-шаруашылық қызметіне тиімді бақылау жасауды қамтамасыз ету;
- 10 Банктің өз қызметін жүзеге асыру барысында қоршаған ортаны қорғау қажеттігін есепке алуы;
- 11 Бұл принциптер «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы заңы, Экономикалық ынтымақтастық және дамыту ұйымының (ЭЫДҰ) корпоративтік басқару принциптері, корпоративтік басқару саласындағы халықаралық тәжірибе назарға алынып, қалыптастырылған.



АКЦИОНЕРЛЕР ЖИНАЛЫСЫ

2019 жылғы 04 қаңтарда

күн тәртібіндегі келесі мәселелер бойынша акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы өткізілді:

- «Банк ЦентрКредит» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту.
- «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың жай акцияларына айырбасталатын артықшылықты акциялар бойынша төленетін дивиденд мөлшерін ұлғайту және оны есептеу тәртібіне өзгерістер енгізу туралы.
- «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың артықшылықты акцияларын жай акцияларға айырбастау тәртібін өзгерту туралы.
- «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Жарғысына енгізілетін өзгерістерді бекіту туралы.
- Есеп комиссиясының құрамын бекіту туралы.

Төмендегідей шешімдер қабылданды:

- «Банк ЦентрКредит» акционерлік қоғамы акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібі бекітілсін.
- «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың жай акцияларына айырбасталатын артықшылықты акциялар бойынша төленетін дивиденд мөлшерін ұлғайту және оны есептеу тәртібіне өзгерістер енгізу бекітілсін.
- «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың артықшылықты акцияларын жай акцияларға айырбастау тәртібіне енгізілетін өзгерістер бекітілсін.
- «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Жарғысына енгізілетін өзгерістер бекітілсін:

1) Жарғының III тарауының 3.12-тармағы келесі нұсқада баяндалсын: «3.12. Жай акцияға айырбастауға болатын артықшылықты бір акцияға белгіленген дивидендтің кепілдік берілген мөлшері келесі тәсілмен есептеледі:

$$R = (b + 3.5\%) \times 300,$$

мұнда R — жай акцияға айырбасталатын бір артықшылықты акцияға белгіленген дивидендтің кепілдік берілген мөлшері, теңгемен есептеледі.

b — Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің базалық мөлшерлемесі. Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің базалық мөлшерлемесінің мөлшері артықшылықты акциялар бойынша дивиденд төленетін жылдан кейінгі жылдың бірінші күні анықталады.

Бұл кезде артықшылықты акцияға белгіленген дивидендтің кепілдік берілген мөлшері жылдық 12%-дан төмен болмайтын және 14%-дан жоғары болмайтын деңгейде белгіленеді.»

2) Жарғының III тарауының 3.16-тармағы келесі нұсқада баяндалсын: 3.16. Акциялар бойынша дивидендтерді есептеу пруденциялық нормативтердің уәкілетті органның нормативтік-құқықтық актілерінде белгіленген мәндерден төмен дәрежеге төмендеуіне алып келген жағдайда, Банктің акциялар шығару проспектісінде Банк Басқармасының артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді есептемеуі қуқығы көзделеді. Бұл кезде осындай дивиденд төлеудің күшін жою дефолт жағдайы болып табылмайды және банк қызметіне шектеу қоюға әкеп соқпайды.»

3) Жарғының III тарауының 3.14-тармағы келесі мазмұндағы абзацпен толықтырылсын: «Банктің артықшылықты акцияларын жа акцияларына айырбастаудың күшін жою мәселесі келесі жағдайлардың бірі орын алған кезде, міндетті түрде Банк акционерлерінің жалпы жиналысының қарауына енгізіледі:

- Банктің ірі акционерлерінің құрамы бір мезгілде толық өзгерген кезде;
- артықшылықты акциялар бойынша дивиденд екі жыл бойы төленбеген кезде.

Банктің артықшылықты акцияларын жай акцияларына айырбастау туралы шешімді, осындай айырбастаудың талаптарын, мерзімін және тәртібін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы бойынша шешім қабылданған кезде белгіленген тәртіппен Банк акционерлерінің жалпы жиналысы қабылдайды.»

- Есеп комиссиясының келесі құрамы бекітілсін:
 - Есеп комиссиясының төрағасы – Туманчинов Жанат Мухамбекович, «Банк ЦентрКредит» АҚ жұмыскері.

- Есеп комиссиясының мүшелері:

- Идаятова Дильнара Нуркашевна** – «Банк ЦентрКредит» АҚ жұмыскері;
- Быков Алексей Николаевич** – «Банк ЦентрКредит» АҚ жұмыскері;
- Тимченко Маргарита Валерьяновна** – «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың еншілес ұйымы "BCC Invest" АҚ жұмыскері;
- Саукетаев Салауат Турусбекович** – «Банк ЦентрКредит» АҚ жұмыскері.

2019 жылғы 26 сәуірде

күн тәртібіндегі келесі мәселелер бойынша акционерлердің жылдық жалпы жиналысы өткізілді:

- 2018 жылғы қызметінің нәтижесі туралы «Банк ЦентрКредит» АҚ Басқармасының есебі.
- «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың 2018 жыл бойынша шоғырландырылған және жеке жылдық қаржылық есептілігін бекіту.
- «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың 2018 жыл бойынша таза кірісін бөлу тәртібін бекіту.
- «Банк ЦентрКредит» АҚ Жарғысына және «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Корпоративтік басқару кодексіне енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды бекіту.
- «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың және оның еншілес ұйымдарының қаржылық есептелігіне аудит жүргізу үшін аудиторлық ұйымды бекіту туралы.
- Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы.

Келесі шешімдер қабылданды:

- 2018 жылғы қызметінің нәтижесі туралы «Банк ЦентрКредит» АҚ Басқармасының есебі бекітілсін.
- «KPMG» Халықаралық аудиторлық компаниясы бекіткен «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың 2018 жыл бойынша шоғырландырылған және жеке жылдық қаржылық есептілігі бекітілсін.
- 2018 қаржы жылы бойынша «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың жай акциялары бойынша дивиденд төленбесін.
- 2018 жыл бойынша 9,623 млрд (тоғыз миллиард алты жүз жиырма үш миллион) теңге сомасындағы таза кіріс Банктің резервтік капиталы құрамында қалдырылсын.
- «Банк ЦентрКредит» АҚ Жарғысына және «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Корпоративтік басқару кодексіне енгізілген өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.
- 2019 жылы «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың және оның еншілес ұйымдарының қаржылық есептелігіне аудит жүргізетін аудиторлық ұйым болып «KPMG» аудиторлық компаниясы бекітілсін.
- Сайденов Анвар Галимуллаевич қоса есептегенде 2022 жылы акционерлердің жылдық жалпы жиналысы өткізілетін күнге дейінгі өкілеттік мерзімімен «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Директорлар кеңесінің құрамына тәуелсіз директор лауазымына сайлансын.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

2019 жылы Директорлар кеңесі комитет мүшелерінің қатысуымен 5 мәжіліс өткізді. Мәжілістерде келесі мәселелер қаралды: 2018 жылдың шоғырландырылған және жеке жылдық есептілігін алдын ала бекіту, акционерлердің жылдық жалпы жиналысын шақыру туралы шешім, «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Жарғысына және «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Корпоративтік басқару кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу, 2019-2020жж. кезеңіндегі тәуекелдерді басқару тұжырымдамасы, 2020-2025жж. арналған «BCC-Invest» АҚ-тың даму стратегиясы, 2020 жылға арналған Банк бюджетінің жобасы және т.б.

Директорлар кеңесі есепті кезең ішінде сырттай дауыс беру арқылы 251 қаулы қабылдады.

Директорлар кеңесінің 26.07.2019ж. №3-0726-01 Қаулысымен Maszczyk Roman Aleksander 2022 жылы акционерлердің жылдық жалпы жиналысы өткізілетін күнге дейінгі өкілеттік мерзімімен Басқарма мүшесі болып сайланды.

Директорлар кеңесіне Директорлар кеңесінің мүшесі Ушбаев Ануар Данияровичтің өкілеттілігінің 2019 жылғы 25 сәуірден бастап мерзімінен бұрын тоқтатылатыны туралы хабарланды.

2019 жылғы 26 сәуірде Сайденов Анвар Галимуллаевич қоса есептегенде 2022 жылы акционерлердің жылдық жалпы жиналысы өткізілетін күнге дейінгі өкілеттік мерзімімен Директорлар кеңесінің құрамына тәуелсіз директор лауазымына сайланды.



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ

01.01.2019Ж. БАСТАП 31.12.2019Ж. ДЕЙІНГІ КЕЗЕҢДЕ

Директорлар кеңесі мүшесінің аты-жөні	Лауазымының атауы	Директорлар кеңесінің құрамына сайланған / қайта сайланған күн	Директорлар кеңесінің құрамынан шыққан күн	Соңғы үш жылда атқарған лауазымдары
Байсейітов Бақытбек Рымбекұлы (1958 ж.т.)	Директорлар кеңесінің төрағасы	2017 жылғы 19 мамыр		1997 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Банк ЦентрКредит» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы; 1996 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – Қазақстан банктері қауымдастығының Президенті; 2003 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – «BCC Invest» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы; 2013 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – ЕуроАзиялық ынтымақтастықтың Қаржы-банктік қауымдастығының (ЕАЫ ҚБҚ) президенті.
Ли Владислав Сединович (1957 ж.т.)	Директорлар кеңесінің мүшесі	2017 жылғы 19 мамыр		1998 жылдан бастап 2017 жылға дейін – «Банк ЦентрКредит» АҚ Басқарма төрағасы; 2000 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Банк ЦентрКредит» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі; 04.07.2016ж. – «Алматы қаласын дамыту орталығы» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшесі; 31.07.2018ж. – «ҚБТУ» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшесі.
Хұсаинов Ғалым Әбілжанұлы (1982 ж.т.)	Директорлар кеңесінің мүшесі	2018 жылғы 27 сәуір		2015 жылдан бастап 2017 жылға дейін – «АИФРИ GREEN INVEST» АҚ президенті; 2017 жылғы мамырдан бастап – «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Басқарушы директоры, Басқарма мүшесі; 2017 жылғы қыркүйектен бастап қазіргі уақытқа дейін – «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Басқарма төрағасы; 2018 жылғы сәуірден бастап қазіргі уақытқа дейін – «Банк ЦентрКредит» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.
Аманқұлов Жұмагелді Рақышұлы (1956 ж.т.)	Директорлар кеңесінің мүшесі	2017 жылғы 19 мамыр		2005 жылдан бастап 2017 жылға дейін – «BCC Invest» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі; 2011 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Банк ЦентрКредит» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.

01.01.2019Ж. БАСТАП 31.12.2019Ж. ДЕЙІНГІ КЕЗЕҢДЕ

Директорлар кеңесі мүшесінің аты-жөні	Лауазымының атауы	Директорлар кеңесінің құрамына сайланған / қайта сайланған күн	Директорлар кеңесінің құрамынан шыққан күн	Соңғы үш жылда атқарған лауазымдары
Claes Werner Frans Josef (1964 ж.т.)	Директорлар кеңесінің мүшесі - Тәуелсіз директор	2017 жылғы 19 мамыр		2008 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Жаһандық қаржы консалтингі» Президенті; 2009 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – «International Financial Consulting Ltd» компаниясының аға кеңесшісі; 2010 жылдан бастап 2018 жылға дейін – «United International Bank» компаниясының Директорлар кеңесінің мүшесі; 2011 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Банк ЦентрКредит» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директоры; 2016 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Hamkorbank» АҚБ Директорлар кеңесінің мүшесі; 2017 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – «БАНК УРАЛСИБ» ПАҚ Директорлар кеңесінің мүшесі
Үшбаев Әнуар Даниярұлы (1988 ж.т.)	Директорлар кеңесінің мүшесі - Тәуелсіз директор	2018 жылғы 27 сәуір	2019 жылғы 25 сәуір	
Сайденов Анвар Галимуллаевич (1960 ж.т.)	Директорлар кеңесінің мүшесі - Тәуелсіз директор	2019 жылғы 26 сәуір		2012 жылғы желтоқсаннан бастап 2018 жылғы қарашаға дейін – «Bank RBK» АҚ-тың тәуелсіз директоры, Директорлар кеңесінің мүшесі; 2016 жылғы сәуірден бастап 2019 жылғы сәуірге дейін – «Қазақстанның Халық банкі» АҚ-тың тәуелсіз директоры, Директорлар кеңесінің мүшесі; 2018 жылғы ақпаннан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Банк Хоум Кредит» АҚ ЕБ тәуелсіз директоры, Директорлар кеңесінің мүшесі; 2018 жылғы қазаннан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Қазақстанның Даму банкі» АҚ-тың тәуелсіз директоры, Директорлар кеңесінің мүшесі; 2019 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың тәуелсіз директоры, Директорлар кеңесінің мүшесі.



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ЖАНЫНДАҒЫ КОМИТЕТТЕР

Директорлар кеңесі жанында келесі комитеттер іс-әрекет етеді:

- Аудит комитеті
- Қаржыны және тәуекелдерді басқару комитеті.
- Директорлар кеңесінің Кредит комитеті.
- Стратегиялық жоспарлау комитеті.
- Тағайындаулар мен әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет.

Аудит комитеті

Комитет құрамы:

- **Werner Claes** – Комитет төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор.
- **Сайденов А.Г.** – Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор
- **Ли В.С.** – Директорлар кеңесінің мүшесі.

Аудит комитеті Директорлар кеңесінің уәкілетті алқалы органы болып табылады. Комитет өзінің қызмет бабына жатқызылған мәселелерді алдын ала жан-жақты зерделеу және Директорлар кеңесінің негізді және ақылға салынған шешімдер қабылдауы үшін ұсынымдар дайындау үшін құрылған.

2019 жылы Аудит комитеті комитет мүшелерінің қатысуымен 4 мәжіліс өткізді, 11 мәселені қарады, олардың ішінде:

- Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелерінің қолданылуының тиімділігі бойынша жүргізілген аудиттің нәтижелері мен ұсынымдарын қамтитын Ішкі аудит қызметінің басқарушылық есептілігін (тоқсандық, жылдық) қарау бойынша 5 мәселе;
- Ішкі аудиттің жылдық жоспарын қарау бойынша 1 мәселе;
- Аудит комитетінің ұсынымдарын орындау бойынша Банктің құрылымдық бөлімшелерінен түскен қызмет туралы ақпараттан тұратын 1 мәселе;
- Ішкі аудит қызметінің ағымдағы қызметі бойынша 4 мәселе (IAK ІНҚ-ға енгізілген өзгерістер, AQR-ға қатысу және т.б.).

Директорлар кеңесі жанындағы Қаржыны және тәуекелдерді басқару комитеті

Комитет құрамы:

- **Ли В.С.** - Комитет төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі;
- **Аманқұлов Ж.Р.** - Директорлар кеңесінің мүшесі;
- **Хұсайнов Ғ.Ә.** - Директорлар кеңесінің мүшесі;
- **Асылбек Е.А.** - Басқарма мүшесі;
- **Ишмуратов Т.Ж.** - Басқарма мүшесі;
- **Владимиров Р.В.** - Басқарма мүшесі;
- **Maszczuk R.A.** - Басқарма мүшесі.

Қаржыны және тәуекелдерді басқару комитеті 2019 жылы кезекті 12 мәжіліс және кезектен тыс 16 мәжіліс өткізді. Екі жүзге жуық шешімдер қабылданды.

Комитет бір жыл ішінде Банк қызметінің мәселелері бойынша, атап айтқанда:

- активтердің құрылымын, міндеттемелерді және капиталды басқару;
- өтімділікті, қаржылық және валюталық тәуекелдерді басқару;
- пайыздық саясатты, баға белгілеуді басқару;
- кредиттік және депозиттік өнімдер бойынша сыйақы мөлшерлемесі;
- пруденциалдық және басқа реттеуші нормативтерді, ішкі лимиттерді орындау;
- қаржы нарығын, бәсекелес ортаны, ҚР-дағы банк секторын талдау жөніндегі мәселелерді қарастырып, өзекті шешімдерді уақытылы қабылдады.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ЖАНЫНДАҒЫ КОМИТЕТТЕР

Қабылданатын шешімдердің тиімділігі қаржылық және бизнестік көрсеткіштердің өсуін қамтамасыз етті:

- таза пайыздық маржа 3,0%-дан 4,1%-ға дейін 1,1%-ға өсті;
- меншікті капиталдың рентабельділік және жеткіліктілік көрсеткіштері өсті (ROE 7,8%-дан 9,6%-ға дейін ұлғайды);
- активтерді әртараптандыру және бизнестің орнықтылығы жақсарды;
- клиенттерге арналған банктік өнімдердің тартымдылығы артты және т.б.

Директорлар кеңесінің Кредит комитеті

Комитет құрамы:

Комитет Директорлар кеңесі мүшелері мен қажетті және кәсіби білімдері бар сарапшылар қатарынан тұратын 8 (сегіз) мүшеден құралған:

- **Аманқұлов Ж.Р.** — Директорлар кеңесінің мүшесі, Комитет төрағасы;
- **Ли В.С.** — Директорлар кеңесінің мүшесі, Комитет төрағасының орынбасары;
- **Тенизов Р. Б.** — Басқарма төрағасының орынбасары, Кредиттеу және тәуекелдерді басқару тобын бағыттайтын Басқарма мүшесі;
- **Ишмуратов Т. Ж.** — Басқарма төрағасының орынбасары, Бизнес тобын бағыттайтын Басқарма мүшесі;
- **Ли В.В.** — Корпоративтік бизнес тобын бағыттайтын Басқарушы директор, Корпоративтік қаржы департаментінің директоры;
- **Умаров Т.М.** — Кредиттерді басқару тобын (Кредиттерді басқару тобының (бұдан кейін – КБТ) және Стрестік активтерді басқарушы ұйымның (бұдан кейін – САБҰ) портфеліндегі клиенттердің мәселелері бойынша) бағыттайтын Басқарушы директор;
- **Муратов Е.М.** — Заң департаментінің директоры;
- **Шмаков А.Д.** — Басқарушы директор – Қауіпсіздік департаментінің директоры.

Директорлар кеңесінің 22.01.2019ж. №3-0122-02 Қаулысымен Директорлар кеңесінің Кредит комитеті туралы қағида бекітілді. Директорлар кеңесінің Кредит комитеті туралы қағидаға енгізілген өзгерістер Директорлар кеңесінің 25.07.2019ж. №3-0725-01 Қаулысымен бекітілді.

Өзгерістер Комитет құрамына қатысты болды: Комитеттің қажетті кворумын қамтамасыз ету және сатылымдар бөлімшелерінің жауапкершілігін күшейту үшін Комитеттің міндетті мүшелерінің тізіміне Басқарушы директор – Қауіпсіздік департаментінің директоры қосымша енгізілді.

Өңірлік кредиттік талдау орталықтары қызметкерлерінен алынған клиенттердің төлеуге қабілеттілігі мен кредитті өтеуге қабілеттілігіне талдау жасау бойынша кредиттеу мәселесін қарастыруға арналған міндетті құжаттардың тізімі де өзектендірілді.

2019 жыл ішінде Директорлар кеңесінің Кредит комитетінде 288 мәселе қаралды. Олардың ішінде жаңа қаржыландыру туралы өтінімдер бойынша 68 мәселе қаралды:

- заңды тұлғалардың 68 өтінімі.

Директорлар кеңесінің Кредит комитетінде қаралған 2019 жылы қаржыландыру туралы өтінімдерден:

- заңды тұлғалардың 68 өтінімі мақұлданды, яғни, бұл заңды тұлғалардың қаржыландыру бойынша қаралған өтінімдерінің жалпы санының 100% құрайды.

Қаржыландыру туралы өтінімдермен қатар кредиттерге қызмет көрсетудің тұрақты процесін қамтамасыз етуге бағытталған, Банктің қолданыстағы қарыз алушылары бойынша қаржыландыру талаптарын өзгерту мәселелері де жүйелі түрде қаралды.



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ЖАНЫНДАҒЫ КОМИТЕТТЕР

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Директорлар кеңесі жанындағы стратегиялық жоспарлау комитеті

Комитет құрамы:

- **Сайденов А.Г.** – Комитет төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор;
- **Байсейітов Б.Р.** – Комитет мүшесі, Директорлар кеңесінің төрағасы;
- **Хұсаинов Ғ.Ә.** – член Комитета, Председатель Правления, член Совета директоров.

Стратегиялық жоспарлау комитеті және оның құрамы Директорлар кеңесі мәжілісінің 2018 жылғы 18 мамырдағы хаттамасымен бекітілді. Стратегиялық жоспарлау комитетінің қазіргі төрағасы Директорлар кеңесінің 13.05.2019ж. №3-0513-03 Қаулысымен бекітілді. Комитеттің міндеттері, қызметі, мәжіліс өткізу және шешім қабылдау тәртібі Директорлар кеңесінің 29.06.2018ж. №167 қаулысымен бекітілген «Директорлар кеңесі жанындағы Стратегиялық жоспарлау комитеті туралы қағидада» көрсетілген.

Стратегиялық жоспарлау комитетінің Бэк-офисі – Стратегия және талдау бөлімі. Бұл бөлім Банктің дербес құрылымдық бөлімшесі болып табылады, Басқарма төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесіне бағынады.

Стратегиялық жоспарлау комитеті 2019 жылы 1 мәжіліс өткізді және мәжілісте 2019 жылдың 1-жартыжылдығындағы ЦентрКредит Банкінің даму стратегиясының іске асырылуына мониторинг жүргізу бойынша мәселе қарастырылды. Нәтижесінде Басқарма орташа мерзім кезеңіне арналған Банкті дамытудың жаңа стратегиясын әзірлеу іс-шараларын жүргізуде.

Тағайындаулар мен әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет

Комитет құрамы:

- **Werner Claes** – Комитет төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор.
- **Ли В. С.** – Комитет мүшесі, Директорлар кеңесінің мүшесі.
- **Аманқұлов Ж. Р.** – Комитет мүшесі, Директорлар кеңесінің мүшесі.
- **Хұсаинов Ғ.Ә.** – Комитет мүшесі, Директорлар кеңесінің мүшесі.

Комитет есепті жылы 2 мәжіліс өткізді және мәжілісте келесі мәселелер қаралды: 2020-2022жж. арналған «Банк ЦентрКредит» АҚ қызметкерлерін басқару стратегиясы, Банктің Басқарма мүшесі лауазымына үміткерлер қарастырылды және ұсынылды.

БАСҚАРМА

Есепті жылы Банктің Басқармасы қатысу тәртібімен 85 мәжіліс өткізді, оның ішінде 15 мәжіліс басқарушылық есептілік мәселелері бойынша өтті. 2019 жылы Басқарманың қатысу тәртібімен өткізілген мәжілістерінде басқарушылық есептілік мәселелерін қосқанда, Банктің негізгі қызметі бойынша 410 мәселе қаралды, сонымен қатар сырттай дауыс беру арқылы 813 шешім қабылданды. Басқарма бизнесті дамыту мәселелері бойынша, банктік қызметтің процедуралық мәселелері бойынша шешімдер қабылдады, комитеттер мен комиссиялардың шешімдерін бекітті және т.б.

БАСҚАРМА

01.01.2019 Ж. БАСТАП 31.12.2019 Ж. ДЕЙІНГІ КЕЗЕҢДЕГІ БАСҚАРМАНЫҢ ҚҰРАМЫ

Басқарма мүшесінің аты-жөні	Басқарушы директор, Басқарма мүшесі лауазымында Басқарма құрамына кірген күні	Төрағаның орынбасары, Басқарма мүшесі лауазымында Басқарма құрамына кірген күні	Басқарма құрамынан шыққан күні	Соңғы үш жылда атқарған лауазымы
Хұсаинов Ғалым Әбілжанұлы	2017 жылғы 23 қыркүйектен бастап Басқарма төрағасы			2015 жылдан бастап 2017 жылға дейін – «АИФРИ GREEN INVEST» АҚ президенті; 2017 жылғы наурыздан бастап 2017 жылғы мамырға дейін – «Банк ЦентрКредит» АҚ Директорлар кеңесі төрағасының кеңесшісі; 2017 жылғы мамырдан бастап – «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Басқарушы директоры, Басқарма мүшесі; 2017 жылғы қыркүйектен бастап қазіргі уақытқа дейін – «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Басқарма төрағасы.
Бөбеева Жанна Сапарәліқызы		2018 жылғы 25 маусым	2019 жылғы 08 тамыз	
Асылбек Ержан Асылбек Ұлы	2017 жылғы 18 қазан	2018 жылғы 25 маусым		2016 жылы – Кредиттік тәуекелдер департаментінің директоры; 2016 жылдан бастап 2017 жылға дейін – Жоспарлау және қаржы департаментінің директоры; 2017 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – Басқарма төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі.
Владимиров Руслан Владимирович	2017 жылғы 18 қазан	2018 жылғы 25 маусым		2016 жылдан бастап «БЦК-Мәскеу Банкі» ЖШҚ Басқарма төрағасы; 2016 жылдан бастап 2017 жылға дейін – «Банк ЦентрКредит» АҚ Басқарма төрағасының кеңесшісі; 2017 жылғы шілдеден бастап 2017 жылғы қазанға дейін – «Банк ЦентрКредит» АҚ Басқарушы директоры; 2017 жылғы қазаннан 2018 жылғы маусымға дейін – «Банк ЦентрКредит» АҚ Басқарушы директор, Басқарма мүшесі; 2018 жылғы маусымнан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Банк ЦентрКредит» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі.



01.01.2019Ж. БАСТАП 31.12.2019Ж. ДЕЙІНГІ КЕЗЕҢДЕГІ БАСҚАРМАНЫҢ ҚҰРАМЫ

Басқарма мүшесінің аты-жөні	Басқарушы директор, Басқарма мүшесі лауазымында Басқарма құрамына кірген күні	Төрағаның орынбасары, Басқарма мүшесі лауазымында Басқарма құрамына кірген күні	Басқарма құрамынан шыққан күні	Соңғы үш жылда атқарған лауазымы		
					Орналастырылған, %	Дауыс беруші, %
Ишмуратов Тимур Жақсылықұлы	2017 жылғы 18 қазан	2018 жылғы 25 маусым		2016 жылдан бастап «БЦК-Мәскеу Банкі» ЖШҚ Басқарма төрағасы; 2016 жылдан бастап 2017 жылға дейін – «Банк ЦентрКредит» АҚ Басқарма төрағасының кеңесшісі; 2017 жылғы шілдеден бастап 2017 жылғы қазанға дейін – «Банк ЦентрКредит» АҚ Басқарушы директоры; 2017 жылғы қазаннан 2018 жылғы маусымға дейін – «Банк ЦентрКредит» АҚ Басқарушы директор, Басқарма мүшесі; 2018 жылғы маусымнан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Банк ЦентрКредит» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі.	47,82	47,93
Maszczyk Roman		2019 жылғы 26 шілде		2016 жылғы тамыздан бастап 2017 жылғы қарашаға дейін – «Asseco Kazakhstan» ЖШС коммерциялық директоры; 2018 жылғы қаңтардан бастап 2019 жылғы шілдеге дейін – «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Тәуекелдер департаментінің директоры; 2019 жылғы шілдеден қазіргі уақытқа дейін – «Банк ЦентрКредит» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі.	-	-

АКЦИОНЕРЛЕР ЖӘНЕ КАПИТАЛ. ДИВИДЕНДТІК САЯСАТ

2020 жылғы 1 қаңтардағы жай-күйі бойынша орналастырылған жай акциялардың саны 165 637 911* дананы, артықшылықты акциялардың саны 39 249 255* дананы құрады, жарғылық капитал 59 019** млн теңге сомасында төленген.

2019 жылдың бірінші тоқсанында «Банк ЦентрКредит» АҚ акционерлер мен басқа да инвесторлардың арасында жай және артықшылықты акцияларын жария түрде орналастырды. Осы орналастырудың нәтижесінде жарғылық капитал жай акцияларды іске асырудың есебінен 954 333 млн теңгеге ұлғайды.

2020 жылғы 1 қаңтардағы жай-күйі бойынша орналастырылған акциялардың (Банк сатып алған акцияларды қоспағанда) кемінде 5,0% иеленетін акционерлердің келесі құрамы белгіленді:

* «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ ұсынған бағалы қағаздар ұстаушылар тізілімінің деректеріне сәйкес
** «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың жеке қаржылық есептілігіне сәйкес

Акционердің аты-жөні/ акционердің атауы	Бағалы қағаздардың түрі	Жалпы саны	Бағалы қағаздарды ұстаушыға тиесілі бағалы қағаздар санының эмитенттің бағалы қағаздарының санына қатынасы	
			Орналастырылған, %	Дауыс беруші, %
Байсейітов Бақытбек Рымбекұлы	Жай акциялар	79 341 075	47,82	47,93
	Артықшылықты акциялар	20 278	6,86	-
Ли Владислав Сединович	Жай акциялар	17 206 770	10,37	10,40
	Артықшылықты акциялар	0	-	-
Аманқұлов Жұмагелді Рақышұлы	Жай акциялар	9 759 095	5,88	5,90
	Артықшылықты акциялар	0	-	-

Дауыс беруші акциялар бойынша пайыз «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы № 415-ІІ заңының 1-бабының 8-тармағына сәйкес есептеледі

Дивидендтік саясат

Акционерлердің дивиденд алу бойынша құқықтары және оларды төлеу процедурасы Банктің Директорлар кеңесінің қаулысымен бекітілген Банк Жарғысында белгіленген.

Дивидендтік саясат дивидендтік төлемдердің мөлшерін белгілеген, Банктің инвестициялық тартымдылығын, қаржылық орнықтылығын, капиталдандырылуы мен өтімділігін арттырған, салынған капиталдың нарықтық кірістілігін қамтамасыз еткен кезде, «Банк ЦентрКредит» АҚ пен оның акционерлері мүдделерінің теңгеріміне, акционерлердің құқықтарын құрметтеуге және қатаң сақтауға және олардың әлауқатын арттыруға негізделеді.

Акциялар бойынша дивиденд төлеу және жылдың қорытындысына сәйкес бір жай акция бойынша есептелетін дивидендтің мөлшерін бекіту туралы шешім қабылдау «Банк ЦентрКредит» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының құзыретіне жатады. Артықшылықты акциялар бойынша «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Жарғысына және акциялар шығару проспектісіне сәйкес дивидендтің кепілдік берілген мөлшері белгіленді. Ол жылдық 12% бастап 14% дейінгі шекті шектеулерімен жылдық 3,5% қосқандағы Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің базалық мөлшерлемесі ретінде есептеледі. Жоғарыда айтылғандардың негізінде артықшылықты акцияларды ұстаушыларға 2019 жылы бір акция үшін 38,25 теңге мөлшерінде кепілдік берілген сыйақы төленді.

Банктің дивиденд төлеу бойынша шығыстары

Атауы	2019 ж.	2018 ж.	2017 ж.	2016 ж.
Артықшылықты акциялар бойынша, мың теңге	11 207	3	392	392
Жай акциялар бойынша, мың теңге	-	-	-	-
Барлығы	11 207	3	392	392


Дивидендтің ұлғаюы негізінен 2019 жылға дейінгі кезеңде «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Жарғысына және акциялар шығару проспектісіне сәйкес дивиденд бір артықшылықты акция үшін 0,01 теңге мөлшерінде төленгеніне байланысты.


Шоғырландырылған қаржылық есептілікке сәйкес 2019 жылы бір акция бойынша түскен пайда 12,29 теңгені құрады.

«Қазақстан Қор биржасы» АҚ-тың деректеріне сәйкес 31.12.2019ж. жай-күйі бойынша «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың бір жай акциясының нарықтық құны (ҰСН KZIC36280010) 226 теңгені құрады.


КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АҚ-ТЫҢ
ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ





ФИЛИАЛДЫҢ ҮЛГІ ҚҰРЫЛЫМЫ



* Семей, Петропавл, Көкшетау, Тараз, Жезқазған қалаларындағы филиалдар үшін
 ** Петропавл, Көкшетау, Тараз қалаларындағы филиалдар үшін
 *** Семей қ. филиалды қоспағанда

- барлық филиалдар емес

* Қарағанды, Шымкент, Орал, Павлодар, Атырау, Ақтау, Қызылорда, Қостанай, Ақтөбе қалаларындағы филиалдар үшін
 ** Қарағанды қ. филиал үшін
 *** Орал қ. филиалды қоспағанда
 **** Орал қ. филиал үшін
 ***** Павлодар, Қызылорда қалаларындағы филиалдарды қоспағанда



Ішкі аудит қызметі Банктің Директорлар кеңесінің алға қойған мақсаттарға қол жеткізуіне, Банк қызметінің тиімділігі мен нәтижелілігін қамтамасыз етуге көмектесу үшін құрылған және ол өз қызметін тәуелсіздік, әділдік, кәсіби біліктілік, кәсіби этика принциптерін сақтай отырып жүзеге асырады.

Ішкі аудит қызметі өз жұмысында ішкі аудит саласындағы сәйкес тәжірибелерді қолданады, соның ішінде ішкі аудиттің кәсіби тәжірибесінің халықаралық негіздерін қолданады.

Банк өз кезегінде Ішкі аудит қызметінің өз функцияларын кедергісіз және тиімді жүзеге асыруы үшін барлық жағдайларды жасайды.

Ішкі аудит қызметі Банктің тәуелсіз құрылымдық бөлімшесі болып табылады. Ол Директорлар кеңесі мен Аудит комитетіне есеп береді.

2019 жылы Аудит комитеті комитет мүшелерінің қатысуымен 4 мәжіліс өткізді, 11 мәселені қарады, олардың ішінде:

- Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелерінің қолданылуының тиімділігі бойынша жүргізілген аудиттің нәтижелері мен ұсынымдарын қамтитын Ішкі аудит қызметінің басқарушылық есептілігін (тоқсандық, жылдық) қарау бойынша 5 мәселе;
- Ішкі аудиттің жылдық жоспарын қарау бойынша 1 мәселе;
- Аудит комитетінің ұсынымдарын орындау бойынша Банктің құрылымдық бөлімшелерінен түскен қызмет туралы ақпараттан тұратын 1 мәселе;
- Ішкі аудит қызметінің ағымдағы қызметі бойынша 4 мәселе (ІАҚ ІНҚ-ға енгізілген өзгерістер, AQR-ға қатысу және т.б.).

Ішкі аудит қызметі Банк қызметінің барлық бағыттары бойынша тексерулер жүргізеді, тексерулердің нәтижелері бойынша анықталған тәуекелдердің деңгейін төмендетуді қамтамасыз ететін Басқарма қабылдаған шаралардың тиімділігіне бақылау жасайды. Бас аудитор Директорлар кеңесіне Ішкі аудиттің жылдық жоспарының орындалуы туралы және сәйкес есепті кезеңдердегі Банктің тексерулерінің нәтижелері туралы Қызметтің есептерін беріп отырады.

Ішкі аудиттің 2019 жылға арналған Жылдық жоспарында көзделген аудиторлық тапсырмалар толық көлемде орындалды. Сонымен қатар ІАҚ активтер сапасына бағалау жүргізуге (AQR) қатысты – Бас аудитор Банктің Басқарушы комитетінің құрамына қосылды, сонымен қатар:

- Банкте қолданылатын сұралған деректерді жинау және беру бойынша саясаттар мен процедуралардың дәлме-дәл сақталуына бақылау жасауды;
- Реттеуші AQR аясында ұсынатын деректерді жинау және беру бойынша Банк жүргізген процедуралардың сәйкес келуін растап отырды.
- Жүргізілген барлық тексерулердің нәтижелері Банктің және филиалдардың басшыларына хабарланды, ұсынымдардың орындалуын Қызмет бақылап отырады.
- Бас аудитор ІАҚ қызметіне байланысты маңызды әрі шұғыл мәселелерді Банктің басшылығымен жүйелі түрде талқылап отырады.

Жүргізілген барлық тексерулердің нәтижелері Банктің және филиалдардың басшыларына хабарланды, ұсынымдардың орындалуын Қызмет бақылап отырады.

Бас аудитор ІАҚ қызметіне байланысты маңызды әрі шұғыл мәселелерді Банктің басшылығымен жүйелі түрде талқылап отырады.

Банктегі ішкі бақылау және комплаенс-тәуекелді басқару процесін ұйымдастыру жүйесін тиімді қолданудың негізгі мақсаты Банкке тән тәуекелдерді, соның ішінде комплаенс-тәуекелдерді тұрақты негізде уақытылы анықтауға және бағалауға, сонымен қатар шығыстардың (залалдың), сондай-ақ Банктің және оның жұмыскерлерінің ҚР заңнамасының, Банктің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамауының салдарынан реттеуші органдар қолданатын санкциялардың туындауын барынша азайту бойынша уақытылы шаралар қабылдауға және бақылау жасауды қамтамасыз ету болып табылады.

ҚР Ұлттық банкі 2019 жылы Банкке қатысты 18 қадағалап ден қою шарасын, 2 қаржылық емес сипаттағы санкцияны және 3 айыппұл қолданды.

ЦентрКредит Банкі ҚР банктік заңнамасында, ҚР ҰБ нормативтік-құқықтық актілерінде және Банктің ішкі құжаттарында көзделген талаптардың өрескел бұзылуына жол бермейді. Бұл ретте, жыл бойы анықталған уақытша сәйкессіздіктер (соның ішінде өткен жылдардың кезеңдері бойынша) төмендегілерді қамтиды:

- 1) кредит беру қызметі:** қарыз алушыға міндеттемелерді орындаудың мерзімінен кешіктірілуі туралы уақытылы хабарламау (хабарлама белгіленген 30 күнтізбелік күннен кейін жіберілген); қарыз алушы бойынша мәліметтерді кредиттік бюроға уақытылы бермеу/кредиттік бюроға қарыз алушы туралы дұрыс емес мәліметтер беру; міндеттемелерді орындауды мерзімінен кешіктірудің қатарынан бір жүз сексен күнтізбелік күні өткен кезде есептелген сыйақыны төлеуді талап ету және т.б.;
- 2) клиенттердің төлемдері және олардың ақшасын аудару:** банктік шотқа түскен ақша сомасының 50% шегінде шектеулерді сақтамай-ақ төлем тапсырмаларын орындау; берілген есептік нөмірі бар валюталық шартты тапсырмай-ақ валюталық операциялар бойынша төлемдер жүргізу және/немесе ақша аудару.
- 3) клиентке ағымдағы шот ашу туралы шарттың түпнұсқасының болмауы;**
- 4) қатаң есептегі бланкілерді есепке алу бойынша ішкі бақылаудың жасалмауы және Банктің ІНҚ талаптарының орындалмауы;**
- 5) хаттың курьерлік қызмет арқылы клиентке жіберілгенін растайтын құжаттардың түпнұсқаларының болмауы;**
- 6) ҚР ҰБ-ға жауап хаттың курьерлік қызмет арқылы клиентке жіберілгені туралы дұрыс емес мәліметтердің берілуі;**
- 7) Банкке тиесілі банкоматтар желісінің жұмысына мониторингтің жүргізілмеуі және олардың жұмыс істейтін және қолданылатын күйде болуының қамтамасыз етілмеуі, сонымен қатар банкоматтарда бейнебақылауды тіркейтін камералардың болмауы;**
- 8) клиенттердің өтініштерінің уақытылы тіркелмеуі.**

2019 жылы бәсекелестіктің кедергі келтіруіне және монополияға қарсы заңнаманың бұзылуына байланысты жағдайлар болған жоқ.



Жеке тұлға, сол сияқты заңды тұлға клиенттердің өтініштерін қарау процесі «Банк ЦентрКредит» АҚ-та клиенттердің өтініштерімен жұмыс жүргізу тәртібі» бойынша реттеледі.

Директорлар кеңесі Басқарманы уәкілетті алқалы орган етіп белгілейді. Басқарма:

- 1) банктік қызметтерді көрсету процесінде немесе банктік қызметтерді көрсетуге байланысты туындайтын клиенттердің өтініштерін қарау тәртібінің жобасын әзірлеу және оны бекітуге ұсыну үшін жауап береді;
- 2) банктік қызметтерді көрсету процесінде немесе банктік қызметтерді көрсетуге байланысты туындайтын клиенттердің өтініштерін қарау бойынша Банк бөлімшелерінің қызметіне мониторинг жүргізу және бақылау үшін жауап береді.

Банктің Директорлар кеңесі жүргізілген мониторинг пен бақылаудың қорытындылары бойынша Басқарманың есебін қарайды және қажет болған жағдайда, банктік қызмет көрсету процесінде туындайтын клиенттердің өтініштерін қарау бойынша Банктің жұмысын жетілдіру шараларын қабылдауды қамтамасыз етуді тапсырады.

Банк клиенттердің өтініштерінің келесі түрлері бойынша жұмыс жүргізеді:

- 1) қолма-қол, пошта байланысы, электронды пошта, факс, Банктің интернет ресурсы және әлеуметтік желілер арқылы жазбаша өтініш (еркін нысанда) түрінде түскен жазбаша өтініштер;
- 2) телефон арқылы ауызша нысанда түскен, клиенттің өзі Банкке келген немесе жеке қабылдауда болған кезде жасалған ауызша өтініштер.

Банктің өтініштерді қабылдайтын негізгі жауапты құрылымдық бөлімшелері:

- 1) Бас офисте – іс жүргізу және архив ісі үшін жауапты бөлімше (қағаз тасымалдағыштарда/fax/e-mail);
- 2) Операциялық орталық басқармасы – телефон/e-mail/Банктің сыртқы сайты/Online-чат/WhatsApp (электронды түрде) бойынша;
- 3) Маркетинг бөлімі – электронды түрде әлеуметтік желілер (Instagram/Facebook/ВКонтакте) бойынша;
- 4) өңірлерде (филиалдың және бір өңірдің өңірлік орталығының (орталықтарының) бөлімшелеріне түсетін барлық өтініштер бойынша орталықтандырылған түрде) – Филиал директорының хатшы-референті – филиалдың Бас іс жүргізушісі. Филиал директорының хатшы-референті Банкке қағаз тасымалдағыштарда/fax/e-mail түсетін өтініштер (шағымдар) бойынша іс жүргізеді.

Банкке клиенттердің өтініштері түсетін негізгі арналар: телефон, E-mail, Online-чат, Банктің сыртқы сайты, WhatsApp, Instagram, Facebook, ВКонтакте, Fax, ICQ, пошта қызметі және курьерлік жеткізілім (қағаз тасымалдағышта):

Алматыдағы телефондар: (727) 244 30 30, 505
(ҚР бойынша мобильді телефоннан қоңырау шалу тегін)
8 8000 8000 88 (ҚР бойынша кез келген қалалық телефоннан қоңырау шалу тегін), соның ішінде «дауыстық пошта»;
Клиенттерге қашықтан қызмет көрсету үшін жауапты бөлімшенің факсі – телефон/e-mail/web/fax бойынша – (727) 259 86 22;
E-mail: hotline@bcc.kz, info@bcc.kz;
Web www.bcc.kz («Кері байланыс» және «Сұрақтар – Жауаптар» бөлімдері)

Банктің басшылығы «Банк ЦентрКредит» АҚ-тағы еңбек тәртібі ережесінің» 3-қосымшасына сәйкес белгіленген күндері және уақыттарда жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдайды.

Барлық өтініштер, қандай арналардан түскеніне қарамастан, келіп түскен күні электронды Кіріс хат-хабарды тіркеу журналында немесе Азаматтардың өтініштерін есепке алу журналында тіркелуі тиіс.

Пошта байланысы немесе қолма-қол түскен өтініш берушінің жазбаша өтінішіне жауап беру клиенттің өтінішінде көрсетілген мекенжайға хабарлама жібере отырып, пошта арқылы тапсырыс хатпен жүргізіледі немесе клиент Банкке келген кезде, қол қойдыра отырып, клиенттің өз қолына табыстау жолымен жүргізіледі, бұл кезде азаматтардың өтініштерін есепке алу журналында (ЭҚЖ) белгі қойылады немесе жауаптың көшірмесінде клиенттің қолтаңбасымен расталады.

ҚР ҰБ сауалдарымен жұмыс істеу тәртібі «Банк ЦентрКредит» АҚ-та уәкілетті органдар, сыртқы ұйымдар тексерулер жүргізген кезде құрылымдық бөлімшелердің бірлесіп іс-әрекет етуін ұйымдастыру ережесімен реттеледі.

ҚР ҰБ барлық сауалдары мен хабарламалары Банкке түсетін кіріс құжаттама ретінде міндетті түрде түскен күні тіркелуі тиіс.

Сауалдарға берілген жауаптың толықтығы, қосымшалардың мазмұны және олардың толықтығы үшін жауапкершілік, сонымен қатар ҚР ҰБ келіп түскен сауалдар мен хабарламаларға уақытылы жауап беру үшін жауапкершілікті іс жүргізуінде сәйкес ақпарат пен мәліметтер тұрған Банктің құрылымдық бөлімшесінің (БО, өңірлік орталықтың, филиалдың бөлімшесі) басшысы көтереді. Жіберілетін хаттың толықтығы мен мазмұны үшін, сонымен қатар ҚР ҰБ сауалының/хабарламасының орындалуына бақылау жасау үшін жауапкершілік Басқарушы директорларға, Департаменттердің директорларына, филиалдардың директорларына, Өңірлік орталықтардың басқарушыларына жүктеледі.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ

Банкте төмендегідей ішкі нормативтік құжаттар бар:

- «Банк ЦентрКредит» АҚ жұмыскерлерінің корпоративтік этика кодексі,
- «Банк ЦентрКредит» АҚ-тағы ішкі бақылау саясаты,
- «Банк ЦентрКредит» АҚ-та комплаенс-тәуекелді басқару саясаты,
- «Банк ЦентрКредит» АҚ-та мүдделер қақтығысын реттеу саясаты,
- «Банк ЦентрКредит» АҚ-тағы қызметтік хабарламалар жүйесі туралы қағида,
- «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың қылмыстық жолмен алынған кірісті заңдастыруға (жылыстатуға) немесе терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл бойынша ішкі бақылау ережесі.

Бұл құжаттар сыбайлас жемқорлыққа, қызмет бабын пайдалануға және алаяқтық іс-әрекеттерге қарсы іс-қимылға бағытталған.

Сонымен қатар Банк жұмыскерлеріне Комплаенс қызметі сыбайлас жемқорлыққа, қызмет бабын пайдалануға және алаяқтық іс-әрекеттерге жол бермеу бойынша оқыту сабақтарын өткізеді. Сондай-ақ бұзушылықтардың алдын алу мақсатында Комплаенс қызметі Жоспарының аясында қашықтан тексерулер жүргізеді.

Банкте қорғаныстың үш желісінің негізінде комплаенс-тәуекелді басқару жүйесіне қатысушылар белгіленді. Жүйеге қатысушылар сыбайлас жемқорлық бойынша құқық бұзушылықтарға жол бермеуге және олардың алдын алуға тиісті.

Қорғаныстың бірінші желісін

Банктің барлық жұмыскерлері қамтамасыз етеді. Банктің барлық құрылымдық бөлімшелері тәуекелдерді уақытылы анықтауды, бағалауды, олар туралы ақпаратты қорғаныстың екінші желісіндегі бөлімшелерге хабарлауды қамтамасыз етеді.

Қорғаныстың екінші желісін

Тәуекелдерді басқару, комплаенс-бақылау бойынша тәуелсіз бөлімшелер және бақылау функцияларын жүзеге асыратын басқа да бөлімшелер (қоса алғанда, қауіпсіздік, қаржылық бақылау, кадрлармен қамтамасыз ету, заңдық тәуекелдерді, операциялық тәуекелдерді басқару функцияларын жүзеге асыратын бөлімшелер өз құзыретінің аясында) қамтамасыз етеді.

Қорғаныстың үшінші желісін

комплаенс-тәуекелді басқару жүйесінің тиімділігін тәуелсіз бағалау арқылы Ішкі аудит қызметі қамтамасыз етеді.

Осылайша, Банк жұмыскерлерінің Банктің көрсетілген нормативтік құжаттарының ережелері мен принциптерін орындауын ескере отырып, Комплаенс қызметі сыбайлас жемқорлық бойынша құқық бұзушылық фактілерін анықтаған жоқ.

БАНКТИҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ЖӘНЕ БАСҚАРМАСЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІНЕ 2019 ЖЫЛЫ ТӨЛЕНГЕН СЫЙАҚЫНЫҢ МӨЛШЕРІ МЕН ҚҰРАМЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ



Банктің Директорлар кеңесінің және Басқармасының мүшелеріне сыйақы төлеу «Екінші деңгейдегі банктердің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының басшы қызметкерлеріне еңбекақы төлеу, ақшалай сыйақыларды, сондай-ақ материалдық көтермелеудің басқа да түрлерін есептеу жөніндегі ішкі саясатына қойылатын талаптарды және екінші деңгейдегі банктердің және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының барлық басшы қызметкерлеріне төленген кірістер туралы есептіліктің нысанын белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі Басқармасының 24.02.2012ж. №74 қаулысына және Банктің ішкі процедураларына сәйкес бекітілген ««Банк ЦентрКредит» АҚ-тың қызметкерлерді ынталандыру жүйесі туралы қағидасына» сәйкес, басшы жұмыскердің жеке қосқан үлесіне байланысты жүзеге асырылады.

- 1) Банктің Директорлар кеңесінің мүшелеріне 2019 қаржы жылы төленген сыйақының мөлшері акционерлер жиналысының 30.04.2009ж. хаттамасы бойынша бекітілген, Банктің есепті кезең үшін белгіленген жоспарлы жалақы қорының 5%-нан аспайды және оның 1,8%-ын құрайды.
- 2) Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелеріне сыйақының келесі түрлері белгіленген:
 - Директорлар кеңесінің мүшелеріне – жеке қызметінің көрсеткіштері үшін ай сайын төленетін сыйақы;
 - Басқарма мүшелеріне – кепілдік берілген лауазымдық жалақы, бір жыл ішіндегі жұмыс қорытындысы бойынша төленетін сыйақы.
- 3) Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелеріне 2019 жылы төленген сыйақының жалпы мөлшері 586,9 млн теңгені немесе Банктің есепті кезең үшін белгіленген жоспарлы жалақы қорының 4,0%-ын құрады.

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың басшы жұмыскерлерінің жұмыс сапасын анықтайтын критерийлер:

- жылдық қаржылық көрсеткіштердің орындалуы;
- Банктің таза кіріс алуы.



ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ



ЦКБ әлеуметтік жауапты қаржы институты ретінде өзінің күнделікті қызметінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы негізгі принциптердің және қоршаған ортаны қорғау бойынша қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілердің талаптарын мүлтіксіз сақтайды.

ЦКБ-НІҢ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ БОЙЫНША НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРІ:

- Айрықша маңыздылықпен адамның өмірі мен денсаулығын сақтау, қоршаған ортаның ластануына жол бермеу, халықтың өміріне, еңбек етуіне және демалуына қолайлы қоршаған ортаны сақтау;
- тікелей банктік қаржылық операциялар жүргізе отырып, қоршаған ортаға келтірілуі мүмкін зиянның алдын алу.



Қандай да бір жобаны қаржыландыру туралы шешім қабылдаған кезде, ЦКБ табиғатты қорғау аспектілерін талқылауға ерекше көңіл бөледі және экологияға бағытталған жобаларға қолдау көрсетіп отырады.

ЦКБ заңдық, қаржылық зардаптарға және экологиялық проблемаларға байланысты ЦКБ-нің іскерлік беделіне нұқсан келтіретін жағдайларға жол бермеуге бағытталған тиісті шараларды қабылдап отырады.

Жобаны қараған кезде, ЦентрКредит Банкінің уәкілетті бөлімшелері ЦентрКредит Банкінің қоршаған ортаны қорғау бойынша негізгі принциптеріне сәйкес келуі бойынша жобаға жан-жақты сараптама жасайды. Кредиттеу барысында ықтимал қарыз алушылардың қызметіне мониторинг жүргізіледі, табиғатты қорғаудың негізгі принциптеріне сәйкес кредит қаражатының мақсатқа сай пайдаланылуы қадағаланады.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

ДЕМЕУШІЛІК ЖӘНЕ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

ДЕМЕУШІЛІК ЖӘНЕ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ



ДЕМЕУШІЛІК КӨМЕК КӨРСЕТУДІҢ НЕГІЗГІ БАСЫМДЫҚТАРЫ:

1

Әлеуметтік маңызды жобаларды қолдау:



Білім беру саласында

Аз қамтылған және табысы аз отбасылардан шыққан студенттер үшін шәкіртақылар мен гранттар ұйымдастыру, шетелде тағылымдамадан өтуге төлем жасау, білім беру процестеріне арналған материалдарды сатып алуға көмектесу



Спорт саласында

Коммерциялық емес спорт түрлеріне және жекелеген спортшыларға спорттық құрал-саймандарды сатып алуға көмектесу, көлік шығыстарына және тұратын жерге, жаттықтыру қызметіне, жаттығулар өткізетін жайларды жалға алуға, халықаралық жарыстарға қатысуға төлем жасау



Мәдениет және өнер саласында

Фестивальдар, кино көрсетілімдері, көрмелер, концерттер сияқты өнер және мәдениет саласындағы іс-шараларға бірреттік негізде немесе тұрақты түрде қолдау көрсету



Медицина және денсаулық сақтау саласында

Туберкулездік, онкологиялық және т.б. медицина орталықтарын жабдықтау, автокөлікпен қамтамасыз ету, жаңа медициналық мекемелер салу, осы тәріздес объектілер құрылысына материалдық демеу көрсету және т.б.



Экология саласында

Жаңа технологияларға инвестиция салу бойынша жобалар, ландшафтқа және биологиялық алуантүрлілікке әсер етуді барынша азайту, барлық шығарындыларға және олардың қоршаған аймаққа әсерін бақылауды қамтамасыз ету бойынша бағдарламалар

2

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың қызметіне және позициясына байланысты ұйымдастырушылық-практикалық іс-шараларды (халықаралық конференциялар, форумдар, инвестициялық саммиттер, дөңгелек үстелдер және т.б., соның ішінде әйелдер кәсіпкерлігін қолдау бойынша іс-шаралар) қолдау.

Қайырымдылық көмек көрсетудің негізгі басымдықтары:

- балаларды оңалту орталықтарының, ана мен бала орталықтарының, ардагерлер, мүгедектер ұйымдарының, басқа да әлеуметтік саладағы коммерциялық емес ұйымдардың жарғылық қызметін қолдау;
- Қазақстан Республикасының аумағында орын алған табиғи сипаттағы төтенше жағдайларға байланысты іс-шараларды қолдау.



«Бизнесегі әйелдер»

Бірнеше жылдан бері ЦентрКредит Банкі Қазақстанның іскер әйелдерін оқытуға, дамытуға және шоғырландыруға, тәжірибе мен білім алмасуға, іскерлік байланыстар мен серіктестік қарым-қатынастарды ретке келтіруге арналған басты алаңдардың бірі Еуразиялық әйелдер бизнес-форумын жүргізуді қолдап келе жатыр.

ЦентрКредит Банкінде мемлекеттің қолдауымен іске асырылатын және тиімді талаптармен жобаларды қаржыландыруға мүмкіндік беретін «Бизнесегі әйелдер» атты кредиттеу бағдарламасы іске қосылған.



«Almaty Film Festival»

2019 жылғы маусымда Банк Қазақстанның киноиндустриясын дамыту, көпшіліктің кинематография өнеріне деген қызығушылығын арттыру және халықаралық ынтымақтастықты нығайту мақсатын көздеген «Almaty Film Festival» атты II халықаралық кинофестивалінің серіктесі болды. Кинокартиналарды көрсету, актерлермен, режиссерлермен баспасөз конференцияларын өткізу іс-шараларынан басқа, фестивальда көптеген мастер-кластар өтті.

Жас кинематографшыларды қолдауға және оларды дүниежүзілік қауымдастыққа таныстыруға бағытталған жаңа «Almaty Film Awards» ұлттық сыйлығының сегіз жеңімпазына Банктің атынан ақшалай сыйлықақы табысталды.



«Summer Fest және October Fest»

Бұған қоса, ЦентрКредит Банкінің қолдауымен өткен Summer Fest және October Fest атты фестивальдар жылдың ерекше мағыналы екі бизнес-оқиғасы болды. Осы фестивальдардың аясында бизнес, қаржы бойынша, жетекші бизнесмендер, қалалық белсенділер, кәсіпкерлер, блогерлер, БАҚ ұсынған брендтерді жасау және ілгері жылжыту бойынша мастер-кластар өтті.

Қандай да бір жобаға демеушілік қолдау көрсету туралы шешім қабылдаған кезде қойылатын талаптардың бірі Банк жұмыскерлерінің кәсіби немесе мәдени деңгейін арттыру мәселесі болып табылатынын атап кеткен жөн.



«Taiburyl»

Осы жылы Банк «Taiburyl» қайырымдылық көрсету жобасының тұрақты демеушісі болды. Жобаның басты миссиясы – дарынды жастарға, үлгерімі жоғары, бірақ материалдық жағдайы нашар әртүрлі жоғары оқу орындарының студенттеріне, сонымен қатар отандық ғалымдар мен өнертапқыштарға қолдау көрсету.

Жоба аясында «Ай сайынғы шәкіртақылар», «Білім беру гранты» сияқты бірнеше қаржылық қолдау көрсету бағдарламасы жұмыс істейді, ғылыми зерттеулер мен қолданбалы әзірлемелер қаржыландырылады, ғылым, мәдениет және спорт саласындағы дарын иелеріне қолдау көрсетіледі.



Банк жыл сайын Қазақстанға және бүкіл әлемге танымал марафоншы, халықаралық дәрежедегі спорт шебері Балтабаев Марат Шәріпұлына қолдау көрсетеді. Аты аңызға айналған желаяқтың еншісінде бүкіл жер шары бойынша иеленген көптеген медальдар мен естелік сыйлықтар бар.



«Планетамыз таза болса, біз де тазамыз»

Жылдың соңында Банк «Планетамыз таза болса, біз де тазамыз» атты экологиялық акцияны іске асыруға бастама жасады. Акция аясында Банктің Бас офисінде және Алматы қалалық филиалында қоқысты бөлек жинайтын алғашқы экологиялық қоқыс жәшіктері орнатылды. Акция барлық филиалдар бойынша да өз жалғасын табады. Экологиялық бастаманың аясында жуық арада және келесі жылдары басқа да бірқатар іс-шаралар жүргізу жоспарлануда.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

ДЕМЕУШІЛІК ЖӘНЕ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ



Ардагерлерге
көмек

Банк жыл сайын Банктің ардагер-салымшыларына және еліміздің әртүрлі өңірлеріндегі ардагерлік ұйымдарға қайырымдылық көмек көрсетіп отырады.



«Дорога
в школу»

Сонымен қатар ЦКБ күнкөрісі төмен отбасыларынан шыққан мектеп оқушыларына, ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балаларға, жетім балаларға оқу жылының басталуына дайындалатын уақытта материалдық көмек көрсете отырып, «Мектепке жол» атты қайырымдылық акциясына жыл сайынғы негізде қатысады.



Материальная
помощь

Оңтүстік Қазақстан облысының Арыс қаласында болған апаттың салдарынан зардап шеккен жандарға көмек көрсету үшін Түркістан облысының әкімдігі жанынан құрылған «Түркістан» корпоративтік әлеуметтік даму қорына ЦКБ-нің апатқа бей-жай қарай алмаған қызметкерлері 6 972 156,84 теңге аударды. Құрылымдық бөлімшелердің басшылары (басқарма бастығы лауазымынан бастап одан жоғары) зардап шеккендер қорына бір күндік жалақыларын аударды. Сонымен қатар мұқтаж жандарға көмек ретінде жамылғылар, жылы кең жейделер, бейсболкалар және кеңсе тауарлары жіберілді.



«Біздің ең үздік
отбасылық
дәрігеріміз
және оның
командасы»

Жылдың соңында Банк «Міндетті медициналық сақтандыру қоры» коммерциялық емес акционерлік қоғамы мен «Primary Health Care» ұлттық қауымдастығы ұйымдастырған «Біздің ең үздік отбасылық дәрігеріміз және оның командасы» атты жалпы республикалық конкурста бас демеуші болды. Интернет арқылы дауыс беру қорытындысы бойынша іріктелген Қазақстанның барлық өңірлерлерінің ең үздік отбасылық дәрігерлері мен олардың командалары ЦентрКредит Банкінің атынан жалпы жүлде қоры 29 млн теңгені құрайтын ақшалай сыйлықтармен марапатталды.

Банктің қызметкерлері Банкке мұқтаж жеке тұлғалардың атынан келіп түскен сауалдар бойынша ақша қаражатын жинап, ерікті түрде ұдайы көмек көрсетіп отырады.



Балаларға
сыйлықтар


2019 жылы ЦентрКредит Банкі Жаңа жылдың құрметіне өткізілетін дәстүрлі корпоративтік кешті атап өтуден бас тартты, соның есебінен үнемделген қаражатты қайырымдылыққа жұмсау туралы шешім қабылданды, яғни сыйлық жасағысы келген барлық қызметкерлер «Түзеу педагогикасының ұлттық ғылыми-практикалық орталығы» мемлекеттік мекемесінің балалары үшін сыйлықтар сатып алып, оларды мерекелік ертеңгіліктерде табыстады.

Сонымен қатар Банк жаңажылдық сыйлықтар мен «Marwin» дүкенінің сертификаттарын табыстай отырып, «Алматы қаласының психоневрологиялық ауытқулары бар мүгедек балаларға арналған күндіз болу орталығы» КММ тәрбиеленушілерін Жаңа жылмен құттықтады.



ҚАРЖЫЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕР


Млн теңге	01.01.2018	01.01.2019	01.01.2020
Ақша қаражаты және оның баламалары	188 056	175 413	158 868
Қаржы құралдары және бағалы қағаздар	183 727	220 466	184 286
Банктердегі қаражат	13 140	31 292	9 102
Клиенттерге және банктерге берілген несиелер	831 251	968 684	982 390
Өзге активтер	114 324	121 905	125 793
БАРЛЫҒЫ	1 330 498	1 517 760	1 460 439



Бағамдық айырманың және провизиялардың өсуінің (Банктің нетто балансының қысқаруы) нәтижесінде 2019 жылдың қорытындысы бойынша Банк активтерінің 4% кішігірім қысқарғаны байқалады.

5 АКТИВТЕРДІҢ КӨЛЕМІ БОЙЫНША 5,5% НАРЫҚТЫҚ ҮЛЕСПЕН ЕДБ АРАСЫНДА 5-ОРЫНҒА ИЕ

КЛИЕНТТЕРДІҢ КРЕДИТТЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ (БРУТТО), МЛН ТЕҢГЕ




Несие портфелі жоғары кірісті актив ретінде 2,7%-ға өсті және 1 053 млрд теңгені (брутто) құрады. Портфельдің өсуінің негізгі драйвері Бөлшекті бизнеске және ЗТ бойынша шағын және орта бизнеске берілген кредиттер болды.

МІНДЕТТЕМЕЛЕР



Млн теңге	01.01.2018	01.01.2019	01.01.2020
Банктердің және қаржы ұйымдарының қаражаты мен несиелері	98 791	125 650	113 656
Клиенттердің және банктердің қаражаты	976 952	1 074 530	958 945
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	17 328	70 147	81 883
Реттелген облигациялар	75 454	71 915	61 342
Өзге міндеттемелер	33 090	68 420	131 524
БАРЛЫҒЫ	1 201 615	1 410 662	1 347 350

БАНКТІК ТОПТЫҢ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ, МЛН ТЕҢГЕ



2019 жылдың қорытындысы бойынша банктік топтың жиынтық міндеттемелерінің көлемі 1 347 млрд теңгені құрады.

Банк бір жыл ішінде қор жасау базасын шоғырландыру тәуекелдерін барынша азайтуға байланысты іс-шараларды жүргізді, соған байланысты 2019 жылдың соңына қарай депозиттік база көлемі кішігірім қысқарды.

Бұл ретте, Банк «Баспана» ипотека ұйымы» АҚ-тың борыштық бағалы қағаздары мен қаражатынан құралған әлдеқайда орнықты қорлардың көлемін көбейтті (мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру аясында).


6 БӨЛШЕКТІ САТЫЛЫМДАР БОЙЫНША 6,0% НАРЫҚТЫҚ ҮЛЕСПЕН ЕДБ АРАСЫНДА -ОРЫНҒА ИЕ

6 КОРПОРАТИВТІК САЛЫМДАР КӨЛЕМІ БОЙЫНША 4,4% НАРЫҚТЫҚ ҮЛЕСПЕН ЕДБ АРАСЫНДА -ОРЫНҒА ИЕ

- Жеке клиенттердің салымдары
- Корпоративтік клиенттердің салымдары
- Банктер мен қаржы ұйымдарының қаражаты мен несиелері
- Шығарылған борыштық БҚ
- Реттелген облигациялар
- Өзге міндеттемелер

Млн теңге	01.01.2018	01.01.2019	01.01.2020
Жарғылық капитал	69 569	57 600	57 865
Қайта бағалау резервтері	3 343	841	4 784
Бөлінбеген пайда	55 575	48 280	50 440
Бақыланбайтын иелену үлесі	396	377	-
Барлығы	128 883	107 098	113 089

01.01.2020 Ж. ЖАЙ-КҮЙІ БОЙынША ЦЕНТМКРЕДИТ БАНКІНІҢ ПРУДЕНЦИЯЛЫҚ КАПИТАЛЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ



- Үстеме капитал 3,10%
- Негізгі капитал 54,20%
- Екінші деңгейдегі капитал 42,60%


2020 жылдың басында банктік топтың капиталы өткен жылмен салыстырғанда 5,6% ұлғая отырып, 113,1 млрд теңгені құрады.

Капиталдың өсу факторлары: таза пайданың оң динамикасы, акционерлердің тарапынан қосымша капиталдың жасалуы, сонымен қатар бағалы қағаздар бойынша оң қайта бағалау резервтерінің ұлғаюы.

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың меншікті капиталы пруденциялық нормативтерін (пруденциялық капиталын) есептеу бойынша реттеушінің әдістемесіне сәйкес 2020 жылғы 1 қаңтарда 200 160 млн теңгені құрады.

Капиталдың құрылымы:
Негізгі капитал – 108 564 млн теңге;
Үстеме капитал – 6 275 млн теңге;
Екінші деңгейдегі капитал – 85 321 млн теңге

ЦЕНТМКРЕДИТ БАНКІНІҢ ЖЕТКІЛІКТІЛІК КАПИТАЛЫ КӨРСЕТКІШТЕРІНІҢ ДИНАМИКАСЫ, %




КІРІСТІЛІК



Млн теңге	2017	2018	2019
Пайыздық кіріс	109 938	111 703	120 981
Пайыздық шығыс	- 62 438	- 65 855	- 62 004
Резервтер құрылғанға дейінгі таза пайыздық кіріс	47 500	45 848	58 977
Резервтер құру	- 43 743	- 30 814	- 41 657
Комиссиялық кіріс	21 698	24 554	26 482
Комиссиялық шығыс	- 2 797	- 4 387	- 7 720
Бағалы қағаздармен және шетел валютасымен жүргізілген операциялар бойынша кіріс	6 533	7 586	7 418
Таза пайыздық емес кіріс	60 612	27 759	23 799
Резервтер құрылғанға дейінгі операциялық кіріс	108 339	74 969	84 046
Операциялық шығыс	- 28 299	- 31 232	- 38 746
ТАЗА ПАЙДА	28 871	9 169	1 984
NIM, %	4.65%	4.08%	4.93%
Cost/Income	26.1%	41.7%	46.1%

БАНКТІК ТОПТЫҢ ТАЗА ПАЙЫЗДЫҚ КІРІСІНІҢ ДИНАМИКАСЫ, МЛН ТЕҢГЕ



2019 жылы пайыздық кіріс 2018 жылмен салыстырғанда 9,3 млрд теңгеге өсті және 121 млрд теңгені құрады. Пайыздық кірістің оң динамикасы бөлшекті бизнестің кірісі жоғары кредиттерінің және ШОБ кредиттерінің үлестерінің ұлғаюының арқасында мүмкін болып отыр. Клиенттердің қымбат тұратын салымдарының үлестерінің төмендеуі есебінен пайыздық шығыс 3,9 млрд теңгеге төмендеді және 62 млрд теңгені құрады.

Нәтижесінде Банктің таза пайыздық кірісі 2019 жылы 13,1 млрд теңгеге өсіп, 59 млрд теңгені құрады. Банктің таза пайыздық маржасы 1% өсті және 4,93% құрады.

2019 жылы комиссиялық кіріс 1,9 млрд теңгеге өсіп, 26,5 млрд теңгені құрады. Карточкалық бизнестің дамуы, жаңа карточкалық өнімдерді (алғашқы контактісіз металл карталар #iron card, #картакарта) іске қосудың нәтижесінде комиссиялық шығыс 4,4 млрд теңгеден 7,7 млрд теңгеге өсті.

Бағалы қағаздармен және шетел валютасымен жүргізілген операциялар бойынша кіріс 7,4 млрд теңгені құрап, алдыңғы жылдың деңгейінде болды.


Операциялық шығыстың өткен 2018 жылмен салыстырғанда 7,5 млрд теңгеге өсуі 2019 жылы Банк бизнесінің белсенді өсуіне және командаға сәйкес инвестициялар салуға және IT, digital және мобильді банкінгі дамытуға, бөлімшелер ашуға (1 филиал және 6 бөлімше) және жүзеге асырылған капиталдық салымдар бойынша сәйкес амортизацияға байланысты болды.

Операциялық шығыс пен операциялық кірістің үйлесімді өсуінің арқасында Cost to income көрсеткіші аз ғана мөлшерде өсті және қазір орташа нарықтық деңгейде

ҚАРЖЫЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕР

ҚАРЖЫНЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУ

Қаржы ағымдарын басқарудың тиімділігін жақсартуға бағытталған аналитикалық жүйелерді жетілдіру ЦентрКредит Банкінің қаржы тобы қызметінің негізгі басымдықтарының бірі болып табылады. Қазіргі уақытта Банк келесі жобаларды сәтті жүзеге асырып келеді.



КРЕДИТ БЕРУ ҚЫЗМЕТІ




КРЕДИТТЕУ

2019 жылы Банк белсенді кредиттеу жұмысын жүргізді. Белсенді кредиттеу жұмысы жағымды нарықтық үрдістермен бірге ЦКБ-нің кредиттік портфелінің оң динамикасына әсер етті. Кредиттік портфель жылдың қорытындысы бойынша 2,7%-ға, яғни 1 053,1 млрд теңгеге дейін артып, Банкке өзінің нарықтық позициясын жақсартуға және несиелік портфелінің көлемі бойынша 5-орыннан 4-орынға көтерілуге мүмкіндік берді.


01.01.2020ж. жай-күйі бойынша валюталық қарыздар үлесі 21,79% құрады. Бұл жағдай теңге бағамының әлсіреуіне байланысты валюталық тәуекелдер бойынша Банкке елеулі қысым жасайды.

БАНКТИҢ КРЕДИТТЕРІ, (МЛН ТЕҢГЕ)



Бастапқы деректер: Баспана бағдарламасы бойынша берілген қарыздарды ескере отырып, 2019 жылы аудит жүргізілген деректер

ВАЛЮТАЛЫҚ ҚАРЫЗДАРДЫҢ ҮЛЕСІ



КРЕДИТТЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ, (%)



Банктің несиелік портфелі жеткілікті түрде теңгерілген және әртарапталдырылған. Бөлшекті кредиттер портфелі Банктің жалпы несиелік портфелінің 35% құрайды, ірі бизнес пен ШОБ портфелі сәйкесінше 44% және 21% құрайды.

Корпоративтік портфельде (Ірі бизнес және ШОБ) үлестің үлкен бөлігі «Сауда» (18,3%) және «Жылжымайтын мүлікті жалға беру» (16,5%) салаларына тиесілі болып отыр. Өзге салалардың меншікті салмағы жекелей алғанда 10%-дан аспайды.

КОРПОРАТИВТІК ПОРТФЕЛЬДІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ (%)



Бастапқы деректер: Баспана бағдарламасы бойынша берілген қарыздарды ескере отырып, 2019 жылы аудит жүргізілген деректер

НЕСИЕ ПОРТФЕЛІНІҢ САПАСЫ

2019 жылы несиелік портфелінің көлемін ұлғайтумен қатар Банктің маңызды міндеттерінің бірі несиелік портфелінің көрсеткіштерін жақсарту бойынша жұмысты жалғастыру болды. Бір жыл ішінде жүргізілген іс-шаралардың нәтижесінде несиелік портфеліндегі қолданыста жоқ қарыздардың (NPL) үлесі 6,4%-дан 6,2%-ға дейін төмендеді. 3-сатыдағы қарыздардың (кредиттік құнсызданған қарыздар) көлемі 310,2 млрд теңгеден 269,7 млрд теңгеге дейін азайды.

Бастапқы деректер: ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ресми сайтына орналастырылған ақпарат. Баспана бағдарламасы бойынша берілген қарыздарды ескере отырып, 2019 жылы аудит жүргізілген деректер.

AQR НӘТИЖЕЛЕРІ

2019 жылы ҚР ҰБ Қазақстан Республикасының банктік секторы активтерінің сапасына бағалау (әрі қарай – «АСБ») жүргізді. АСБ тексеру екінші деңгейдегі 14 ірі банк бойынша жүргізілді және олардың үлесіне банктік сектор активтерінің жалпы көлемінің 87% тиесілі болып келеді.

Бағалаудың айқындығы мен әділдігін қамтамасыз ету үшін ҚР ҰБ АСБ-ны халықаралық кеңесшімен және тәуелсіз аудиторлық компаниялармен бірге жүргізді. АСБ Еуропалық орталық банктің әдістемесіне сәйкес, сонымен қатар Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және пруденциялық реттеу саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес жүзеге асырылды.

Осы тексерудің қорытындысы бойынша «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың капиталының жеткіліктігі белгіленген нормативтік шекте тұр. «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың жекелеген активтер бойынша 26,9 млрд теңге көлемінде қосымша резервтер құруының ықтимал қажеттілігі АСБ әдістемелеріне сақтықпен қарауға байланысты болды және сонымен қатар бірінші Мемлекеттік бағдарлама аясындағы пруденциялық реттеуге сәйкес бұрын белгіленген резервтерді қамтиды.

Банктің уәкілетті органы «Банк секторының қаржылық орнықтылығын арттыру бағдарламасына» қатысу туралы шешім қабылдады. Осы Бағдарламаның аясында Банкке активтерді қорғау құралы болып табылатын және көрсетілген мерзімде Банк қызметінің үздіксіз жүруіне кепілдік беретін мемлекеттің бесжылдық кепілдігі берілді.

Бұған қоса, Банк акционерлері 2020 жылғы мамырдың аяғына дейін 4,312 миллион теңге көлемінде қосымша капиталдандыру жүргізетін болады. 2020 жылғы 31 наурызда өткен Акционерлердің жалпы жиналысының нәтижелері бойынша 215,263,858 дана жай акцияны қосымша шығару жолымен жарияланған акциялардың санын арттыру туралы шешім қабылданды.



ТӘУЕКЕЛДЕР БОЙЫНША ЕСЕП



КРЕДИТТІК ТӘУЕКЕЛ

Контрагенттердің (қарыз алушылардың) Шарттың талаптарына сәйкес пайызды және борыштың негізгі сомасын төлеу бойынша өз міндеттемелерін орындауға қабілетсіз болуының нәтижесінде Банктің қаржылық активтерден айырылу ықтималдығы

Саясат:

- Кредиттеу және тәуекелдерді басқару саясаты;
- Кепіл саясаты.

Тәуекелдерді басқару комитеті:

- Қаржыны және тәуекелдерді басқару комитеті;
- Кредит комитеті.

Кредиттік тәуекелдерді басқарудың негізгі әдістері

- шешімдер қабылдау үшін ақпараттың толық және шынайы болуын қамтамасыз ету;
- кредиттеу бойынша көпшілік қабылдаған ережелерді, кредиттік тәуекелді басқару бойынша ішкі саясаттар мен процедураларды сақтау;
- бизнес-бөлімшелерге тәуелсіз қарыздарды бағалау процедурасының болуы;
- лимиттердің көп деңгейлі жүйесін және/немесе тәуекелдерге қойылған шектеулерді пайдалана отырып, кредиттік тәуекелді шектеу;
- мәмілелер бойынша қамсыздандыруды басқару;
- кредиттік тәуекел деңгейіне жүйелі түрде мониторинг жүргізу және бақылау;
- кредиттік тәуекел деңгейі бойынша активтерді жіктеу;
- провизияның жеткілікті деңгейін ұстап тұру.

Кредиттік тәуекелге ұшырататын мәмілелер бойынша кредиттік тәуекелдерді бағалау контрагенттің бизнесінің типі мен сегментін ескере отырып жүзеге асырылады:

- корпоративтік кредиттеу – контрагенттің қаржылық жай-күйінің көрсеткіштерін, кредиттік тарихын, бизнестің салалық тиістілігін және басқа да сипаттамаларын ескере отырып белгіленетін кредиттік рейтингтің сараптамалық бағасы мен деңгейінің жиынтығының негізінде;
- бөлшекті кредиттеу – жүріс-тұрыс ақпаратын және сыртқы дереккөздерден алынған ақпаратты ескере отырып құрылған математикалық статистика әдістеріне негізделген скоринг моделі арқылы.



ӨТІМДІЛІК ТӘУЕКЕЛІ

Депозиттерді қайтару және нақты төлеу мерзімі орнаған кезде, қаржы құралдарына байланысты міндеттемелерді өтеу үшін қаражат алған кезде қиындықтардың туындау тәуекелі.

Саясат:

Өтімділік тәуекелін басқару саясаты;

Тәуекелдерді басқару комитеті:

- Қаржыны және тәуекелдерді басқару комитеті;
- Басқарма жанындағы Тәуекелдерді басқару комитеті

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

Өтімділік тәуекелін басқарудың негізгі әдістері:

- активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімдерін талдау және ағымдағы өтімділікті ұстап тұру және ақша ағымдарын оңтайландыру үшін ақшалай нарықтық операциялар жүргізу;
- баланстың тиімді құрылымын есептеу және өтімділікті ұзақмерзімді перспективада ұстап тұру мақсатында активтер мен міндеттемелерді басқару;
- өтімділікті басқару бойынша лимиттерді есептеу және өтімділіктің пруденциялық және ішкі көрсеткіштеріне жүйелі түрде мониторинг жүргізу;
- дағдарыс жағдайларында өтімділікті басқару жоспарын әзірлеу;
- стресс-тестілеу және сценарийлік талдау.



НАРЫҚТЫҚ ТӘУЕКЕЛ

Нарықтық мөлшерлемелердегі, валюта бағамдарындағы немесе қаржы құралдарына белгіленген бағалардағы өзгерістердің Банктің кірісіне немесе капиталына кері әсер ету тәуекелі.

Нарықтық тәуекел дегеніміз – пайыздық тәуекел, валюта тәуекелі және өз қызметінің барысында Банк ұшырауы мүмкін басқа да баға тәуекелдері.

Саясат:

Нарықтық тәуекелдерді басқару саясаты

Тәуекелдерді басқару комитеті:

- Комитет по управлению финансами и рисками;
- Комитет по управлению рисками при Правлении.

Пайыздық тәуекелдерді басқарудың негізгі әдістері:

- Бекітілген және құбылмалы мөлшерлемелері бар тартылатын ресурстардың тиімді ара қатынасын ұстап тұру;
- Топтың ағымдағы қаржылық жай-күйіне мониторинг жүргізу, Топтың пайыздық мөлшерлемелерге енгізілген өзгерістерге деген сезімталдығын және олардың Топ рентабельділігіне әсерін бағалау;
- пайыздық тәуекелді басқару бойынша лимиттерді есептеу және пайыздық тәуекелдің деңгейіне жүйелі түрде мониторинг жүргізу.

Валюталық тәуекелдерді басқарудың негізгі әдістері:

- Ұлттық және шетел валюталарын айырбастау бағамдарының елеулі ауытқуларынан болатын залалды мейлінше қысқарту мақсатында ашық валюталық позицияны басқару;
- реттеушінің талаптарына сәйкес келуін қамтамасыз ету мақсатында Банктің ашық валюталық позициясына бақылау жасау;
- лимиттерді ашық валюталық позицияларға, валюталық және пайыздық VaR, арбитраждық позицияларға, stop-loss және stop-out ысырап лимиттеріне есептеу және олардың сақталуына мониторинг жүргізу.

Баға тәуекелдерін басқарудың негізгі әдістері:

- Нарық конъюнктурасындағы жағымсыз өзгерістердің нәтижесінде келтірілуі мүмкін ықтимал залалдарға қайта-қайта бағалау жүргізіп отыру;
- рұқсат етілген залалдардың шамасына барабар шектеулер белгілеу;
- пайда нормасы мен кепілдік қамсыздандыруға қатысты талаптарды белгілеу.



ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛ

Жүйелер жұмысындағы іркілістердің, тұрақсыз ұйымдық құрылымның, қызметкерлер жіберген қателіктердің немесе дұрыс құрылмаған бизнес-процестердің салдарынан, сонымен қатар сыртқы жағдайлардың әсерінің нәтижесінде ысыраптың туындау тәуекелі.

Саясат:

Операциялық тәуекелдерді басқару саясаты

Комитет по управлению риском:

- Қаржыны және тәуекелдерді басқару комитеті;
- Басқарма жанындағы Тәуекелдерді басқару комитеті.

Операциялық тәуекелді басқарудың негізгі әдістері:

- Операциялық тәуекелдерді басқару процесіне Банктің барлық жұмыскерлерін және басшылығын (Басқарма, Қаржыны және тәуекелдерді басқару комитеті және Директорлар кеңесі) тарту;
- операциялық тәуекелдерді анықтау, оларға мониторинг жүргізу және олар бойынша Банк бөлімшелері жүргізетін жүйелі бағалау жұмыстары Банктің күнделікті қызметінің бір бөлігі болып табылады;
- операциялық тәуекелдерді басқару жүйесіндегі кемшіліктер және оларды іске асыру жағдайлары сәйкес деңгейдегі басшылыққа, Банк Басқармасы мен Директорлар кеңесіне уақытылы хабарланады және жедел түрде жойылады;
- әртүрлі деңгейдегі бөлімшелердің басшылары арасында операциялық тәуекелді басқару бойынша өкілеттіктер мен жауапкершілікті бөлу, оларды қажетті ресурстармен қамтамасыз ету, өзара бірлесіп әс-әрекет ету тәртібі мен есептелікті белгілеу;
- операциялық тәуекелді бақылау шараларының құны осы тәуекелден Банк көтеретін ықтимал ысыраптың көлемінен аз болуы тиіс. Бұл ретте, қосымша операциялық тәуекелді қабылдау тікелей қандай да бір қосымша шығыстың туындауына әкеп соқпайды.



КОМПАЛЕНС-ТӘУЕКЕЛ


Банктің және оның жұмыскерлерінің Қазақстан Республикасы заңнамасының, уәкілетті органның нормативтік-құқықтық актілерінің, банктің қызмет көрсету және қаржы нарығында операциялар жүргізу тәртібін реттейтін банктің ішкі құжаттарының, сондай-ақ банктің қызметіне ықпал ететін шет мемлекеттер заңнамасының талаптарын орындамау салдарынан залалдар туындау ықтималдығы.

Саясат:

- Комплаенс-тәуекелдерді басқару саясаты;
- «Өз клиентіңді біл» саясаты;
- Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саясаты;
- Ішкі бақылау саясаты;
- Мүдделер қақтығысын реттеу саясаты.

Комплаенс-тәуекелдерді басқарудың негізгі әдістері:

- Ішкі құжаттарды даайындау арқылы комплаенс-тәуекелді басқару, соның ішінде қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру мәселелері бойынша Банк жұмыскерлеріне арналған ішкі басшылыққа алынатын құжаттарды (нұсқаулықтарды) әзірлеу;
- Банктің және оның жұмыскерлерінің комплаенс-тәуекелді басқару бойынша саясаттар мен процедураларды сақтауына мониторинг жүргізу;
- комплаенс-тәуекел оқиғалары туралы деректерді жинау;
- комплаенс-тәуекелдің болуына байланысты клиенттердің (контрагенттердің) Банктің және оның жұмыскерлерінің іс-әрекеттеріне жасаған шағымдарын (берген өтініштерін) талдау және оларды жою (алдын алу) бойынша шаралар қабылдау;
- Банктің комплаенс-тәуекелге ұшырағыштық дәрежесін сипаттайтын сандық және сапалық көрсеткіштерді әзірлеу және талдау;
- өз бетінше немесе Банктің құрылымдық бөлімшелерімен және (немесе) лауазымды тұлғаларымен бірлесіп, Банк жұмыскерлерінің Банктің қызмет көрсету және қаржы нарығында операциялар жүргізу мәселелерін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасын, сонымен қатар Банктің қызметіне әсерін тигізетін шетел мемлекеттерінің заңнамасын бұзу фактілеріне Банктің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіпке сәйкес тергеулер (тексерулер) жүргізу;



НЕГІЗГІ ЖЕТІСТІКТЕР



- Кредиттік процесс оңтайландырылды және Кредит комитеттері орталықтандырылды;
- Электронды кредит комитеті ендірілді;
- Үқтимал кепілдік сомасын белгілеу үшін клиенттің орташа айлық таза айналымын есептеуді автоматтандыру жолымен тендерлік кепілдіктер шығаруды оңтайландыру жүзеге асырылды.



- Бөлшекті қарыздар беруге арналған Скоринг жүйесі ендірілді;
- Онлайн кредиттеуге арналған БКБ және FICO іс-қимылды скорингтік модельдер іске қосылды;
- Скоринг жүйесінде деректерді есепке алу үшін ақпарат көздерінің ішкі және сыртқы арналары іске қосылды.




- Операциялық тәуекелді ерте назарға алу жүйелері индикаторларының белгіленген деңгейлерін арттыруға уақытылы ден қою процесі автоматтандырылды;
- Қорғаныстың бірінші желісіне кіретін бөлімшелердің жұмыскерлерін операциялық тәуекелдерді басқару процестеріне (self-assessment) тереңірек тартатын операциялық тәуекелдерді басқару жүйесін автоматтандырудың кезекті сатысы ендірілді;
- Ақпараттық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін басқару аясында қалдық тәуекелін есептеп шығару негізінде тәуекелдерді өңдеу бойынша шараларды қолдану тиімділігін бағалау процесі ендірілді;
- Бизнесің негізгі бағыттары, қызметтер, процестер және ақпараттық жүйелер бойынша операциялық тәуекелдерге, сонымен қатар жаңа қызметтер, қызмет бағыттары ендірілген кездегі операциялық тәуекелдерге тұрақты негізде бағалау жүргізіледі.

ТӘУЕКЕЛДЕР БОЙЫНША ЕСЕП


2020 ЖЫЛЫ ТБЖ ЖЕТІЛДІРУ ЖОСПАРЛАРЫ



- Тәуекелдерді басқару жүйесін:
 - ҚР ҰБ Басқармасының 2019 жылғы 12 қарашадағы №188 Қаулысымен бекітілген «Екінші деңгейдегі банктерге арналған тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидаларына» (бұдан кейін – №188 Қағида) сәйкес жетілдіру;
 - банк секторы активтерінің (AQR) сапасын бағалау нәтижелері бойынша жетілдіру;
- №188 Қағидаға сәйкес капиталдың жеткіліктілігін бағалаудың ішкі процесін жетілдіру;
- №188 Қағидаға сәйкес өтімділіктің жеткіліктілігін бағалаудың ішкі процесін жетілдіру;



- Банктің бизнесті дамыту стратегиясына сәйкес жаңа скорингтік модельдерді әзірлеу;
- Қолданыстағы скорингтік модельдерді жақсарту, жаңарту, валидациялау;
- Бөлшекті бизнеске арналған антифрод процестерді жақсарту;
- Онлайн-режимде ауытқымалы өтімдерді анықтауға арналған аналитикалық құралдарды әзірлеу;
- Бөлшекті өнімдер бойынша PD/LGD/EL есебін автоматтандыру;
- Банктің кредит офицерлерінің функционалының сапасын бақылау;
- Шешімдер қабылдаудың жаңа Жүйесіне ауысу;
- Жеке тұлғаларға тұтынушылық кредит беру бойынша кросс-сатылымдар өткізу үшін шешімдер қабылдаудың стратегиясын әзірлеу.



- Операциялық тәуекелдерді, ақпараттық технологиялар мен ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін басқару, Банктің үздіксіз қызметін ұйымдастыру процестері мен әдістемесін жетілдіру;
- Операциялық тәуекелге деген тәбетті есептеу жүйесін, соның ішінде Банк операцияларының ішкі және сыртқы факторлардағы және Банк операцияларының жиілігіндегі өзгерістер призмасы арқылы қызметтің жекелеген түрлері бойынша операциялық тәуекелге деген тәбетті есептеу жүйесін жетілдіру;
- Операциялық тәуекелдерді төмендету мақсатында бақылау функцияларын автоматтандыру бойынша іс-шараларды жалғастыру және Банктің автоматтандырылған жүйелерінің функционалын жетілдіру;
- Банктің туындайтын тәуекел факторларына уақытылы және тиімді ден қоюына бағытталған ішкі және/немесе сыртқы тәуекелдер индикаторларының ерте алдын алу жүйесін толықтыру бойынша іс-шараларды жалғастыру;
- Қорғаныс желілерінің барлық деңгейлерінде операциялық тәуекелді басқару мәдениетін арттыру бойынша іс-шараларды жүргізу.



ФИЛИ АЛДЫҚ ЖЕЛІ

Ақтау қ. филиал

130000, Маңғыстау обл., Ақтау қ.,
12-ықш-н, 12

Ақтөбе қ. филиал

030000, Ақтөбе обл., Ақтөбе қ.,
Ә.Молдағұлова даңғ., 30

Алматы облыстық филиалы

050000, Алматы қ.,
Панфилов көш., 98

Атырау қ. филиал

060002, Атырау обл., Атырау қ.,
Азаттық даңғ., 2

Жезқазған қ. филиал

100600, Қарағанды обл.,
Жезқазған қ., Бейбітшілік даңғ., 26 «а»

Қарағанды қ. филиал

100000, Қарағанды обл.,
Қарағанды қ., Әлиханов көш., 5

Көкшетау қ. филиал

020000, Ақмола обл., Көкшетау қ.,
Абай көш., 142

Қостанай қ. филиал

110000, Қостанай обл., Қостанай қ.,
Тәуелсіздік көш., 39

Қызылорда қ. филиал

120015, Қызылорда обл., Қызылорда қ.,
Тоқмағамбетов көш., 46

Нұр-Сұлтан қ. филиал

010000, Нұр-Сұлтан қ., «Байқоңыр»
ауданы, Бараев көш., 7

Павлодар қ. филиал

140000, Павлодар обл., Павлодар қ.,
Академик Сәтбаев көш., 156/1

Петропавл қ. филиал

150008, Солтүстік Қазақстан обл.,
Петропавл қ., Ы.Алтынсарин көш., 166

Семей қ. филиал

071400, Шығыс Қазақстан обл., Семей қ.,
Абай Құнанбаев көш., 99 В

Талдықорған қ. филиал

040000, Алматы обл., Талдықорған қ.,
Абылай хан көш., 185

Тараз қ. филиал

080000, Жамбыл обл., Тараз қ.,
Қазыбек би көш., 182

Орал қ. филиал

090000, Батыс Қазақстан обл., Орал қ.,
Мұхит көш., 27/2

Өскемен қ. филиал

070004, Шығыс Қазақстан обл., Өскемен қ.,
М. Горький көш., 19

Шымкент қ. филиал

160021, Оңтүстік Қазақстан обл., Шымкент қ.,
Байтұрсынов көш., 20 А

Түркістан облысындағы филиал

160900, Қазақстан, Түркістан обл.,
Сарыағаш ауданы, Сарыағаш қ.,
Исмаилов көш., 47

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

**Банктің Call-орталығы:****Жеке тұлғалар үшін:****505**

Қазақстан бойынша ұялы телефоннан қоңырау шалу тегін

**+7 (727) 244 77 77**

Қазақстан бойынша қалалық телефоннан қоңырау шалу тегін

Заңды тұлғалар үшін:**605**

Қазақстан бойынша ұялы телефоннан қоңырау шалу тегін

**+7 (727) 244 30 44**

Қазақстан бойынша қалалық телефоннан қоңырау шалу тегін

**8 8000 8000 88**

Қазақстан бойынша қалалық телефоннан қоңырау шалу тегін

**www.bcc.kz**

Банктің веб-сайты

ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі 03.02.2020 жылы берген №1.2.25/195/34 Бағалы қағаздар нарығында банктік және өзге операциялар мен қызметті жүзеге асыруға берілген лицензия.



Тәуелсіз
аудиторлардың

АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ

«Банк ЦентрКредит» акционерлік қоғамының акционерлеріне және Директорлар кеңесіне

Пікір

Біз «Банк ЦентрКредит» акционерлік қоғамының және оның еншілес компанияларының (бұдан кейін – «Топ») шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік. Бұл есептіліктің құрамына 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылған есеп, көрсетілген күні аяқталған жылдағы жай-күйі бойынша пайдасы мен шығыны, өзге жиынтық кірісі, меншікті капиталындағы өзгерістер мен ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есептер, сондай-ақ есеп саясатының негізгі қағидалары мен өзге түсіндірме ақпараттан тұратын ескертулер кірді.

Біздің ойымызша, ұсынылған шоғырландырылған қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес барлық маңызды аспектілер тұрғысынан Топтың 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша шоғырландырылған қаржылық жағдайын, сондай-ақ Топтың көрсетілген күні аяқталған жылдағы жай-күйі бойынша шоғырландырылған қаржылық нәтижесі мен шоғырландырылған ақша қаражатының қозғалысын шынайы сипаттайды.

Пікір білдіру негізі

Біз Аудиттің халықаралық стандарттары негізінде аудит жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің жауапкершілігіміз есебіміздің «Шоғырландырылған қаржылық есептілікке аудит жүргізу бойынша аудиторлардың жауапкершілігі» тарауында көрсетілген. Біз Кәсіби бухгалтерлердің этика кодексіне (тәуелсіз халықаралық стандарттарды қоса алғанда) және Қазақстан Республикасында шоғырландырылған қаржылық есептілікке жүргізілетін аудит бойынша қолданылатын этикалық талаптарға сәйкес Топқа қатысты тәуелсіз қызмет етеміз. Сонымен қатар біз осы талаптар мен Кодексте белгіленген өзге этикалық міндеттерді орындадық. Біз өзіміз алған аудиторлық дәлелдер біздің пікірімізді білдіру үшін жеткілікті және тиісті негіз болып табылады деп есептейміз.


«КПМГ Аудит» ЖШС, Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес тіркелген компания, Швейцария заңнамасы бойынша тіркелген KPMG International Cooperative («KPMG International») қауымдастығына кіретін KPMG тәуелсіз фирмалар желісінің мүшесі.



Аудиттің негізгі мәселелері

Аудиттің негізгі мәселелері – біздің кәсіби пікірімізге сәйкес ағымдағы кезеңдегі шоғырландырылған қаржылық есептілікке аудит жүргізу үшін аса маңызды болған мәселелер. Бұл мәселелер шоғырландырылған қаржылық есептілікке біз аудит жүргізген және осы есептілік туралы пікірімізді қалыптастырған кезде тұтастай қаралды. Сондай-ақ біз аталған мәселелер бойынша жеке пікірімізді білдірмейміз.

Клиенттерге берілген несиелер бойынша күтілетін кредиттік залалдар («ККЗ»)	
Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің 3 (о) және 17-ескертулерін қараңыз.	
Аудиттің негізгі мәселесі	Аудиттің негізгі мәселесіне қатысты аудиторлық процедуралар
<p>Клиенттер мен банктерге берілген несиелер активтердің көлемінің 67%-ын құрап, күтілетін кредиттік залалдарға (бұдан кейін – «ККЗ»), сондай-ақ тұрақты негізде бағаланатын және пайдаланылатын жорамалдарға сезімтал резервтерді есептен шығару арқылы сипатталады.</p> <p>Топ басшылықтан кәсіби пайымдауды қолдануды және келесі негізгі аспектілерге қатысты жорамалдарды пайдалануды талап ететін күтілетін кредиттік залалдарды бағалау үлгісін қолданады:</p> <ul style="list-style-type: none"> клиенттерге берілген несиелерге жататын кредиттік тәуекелдің айтарлықтай көтерілуін және дефолт оқиғаларын уақытылы анықтау (ХҚЕС-ға (IFRS) сәйкес 1, 2 және 3-кезеңге жатқызылады); дефолт ықтималдығын (PD), дефолт болған жағдайдағы залал (LGD) көлемін бағалау; кепілдік қамсыздандыруды іске асыру мерзімі бойынша негізгі жорамалдарды қоса алғанда, 3-кезеңге жатқызылған несиелер бойынша күтілетін ақша ағынын бағалау. <p>Клиенттерге берілген және ККЗ бойынша резервтің ауқымын бағалаудың белгісіздігіне байланысты несиелердің елеулі көлеміне орай, бұл мәселе аудиттің негізгі мәселесі болып табылады.</p>	<p>Біз қаржылық тәуекелдерді басқару бойынша мамандарды тарту арқылы 9 ХҚЕС-тің (IFRS) талаптарына сәйкес келуі бойынша ККЗ-ні бағалауға қатысты Топтың әдістемесі мен саясатының негізгі аспектілерін талдадық.</p> <p>ККЗ бойынша резервті есептеген кезде, басшылық жасаған кәсіби пайымдаулар мен жорамалдарды талдау үшін біз келесі процедураларды орындадық:</p> <ul style="list-style-type: none"> корпоративтік клиенттерге берілген несиелер бойынша несиелерді сәйкес кезеңдерге уақытылы жатқызуға қатысты бақылаудың ұйымдастырылуы мен операциялық тиімділігін тестіледік; корпоративтік клиенттерге берілген несиелер бойынша ККЗ бағасының ықтимал өзгерісі шоғырландырылған қаржылық есептілікке елеулі әсер етуі мүмкін осындай несиелерді іріктеу бойынша біз қаржылық және қаржылық емес ақпаратты, сонымен қатар жорамалдарды және Топ қабылдаған кәсіби пайымдауларды талдау арқылы Кезеңдерді анықтауды ретке келтірдік; корпоративтік клиенттерге берілген несиелер бойынша PD-ны қосқанда, пайдаланылатын бастапқы деректерді ретке келтірдік;



- 3-кезеңге жатқызылған корпоративтік клиенттерге берілген несиелер бойынша ККЗ бойынша резервтер жеке негізде бағаланатын осындай несиелерді іріктеу бойынша біздің тарихи тәжірибе туралы түсінігімізге және қарызды өтеу процесін және қолжетімді нарықтық ақпаратты жетілдіруге қатысты реттеушімен келіскен жоспарланатын шараларға сүйене отырып, іске асырылатын кепілдердің құнын бағалауды және оларды іске асыру мерзімін қоса алғанда, болашақ ақша ағынын есептеген кезде, Топ пайдаланатын жорамалдарға сыни баға бердік;
- жеке тұлғаларға берілген несиелерге қатысты сәйкес жүйелерде мерзімі кешіктірілген берешектерді уақытылы көрсету үшін бақылауды ұйымдастыруды және оның операциялық тиімділігін тестіледік;
- Іріктемелі негізде жеке тұлғаларға берілген несиелер бойынша ККЗ-ні бағалау үшін пайдаланылатын үлгінің бастапқы деректері мен бастапқы құжаттарды салыстырдық және осы несиелерді сәйкес Кезеңдерге жатқызудың дұрыстығын тексердік;
- 2019 жылғы 1 қаңтарда жасалған бағалау мен 2019 жылдың нақты нәтижесін салыстыру арқылы ККЗ-ні есептеу үшін Топ пайдаланатын үлгінің жалпы алдын ала болжау қабілетін бағаладық.

Екінші деңгейдегі банктердің қаржылық жағдайының ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі жүргізген Топтың активтерінің сапасын бағалауды (АСБ) тексерудің нәтижесіне ерекше назар аудардық. ККЗ нәтижесін талдап, ККЗ нәтижесі ККЗ бойынша резервтердің ауқымын қайта қарастыруды қажет ететіндігін дәлелдейтінін қарастырдық.

Сонымен қатар шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі түсіндірмелер Топтың кредиттік тәуекелге ұшырағаштығын тиісті түрде көрсететіндігіне бағалау жүргіздік.



Коронавирус инфекциясы пандемиясына байланысты Топтың қызметін үздіксіз жалғастыруға қабілеттілігін бағалау

Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің 2 (г) және 34-ескертулерін қараңыз.

Аудиттің негізгі мәселесі

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалдардың негізінде әзірленген. 2020 жылғы 11 наурызда Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы жаңа коронавирус инфекциясының таралуы пандемия сипатына ие болғандығы туралы хабарлады. Қазақстан Республикасы Үкіметі коронавирус инфекциясының таралуына жол бермеу бойынша бірқатар шаралар қабылдады. Бұл шараларда шекараларды жабу, карантин, ішкі және сыртқы тасымалдауға қатаң шектеулер, әлеуметтік, мәдени, демалыс немесе спорттық іс-шараларды өткізуге тыйым салу қамтылды. Осыған байланысты Топ қызметкерлердің бір бөлігін уақытша үйден жұмыс істеуге ауыстыруға және өзінің операциялық жоспарларын түзетуге мәжбүр болды.

Топ қызметінің үздіксіздігі туралы жорамалды бағалау басшылықтың пікірі бойынша көзжетерлік болашақта қызметін жалғастыру үшін Топтың ресурстары жеткілікті болатындығын растайтын ақша қаражаты қозғалысының болжамы негізінде жүргізілді.

Осы талдаудың аясында басшылық Топтың операциялық қызметінің бұзылуының салдарын жеңілдетуге және өтімділігін қолдауға бағытталған бірқатар шараларды қарастырды. Аталған талдау 2 (г)-ескертуде көрсетілген сценарийлердің қатарын сипаттайды.

Коронавирус инфекциясы пандемиясы дүниежүзілік экономика үшін теңдесі жоқ оқиға болып табылады. Шоғырландырылған қаржылық есептілікті әзірлеу күні оның салдарын бағалау айтарлықтай белгісіздікке тап болып отыр. Топтың қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалды пайдалануы осы жорамалды талдаған кезде қажет басқарушылық пайымдаулардың жоғары дәрежесіне байланысты, сонымен қатар Топтың қызметінің және жоспарланған шараларының ағымдағы жағдайларының

Аудиттің негізгі мәселесіне қатысты аудиторлық процедуралар

Аудит аясында біз келесі процедураларды орындадық:
Топтың бизнес жоспарлау процесін қарастырып, Топтың қызметін үздіксіз жалғастыруға қабілеттілігін бағалауға қатысты, оның ішінде осы бағалауда пайдаланылатын ақша қаражатының қозғалысы туралы болжамдарды әзірлеуге қатысты ішкі бақылаудың негізгі құралады әзірлеуді, енгізуді тесттен өткіздік.

Біз басшылықтың қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалды бағалауын, оның ішінде коронавирус инфекциясының таралуына байланысты операциялық қызмет пен өтімділік тәуекелін бағалауды, сонымен қатар анықталған тәуекелдерді төмендету үшін жоспарланатын болашақтағы іс-әрекеттер бағдарламасын талдадық. Осы процедураның аясында Банктің Басқарма төрағасына сауалнама жүргіздік.

Біз келесі процедураларды орындай отырып, пандемия салдарын жеңілдетуге бағытталған жоспарлардың негізділігін және мақсатына сай болатындығын бағаладық:

Оқиғаның дамуының түрлі сценарийлеріне арналған болжалды қаржылық ақпаратты құрған кезде пайдаланылған негізгі жорамалдарды тестілеу. Бірінші кезекте біз өз тарапымыздан Топ қызметіне қатысты түсінімізге сәйкес, өзгерістердің капиталдың жеткіліктілік коэффициентіне әсерін қоса алғанда, 2020 жылғы 31 наурыздағы жай-күйі бойынша несиелік портфельдің және клиенттердің ақша қаражаты портфелінің өзгерістерін бағаладық;

Жоғарыда көрсетілген негізгі жорамалдағы өзгерістерге Топтың қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалаудың сезімталдығын талдау, сондай-ақ осы бағалауды құрған кезде басшылықтың алдын ала ойластыру

қаржылық көрсеткіштерге әсерін болжауға және бағалауға тән белгісіздікке байланысты аудиттің негізгі мәселесі болыптабылады.

белгілерінің болуын талдау. Сонымен қатар біз басшылықтың Топтың өзінің қызметін үздіксіз жалғастыру мүмкіндігін бағалауы аяқталған күннен кейін белгілі болған қосымша дәлелдер мен ақпаратты назарға алдық. Біз қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалдарды бағалауға қатысты, сонымен қатар Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіндегі осы белгісіздікке байланысты ақпаратты ашып көрсетудің нақтылығы мен толықтығын бағаладық.

Өзге ақпарат

Басшылық өзге ақпарат үшін жауап береді. Шоғырландырылған қаржылық есептілікті және осы есептілік бойынша біздің аудиторлық қорытындымызды қоспағанда, өзге ақпарат Топтың 2019 жылғы жылдық есебіндегі ақпаратты қамтиды. Топтың 2019 жылғы жылдық есебі бізге шамамен алғанда осы аудиторлық қорытынды жасалған күннен кейін беріледі.

Біздің шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікіріміз өзге ақпаратқа қатысты қолданылмайды, сондай-ақ біз осы ақпарат бойынша қандай да бір сенімділік нысанын қамтамасыз ететін қорытындыны ұсынбаймыз.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке аудит жүргізуге байланысты бізге өзге ақпарат ұсынылған кезде, біз онымен танысуға және танысу барысында біз шоғырландырылған қаржылық есептіліктің біздің аудит жүргізу барысында алған білімімізге айтарлықтай сәйкес келмеуіне қатысты, сонымен қатар өзге де ықтимал елеулі бұрмалау жағдайларына қатысты өзге ақпаратты қарастыруға міндеттіміз.

Басшылықтың және корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалардың шоғырландырылған қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі

Басшылық шоғырландырылған қаржылық есептілікті ХҚЕС-ке сәйкес әзірлеу және оның шынайы болуына, сонымен қатар басшылық адал атқарылмаған іс-әрекеттердің немесе қателіктердің салдарынан мәліметтері елеулі түрде бұрмаланбаған шоғырландырылған қаржылық есептілікті әзірлеуге қажет деп есептейтін ішкі бақылау жүйесі үшін жауап береді.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті әзірлеу кезінде басшылық Топты таратуға, оның қызметін тоқтатуға ниет білдірген жағдайларды немесе басшылықтың Топтың қызметін таратуға немесе тоқтатуға қатысты нақты баламасы болмаған жағдайларды қоспағанда, Топтың қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалау үшін, сәйкес жағдайларда қызметтің үздіксіз болуына қатысты мәліметтерді жария ету үшін және қызметтің үздіксіз болуының жорамалы негізінде есептілікті құру үшін жауап береді.

Корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалар Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілікті әзірлеуін қадағалау үшін жауап береді.



Аудиторлардың шоғырландырылған қаржылық есептілікке аудит жүргізу бойынша жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз – шоғырландырылған қаржылық есептілікте адал атқарылмаған іс-әрекеттердің немесе қателіктердің салдарынан елеулі бұрмалаушылықтың болмағанына жеткілікті дәрежеде сенімді болу және біздің пікірімізді білдіретін аудиторлық қорытындыны жасау. Жеткілікті дәрежеде сенімді болу дегеніміз – сенімділіктің ең жоғары дәрежесі, бірақ ол Аудиттің халықаралық стандарттарына сәйкес жүргізілген аудиттің елеулі бұрмалаушылықты үнемі анықтайтынына кепілдік бермейді. Бұрмалаушылық адал атқарылмаған іс-әрекеттердің немесе қателіктердің салдарынан болуы мүмкін, сондай-ақ егер жеке немесе бірге алғанда олар шоғырландырылған қаржылық есептіліктің негізінде қабылданған, пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп болжанған болса, елеулі бұрмалаушылық деп саналады.

Аудиттің халықаралық стандарттарына сәйкес жүргізілген аудиттің аясында біз кәсіби пікірімізді қолданамыз және аудит жүргізу барысында кәсіби скептицизмді сақтаймыз. Сонымен қатар біз:

- адал атқарылмаған іс-әрекеттердің немесе қателіктердің салдарынан шоғырландырылған қаржылық есептілікті елеулі бұрмалау тәуекелін анықтаймыз және бағалаймыз; осындай тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық процедуралар әзірлейміз және жүргіземіз; біздің пікірімізді білдіру үшін жеткілікті және тиісті негіз болып табылатын аудиторлық дәлелдер аламыз. Қателіктердің салдарынан елеулі бұрмалануды анықтамау тәуекеліне қарағанда, адал атқарылмаған іс-әрекеттердің салдарынан елеулі бұрмалануды анықтамау тәуекелі жоғары, өйткені адал атқарылмаған іс-әрекеттер алдын ала келісіп алуды, жалған ақпаратты, мәліметті әдейі көрсетпеуді, ақпаратты бұрмалауды немесе ішкі бақылаудың қолданыстағы жүйесінен тыс іс-әрекеттерді қамтиды;
- мән-жайларға сәйкес келетін аудиторлық процедураларды әзірлеу мақсатында аудит үшін маңызды ішкі бақылау жүйесі түсінігін аламыз, бірақ бұл топтың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатын көздемейді;
- басшылық әзірлеген қолданылатын есеп саясатының тиісті сипаттамасын және бухгалтерлік бағалаудың негізділігін, сонымен қатар ақпаратты тиісті дәрежеде жариялауды бағалаймыз;
- басшылықтың қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалдарды пайдалануының заңдылығы жөнінде тұжырым жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдердің негізінде біз топтың қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетіне қатысты елеулі күдік туғызуы мүмкін жағдайлар мен талаптарға байланысты елеулі белгісіздіктің болуы жөнінде тұжырым жасаймыз. Елеулі белгісіздіктің болуы туралы тұжырымға келсек, біз өзіміздің аудиторлық қорытындымызда шоғырландырылған қаржылық есептілікте ақпараттың тиісінше ашып көрсетілуіне назар аудартуымыз қажет немесе ақпарат тиісінше ашып көрсетілмеген жағдайда, пікірімізді модификациялауымыз қажет. Біздің тұжырымдарымыз аудиторлық қорытынды жасалған күнге дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделеді. Алайда болашақтағы жағдайлар немесе талаптар топтың қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін жоғалтуына әкеп соғуы мүмкін;
- шоғырландырылған қаржылық есептіліктің жалпы ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын оған қоса ақпараттың жариялануын, сондай-ақ оның негізіндегі операциялар мен оқиғалардың шынайы ұсынылуын қамтамасыз етуді бағалаймыз;

Аудиторлардың шоғырландырылған қаржылық есептілікке аудит жүргізу бойынша жауапкершілігі

- Топ ішіндегі ұйымдардың шоғырландырылған қаржылық ақпаратына және олардың қызметіне қатысты, шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікір білдіру үшін жеткілікті және тиісті негіз болып табылатын аудиторлық дәлелдерді аламыз. Біз Топқа аудит жүргізу, оған басшылық ету және оны бақылау үшін жауап береміз. Біз өзіміздің аудиторлық пікіріміз үшін толық жауап береміз.

Біз корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғаларға аудит жүргізудің жоспарланған көлемі мен мерзімі туралы, сондай-ақ аудит нәтижесіндегі елеулі ескертулер туралы, оған қоса аудит жүргізу барысында анықталған ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері туралы мәлімдейміз.

Сонымен қатар біз корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғаларға олардың тәуелсіз болуына қатысты қолданылатын барлық этикалық талаптарды сақтағанымыз және оларға аудиторлардың тәуелсіздігіне әсер етеді деп жеткілікті дәрежеде есептеуге болатын барлық мәселелер туралы, ал қажет болған жағдайда сәйкес сақтық шаралары туралы хабарлағанымыз туралы өтініш береміз.

Корпоративтік басқару үшін жауап беретін тұлғаларға мәлімдеген мәселелер қатарынан біз ағымдағы кезең бойынша шоғырландырылған қаржылық есептілікке аудит жүргізу үшін едәуір маңызды мәселелер ретінде аудиттің негізгі мәселелерін айқындаймыз. Осы мәселелер туралы ақпаратты көпшілікке жария етуге заң немесе нормативтік акті арқылы тыйым салынған жағдайларды немесе осындай ақпаратты хабарлаудың кері салдары оны хабарлаудың қоғамдық маңызды пайдасынан асатыны жөнінде негізді болжам жасауға болатындықтан, біз қандай да бір мәселе туралы ақпарат біздің есебімізде хабарланбауы тиіс екендігі туралы шешімге келетін өте сирек жағдайларды есепке алмағанда, аталған мәселелерді біздің аудиторлық есебімізде сипаттаймыз.

Тапсырма нәтижесі бойынша осы тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық есебі шығарылған тапсырма жетекшісі:



Урдаева А. А.
Қазақстан Республикасының
сертификатталған аудиторы,
2012 жылғы 27 тамызда берілген
№ МФ-0000096 Аудитордың
біліктілік туралы куәлігі



Деметьев С. А.
«КПМС Аудит» ЖШС атынан Жарғы
негізінде іс-әрекет ететін Бас директор

2019 жылғы 31 желтоқсанда
аяқталған жыл бойынша

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕПТІЛІК

2019 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ БОЙЫНША ПАЙДА МЕН ЗАЛАЛ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

(теңгемен көрсетілген акция бойынша алынған пайданы қоспағанда,
қазақстандық миллион теңгемен)



	Ес- кертпе	2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдану арқылы есептелген пайыздық кіріс		119,509	110,110
Өзге пайыздық кіріс		1,472	1,593
Пайыздық шығыс		(62,004)	(65,855)
Пайыздық активтер бойынша күтілетін кредиттік залалға резерв құрғанға дейінгі таза пайыздық кіріс	5	58,977	45,848
Пайыздық активтер бойынша күтілетін кредиттік залалға резерв құру	6	(41,657)	(30,814)
Таза пайыздық кіріс		17,320	15,034
Қызмет көрсетуден алынған кіріс және алынған комиссия	7	26,482	24,554
Қызмет көрсетуге кеткен шығыс және төленген комиссия	7	(7,720)	(4,387)
Таза комиссиялық кіріс		18,762	20,167
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржы құралдары бойынша таза пайда / (залал)	8	1,150	4,067
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық активтерді сатудан және өтеуден түсетін таза пайда		1,031	629
Шетел валютасымен жүргізілген операциялар бойынша таза пайда	9	5,237	2,890
Өзге қаржылық активтер бойынша күтілетін кредиттік залалға құрылған резерв		(1,265)	(1,339)
Кредиттік сипаттағы міндеттемелер бойынша резерв		(5)	(23)
Өзге қаржылық емес активтер бойынша құнсызданудан болған залал	19	(880)	-
Өзге (шығыс)/кіріс		(231)	1,368
Таза пайыздық емес кіріс		23,799	27,759

80-147 беттерде ұсынылған түсіндірме ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

2019 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ БОЙЫНША ПАЙДА МЕН ЗАЛАЛ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП


(теңгемен көрсетілген акция бойынша алынған пайданы қоспағанда, қазақстандық миллион теңгемен)


	Ес-кертпе	2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Операциялық кіріс		41,119	42,793
Операциялық шығыс	10	(38,746)	(31,232)
Салық салғанға дейінгі операциялық пайда		2,373	11,561
Табыс салығы бойынша шығыс	11	(389)	(2,392)
Бір жыл ішіндегі пайда		1,984	9,169

Бас банктің акционерлеріне қатысты		1,984	9,116
Бақыламайтын иелену үлестеріне қатысты		-	53
		1,984	9,169
Бір акцияға шаққандағы пайда			
Негізгі (теңгемен)	12	12.29	56.55
Туынды (теңгемен)		12.28	54.07

80-147-беттерде ұсынылған осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті Банк Басқармасы 2020 жылғы 30 сәуірде бекітті және оның атынан қол қойғандар:


 Хұсайнов Ғ.Ә.
 Басқарма төрағасы
 2020 жылғы 30 сәуір
 Қазақстан, Алматы қ.


 Асылбек Е. А.
 Басқарма төрағасының орынбасары,
 Басқарма мүшесі
 2020 жылғы 30 сәуір
 Қазақстан, Алматы қ.


 Нурғалиева А. Т.
 Бас бухгалтер
 2020 жылғы 30 сәуір
 Қазақстан, Алматы қ.

80-147-беттерде ұсынылған түсіндірме ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

2019 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІНДЕГІ ЖИЫНТЫҚ КІРІСІ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

(теңгемен көрсетілген акция бойынша алынған пайданы қоспағанда, қазақстандық миллион теңгемен)



	2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
БІР ЖЫЛ ІШІНДЕГІ ПАЙДА	1,984	9,169


ӨЗГЕ ЖИЫНТЫҚ КІРІС


Пайданың немесе залалдың құрамына қайта жіктелген немесе кейін қайта жіктелуі мүмкін баптар:


Кезең ішінде инвестициялық бағалы қағаздарды қайта бағалаудан түскен таза (залал) / пайда (нөл теңге салықты алып тастағанда)	5,096	(1,462)
Кезең ішінде іске асырылған инвестициялық бағалы қағаздар бойынша қайта жіктеу (нөл теңге салықты алып тастағанда)	(1,031)	(629)
Пайданың немесе залалдың құрамына қайта жіктелген немесе кейін қайта жіктелуі мүмкін барлық баптар	4,065	(2,091)
ТАБЫС САЛЫҒЫН ШЕГЕРГЕНДЕ ӨЗГЕ ЖИЫНТЫҚ КІРІС	4,065	(2,091)
БІР ЖЫЛ ІШІНДЕГІ ЖАЛПЫ ЖИЫНТЫҚ КІРІС	6,049	7,078

Бас банктің акционерлеріне қатысты	6,049	7,025
Бақыламайтын иелену үлестеріне қатысты	-	53
БІР ЖЫЛ ІШІНДЕГІ ЖАЛПЫ ЖИЫНТЫҚ КІРІС	6,049	7,078

80-147-беттерде ұсынылған осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті Банк Басқармасы 2020 жылғы 30 сәуірде бекітті және оның атынан қол қойғандар:


 Хұсайнов Ғ.Ә.
 Басқарма төрағасы
 2020 жылғы 30 сәуір
 Қазақстан, Алматы қ.


 Асылбек Е. А.
 Басқарма төрағасының орынбасары,
 Басқарма мүшесі
 2020 жылғы 30 сәуір
 Қазақстан, Алматы қ.


 Нурғалиева А. Т.
 Бас бухгалтер
 2020 жылғы 30 сәуір
 Қазақстан, Алматы қ.

80-147-беттерде ұсынылған түсіндірме ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.




	Ес-кертпе	2019 жылғы 31 желтоқсан	2018 жылғы 31 желтоқсан
АКТИВТЕР:			
Ақша қаражаты және оның баламалары	13	158,868	175,413
Әділ құны бойынша бағаланатын, өзгерістері кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында көрсетілетін қаржы құралдары			
Топтың меншігіндегі	14	12,241	40,088
«РЕПО» мәмілесі бойынша кепілмен жүктелген	14	7,148	2,588
Инвестициялық бағалы қағаздар	15	164,897	177,790
Банктердегі қаражат	16	9,102	31,292
Клиенттерге және банктерге берілген несие	17		
Корпоративтік клиенттерге берілген несие		554,705	575,531
Жеке клиенттерге берілген несие		427,685	393,153
Ағымдағы табыс салығы бойынша активтер		2,713	1,211
Негізгі құралдар және материалдық емес активтер	18	41,056	38,583
Өзге активтер	19	82,024	82,111
Барлық актив		1,460,439	1,517,760
МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ МЕНШІКТІ КАПИТАЛ			
МІНДЕТТЕМЕЛЕР:			
Әділ құны бойынша бағаланатын, өзгерістері кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында көрсетілетін қаржы құралдары	14	-	12,668
Банктердің және қаржы ұйымдарының қаражаты мен несиелері	20	113,656	125,650
Клиенттердің және банктердің қаражаты	21		
Корпоративтік клиенттердің қаражаты		414,482	490,723
Жеке клиенттердің қаражаты		544,463	583,807
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	22	81,883	70,147
Кейінге жылжытылған табыс салығы бойынша міндеттемелер	11	9,677	9,099
Реттелген облигациялар	23	61,342	71,915
Басқа міндеттемелер	24	121,847	46,653
Барлық міндеттеме		1,347,350	1,410,662


	Ес-кертпе	2019 жылғы 31 желтоқсан	2018 жылғы 31 желтоқсан
МЕНШІКТІ КАПИТАЛ:			
Бас банктің акционерлеріне қатысты меншікті капитал:			
Жарғылық капитал	25	57,865	57,600
Бағалы қағаздардың әділ құнының өзгеру резерві		559	(3,506)
Негізгі құралдарды қайта бағалау бойынша резерв		4,225	4,347
Бөлінбеген пайда		50,440	48,280
Бас банктің акционерлеріне қатысты барлық меншікті капитал		113,089	106,721
Бақыламайтын иелену үлестері		-	377
Барлық меншікті капитал		113,089	107,098
Барлық міндеттеме мен меншікті капитал		1,460,439	1,517,760

Бір жай акцияның баланстық құны (теңге)	12	672	626
Бір артықшылықты акцияның баланстық құны (теңге)	12	297	300

80-147-беттерде ұсынылған осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті Банк Басқармасы 2020 жылғы 30 сәуірде бекітті және оның атынан қол қойғандар:


 Хұсайнов Г.Ф.
 Басқарма төрағасы
 2020 жылғы 30 сәуір
 Қазақстан, Алматы қ.


 Асылбек Е. А.
 Басқарма төрағасының орынбасары,
 Басқарма мүшесі
 2020 жылғы 30 сәуір
 Қазақстан, Алматы қ.


 Нурғалиева А. Т.
 Бас бухгалтер
 2020 жылғы 30 сәуір
 Қазақстан, Алматы қ.

80-147-беттерде ұсынылған түсіндірме ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.



	Жарғылық капитал	Әділ құнының өзгерістеріне бөлінген резерв	Негізгі құралдарды қайта бағалау
2018 жылғы 1 қаңтардағы жай-күйі бойынша қалдық	69,569	(1,415)	4,444
Барлық жиынтық кіріс			
Бір жыл ішіндегі пайда	-	-	-
Өзге жиынтық кіріс			
Пайданың немесе залалдың құрамына қайта жіктелген немесе кейін қайта жіктелуі мүмкін баптар:			
Әділ құнның таза өзгеруі	-	(2,091)	-
Пайданың немесе залалдың құрамына қайта жіктелген немесе кейін қайта жіктелуі мүмкін барлық баптар	-	(2,091)	-
Барлық өзге жиынтық кіріс	-	(2,091)	-
Бір жыл ішіндегі жалпы жиынтық кіріс	-	(2,091)	-
Меншікті капиталдағы өзге өзгерістер			
Амортизация және меншіктен шығып қалу нәтижесінде қайта бағалаудан пайда болған соманы көшіру	-	-	(97)
Меншікті капиталдағы барлық өзге өзгерістер	-	-	(97)
Меншік иелерімен жүргізілген, тікелей меншікті капиталдың құрамында көрсетілген операциялар			
Меншікті акцияларды сатып алу (25-ескертпе)	(11,969)	-	-
Меншік иелерімен жүргізілген барлық операциялар	(11,969)	-	-
Бақыламайтын иелену үлестеріндегі өзгерістер	-	-	-
2018 жылғы 31 желтоқсан	57,600	(3,506)	4,347

Бөлінбеген пайда	Бас банктің акционерлеріне қатысты барлық меншікті капитал	Бақыламайтын иелену үлестері	Барлық меншікті капитал
39,067	111,665	396	112,061
9,116	9,116	53	9,169
-	(2,091)	-	(2,091)
-	(2,091)	-	(2,091)
-	(2,091)	-	(2,091)
9,116	7,025	53	7,078
97	-	-	-
97	-	-	-
-	(11,969)	-	(11,969)
-	(11,969)	-	(11,969)
-	-	(72)	(72)
48,280	106,721	377	107,098

80-147 -беттерде ұсынылған түсіндірме ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.




	Жарғылық капитал	Әділ құнының өзгерістеріне бөлінген резерв	Негізгі құралдарды қайта бағалау
2019 жылғы 1 қаңтардағы қалдық	57,600	(3,506)	4,347
Жалпы жиынтық кіріс			
Бір жыл ішіндегі пайда	-	-	-
Өзге жиынтық кіріс			
Пайданың немесе залалдың құрамына қайта жіктелген немесе кейін қайта жіктелуі мүмкін баптар:			
Әділ құнның таза өзгеруі	-	4,065	-
Пайданың немесе залалдың құрамына қайта жіктелген немесе кейін қайта жіктелуі мүмкін барлық баптар	-	4,065	-
Барлық өзге жиынтық кіріс	-	4,065	-
Бір жыл ішіндегі жалпы жиынтық кіріс	-	4,065	-
Меншікті капиталдағы өзге өзгерістер			
Амортизация және меншіктен шығып қалу нәтижесінде қайта бағалаудан пайда болған соманы көшіру	-	-	(122)
Меншікті капиталдағы барлық өзге өзгерістер	-	-	(122)
Меншік иелерімен жүргізілген, тікелей меншікті капиталдың құрамында көрсетілген операциялар			
Меншікті акцияларды шығару (25-ескертпе)	954	-	-
Меншікті акцияларды сатып алу (25-ескертпе)	(689)	-	-
Меншік иелерімен жүргізілген барлық операциялар	265	-	-
Бақыламайтын иелену үлестеріндегі өзгерістер	-	-	-
2019 жылғы 31 желтоқсан	57,865	559	4,225


Бөлінбеген пайда	Бас банктің акционерлеріне қатысты барлық меншікті капитал	Бақыламайтын иелену үлестері	Барлық меншікті капитал
48,280	106,721	377	107,098
1,984	1,984	-	1,984
-	4,065	-	4,065
-	4,065	-	4,065
-	4,065	-	4,065
1,984	6,049	-	6,049
122	-	-	-
122	-	-	-
-	954	-	954
-	(689)	-	(689)
-	265	-	265
54	54	(377)	(323)
50,440	113,089	-	113,089

80-147-беттерде ұсынылған осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті Банк Басқармасы 2020 жылғы 30 сәуірде бекітті және оның атынан қол қойғандар:

80-147-беттерде ұсынылған түсіндірме ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.


Хұсайнов Ғ.Ө.
Басқарма төрағасы
2020 жылғы 30 сәуір
Қазақстан, Алматы қ.


Асылбек Е. А.
Басқарма төрағасының орынбасары,
Басқарма мүшесі
2020 жылғы 30 сәуір
Қазақстан, Алматы қ.


Нурғалиева А. Т.
Бас бухгалтер
2020 жылғы 30 сәуір
Қазақстан, Алматы қ.


**ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕ БАЙЛАНЫСТЫ АҚША
ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ:**

	2019 жылғы 31 жел- тоқсанда аяқталған жыл	2018 жылғы 31 жел- тоқсанда аяқталған жыл
Алынған пайыздар	116,254	102,047
Төленген пайыздар	(62,525)	(62,448)
Қызметтер бойынша алынған кіріс және алынған комиссиялар	26,482	24,554
Қызметтер бойынша төленген шығыс және төленген комиссиялар	(7,892)	(4,886)
Туынды құралдармен жүргізілген операциялар бойынша таза төлемдер	929	(413)
Шетел валютасымен жүргізілген операциялар бойынша таза пайда	5,545	5,967
Өзге кіріс бойынша (төлемдер)/ түсімдер	(231)	(277)
Төленген операциялық шығыс	(35,509)	(29,140)
Операциялық активтердегі және міндеттемелердегі өзгерістерге дейін операциялық қызметке байланысты ақша қаражатының түсімі	43,053	35,404
Операциялық активтердің өзгеруі:		
Өзгерістері пайданың немесе залалдың құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары	23,504	(4,631)
Банктердегі қаражат	2,967	(18,199)
Клиенттерге және банктерге берілген несиелер	34,124	(117,046)
Өзге активтер	836	(1,956)
Операциялық міндеттемелердің өзгеруі:		
Өзгерістері кезең ішіндегі пайданың немесе залалдың құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары	(12,668)	-
Банктердің және қаржы ұйымдарының қаражаты мен несиелері	(11,364)	21,719
Клиенттердің және банктердің қаражаты	(112,556)	29,744
Өзге міндеттемелер	2,946	963
Салық салғанға дейін операциялық қызметке байланысты ақша қаражатының пайдаланылуы	(29,158)	(54,002)
Төленген табыс салығы	(1,314)	(461)
Операциялық қызметте ақша қаражаты ағымының таза пайдаланылуы	(30,472)	(54,463)

**ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕ БАЙЛАНЫСТЫ АҚША
ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ:**

	2019 жылғы 31 жел- тоқсанда аяқталған жыл	2018 жылғы 31 жел- тоқсанда аяқталған жыл
Инвестициялық бағалы қағаздарды өтеуден және сатудан түскен түсім	646,711	535,422
Инвестициялық бағалы қағаздарды сатып алу	(628,774)	(553,383)
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу	(7,287)	(6,074)
Негізгі құралдарды сатудан түскен түсім	1,948	-
Инвестициялық қызметте ақша қаражаты ағымының таза түсімі / (пайдаланылуы)	12,598	(24,035)

80-147-беттерде ұсынылған түсіндірме ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады

**ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕ БАЙЛАНЫСТЫ АҚША
ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ:**

	2019 жылғы 31 жел- тоқсанда аяқталған жыл	2018 жылғы 31 жел- тоқсанда аяқталған жыл
Меншікті акцияларды шығарудан түскен түсім/ (сатып алу), нетто	265	(11,969)
Шығарылған борыштық бағалы қағаздардан түскен түсім	34,701	54,230
Шығарылған борыштық бағалы қағаздарды сатып алу және өтеу	(21,701)	-
Реттелген облигациялардан түскен түсім	400	5,507
Реттелген облигацияларды өтеу	(11,879)	(6,000)
Қаржылық қызметтен ақша қаражаты ағымының таза түсуі	1,786	41,768
Шетелдік валюта бағамы өзгерісінің ақша қаражатына және олардың баламасына ықпалы	(457)	24,087
АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫНЫҢ ТАЗА АЗАЮЫ	(16,545)	(12,643)
АҚША ҚАРАЖАТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ, жыл басында	175,413	188,056
АҚША ҚАРАЖАТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ, жыл соңында (13-ескертпе)	158,868	175,413

80-147-беттерде ұсынылған осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті Банк Басқармасы 2020 жылғы 30 сәуірде бекітті және оның атынан қол қойғандар:

Хұсайнов Ғ.Ө.
Басқарма төрағасы
2020 жылғы 30 сәуір
Қазақстан, Алматы қ.

Асылбек Е. А.
Басқарма төрағасының орынбасары,
Басқарма мүшесі
2020 жылғы 30 сәуір
Қазақстан, Алматы қ.

Нурғалиева А. Т.
Бас бухгалтер
2020 жылғы 30 сәуір
Қазақстан, Алматы қ.

80-147-беттерде ұсынылған түсіндірме ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

КІРІСПЕ

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ҚҰРУ ПРИНЦИПТЕРІ



1. КІРІСПЕ

(а) Негізгі қызмет

«Банк ЦентрКредит» АҚ (бұдан кейін – «Банк») Қазақстан Республикасында құрылған және өз қызметін 1988 жылдан бастап жүзеге асыратын акционерлік қоғам болып табылады. Банктің қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі. Банкке қатысты уәкілетті мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан кейін – «ҚРҰБ») болып табылады. Банк өз қызметін 2015 жылы 28 қаңтарда жаңартылып берілген №1.2.25/195/34 лицензияға сәйкес жүргізеді.

Банктің негізгі міндеті – коммерциялық банктік қызметті жүргізу, бағалы қағаздармен, шетел валютасымен және туынды құралдармен операциялар жүргізу, несие және кепілдіктер беру.


Банк Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қорының мүшесі болып табылады. Банктің офисі Қазақстан Республикасы, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 38 мекенжайы бойынша тіркелген.

2019 жылғы 31 желтоқсандағы және 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша Банктің Қазақстан Республикасында орналасқан 19 филиалы болды.

Банк осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің мақсаты үшін шоғырландырылған және төменде көрсетілген еншілес компанияларды қамтитын банктік топтың (бұдан кейін – «Топ») бас компаниясы болып табылады:

Атауы	Қызметі жүргізілетін ел	Иелену үлесі		Қызмет түрі
		2019 жылғы 31 желтоқсан	2018 жылғы 31 желтоқсан	
«BCC-OYCA» ЖШС	Қазақстан Республикасы	100%	100%	Стрестік активтерді басқару
«BCC Invest» АҚ	Қазақстан Республикасы	100%	97.63%	Брокерлік-дилерлік қызмет
«Центр Лизинг» ЖШС	Қазақстан Республикасы	90.75%	90.75%	Қаржылық лизинг

2019 жылғы 31 желтоқсандағы және 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша жай акциялардың саны келесі үлгіде бөлінген:



2019 жыл ішінде Банктің қосымша шоғырландыруы аясында 954,333,300 теңге сомасына 3,181,111 жарияланған жай акция орналастырылды. Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Басқармасы 2020 жылғы 30 сәуірде бекітті.

(б) Қазақстан Республикасында шаруашылық қызметті жүзеге асыру талаптары

Топтың қызметі негізінен Қазақстанда жүзеге асырылады. Сәйкесінше, Топтың бизнесіне Қазақстан экономикасы мен дамып келе жатқан нарықтың ерекшеліктері тән қаржы нарықтары ықпал етеді. Құқықтық, салықтық және әкімшілік жүйелер даму үстінде, алайда жиі өзгеріп отыратын талаптарды бір мағынада түсіндірмеу т уекелімен байланысты, ол Қазақстанда бизнесін жүргізетін кәсіпорындар үшін басқа заңды және фискалды кедергілермен қатар қосымша проблемалар тудырады. Сонымен қатар 2020 жылдың алғашқы айларында COVID-19 вирусының шығуына байланысты орын алған әлемдік нарық айтарлықтай тұрақсызданған (34-ескертпе). Өзге де факторлармен бірге бұл мұнайдың бағасының және қор индекстерінің күрт төмендеуіне әкеп соқты, сондай-ақ қазақстандық теңгенің күнсыздануын тездетті. Бұл оқиғалар Қазақстанда шаруашылық қызметті іске асыру талаптарының айқын емес болуының деңгейін арттыра түсті.

Ұсынылған жеке қаржылық есептілік қаржылық-шаруашылық қызметті жүзеге асыру талаптарының Топтың қызметі мен қаржылық жағдайының нәтижесіне ықпал етуіне басшылық жүргізген бағалауды көрсетеді. Болашақтағы қаржылық-шаруашылық жүргізу талаптарының дамуы басшылық берген бағалаудан.

2. ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ҚҰРУ ПРИНЦИПТЕРІ

(а) ХҚЕС-ке сәйкестігі туралы мәлімдеме

Ұсынылған шоғырландырылған қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан кейін – «ХҚЕС») сәйкес әзірленген.

(б) Құнды анықтауға арналған база

Шоғырландырылған қаржылық есептілік өзгерістері пайда немесе залал құрамында көрсетілетін діл құны бойынша және діл құны бойынша көрсетілген, өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдарын, сонымен қатар артуы негізгі құралдарды қайта бағалаудан болған резерв құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын ғимараттар мен құрылыстарды қоспағанда, нақты шығын бойынша есепке алу принципіне сәйкес әзірленген.

(в) Функционалдық валюта және есептілікті ұсыну валютасы

Банктің және оның еншілес ұйымдарының функционалдық валютасы – қазақстандық теңге. Теңге – Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы. Ол Топ жүргізетін операциялардың және оған байланысты, оның қызметіне әсер ететін жағдайлардың экономикалық мәнін ашып көрсетеді.

Сонымен қатар қазақстандық теңге осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің деректерін көрсету валютасы болып табылады.

Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің барлық деректері бүтін миллион теңгеге дейінгі дәлдікпен дөңгелектенген.



(г) Топ қызметінің үздіксіздігін бағалау

Ұсынылатын шоғырландырылған қаржылық есептілік Топ қызметінің үздіксіздігі туралы жол беру негізінде жасалған.

2020 жылғы наурыз айында «COVID-19» коронавирустық инфекциясы пандемия деп жарияланды. Осы вирустың таралуын шектеу және азайту ды қөамтамасыз ету мақсатында әлемдегі көптеген елдер көші-қонды шектеу, кейбір жағдайларда шекараны жабу және карантин жариялау бойынша шара қолданды.

COVID-19 вирусының жаһандық пандемиясына қарсы Қазақстан Республикасының Үкіметі 2020 жылғы 15 наурызда төтенше жағдай жариялап, кейін оны 2020 жылғы 30 сәуірге дейін ұзартты. Вирустың таралуын шектеу мақсатында Қазақстанда адамдардың жүріп-тұруына қатысты бірқатар шектеулер белгіленді, бұл еліміздегі көптеген кәсіпорындардың қалыпты экономикалық қызметінің төмендеуіне әкеп соқты. Дүние жүзінің өзге елдерінің үкіметтері вирустың ықпалын шектеу мақсатында ұқсас шаралар қолданды, бұл жаһандық экономикалық белсенділіктің айтарлықтай бәсеңдеуіне әкеп соқты.

Төтенше жағдай режимі мен карантин, ең алдымен, ең ірі қалаларда – Алматы және Нұр-Сұлтан қалаларында жарияланды, кейін бұл жағдай Қазақстанның барлық аймақтарында жарияланды. Өкіметіміздің атқарушы органдары тарапынан білім беру мекемелерінің, сауда орталықтарының, қоғамдық тамақтану орындарының, кинотеатрлардың, спорт объектілерінің, сондай-ақ өндірістік кәсіпорындардың, құрылыс аймақтарының және қаржы нарығы субъектілерінің және т.б. жұмысын уақытша тоқтату арқылы адамдардың жүріп-тұруын және байланысын шектеу шараларын енгізді. Бұл оқиғалардың еліміздің экономикасына тұтастай ықпал ететіні сөзсіз, соның нәтижесінде ортамерзімді перспективада оның өсуін бәсеңдетуге әкеп соғуы мүмкін.

Ағымдағы экономикалық жағдайда, Қазақстан Республикасының Үкіметі еліміздегі бизнестің іскерлік белсенділігін ынталандыру және тұтынуды арттыру мақсатында бірқатар қолдау шараларын қолданды:

- «Қарапайым заттар экономикасы» қаржыландыру бағдарламасының, сондай-ақ карантин енгізілуінен зардап шеккен әртүрлі бизнес түрлерін қолдау бойынша жаңа мемлекеттік бағдарламаның аясында экономиканы 8% сыйақы мөлшерлемесімен жеңілдікпен кредиттеу үшін 1 трлн теңге бөлінді;
- шағын және орта бизнес субъектілері үшін салық бойынша босаңсыту енгізілді және тексерулер шектелді;
- жұмысынан айырылған, сондай-ақ өзін-өзі қамтамасыз ететін жеке тұлғалар үшін, сондай-ақ халықтың әлеуметтік осал топтары үшін 42500 теңге мөлшерінде әлеуметтік төлемдер белгіленді;
- жеке тұлғалардың, сондай-ақ COVID-19 пандемиясының нәтижесінде қызметі зардап шеккен экономика субъектілерінің төлемдері бойынша мерзімін кейінге жылжыту шаралары көзделген.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 19 наурыздағы № 39 қаулысы бойынша коронавирус инфекциясы пандемиясының таралуына байланысты төтенше жағдайлардың енгізілуі нәтижесінде зардап шеккен шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне және жеке кәсіпкерлерге қолдау көрсету шараларын көздейтін Жеңілдікпен кредит беру бағдарламасы бекітілді. Оператор арқылы кредит беру мақсатында «ҚОҚ» АҚ, ҚР ҰБ 600,000 миллион теңге сомасында қаражат бөлді, оның ішінде Топқа белгіленген лимит 71,000 миллион теңгені құрайды. Бизнесті қолдау механизмі банктердің айналымдағы қаражатты толықтыруға 12 айға дейін жеңілдікті кредиттер беруі арқылы іске асырылады.

Экономикада және Топта орын алған ағымдағы жағдайды, сондай-ақ COVID-19 таралуының болжанған жағымсыз салдарын ескере отырып, Топ келесі сценарийлер бойынша қаржылық жағдайға талдау жасады:

- №1 сценарий: BRENT маркалы мұнайдың орташа жылдық бағасы 2020 жылдың соңына дейін бір баррель үшін 30 АҚШ долларына дейін төмендейді, ұлттық валютаның АҚШ долларына қатысты бағамы 1 АҚШ доллары үшін 450 теңгені құрайды, 2020 жылдың соңына қарай ЖІӨ өсімі 0,4%, инфляция 8,3% құрайды;

- №2 сценарий: BRENT маркалы мұнайдың орташа жылдық бағасы 2020 жылдың соңына дейін бір баррель үшін 20 АҚШ долларына дейін төмендейді, ұлттық валютаның АҚШ долларына қатысты бағамы 1 АҚШ доллары үшін 475 теңгені құрайды, 2020 жылдың соңына қарай ЖІӨ өсімі -0,6%, инфляция 10,4% құрайды;
- №3 сценарий: BRENT маркалы мұнайдың орташа жылдық бағасы 2020 жылдың соңына дейін бір баррель үшін 10 АҚШ долларына дейін төмендейді, ұлттық валютаның АҚШ долларына қатысты бағамы 1 АҚШ доллары үшін 500 теңгені құрайды, 2020 жылдың соңына қарай ЖІӨ өсімі -2,3%, инфляция 13,2% құрайды.

Жоғарыда көрсетілген сценарийлер бойынша жүргізілген есептердің негізінде Топ басшылығы осы тұжырымды пайымдау кезінде талдау жасалған оқиғалардың дамуы жағымсыз болған кезде, туындауы мүмкін нәтиженің диапазоны Топтың өз қызметін үздіксіз жүргізу қабілетіне айтарлықтай күмән туғызуы мүмкін маңызды тұрлаусыздық бар деп болжамайды.

Активтердің сапасын бағалау (АСБ)

2019 жылы ҚР ҰБ Қазақстан Республикасының банк секторының активтерінің сапасын бағалауды (бұдан кейін – АСБ) жүргізді. АСБ тексеру банк секторы активтерінің жалпы көлемінің 87% құрайтын екінші деңгейдегі ең ірі 14 банк бойынша жүргізілді.

Бағалаудың айқындылығын және объективтілігін қамтамасыз ету мақсатында ҚР ҰБ АСБ-ны халықаралық кеңесшімен және тәуелсіз аудиторлық компаниялармен бірге жүзеге асырды. АСБ Еуропалық Орталық Банктің әдістемесіне сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп жүргізу және пруденциялық реттеу саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес жүргізілді. АСБ қорытындысы бойынша Топқа нәтижесінде жан-жақты іс-шаралар жоспарын жасауға негіз болатын бизнес-процестерді жақсарту жөнінен ескертулер мен ұсыныстар көрсетілген есеп тапсырылды.

АСБ қорытындысы бойынша Банк секторының қаржылық орнықтылығын арттыру бағдарламасы аясында активтерді қорғау бойынша қосымша құрал ендірілді, ол бойынша мемлекеттің бесжылдық кепілдігі көзделген.

Оған қоса, Топ акционерлері тарапынан 2020 жылғы мамыр айының соңына дейін 4,312 миллион теңге мөлшерінде қосымша капитализация жүргізіледі. Акционерлердің 2020 жылғы 31 наурызда өткізілген жалпы жиналысының қорытындыларына сәйкес қосымша 215,263,858 дана жай акция шығару арқылы жарияланған акциялардың санын арттыру туралы шешім қабылданды.

(д) (Кәсіби пайымдауды, есептік бағалаулар мен жорамалды пайдалану)

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті әзірлеген кезде, басшылық Топтың есеп саясатын қолдануына және шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілген активтер мен міндеттемелердің, кірістер мен шығыстың шамасына әсер ететін кәсіби пайымдауларды, жорамалды және есептік бағалауды пайдаланды. Нақты нәтижелердің көрсетілген бағалаудан айырмашылығы болуы мүмкін.

Бағалаулар мен олардың негізін құрайтын жорамалдар тұрақты түрде қайта қаралады. Бағалаулардағы түзетулер тиісті бағалаулар қарастырылған есепті кезеңде және олар қозғайтын кез келген кейінгі кезеңдерде танылады.

Пайымдаулар

Шоғырландырылған қаржылық есептілікте танылған, шамаларға айтарлықтай әсер еткен есеп саясатын қолдану кезінде пайдаланылған пайымдаулар туралы ақпарат келесі ескертпелерде жария етілген:

- Қаржылық активтерді жіктеу: оның аясында қаржылық активтер ұсталатын бизнес-модельді бағалау және қаржылық активтің шартты талаптарының тек негізгі соманы және негізгі соманың өтелмеген қалдығына есептелген пайызды төлеуді көздейтінін не көздемейтінін бағалау – 3-ескертпе (ж)(і).

- Қаржылық актив бастапқы танылған сәттен бастап ол бойынша кредиттік тәуекелдің елеулі көтерілу жағдайының орын алғанын бағалау критерийлерін белгілеу, болжамды ақпаратты ККЗ бағалауына қосу бойынша әдістемені белгілеу, ККЗ бағалауы үшін қолданылатын модельдерді таңдау және бекіту – 4-ескертпе.

Жорамалдар және бағалау бойынша тұрлаусыздық

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша шоғырландырылған қаржылық есептілікте деректердің елеулі түзетілуіне себепші болатын айтарлықтай тәуекел орын алуы мүмкін тұрлаусыздыққа қатысты жорамалдар мен бағалау туралы ақпарат келесі ескертпелерде көрсетілген:

- қаржы құралдарының құнсыздануы: ККЗ бағалауының модельдері үшін бастапқы деректерді айқындау, соның ішінде болжамды ақпаратты қосу - 4-ескертпе.
- клиенттер мен банктерге берілген несиелердің құнсыздануына қатысты бағалау – 17-ескертпе;
- қаржылық активтері мен қаржылық міндеттемелердің әділ құнын бағалау – 32-ескертпе;
- өзгерістері кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдарын бағалау – 14-ескертпе;
- шығарылған реттелген облигациялардың әділ құнын бағалау – 23-ескертпе.

(е) Есеп саясатын және деректерді ұсыну тәртібін өзгерту

ХҚЕС (IFRS) 16

Топ «Жалға алу» атты 16-ХҚЕС (IFRS) 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолдана бастады. Топ модификацияланған ретроспективті тәсілді қолдана отырып, 16-ХҚЕС (IFRS) пайдаланды. Сәйкесінше 2018 жыл бойынша берілген салыстырмалы ақпарат қайта есептелмеді – яғни ол бұрын 17-ХҚЕС (IAS) сәйкес және тиісті ескертпелерге сәйкес берілген күйінде берілді. Сонымен қатар 16-ХҚЕС (IFRS) көрсетілген ақпаратты жария етуге қатысты талаптар салыстырмалы ақпаратқа қатысты қолданылған жоқ.

Есеп саясаты туралы толық ақпарат 16-ХҚЕС (IFRS) және 17-ХҚЕС (IAS) сәйкес 3(ф) ескертпеде көрсетілген.

(ж) Салыстырмалы деректерді беру

Салыстырмалы деректер 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша шоғырландырылған қаржылық есептілікті берудегі өзгерістерге сәйкестендіру мақсатында түзетілген. Топтың 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша шоғырландырылған қаржылық есептілігін әзірлеген кезде, Басшылық клиенттер мен банктерге берілген несиелер бойынша күтілетін кредиттік залалдың келтірілген құнына байланысты жалпы баланстық құн шамаларын қайта есептеуді және дисконтты босатуды жүзеге асырды. Салыстырмалы деректер қайта қаралып, өзгерістердің сәйкес көрсеткіштерге ықпалы келесі нұсқада көрсетілген:

	Бұрын ұсынылған деректер	Түзетудің ықпалы	Қайта саналған
Клиенттерге берілген несиелер	929,588	-	929,588
Есептелген сыйақы	53,584	11,508	65,092
	983,172	11,508	994,680
Залалға бөлінген бағамдық резервті шегергенде	(121,658)	(11,508)	(133,166)
Клиенттерге берілген барлық несие	861,514	-	861,514



	Өткен кезеңдегі есептілікке сәйкес	Түзетудің ықпалы	Қайта саналған
Корпоративтік клиенттерге берілген несиелер			
Корпоративтік қарыздар	472,048	7,979	480,027
Құнсыздануға бөлінген резерв	(87,461)	(7,979)	(95,440)
Шағын және орта бизнес	124,651	781	125,432
Құнсыздануға бөлінген резерв	(9,971)	(781)	(10,752)
Жеке тұлғаларға берілген несиелер			
Ипотекалық кредит беру	154,453	1,219	155,672
Құнсыздануға бөлінген резерв	(7,305)	(1,219)	(8,524)
Тұтыну кредиттері	130,489	395	130,884
Құнсыздануға бөлінген резерв	(8,794)	(395)	(9,189)
Бизнесі дамыту	95,115	786	95,901
Құнсыздануға бөлінген резерв	(8,010)	(786)	(8,796)
Автокредит беру	6,416	348	6,764
Құнсыздануға бөлінген резерв	(117)	(348)	(465)
	861,514	-	861,514

	Бұрын ұсынылған деректер	Түзетудің ықпалы	Қайта саналған
Клиенттерге берілген несиелер			
Корпоративтік қарыздар			
Мерзімінен кешіктірілмеген несиелер	326,833	2,193	329,026
Мерзімінен кешіктірілген несиелер:			
мерзімінен 30 күнге дейін кешіктірілген	67,792	3,051	70,843
мерзімінен 31-60 күнге кешіктірілген	29,482	933	30,415
мерзімінен 61-90 күнге кешіктірілген	16,379	208	16,587
мерзімінен 91-180 күнге кешіктірілген	11,448	130	11,578
мерзімінен 180 күннен астам уақытқа кешіктірілген	20,114	1,464	21,578
Корпоративтік клиенттерге берілген барлық несие, күтілетін кредиттік залалға резерв бөлгенге дейін	472,048	7,979	480,027
Кредиттік залалға бөлінген резерв	(87,461)	(7,979)	(95,440)
Корпоративтік клиенттерге берілген барлық несие, күтілетін кредиттік залалға бөлінген резервті шегергенде	384,587	-	384,587



	Бұрын ұсынылған деректер	Түзетудің ықпалы	Қайта саналған
Шағын және орта бизнес			
Мерзімінен кешіктірілмеген несиесі	97,941	156	98,097
Мерзімінен кешіктірілген несиесі:			
мерзімінен 30 күнге дейін кешіктірілген	7,654	152	7,806
мерзімінен 31-60 күнге кешіктірілген	164	38	202
мерзімінен 61-90 күнге кешіктірілген	1,542	53	1,595
мерзімінен 91-180 күнге кешіктірілген	7,181	133	7,314
мерзімінен 180 күннен астам уақытқа кешіктірілген	10,169	249	10,418
Клиенттерге берілген барлық несиесі, күтілетін кредиттік залалға резерв бөлгенге дейін	124,651	781	125,432
Күтілетін кредиттік залалға бөлінген резерв	(9,971)	(781)	(10,752)
Клиенттерге берілген барлық несиесі, күтілетін кредиттік залалға бөлінген резервті шегергенде	114,680	-	114,680
	Бұрын ұсынылған деректер	Түзетудің ықпалы	Қайта саналған
Ипотекалық кредит беру			
Мерзімінен кешіктірілмеген несиесі	122,250	220	122,470
Мерзімінен кешіктірілген несиесі:			
мерзімінен 30 күнге дейін кешіктірілген	13,150	147	13,297
мерзімінен 31-60 күнге кешіктірілген	2,063	67	2,130
мерзімінен 61-90 күнге кешіктірілген	2,860	32	2,892
мерзімінен 91-180 күнге кешіктірілген	1,473	97	1,570
мерзімінен 180 күннен астам уақытқа кешіктірілген	12,657	656	13,313
Клиенттерге берілген барлық несиесі, күтілетін кредиттік залалға резерв бөлгенге дейін	154,453	1,219	155,672
Күтілетін кредиттік залалға бөлінген резерв	(7,305)	(1,219)	(8,524)
Клиенттерге берілген барлық несиесі, күтілетін кредиттік залалға бөлінген резервті шегергенде	147,148	-	147,148

2018 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша клиенттерге және банктерге берілген несиелердің кредиттік сапасының талдауы:

	Бұрын ұсынылған деректер	Түзетудің ықпалы	Қайта саналған
Клиенттерге берілген несиелер			
Тұтыну кредиттері			
Мерзімінен кешіктірілмеген несиесі	95,701	52	95,753
Мерзімінен кешіктірілген несиесі:			
мерзімінен 30 күнге дейін кешіктірілген	9,944	53	9,997
мерзімінен 31-60 күнге кешіктірілген	1,551	8	1,559
мерзімінен 61-90 күнге кешіктірілген	5,488	5	5,493
мерзімінен 91-180 күнге кешіктірілген	1,222	100	1,322
мерзімінен 180 күннен астам уақытқа кешіктірілген	16,583	177	16,760
Клиенттерге берілген барлық несиесі, күтілетін кредиттік залалға резерв бөлгенге дейін	130,489	395	130,884
Күтілетін кредиттік залалға бөлінген резерв	(8,794)	(395)	(9,189)
Клиенттерге берілген барлық несиесі, күтілетін кредиттік залалға бөлінген резервті шегергенде	121,695	-	121,695
Бизнесі дамыту			
Мерзімінен кешіктірілмеген несиесі	67,730	134	67,864
Мерзімінен кешіктірілген несиесі:			
мерзімінен 30 күнге дейін кешіктірілген	6,407	96	6,503
мерзімінен 31-60 күнге кешіктірілген	498	29	527
мерзімінен 61-90 күнге кешіктірілген	659	22	681
мерзімінен 91-180 күнге кешіктірілген	4,191	71	4,262
мерзімінен 180 күннен астам уақытқа кешіктірілген	15,630	434	16,064
Клиенттерге берілген барлық несиесі, күтілетін кредиттік залалға резерв бөлгенге дейін	95,115	786	95,901
Күтілетін кредиттік залалға бөлінген резерв	(8,010)	(786)	(8,796)
Клиенттерге берілген барлық несиесі, күтілетін кредиттік залалға бөлінген резервті шегергенде	87,105	-	87,105



(а) Шоғырландыру принциптері

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ

Келесі беттерде сипатталған Есеп саясатының қағидаларын Топтың ұйымдары есеп саясатындағы өзгерістерге қатысты 2 (е) ескертпеде көрсетілген белгілі бір шектеулерді қоспағанда, осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілген барлық есепті кезеңдерде бірізді қолданған.

(а) Шоғырландыру принциптері

(i) Бизнесі біріктіру

Бизнесі біріктіру сатып алатын күнгі, атап айтқанда бақылау Топқа өтетін күнгі жай-күйі бойынша сатып алу әдісін пайдалана отырып, ескеріледі.

Топ сатып алатын күні гудвилдің шамасын өтеуге берілген әділ құны (бизнес біртіндеп біріктірілген жағдайда, сатып алатын кәсіпорынның капиталындағы бұрын тиесілі үлесінің әділ құны) және сатып алынған сәйкестендірілген активтер мен қабылданған міндеттемелердің таза танылған құнын (әдетті әділ құнын) шегере отырып, сатып алатын кәсіпорындағы кез келген бақыламайтын үлестің танылған сомасы ретінде есептейді. Егер көрсетілген айырма теріс шаманы білдіретін болса, «тиімді сатып алудан» алынатын пайда дерек пайда немесе залал құрамында көрсетіледі.

Топ әр мәміле бойынша жеке-жеке сатып алатын күні бақыламайтын қатысу үлесін әділ құны бойынша немесе сатып алатын күнгі жай-күйі бойынша сатып алатын кәсіпорынның сәйкестендірілген таза активтеріне пропорционалды қатысу үлестеріне байланысты бағалау тәсілін таңдайды.

Топ бизнесі біріктіру бойынша жүргізген операциялардың нәтижесінде борыштық және үлестің бағалы қағаздарды шығаруға байланысты шығыннан өзгеше мәмілелер бойынша көтерген шығын олардың туындауына байланысты шығысқа жатқызылады.

(ii) Еншілес кәсіпорындар

Топ бақылауындағы инвестиция объектілері еншілес кәсіпорындар болып табылады. Егер Топ инвестиция объектісіне қатысудан алынған туынды кіріспен байланысты тәуекелге ұшыраса немесе осындай кірісті алуға құқылы болса, сондай-ақ инвестиция объектілеріне қатысты өз өкілеттіктерін пайдалану арқылы көрсетілген кіріс мөлшеріне әсер етуге қабілетті болса, Топ инвестиция объектісін бақылайды. Атап айтқанда, Топ шын мәнінде бақылайтын инвестиция объектілерінің қаржылық есептілігін шоғырландырады. Еншілес кәсіпорындардың қаржылық есептілігі көрсетілген бақылау нақты белгіленген күннен бастап бақылау аяқталған күнге дейін шоғырландырылған қаржылық есептілікке енгізіледі.

(iii) Қорларды басқару

Топ инвесторлардың мүдделері үшін пай қорларының және басқа инвестициялық компаниялардың активтерін басқарады. Топ мұндай кәсіпорынды бақылайтын жағдайларды қоспағанда, осы кәсіпорындардың қаржылық есептілігі Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне енгізілмейді.

(iv) Бақыламайтын акционерлердің үлестерін сатып алу және сату


Топ шоғырландырылған қаржылық есептілікте бақыламайтын акционерлердің үлестерін сатып алуды және шығынға жатқызуды акционерлермен жүргізілетін операциялар ретінде көрсетеді. Бақыламайтын акционерлердің үлестері түзетілген күн мен төленген немесе алынған өтемнің әділ құны арасындағы кез келген айырма капиталдың құрамында тікелей көрсетіледі және бас кәсіпорынға тиесілі болады.

	Бұрын ұсынылған деректер	Түзетудің ықпалы	Қайта саналған
Автокредит беру			
Мерзімінен кешіктірілмеген несие	6,028	52	6,080
Мерзімінен кешіктірілген несие:			
мерзімінен 30 күнге дейін кешіктірілген	72	15	87
мерзімінен 31-60 күнге кешіктірілген	8	29	37
мерзімінен 61-90 күнге кешіктірілген	32	8	40
мерзімінен 91-180 күнге кешіктірілген	15	29	44
мерзімінен 180 күннен астам уақытқа кешіктірілген	261	215	476
Клиенттерге берілген барлық несие, күтілетін кредиттік залалға резерв бөлгенге дейін	6,416	348	6,764
Күтілетін кредиттік залалға бөлінген резерв	(117)	(348)	(465)
Клиенттерге берілген барлық несие, күтілетін кредиттік залалға бөлінген резервті шегергенде	6,299	-	6,299

2018 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша клиенттерге және банктерге берілген несиелердің кредиттік сапасының талдауы:

2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есепте келесі қайта жіктеу оны 2019 жылы деректерді беру нысанына сәйкестендіру үшін орындалған:

	Өткен есептілікке сәйкес	Қайта жіктеу сомасы	Түзетілген сома
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕ БАЙЛАНЫСТЫ АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ:			
Алынған пайыздар	97,247	4,800	102,047
Операциялық активтердегі және міндеттемелердегі өзгерістерге дейін операциялық қызметке байланысты ақша қаражатының түсімі	30,604	4,800	35,404
Операциялық қызметке байланысты ақша қаражатының таза пайдаланылуы	(59,263)	4,800	(54,463)
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕ БАЙЛАНЫСТЫ АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ:			
Инвестициялық бағалы қағаздарды өтеуден және сатудан түскен түсім	540,222	(4,800)	535,422
Инвестициялық қызметте ақша қаражаты ағынының таза пайдаланылуы	(19,235)	(4,800)	(24,035)



(v) Шоғырландыру барысында алынып тасталатын операциялар

Топтың қатысушылары арасындағы операциялар, осындай операциялар бойынша берешектердің қалдықтары, сондай-ақ көрсетілген операцияларды жүргізу барысында туындаған іске асырылмаған пайда шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау барысында алынып тасталады. Іске асырылмаған залал құнсыздану белгілерінің пайда болу жағдайларын қоспағанда, шоғырландырылған қаржылық есептіліктен пайда сияқты алынып тасталады.

(б) Бақыламайтын акционерлердің үлестері

Бақыламайтын акционерлердің үлестері Банкке тікелей немесе жанама тиесілі емес еншілес кәсіпорындағы капиталды білдіреді. Бақыламайтын акционерлердің үлестері қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылған есепте капиталдың құрамында Банктің акционерлеріне тиесілі капиталдан бөлек көрсетіледі. Пайданың немесе залалдың, сондай-ақ жалпы жиынтық кірістің құрамындағы бақылау жасамайтын акционерлердің үлестері пайда мен залал туралы және жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте бөлек баппен көрсетіледі.

(в) Пайыздық кірістер мен шығыстар

Тиімді пайыздық мөлшерлеме

Пайыздық кірістер мен шығыстар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалану арқылы пайда немесе залал құрамында көрсетіледі. «Тиімді пайыздық мөлшерлеме» – қаржы құралы қолданылатын күтілетін мерзім ішінде:

- қаржылық активтің жалпы баланстық құнына немесе
- қаржылық міндеттеменің амортизациялық құнына дейін есептік болашақ ақшалай төлемдерді немесе түсімдерді дәл дисконттайтын мөлшерлеме.

Сатып алынған немесе құнсызданған кредиттік активтермен құрылған болып табылмайтын қаржы құралдары бойынша тиімді пайыздық мөлшерлемені есептеген кезде, Топ осы қаржы құралының барлық шарттық талаптарын назарға ала отырып, бірақ күтілетін кредиттік залалды есепке алмай, ақша қаражаттарының болашақтағы ағынын бағалайды. Сатып алынған немесе құнсызданған кредиттік активтермен құрылған қаржылық активтер үшін кредиттік тәуекелдер есепке алынып түзетілген тиімді пайыздық мөлшерлеме күтілетін кредиттік тәуекелдерді қосқанда, ақша қаражаттарының болашақтағы ағынының шамасын пайдалана отырып есептеледі.

Тиімді пайыздық мөлшерлеменің есебіне мәміле бойынша шығындар, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын төленген немесе алынған сыйақылар мен сомалар қосылады. Мәміле бойынша шығындарға қаржылық активті немесе қаржылық міндеттемені сатып алуға немесе шығаруға тікелей қатысы бар қосымша шығындар кіреді.

Амортизацияланған құны және жалпы баланстық құны

Қаржылық активтің немесе қаржылық міндеттеменің «Амортизацияланған құны» – бұл бастапқы танылған кезде қаржылық актив немесе қаржылық міндеттеме бағаланатын сома, минус негізгі борыш сомасы есебіне төленетін төлемдер, плюс немесе минус тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі қолданылып есептелген, өтеу мерзімі басталған кезде көрсетілген бастапқы сома мен төленетін соманың арасындағы айырманың жиналған амортизациясының шамасы, сонымен қатар залалға бөлінген бағалау резерві (немесе 2018 жылғы 1 қаңтарға дейін құнсыздануға бөлінген резерв) есепке алынып түзетілген қаржылық активтерге қатысты қолданылады.

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын «Қаржылық активтің жалпы баланстық құны» – бұл залалға бөлінген бағалау резервінің шамасына қатысты түзетілгенге дейінгі қаржылық активтің амортизацияланған құны.

Пайыздық кірістер мен шығыстар

Қаржылық актив немесе қаржылық міндеттеме бойынша тиімді пайыздық мөлшерлеме қаржылық активті немесе қаржылық міндеттемені бастапқы тану кезінде есептеледі.

Пайыздық кірістер мен шығыстарды есептеген кезде тиімді пайыздық мөлшерлеме активтің жалпы баланстық құнының (актив құнсызданған кредиттік болып табылмайтын кезде) немесе міндеттеменің амортизацияланған құнының шамасына қатысты қолданылады. Тиімді пайыздық мөлшерлеме нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің өзгерісін көрсету мақсатында пайыздық мөлшерлемесі құбылмалы құралдар бойынша ақша қаражаттары ағынын жүйелі түрде қайта бағалау нәтижесінде қайта қаралады. Тиімді пайыздық мөлшерлеме сонымен қатар тиісті түзетулерді амортизациялау басталатын күні әділ құнын хеджирлеуге байланысты түзетулерді көрсету үшін қайта қаралады.

Пайыздық кірістер мен шығыстар, жалғасы

Алайда бастапқы танылғаннан кейін құнсызданған кредиттік болып танылған қаржылық активтер бойынша пайыздық кіріс тиімді пайыздық мөлшерлемені қаржылық активтің амортизацияланған құнына қолдану арқылы есептеледі. Егер қаржылық актив құнсызданған кредиттік болып табылмайтын болса, онда пайыздық кірістің есебі жалпы баланстық құнының негізінде қайта жүргізіледі.

Бастапқы танылғаннан кейін құнсызданған кредиттік болып танылған қаржылық активтер бойынша пайыздық кіріс кредиттік тәуекел есепке алынып түзетілген тиімді пайыздық мөлшерлемені қаржылық активтің амортизацияланған құнының шамасына қатысты қолдану арқылы есептеледі. Егер олар бойынша кредиттік тәуекел нәтижесінде азаятын болса да, осындай активтер бойынша пайыздық кірістің есебі жалпы баланстық құнның негізінде жүзеге асырылмайды.

Қандай жағдайларда қаржылық активтер құнсызданған кредиттік болып табылатыны туралы ақпарат (о) бөлімінде көрсетілген.

Дивиденд түріндегі кіріс дивиденд жарияланған күнгі пайданың немесе залалдың құрамында көрсетіледі.

Ақпаратты ұсыну

Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалану арқылы есептелген, пайда және залал және өзге жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есептілікте көрсетілген пайыздық кірістерге төмендегілер қосылады:

- амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер бойынша пайыздық кірістер;
- өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық қаржы құралдары бойынша пайыздық кірістер.

Пайда немесе залал және өзге жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есептің «Өзге пайыздық кірістер» атты бабы пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын туынды емес борыштық қаржылық активтер бойынша пайыздық кірістерді қамтиды.

Пайда немесе залал және өзге жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте көрсетілген пайыздық кірістер төмендегілерді қамтиды: амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер бойынша пайыздық кірістер.

(г) Комиссиялық кірістер мен шығыстар

Қаржылық актив немесе қаржылық міндеттеме бойынша тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын комиссиялық кірістер мен шығыстар тиімді пайыздық мөлшерлеменің есебіне қосылады (З-ескертпені (в) қараңыз).

Өзге комиссиялық кірістер, оған қоса шоттарға қызмет көрсету бойынша комиссия, инвестицияларды басқару қызметі үшін алынатын сыйақы, сатылымдардан түсетін комиссиялық сыйақылар, синдикатталған кредитті орналастыру және ұйымдастыру үшін алынатын комиссия тиісті қызметті ұсыну шамасына қарай танылады. Егер қарыз беру бойынша міндеттемелер аясында қарыз алушыға кредит берудің жоғары ықтималдығы болмаса, онда қарыз беру үшін алынатын комиссиялық төлемдер қарыз беру бойынша міндеттеменің қолданыс мерзімі ішінде біркелкі танылады.

Нәтижесі болып Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігінде танылған қаржы құралы танылатын, сатып алушымен жасалған шарт ішінара 9-ХҚЕС-ті (IFRS) қолдану саласына және ішінара 15-ХҚЕС-ті (IFRS) қолдану саласына қатысты қолданылуы мүмкін. Бұл жағдайда Топ алдымен шарттың 9-ХҚЕС-ті (IFRS) қолдану саласына қатысты бөлігін бөліп, бағалау үшін 9-ХҚЕС-ті (IFRS) қолданады, кейін шарттың қалған бөлігіне қатысты 15-ХҚЕС-ті (IFRS) қолданады.

Өзге комиссиялық шығыстар басты негізде тиісті қызметті алу шамасы бойынша шығыстарға жататын, мәмілені сүйемелдеу және оған қызмет көрсету шығындарын қамтиды.

(д) Шетел валютасы

(i) Шетел валютасымен жүргізілетін операциялар

Шетел валютасымен жүргізілетін операциялар операция жүргізілетін күні қолданыста болатын валюта бағамы бойынша Топтың құрамына кіретін кәсіпорындардың тиісті функционалдық валютасына аударылады.

Есепті күнгі жай-күйі бойынша шетел валютасымен көрсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелер есепті күні қолданылған валюта бағамы бойынша функционалдық валютаға аударылады. Шетел валютасымен көрсетілген монетарлық активтермен және міндеттемелермен жүргізілген операциялардан түскен пайда немесе болған залал кезең басындағы жай-күйі бойынша функционалдық валютамен, тиімді мөлшерлеме бойынша есептелген пайыздардың шамасына түзетілген амортизациялық құн және кезең ішіндегі төлемдер мен есепті кезеңнің соңындағы жай-күйі бойынша валюта бағамымен функционалдық валютаға аударылған шетел валютасымен көрсетілген амортизациялық құн арасындағы айырманы білдіреді.

Шетел валютасымен көрсетілген, әділ құны бойынша бағаланатын монетарлық емес активтер мен міндеттемелер әділ құнын айқындайтын күні қолданылған валюта бағамы бойынша функционалдық валютаға аударылады. Шетел валютасымен көрсетілген және нақты шығын бойынша көрсетілген монетарлық емес активтер мен міндеттемелер операция жүргізетін күні қолданылған валюта бағамы бойынша функционалдық валютаға аударылады.

Шетел валютасына аудару нәтижесінде туындаған бағамдық айырмалар басқа да жиынтық кіріс құрамында көрсетіледі. Өзге жиынтық кіріс құрамында көрсетілген бағамдық айырма пайда немесе залал құрамына қайта жіктелетін, айырма құнсыздану салдарынан пайда болған жағдайларды қоспағанда, қолдағы сатуға арналған үлестік қаржы құралдарын аударған кезде туындайтын айырмашылықтарды қоспағанда, шетел валютасына аудару нәтижесінде пайда болатын бағамдық айырма пайда немесе залал құрамында көрсетіледі.

(ii) Шетелдік бөлімшелер

Шетелдік бөлімшелердің активтері мен міндеттемелері, оған қоса гудвил және сатып алған кездегі әділ құны бойынша түзетулер сомасы есепті күнгі тиісті айырбастау бағамы бойынша теңгемен қайта есептеледі. Шетелдік бөлімшелердің кірістері мен шығысы сәйкес операциялар жүргізілетін күні айырбастау бағамы бойынша теңгемен қайта есептеледі.

Бағамдық айырма өзге жиынтық кіріс құрамында танылады және басқа валютадан қайта есептеген кезде жинақталған бағамдық айырма резерві бабы бойынша капиталдың бір бөлігі ретінде көрсетіледі. Алайда егер шетелдік бөлімше Топтың 100 пайыз еншілес кәсіпорны болып табылмаса, онда осы бағамдық айырманың бір бөлігі бақыланбайтын үлестің сәйкес пропорциясына жатқызылады.

Нәтижесінде Топ бақылауын жоғалтатын шетелдік бөлімше шығып кеткен кезде айтарлықтай ықпал ету немесе ортақ бақылау жасау, басқа валютадан қайта санаған кезде жиынтық бағамдық айырма резервінде көрсетілген тиісті сома осы шетелдік бөлімшенің шығуынан болған кіріс немесе залал ретінде кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамына қайта жіктеледі.

Топ құрамына шетелдік бөлімше кіретін еншілес кәсіпорынға жасаған өз инвестициясының бір бөлігін ғана иелігінен шығарған және оған бақылау жасаған жағдайда, басқа валютадан қайта санаған кезде,

ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ

(д) Шетел валютасы

Жиынтық бағамдық айырма резервінің бір бөлігі тиісті пропорциямен бақыланатын үлеске қайта бөлінеді.

Топ құрамына шетелдік бөлімше кіретін қауымдасқан немесе бірлескен кәсіпорынға жасаған өз инвестициясының бір бөлігін ғана иелігінен шығарған және оған елеулі ықпал немесе бірлескен бақылау жасаған кезде, жиынтық бағамдық айырма резервінің тиісті пропорционалдық бөлігі кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамына қайта жіктеледі.

Топ таяу болашақта шетелдік бөлімшеден алуға немесе шетелдік бөлімшеге төленуге тиісті монетарлық бап бойынша есеп айырысуды күтпеген және жоспарламаған жағдайда, осы бапқа қатысты туындайтын оң және теріс бағамдық айырма шетелдік бөлімшеге жасалған таза инвестицияның бір бөлігін қалыптастырады; сәйкесінше, олар өзге жиынтық кіріс құрамында танылады және басқа валютадан қайта санаған кезде жиынтық бағамдық айырма резервінің бабы бойынша капиталдың бір бөлігі ретінде беріледі.

Төменде Топ шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасаған кезде пайдаланған жыл соңындағы айырбастау бағамы берілген:

	2019 жылғы 31 желтоқсан	2018 жылғы 31 желтоқсан
T/€	429	439.37
T/\$	382.59	384.20

(е) Ақша қаражаты және оның баламалары

Ақша қаражатына және олардың баламаларына ҚРҰБ-ғы және басқа банктердегі қолма-қол банкноттар мен монеталар, бос қалдықтар («Ностро» түріндегі шоттар), сондай-ақ әділ құнының өзгеруінің айтарлықтай тәуекеліне ұшырамайтын және Топ қысқамерзімді міндеттемелерді реттеу үшін пайдаланатын бастапқы өтеу мерзімі 3 (үш) айдан кем өтімділігі жоғары қаржылық активтері кіреді. Ақша қаражаты және олардың баламалары қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте амортизацияланған құны бойынша көрсетіледі.

(ж) Қаржы құралдары

(i) Қаржы құралдарын жіктеу

Бастапқы таныған кезде қаржылық актив не амортизацияланған құны бойынша, не өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша, не пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын құрал ретінде жіктеледі.

Қаржылық активті төменде көрсетілген екі талапқа жауап берген және Топтың шешімі бойынша пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде жіктелмеген жағдайда ғана амортизацияланған құны бойынша бағаланады:

- актив шартта көзделген ақша ағындарын алу арқылы мақсатқа қол жеткізуге болатын бизнес-модель аясында ұсталады; және
- қаржылық активтің шарттық талаптары борыштың негізгі сомасын және негізгі соманың өтелмеген бөлігіне есептелген пайызды ғана төлеуді білдіретін ақша қаражаттары ағындарының белгіленген мерзімдерде туындауын көздейді.

Борыштық құрал төменде көрсетілген екі талапқа жауап берген және Топтың шешімі бойынша пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын құрал ретінде жіктелмеген жағдайда ғана өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланады:

- актив шартта көзделген ақша қаражаттарының ағындарын алу арқылы да, сол сияқты қаржылық активтерді сату арқылы да мақсатқа қол жеткізуге болатын бизнес-модель аясында ұсталады, және;
- қаржылық активтің шарттық талаптары борыштың негізгі сомасын және негізгі соманың өтелмеген бөлігіне есептелген пайызды ғана төлеуді білдіретін ақша қаражаттары ағындарының белгіленген мерзімдерде туындауын көздейді.

Амортизациялық құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер бойынша да, сондай-ақ пайда немесе залал құрамында танылатын келесі баптарды қоспағанда, өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық қаржылық активтер бойынша пайда мен залал өзге жиынтық кіріс құрамында танылады:

- тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалану арқылы есептелген пайыздық кірістер;
- құнсызданудан болған күтілетін кредиттік залалдар мен қалпына келтірілген залалдар сомасы; және
- валюта бағамдарының өзгерісінен болған пайда немесе залал.

Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық қаржылық активті тану тоқтатылған кезде, бұрын өзге жиынтық кіріс құрамында танылған жиналған пайда немесе залал меншікті капитал құрамынан пайда немесе залал құрамына қайта жіктеледі.

Сауда-саттыққа арналмаған инвестициялар борыштық құралдар құрамында бастапқы танылған кезде, Топ өз қалауы бойынша кейін оның күшін жою құқығынсыз өзге жиынтық кіріс құрамында инвестициялардың әділ құнының кейінгі өзгерістерін ұсыну туралы шешім қабылдауы мүмкін. Осы таңдау әр инвестиция үшін жеке жүргізіледі.

Осындай борыштық құралдар бойынша пайда мен залал ешқашан пайда мен залал құрамына қайта жіктелмейді және пайда немесе залал құрамында құнсыздану танылмайды. Инвестицияның бастапқы құнының бір бөлігін қайтаруды білдіретіні анық көрінетін жағдайларды қоспағанда, дивиденд пайда немесе залал құрамында танылады және бұл жағдайда дивиденд өзге жиынтық кіріс құрамында танылады. Инвестициялар шығарылған кезде өзге жиынтық кіріс құрамында танылған жиналған пайда мен залал бөлінбеген пайда құрамына ауыстырылады.

Барлық өзге қаржылық активтер пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын құралдар ретінде жіктеледі.

Бұдан басқа, егер ол нәтижесінде туындауы мүмкін есептік сәйкессіздікті жоюға немесе айтарлықтай дәрежеде азайтуға мүмкіндік беретін болса, бастапқы тану кезінде Топ өз қалауы бойынша кейін қайта жіктеу құқығынсыз амортизацияланған құны немесе өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағалау критерийлеріне жауап беретін қаржылық активті пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағалау санатына жіктей алады.

Бизнес-модельді бағалау

Топ бизнес-модельдің мақсатына бағалау жүргізеді. Осы бағалаудың аясында қаржы құралдары портфельінің деңгейінде актив ұсталады. Бұл жағдай бизнесті басқарудың және басшылыққа ақпарат берудің тәсілдерін ең жақсы түрде көрсетеді. Топ келесі ақпаратқа талдау жасайды:

- Портфельді басқару үшін белгіленген саясаттар мен мақсаттар, сонымен қатар көрсетілген саясаттардың іс жүзіндегі әрекеті. Атап айтқанда, басқару стратегиясы шартта көзделген пайыздық кірісті алуға, пайыздық мөлшерлемелердің белгілі бір құрылымын қолдауға, қаржылық активтерді өтеу мерзімінің осы активтерді қаржыландыру үшін пайдаланылатын қаржылық міндеттемелерді өтеу мерзімдеріне сәйкес келуін қамтамасыз етуге немесе активтерді сату арқылы ақша ағындарын іске асыруға бағытталғандығы қарастырылады.



- Портфельдің нәтижелілігі қандай тәсілмен бағаланады және осы ақпарат Топ басшылығына қалай хабарланады.
- Бизнес-модельдің (және осы бизнес-модельдің аясында ұсталатын қаржылық активтердің) нәтижелілігіне әсерін тигізетін тәуекелдер және осы тәуекелдерді басқару қандай тәсілдермен жүзеге асырылады.
- Портфельді басқаруға жауапты менеджерлерге сыйақы беру қалай жүзеге асырылады (мысалы, осы сыйақы аталған активтердің әділ құнына немесе шартта көзделген активтер бойынша ақша қаражаттары ағынына байланысты бола ма).
- Өткен кезеңдердегі сатылымдардың туындау жиілігі, көлемі және мерзімдері, осындай сатылымдардың себептері, сонымен қатар болашақтағы сатылымдар деңгейіне қатысты күтілімдер. Алайда, сатылымдар деңгейі туралы ақпарат оқшау түрде емес, Топ мәлімдеген қаржылық активтерін басқару мақсатына қандай тәсілмен қол жеткізілетіні және ақша ағындарының қандай тәсілмен іске асырылатынына тұтастай бірыңғай талдау жасау аясында қарастырылады.

Сауда үшін ұсталып қалатын немесе оларды басқару және олардың нәтижелілігін бағалау әділ құнның негізінде жүзеге асырылатын қаржылық активтері пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын болады. Себебі олар шартта көзделген ақша қаражаттары ағындарын алу мақсатында да, қаржылық активтерін сату мақсатында да ұсталмайды.

Шартта көзделген ақша ағындарының тек негізгі соманы және пайыздарды төлеу ғана болып табылатындығын бағалау

Осы бағалаудың мақсаттары үшін «негізгі сома» қаржылық активінің бастапқы танылуындағы қаржылық активінің әділ құны ретінде белгіленеді. «Пайыздар» ақшаның уақытша құны үшін, белгілі бір уақыт кезеңі бойы өтелмей қалған негізгі сомаға қатысты кредиттік тәуекел үшін және кредиттеуге байланысты басқа да негізгі тәуекелдер мен шығыс (мысалы, өтімділік тәуекелі және әкімшілік шығыс) үшін, сонымен қатар пайда маржасы үшін өтемақы ретінде белгіленеді.

Шартта көзделген ақша ағындарының тек негізгі соманың және негізгі соманың өтелмеген бөлігіне есептелген пайыздың («SPPI критерийлері») төлемі болып табылатынын бағалаған кезде, Топ қаржы құралының шарттық талаптарына талдау жасайды. Талдауға қаржылық актив бойынша шартта көзделген ақша қаражаттары ағындарының мерзімдерін немесе сомасын қаржылық актив талданып жатқан талапты қанағаттандырмайтындай етіп өзгертетін қандай да бір шарттық талаптың болуын бағалау кіреді. Бағалау жүргізу кезінде Топ төмендегілерді назарға алады:

- ақша қаражаттары ағындарының мерзімдерін немесе сомасын өзгерте алатын шартты оқиғалар;
- тұтқалық (левередж) әсері бар талаптар;
- мерзімінен бұрын өтеу және қолданыс мерзімін ұзарту туралы талаптар;
- келісілген активтерден Топтың талаптарын ақша ағындарымен шектейтін талаптар (мысалы, «регресс құқығынсыз» активтер);
- ақшаның уақытша құнының орнын толтыруға өзгерістер тудыратын талаптар – мысалы, пайыздардың мөлшерлемелерін жүйелі түрде қайта қарау.

Шартта көзделген ақша ағындарының тек негізгі соманы және пайыздарды төлеу ғана болып табылатындығын бағалау

Мерзімінен бұрын өтеу туралы талап мерзімінен бұрын өтеген кезде төленген сома мәні бойынша негізгі соманың өтелмеген бөлігін және өтелмеген бөлікке есептелген пайызды білдірген және шарттық қолданысын мерзімінен бұрын тоқтатқаны үшін ақылға қонымды қосымша өтемақыны қамтыған жағдайда SPPI критерийіне сәйкес келеді.



Сонымен қатар мерзімінен бұрын өтеу туралы талап келесі жағдайда осы критерийге сәйкес талап ретінде қарастырылады: егер қаржылық активі сыйлықақымен немесе шартта көрсетілген атаулы сомаға қатысты дисконтпен сатып алынса немесе құрылса, онда мерзімінен бұрын өтеген кезде төленуі тиіс сома мәні бойынша шартта көрсетілген атаулы соманы плюс шартта көзделген есептелген (бірақ төленбеген) пайызды білдіреді (сонымен қатар шарттың қолданысын мерзімінен бұрын тоқтатқаны үшін ақылға қонымды қосымша өтемақыны қамтуы мүмкін); және қаржылық активін бастапқы таныған кезде оның мерзімінен бұрын өтеу туралы талабының әділ құны болмашы болып табылады.

Қайта жіктеу

Топ қаржылық активтерді басқару бойынша өзінің бизнес-моделін өзгерткеннен кейінгі кезеңді қоспағанда, қаржылық активтерді жіктеу бастапқы танылғаннан кейін өзгертілмейді.

Қаржылық активтер – кейінгі бағалау, пайда және залал

Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер	Бұл активтер нәтижесінде әділ құны бойынша бағаланады. Таза пайда және залал, оған қоса пайыздардан немесе дивиденттерден түсетін кіріс пайда немесе залал құрамында танылады.
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер	Бұл активтер нәтижесінде тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдану арқылы амортизацияланған құны бойынша бағаланады. Амортизацияланған құн құнсызданудан болатын залал сомасына азаяды. Пайыздық кірістер, бағам айырмасы бойынша пайда немесе залал және құнсыздану пайда немесе залал құрамында көрсетіледі. Тануды тоқтатудан болатын өзге пайда немесе залал пайда немесе залал құрамында танылады.
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық инвестициялар	Бұл активтер нәтижесінде әділ құны бойынша бағаланады. Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдану арқылы есептелген пайыздық кірістер, бағам айырмасы бойынша пайда немесе залал және құнсыздану пайда немесе залал құрамында көрсетіледі. Өзге таза пайда және залал өзге жиынтық кірісте танылды. Тануды тоқтату кезінде өзге жиынтық кірісте жиналған пайда мен залал пайда немесе залал құрамына қайта жіктеледі.

Қаржылық міндеттемелер

Топ қарыз беру бойынша қаржылық кепілдік және міндеттемелер шарттарын қоспағанда қаржылық міндеттемелерді пайда немесе залал арқылы амортизацияланған құны бойынша немесе әділ құны бойынша бағаланатын міндеттемелер ретінде жіктейді.

Қайта жіктеу

Бастапқы танылғаннан кейін қаржылық міндеттемелерді жіктеу өзгертілмейді.

(ii) Қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелердің талаптарын модификациялау

Қаржылық активтер

Егер қаржылық активтердің талаптары өзгертін болса, Топ осындай модификацияланған актив бойынша ақша қаражаттары ағынының ерекшеленетінін не ерекшеленбейтінін бағалайды. Егер ақша қаражаттары ағыны айтарлықтай ерекшеленетін болса («талаптарды айтарлықтай модификациялау»), онда бастапқы қаржылық актив бойынша шартта көзделген ақша қаражаттарының ағынына қатысты құқықтардың күші жойылған деп танылады. Бұл жағдайда бастапқы қаржылық активті тану тоқтатылады және жаңа актив әділ құны плюс мәміле бойынша сәйкес шығындар бойынша есепте танылады.

Модификациялау нәтижесінде туындаған комиссиялық сыйақының алынған сомалары келесідей есепте танылады:

- Жаңа активтің әділ құнын анықтау кезінде есепке алынған комиссиялық сыйақы сомасы, сондай-ақ мәміле бойынша тиісті шығындардың өтемі болып танылатын комиссиялық сыйақы сомалары осы активтің бастапқы бағалауына қосылады; және
- Комиссиялық сыйақының өзге сомалары тануды тоқтатудан болған пайданы немесе залалдың бір бөлігі ретінде пайда немесе залал құрамында танылады.

Егер олар шарттың ағымдағы талаптарының салдары болатын болса, мысалы егер тиісті кредит беру шарты Топтың пайыздық міндеттемені өзгертуін көздесе, ҚРҰБ-ның негізгі мөлшерлемені өзгертуі салдарынан Топ пайыздық мөлшерлемені өзгертетін болса, қолда бар қаржылық активтер немесе қаржылық міндеттемелер бойынша ақша қаражаттары ағынының шамасын өзгерту талаптарды модификациялау болып табылмайды.

Топ талаптарды модификациялаудың маңыздылығына, яғни бастапқы қаржылық актив бойынша ақша қаражаттарының ағыны мен модификацияланған немесе оны алмастырған қаржылық актив бойынша ақша қаражаттары ағынының айтарлықтай ерекшеленетінін не ерекшеленбейтінін сандық және сапалық тұрғыда бағалайды. Топ сапалы факторларға, сандық факторларға және сандық әрі сапалық факторлардың жиынтық әсеріне талдау жасай отырып, талаптарды модификациялаудың маңыздылығына қатысты сандық және сапалық бағалау жүргізеді. Егер ақша қаражаттарының ағыны айтарлықтай ерекшеленетін болса, онда бастапқы қаржылық актив бойынша шартта көзделген ақша қаражаттарының ағынына қатысты құқықтар аяқталған болып есептеледі. Осы бағалауды жүргізген кезде Топ ұқсастығы бойынша қаржылық міндеттемелерді тануды тоқтатуға қатысты нұсқауларды басшылыққа алады.

Топ келесі сапалы факторлардың негізінде талаптарды модификациялауды маңызды деп тұжырымдайды:

- қаржылық активтің валютасын өзгерту;
- құнсыздану түрін немесе активтің сапасын арттыратын басқа да құралдарды өзгерту;
- ақша айырбастау талаптарын қосу.

Егер модификация қарыз алушының қаржылық қиындықтарына негізделген болса, онда мұндай модификациялаудың мақсаты ереже бойынша бастапқы талаптардан ерекшеленетін жаңа активті құру (беру) емес, шарттың бастапқы талаптарына сәйкес актив құнының барынша мүмкін болатын сомасын өтеу болып табылады. Егер Топ қолданыстағы шартта көзделген ақша қаражаттары ағынының бір бөлігі кешірілетіндей әдіспен қаржылық активті модификациялауды жоспарласа, онда ол модификациялауды жүргізгенге дейін осы активтің бір бөлігін есеп шығару қажет болатынына не болмайтынына талдау жасауы қажет (есептен шығаруға қатысты төмендегі саясатты қараңыз). Бұл тәсіл сандық бағалаудың нәтижесіне әсер етеді және мұндай жағдайда сәйкес қаржылық активті тануды тоқтату критерийлерінің әдетте сақталмайтынына әкеп соғады. Топ сонымен қатар талаптарды модификациялаудың маңызды болатынын не болмайтынын сапалы бағалайды.

Егер амортизацияланған құны немесе өзге жиынтық кірісі арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық активтің талаптарын модификациялау осы қаржылық активті тануды тоқтатуға әкеп соқпаса, онда Топ аталған актив бойынша бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдаланып, осы активтің



жалпы баланстық құнын қайта санайды және туындаған айырманы пайда немесе залал құрамында модификациялаудан болған пайда немесе залал ретінде таниды. Пайыздық мөлшерлемесі құбылмалы қаржылық активтерге қатысты қолданылатын модификациялаудан болатын пайданы немесе залалды есептеу кезінде пайдаланылатын бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме модификация жүргізу сәтінде ағымдағы нарықтық талаптары көрсету үшін түзетіледі. Осындай модификациялау аясында туындаған шығындар немесе төленген комиссиялар және алынған комиссиялық шығындар модификацияланған қаржылық активтің жалпы баланстық құнын түзетеді және модификацияланған қаржылық активтің қалған қолданыс мерзімі ішінде амортизацияланады.

Егер модификация қарыз алушының қаржылық қиындықтарына негізделген болса (3-ескерпені (о) қараңыз), онда сәйкес пайда немесе залал құнсызданудан болған залал құрамында көрсетіледі. Қалған жағдайларда сәйкес пайда немесе залал тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі (3-ескерпені (в) қараңыз) пайдаланылып есептелген пайыздық кірістер құрамында көрсетіледі.

Қаржылық міндеттемелер

Модификацияланған міндеттемелері бойынша ақша қаражаттары ағынының шамасы айтарлықтай өзгеретіндей талаптары өзгеретін болса, Топ қаржылық міндеттемені тануды тоқтатады. Бұл жағдайда модификацияланған талаптарымен жаңа қаржылық міндеттеме әділ құны бойынша танылады. Бұрынғы қаржылық міндеттеменің баланстық құны мен модификацияланған талаптарымен жаңа қаржылық міндеттеменің құны арасындағы айырма пайда немесе залал құрамында танылады. Төленген өтем, егер болса, берілген қаржылық емес активтерді және жаңа модификацияланған қаржылық міндеттемені қосқанда өзіне қабылданған міндеттемені қамтиды.

Топ сапалы факторларға, сандық факторларға және сандық әрі сапалық факторлардың жиынтық әсеріне талдау жасай отырып, талаптарды модификациялаудың маңыздылығына қатысты сандық және сапалық бағалау жүргізеді. Топ келесі сапалы факторлардың негізінде талаптарды модификациялауды маңызды деп тұжырымдайды

- қаржылық міндеттеменің валютасын өзгерту;
- құнсыздану түрін немесе міндеттеменің сапасын арттыратын басқа да құралдарды өзгерту;
- ақша айырбастау талаптарын қосу;
- қаржылық міндеттеменің субординациясын өзгерту.

Сандық бағалау жүргізу мақсатында егер бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша дисконтталған, алынған комиссиялық сыйақыны шегергенде комиссиялық сыйақы төлемдерін қосқанда, жаңа талаптарға сәйкес ақша қаражаттары ағынының келтірілген құны бастапқы қаржылық міндеттеме бойынша қалған ақша қаражаттары ағынының дисконтталған келтірілген құнынан ең аз дегенде 10%-ға ерекшеленетін болса, талаптар айтарлықтай ерекшеленетін болып саналады.

Егер қаржылық міндеттеменің талаптарын модификациялау оны тануды тоқтатуға әкеп соқпаса онда міндеттеменің амортизацияланған құны бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша модификацияланған ақша қаражаттары ағынын дисконттау арқылы қайта саналады және нәтижесінде туындаған айырма пайданың немесе залалдың құрамында модификациялаудан болған пайда немесе залал ретінде танылады. Пайыздық мөлшерлемесі құбылмалы қаржылық міндеттемелерге қатысты қолданылатын модификациялаудан болатын пайданы немесе залалды есептеу кезінде пайдаланылатын бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме модификация жүргізу сәтінде ағымдағы нарықтық талаптары көрсету үшін түзетіледі. Модификациялау аясында туындаған шығындар немесе төленген комиссиялар міндеттеменің баланстық құнын түзету ретінде танылады және құрал-жабдық бойынша тиімді пайыздық мөлшерлемені қайта санау арқылы модификацияланған қаржылық міндеттеменің қалған қолданыс мерзімі ішінде амортизацияланады.

(iii) Тануды тоқтату

Қаржылық активтер

Топ осы қаржылық активі бойынша ақша қаражаты ағындарына шартта көзделген құқығын жоғалтқан кезде немесе қаржылық активін осы қаржылық активін меншіктеу құқығына байланысты барлық тәуекелдер және пайда іс жүзінде басқа тарапқа берілетін мәмілені жүзеге асыру нәтижесінде берген немесе Топ осы қаржылық активін меншіктеу құқығына байланысты барлық тәуекелдер мен пайданың айтарлықтай бөлігін өткізбеген, сақтамаған, бірақ қаржылық активіне бақылау жасауды сақтамаған кезде қаржылық активін тануды тоқтатады.

Қаржылық активті тануды тоқтату кезінде активтің баланстық құны (немесе танылуы тоқтатылған активтің бір бөлігіне бөлінген баланстық құны) мен алынған өтем сомасы (i) (оған қоса өзіне қабылданған жаңа міндеттеменің шамасын шегергенде алынған жаңа активтің шамасы) мен өзге жиынтық кіріс құрамында танылған кез келген жиналған пайда немесе залал (ii) арасында айырма пайда немесе залал құрамында танылады.

Топ мәмілелер жасайды, оның талаптары бойынша қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есепте танылған активтерді береді, бірақ бұл кезде берілген активтердің меншік құқығынан туындайтын тәуекелдердің және пайданың барлығы немесе бір бөлігі өзінде қалады. Мұндай жағдайда берілген активтер есебінде тану тоқтатылмайды. Осындай мәмілелер болып бағалы қағаздарды қарызға беру және «РЕПО» мәмілелері танылады.

Топ қаржылық активке меншік құқығына байланысты барлық тәуекелдер мен пайданы сақтамайтын, бермейтін және берілген активке қатысты бақылауды сақтайтын мәмілелерде Топтың берілген актив құнының өзгеру тәуекеліне ұшырау дәрежесі ретінде анықталатын активке қатысуды жалғастыруды сақтаған дәрежеде активті тануды жалғастырады. Осындай мәмілелердің мысалы болып «Баспана» ипотекалық ұйымы» АҚ-пен жасалған қарыздар бойынша талап ету құқығын табыстау туралы шарттар танылады (17-ескерте).

Егер Топ өзінің қатысуын жалғастыру көлемінде активті тануды жалғастыратын болса, Топ сондай-ақ соған байланысты міндеттемені таниды. Берілген актив және соған байланысты міндеттеме Топ сақтаған құқықтар мен міндеттемелер негізінде бағаланады. Активке байланысты міндеттеме берілген актив мен оған байланысты міндеттеменің таза баланстық құны Топ сақтаған құқықтар мен міндеттемелердің амортизацияланған құнын білдіретіндей бағаланады.

Топ өзінің қатысуын жалғастыру көлемінде және оған байланысты міндеттемеге қатысты туындайтын шығыстар көлемінде берілген активтерге қатысты туындайтын кірісті тануды жалғастырады.

Егер берілген актив амортизацияланған құны бойынша бағаланатын болса, онда оған байланысты міндеттеме пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын міндеттеме болып жіктелмейді.

Қаржылық міндеттемелер

Топ ол бойынша шарттық міндеттемелер орындалған, жойылған немесе тоқтатылған қаржылық міндеттемелерді тануды тоқтатады.

(iv) Әділ құны бойынша бағалау принципі

Әділ құн дегеніміз активті сатқан кезде алынған немесе бағалау күні нарықтың қатысушыларының арасында жасалатын әдеттегі мәміле талаптарымен міндеттемелерді негізгі нарықта немесе, ол болмаған жағдайда, көрсетілген күні Топқа қолжетімді болатын неғұрлым тиімді нарықта берген кезде төленген бағаны білдіреді. Міндеттемелердің әділ құны оның орындалмау тәуекелін көрсетеді.

Топ мүмкіндігінше осы құралға белсенді нарықта белгіленген бағаны пайдалана отырып, құралдың әділ

құнын бағалайды. Егер актив немесе міндеттеме бойынша операциялар жеткілікті түрде жиі және баға белгілеулерді жүйелі негізде айқындау үшін жеткілікті көлемде жүргізілген болса, нарық белсенді болып танылады.

Белсенді нарықта ағымдағы баға белгілеулер болмаған кезде, Топ бақыланатын бастапқы деректер барынша көп пайдаланылатын және бақыланбайтын бастапқы деректер барынша аз пайдаланылатын бағалау әдісін пайдаланады. Таңдалған бағалау әдістеріне нарықтың қатысушылары осы жағдайларда назарға алуы мүмкін барлық факторлар кіреді.

Бастапқы тану кезінде қаржы құралының әділ құнының үздік дәлелі әдетте мәміленің бағасы, яғни төленген немесе алынған өтемақының әділ құны болып табылады. Егер Топ бастапқы тану кезінде әділ құнның мәміле бағасынан өзгеше екенін және әділ құнның осындай актив немесе міндеттеме үшін белсенді нарықтағы ағымдағы баға белгілеулер арқылы расталмайтынын және бақыланатын бастапқы деректер ғана пайдаланылатын бағалау әдісіне негізделмейтін анықтаса, қаржы құралы бастапқыда бастапқы тану кезіндегі әділ құнның және мәміле бағасының арасындағы айырманы кейінге қалдыру үшін түзетілген әділ құны бойынша бағаланады. Бастапқы танудан кейін айырма құрал қолданылатын барлық мерзім ішінде, бірақ бағалау бақыланатын бастапқы деректермен толық расталған кезден немесе операция аяқталған кезден кешіктірілмей тиісті түрде пайда немесе залал құрамында көрсетіледі.

Егер әділ құны бойынша бағаланатын активтің немесе міндеттеменің сұраныс бағасы және ұсыныс бағасы болса, активтер және ұзақ позициялар сұраныс бағасының негізінде бағаланады, міндеттемелер және қысқа позициялар ұсыныс бағасының негізінде бағаланады.

(v) «РЕПО» және «кері РЕПО» мәмілелері

Кері сату міндеттемесімен сату туралы келісімдер аясында сатылған бағалы қағаздар (бұдан кейін – «РЕПО» мәмілелері) бағалы қағаздар кепілімен қамтамасыз етілген қаржыландыруды тарту бойынша жүргізілген операция ретінде көрсетіледі, бұл кезде бағалы қағаздардың қаржылық жағдай жөніндегі шоғырландырылған есептілікте көрсетілуі жалғастырылады, ал контрагенттер алдындағы, «РЕПО» мәмілелері бойынша кредиторлық берешектің құрамына қосылған міндеттемелер жағдайға байланысты банктік шоттар мен депозиттердің немесе клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттерінің құрамында көрсетіледі. Сату бағасы мен кері сатып алу бағасы арасындағы айырма пайыздық кірісті білдіреді және тиімді сыйақы мөлшерлемесі әдісін пайдалана отырып, «РЕПО» мәмілесін қолданған кезеңдегі пайда немесе залал құрамында көрсетіледі.

Кері сату міндеттемесімен сатып алу туралы келісімдер (бұдан кейін – «кері РЕПО мәмілелері») аясында сатып алынған, «кері РЕПО» мәмілелері бойынша дебиторлық берешектің құрамына қосылған бағалы қағаздар жағдайға байланысты банктерге берілген кредиттердің немесе клиенттерге берілген кредиттердің құрамында көрсетіледі. Сатып алу бағасы мен кері сату бағасы арасындағы айырма пайыздық кірісті білдіреді және тиімді сыйақы мөлшерлемесі әдісін пайдалана отырып, «кері РЕПО» мәмілесін қолданған кезеңдегі пайда немесе залал құрамында көрсетіледі.

Егер кері сату міндеттемесімен сатып алу туралы келісімдер аясында сатып алынған активтер үшінші тұлғаларға сатылса, бағалы қағаздарды қайтару міндеттемесі саудаға арналған міндеттеме ретінде көрсетіледі және әділ құны бойынша бағаланады.

(з) Клиенттерге берілген несиелер

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептіліктің «Клиенттерге берілген несиелер» бабы төмендегілерді қамтиды:

- клиенттерге ұсынылған амортизацияланған құны бойынша бағаланатын несиелер (З-ескертпені (ж) (i) қараңыз); олар бастапқыда әділ құны бойынша бағаланады, оған қоса мәміле бойынша қосымша тікелей шығындар қосылады және нәтижесінде тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалану арқылы олардың амортизацияланған құны бойынша бағаланады;

ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ

(и) Инвестициялық бағалы қағаздар

(и) Инвестициялық бағалы қағаздар

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептіліктің «Инвестициялық бағалы қағаздар» атты бабы төмендегілерді қамтиды:

- амортизацияланған құны бойынша бағаланатын борыштық инвестициялық бағалы қағаздар, олар бастапқыда әділ құны бойынша бағаланады оған қоса мәміле бойынша қосымша тікелей шығындар қосылады және нәтижесінде тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалану арқылы олардың амортизацияланған құны бойынша бағаланады;
- пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын немесе Топтың қалауы бойынша осы топқа жіктелетін борыштық және үлестік инвестициялық бағалы қағаздар, олар әділ құны бойынша бағаланады, олардың өзгерістері пайда немесе залал құрамында дереу танылады;
- өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар, және
- Топтың қалауы бойынша өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағалау санатына жіктелетін борыштық инвестициялық бағалы қағаздар.

Инвестициялық бағалы қағаздар бастапқыда әділ құны бойынша бағаланады оған қоса пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын инвестициялық бағалы қағаздар жағдайында мәміле бойынша сәйкес шығындар, және нәтижесінде есепте жіктелуіне байланысты немесе өтеуге дейін ұсталатын ретінде немесе пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде немесе қолдағы сатуға арналған ретінде көрсетіледі.

(к) Негізгі құралдар мен материалдық емес активтер

(i) Меншікті активтер

Негізгі құралдардың объектілері, бұдан әрі сипатталғандай, қайта бағалау құны бойынша көрсетілетін ғимараттар мен құрылыстарды қоспағанда, жинақталған амортизация мен құнсызданудан болған залалды шегере отырып, нақты шығын бойынша шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетіледі.

Негізгі құралдар объектісі әртүрлі тиімді пайдалану мерзімі бар бірнеше компоненттерден тұрған жағдайда, мұндай компоненттер негізгі құралдардың жеке объектілері ретінде көрсетіледі.

Ғимараттар мен құрылыстар тұрақты түрде қайта бағалануы тиіс. Қайта бағалау кезеңділігі қайта бағалануға тиісті ғимараттардың әділ құнының өзгеруіне байланысты болады. Пайда немесе залал құрамында көрсетілген, қайта бағалау нәтижесінде аталған объектілердің алдыңғы төмендетілген құнын өтеген жағдайларды қоспағанда, қайта бағалау нәтижесінде «Ғимараттар мен құрылыстар» санатына жататын ғимараттардың құнының артуы өзге жиынтық кіріс құрамында көрсетіледі. Мұндай жағдайда қайта бағалау нәтижесі пайда немесе залал құрамында көрсетіледі. Өзге жиынтық кіріс құрамында көрсетілген, қайта бағалау нәтижесінде аталған объектілердің алдыңғы көбейтілген құнын есептен шығарған жағдайларды қоспағанда, қайта бағалау нәтижесінде «Ғимараттар мен құрылыстар» санатына жататын ғимараттардың құнының төмендеуі пайда немесе залал құрамында көрсетіледі. Мұндай жағдайда қайта бағалау нәтижесі өзге жиынтық кіріс құрамында көрсетіледі.

(ii) Материалдық емес активтер

Сатып алынған материалдық емес активтер жинақталған амортизацияны және құнсызданудан болған залалды шегере отырып, нақты шығын бойынша шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетіледі.

Арнайы бағдарламалық қамсыздандыруға берілетін лицензияларды сатып алуға және оны енгізуге жұмсалатын шығын тиісті материалдық емес активтердің құнына капиталдандырылады.






(iii) Амортизация

Негізгі құралдар және материалдық емес активтер бойынша амортизация оларды тиімді пайдалану болжанған мерзім ішінде тозуды біркелкі есептеу әдісі бойынша есептеледі және пайда немесе залал құрамында көрсетіледі. Амортизация объектіні сатып алған күннен бастап, ал шаруашылық жүргізу тәсілімен тұрғызылған негізгі құралдар үшін объекті салуды аяқтаған және ол пайдалануға дайын болған кезден бастап есептеледі. Жер телімдері бойынша амортизация есептелмейді.

Амортизацияны есептеу жыл сайын белгіленетін келесі нормаларды пайдалана отырып есептеледі:



(л) Инвестициялық меншік

Инвестициялық меншікке жалға беруден түскен кірісті алуға және/немесе әдеттегі шаруашылық қызмет барысында сатуға емес, оның нарықтық құнын арттыруға, тауарды өндірген және жеткізген, қызмет көрсеткен кезде пайдалануға немесе әкімшілік қызметке арналған меншік жатқызылады. Инвестициялық меншік объектілері сатып алуға жұмсалған шығынды қосқанда, бастапқыда сатып алу құны бойынша есепке алынады. Кейін инвестициялық меншік объектілері жинақталған амортизация мен құнсызданудан болған залал шегеріліп, бастапқы құны бойынша көрсетіледі. Амортизация 10 жылдан 40 жылға дейін құбылып тұратын, объектілерді пайдалы қолдану мерзіміне байланысты тікелей әдістің негізінде есептеледі.

Инвестициялық меншік объектісін пайдалану сипаты өзгертілген және ол негізгі құралдар санатына қайта жіктелген жағдайда, оны кейін шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсету мақсаты үшін қайта жіктелген күні осы объектінің әділ құны осы объект бойынша нақты шығын болып табылады.

(м) Сату үшін ұсталатын активтер

Айналымнан тыс активтер немесе құнын өтеу пайдаланудан емес, ең алдымен сату есебінен күтілетін активтер мен міндеттемелерді қамтитын шығу топтары сату үшін ұсталатын санатқа белгіленеді. Сату үшін ұсталатын санатқа жатқызбас бұрын, активтер және шығу тобы компоненттері Топтың есеп саясатына сәйкес қайта бағаланады. Сәйкесінше, активтер мен шығу топтары сатуға жұмсалған шығын шегеріліп, екі шаманың – баланстық құны мен әділ құнының азы бойынша бағаланады.

(н) Депозиттер, шығарылған борыштық бағалы қағаздар және реттелген облигациялар

Депозиттер, шығарылған борыштық бағалы қағаздар және реттелген облигациялар мәміле бойынша сәйкес шығындарды шегергенде бастапқыда әділ құны бойынша және нәтижесінде тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдану арқылы амортизацияланған құны бойынша бағаланады.

(о) Активтердің құнсыздануы

4-ескертпені қараңыз.

Топ пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын келесі қаржы құралдары бойынша күтілетін кредиттік залалға бөлінген бағалау резервін таниды:

- борыштық құрал болып табылатын қаржылық активтер;
- шығарылған қаржылық кепілдік шарттары;
- қарыз беру бойынша шығарылған міндеттемелер; және
- қарыз беру бойынша шығарылған міндеттемелер.

Борыштық құралдарға бөлінген инвестициялар бойынша құнсызданудан болатын залал танылмайды.

Топ күтілетін кредиттік залалға құрылған бағалау резервтерін бүкіл мерзім ішіндегі күтілетін кредиттік залалға тең сомада танитын болады. Бұған танылатын резерв сомасы 12 айлық күтілетін кредиттік залалға тең болатын келесі қаржы құралдары кірмейді:

- есепті күнгі жай-күйі бойынша кредиттік тәуекелі төмен борыштық инвестициялық бағалы қағаздар; және
- бастапқы танылған сәттен бастап кредиттік тәуекелі елеулі түрде көтерілмеген өзге қаржылық құралдар (жалға беру бойынша дебиторлық берешектен басқасы) (4-ескертпені қараңыз).

Топ егер оның кредиттік рейтингі бүкіл әлемде қабылданған «инвестициялық сапа» рейтингінің анықтамасына сәйкес келсе, онда борыштық бағалы қағаздың кредиттік тәуекелі төмен болады деп есептейді.

12 айлық күтілетін кредиттік залал – бұл есепті күннен кейінгі 12 ай бойы болуы мүмкін қаржы құралы бойынша дефолт оқиғаларының салдарынан туындайтын күтілетін кредиттік залалдың бір бөлігі. Олар бойынша 12 айлық ККЗ танылатын қаржы құралдары «1-сатыдағы» қаржы құралдарына жатады.

Барлық мерзім ішіндегі күтілетін кредиттік залал («Барлық мерзім ішіндегі ККЗ») барлық күтілетін қолданыс мерзімі ішінде қаржы құралы бойынша барлық мүмкін болатын дефолт нәтижесінде ККЗ ретінде белгіленеді. Олар бойынша барлық мерзім ішінде ККЗ танылатын, сатып алынбаған немесе құнсызданған кредиттік актив ретінде құрылмаған қажы құралдары «2-сатыдағы» (егер қаржы құралы бойынша кредиттік тәуекел бастапқы танылған сәттен айтарлықтай артса, бірақ қаржы құралы құнсызданған кредиттік болып табылмаса) және «3-сатыдағы» (егер қаржы құралы құнсызданған кредиттік болып табылса) қаржы құралдарына жатады.

Күтілетін кредиттік залал дефолттың орын алуы дәрежесі бойынша өлшенген кредиттік залалдың есептік бағасын білдіреді. Олар келесідей бағаланады:

- **есепті күнгі жай-күйі бойынша құнсызданған кредиттік болып табылмайтын қаржылық активтерге қатысты:** барлық күтілетін толықтай алынбаған ақша қаражаттарының келтірілген құны ретінде (яғни шартқа сәйкес Топқа тиесілі ақша қаражаттарының ағыны мен Топ алуды күтетін ақша қаражаттарының ағыны арасындағы айырма);
- **есепті күнгі жай-күйі бойынша құнсызданған кредиттік болып табылатын қаржылық активтерге қатысты:** күтілетін кредиттік залалды есептеу кредиттеудің қалған барлық мерзімінде кредиттік залал туындауының ықтималдығын салмақтау арқылы жүргізілетін болады;
- **қарыз беру бойынша міндеттемелердің пайдаланылмаған бөлігіне қатысты:** егер қарыз алушы кредит алуға және осы кредит берілетін болса, Топ алуды көздейтін ақша қаражаттарының ағынын алуға қатысты құқықтарын пайдаланатын болса, шарт бойынша Топқа тиесілі ақша қаражаттарының ағындары арасындағы айырманың келтірілген құны ретінде; және
- **қаржылық кепілдіктер шарттарына қатысты:** Топ өтейтін соманы шегергенде шарт ұстаушы көтерген кредиттік залалдың орнын толтыру үшін шарт ұстаушыға жасалатын күтілетін төлемдердің келтірілген құны ретінде.



Қайта құрылымдалған қаржылық активтер

Тараптардың келісім бойынша қаржылық актив қайта қарастырылған немесе қаржылық активтің талаптары модификацияланған немесе қарыз алушының қаржылық жағдайының нашарлауына байланысты қолда бар қаржылық актив жаңасына ауыстырылған жағдайда осы қаржылық активті тануды тоқтату қажеттілігіне қатысты бағалау жүргізіледі және күтілетін кредиттік тәуекелдер келесідей бағаланады:

- Егер күтілетін қайта құрылымдау қолда бар активті тануды тоқтатуға әкеп соқпаса, онда модификацияланған қаржылық актив бойынша ақша қаражаттарының күтілетін ағыны қолда бар актив бойынша толық алынбаған ақша қаражаттарының есебіне қосылады (4-ескертпені қараңыз).
- Егер күтілетін қайта құрылымдау қолда бар активті тануды тоқтатуға әкеп соғатын болса, онда жаңа активтің күтілетін әділ құны тану тоқтатылған сәтте қолда бар актив бойынша түпкілікті ақша қаражаттарының ағыны ретінде қарастырылады. Бұл сома қолда бар қаржылық актив бойынша бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдаланумен тануды тоқтату күтілетін кезеңнен бастап есепті күнге дейін дисконтталатын қолда бар қаржылық актив бойынша толық алынбаған сомалардың есебіне қосылады.

Құнсызданған кредиттік қаржылық активтер

Әрбір есепті күнге Топ амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қаржылық активтерге және өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын борыштық қаржылық активтерге олардың кредиттік құнсыздануына қатысты бағалау жүргізеді. Осындай қаржылық актив бойынша есептелген болашақтағы ақша қаражаттарының ағынына теріс әсер ететін бір немесе бірнеше оқиға орын алған кезде қаржылық актив «құнсызданған кредиттік» болып табылады.

Қаржылық активтің кредиттік құнсыздануының куәсі болып, негізінен келесі бақыланатын деректер танылады:

- Қарыз алушының немесе эмитенттің айтарлықтай қаржылық қиындықтары;
- Дефолт немесе төлемді мерзімінен кешіктіру сияқты шарттың талаптарын бұзу;
- Топтың өзге жағдайларда ол қарастырмайтын талаптармен қарызды немесе аванс төлемін қайта құрылымдауы;
- Банкрот болу ықтималдығы немесе қарыз алушының өзге қаржылық қайта ұйымдасуы; немесе
- Қаржылық қиындықтар нәтижесінде бағалы қағаздар бойынша белсенді нарықтың жоғалуы.

Егер шартта көзделген ақша қаражаттарының ағынын алмау тәуекелінің айтарлықтай төмендегенін және құнсызданудың басқа белгілерінің болмауын дәлелдейтін мән-жайлар болмаса ғана, Қарыз алушының қаржылық жағдайының нашарлауының салдарынан талаптары қайта қаралған кредит ереже бойынша құнсызданған кредиттік болып есептеледі. Бұдан басқа 90 және одан көп мерзімге мерзімінен кешіктірілген кредиттер құнсызданған кредиттік болып есептеледі.

Мемлекет ол бойынша борышкер болып табылатын мемлекеттік облигацияларға бөлінетін инвестицияларды (өзге қаржылық активтер) кредиттік құнсыздануға қатысты бағалау кезінде Топ келесі факторларды қарастырады:

- Облигацияның кірістілігінде көрсетілген кредитті өтеу қабілеттілігін нарықтық бағалау.
- Рейтинг агенттіктері орындаған кредитті өтеу қабілеттілігін бағалау.
- Жаңа борышты шығару үшін елдің капитал нарығына қол жеткізу қабілеті.

- Ұстаушыларға борышты ерікті немесе мәжбүрлі кешіру нәтижесінде залал келтірілуі мүмкін борышты қайта құрылымдау ықтималдығы.
- «соңғы инстанциядағы кредитор» ретінде осындай елге қажетті қолдау көрсетуді қамтамасыз етуге, мүмкіндік беретін халықаралық қолдау механизмдерінің болуы, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен ведомстволардың осы механизмдерді пайдалану жөнінде көпшілік алдында ниет білдіруі. Бұған көрсетілген механизмдердің іс-әрекетінің тиімділігін және саяси ниетке қарамастан талап етілген критерийлерді сақтау қабілетінің болуын бағалау қосылады.

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептілікте күтілетін кредиттік залалға бөлінген бағалау резервін көрсету

Күтілетін кредиттік залалға бөлінген бағалау резервінің сомалары Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептілікте келесідей көрсетілген:

- **Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер:** осы активтердің жалпы баланстық құнын азайту ретінде;
- **Қарыз беру бойынша міндеттемелер және қаржылық кепілдік шарттары:** жалпы жағдайда резерв ретінде;
- **Егер қаржы құралы талап етілетін, сондай-ақ талап етілмейтін компонентті қамтитын болса және Топ талап етілген бөлігі (берілген кредит) бойынша күтілетін кредиттік залалдан бөлек қарыз беру бойынша қабылданған міндеттемеге қатысты күтілетін кредиттік залалды анықтай алмаса:** Топ екі компонент бойынша залалға бөлінген жиынтық бағалау резервін ұсынады. Жиынтық сома талап етілген бөлігінің (берілген кредит) жалпы баланстық құнын азайту ретінде көрсетіледі. Берілген кредиттің жалпы баланстық құны бойынша залалға бөлінген бағалау резервінің шамасын кез келген ұлғайту резерв ретінде көрсетіледі; және
- **Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық құралдар:** залалға бөлінген бағалау резерві қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте танылмайды, өйткені осы активтердің құны олардың әділ құны болып табылады. Алайда залалға бөлінген бағалау резервінің шамасы әділ құнын өзгерту резерві құрамында көрсетіледі және танылады.

Есептен шығару

Қаржылық активтің толық сомасын немесе оның бір бөлігін өтеу бойынша негізді күтулер болмаған кезде, кредиттер мен борыштық бағалы қағаздар (ішінара немесе толық сомада) есептен шығарылады. Ережеге сәйкес бұл Топтың қарыз алушының есептен шығарылатын берешек сомасын өтеу үшін жеткілікті көлемде ақша қаражаттары ағынын генерациялайтын активтерінің немесе кіріс көзінің жоқ екенін айқындайтын жағдайы. Бұл бағалау әр актив үшін жеке орындалады.

Бұрын есептен шығарылған соманы өтеу пайда немесе залал туралы және өзге жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте «борыштық активтердің құнсыздануынан болған залал» бабында көрсетіледі.

Есептен шығарылған қаржылық активтерге қатысты Топ тиесілі сомаларды өтеу бойынша саясатқа сәйкес берешекті өндіріп алу бойынша қызметті жүзеге асыруды жалғастыра алады.

Қаржылық емес активтер

Кейінге қалдырылған салық активтерінен басқа өзге қаржылық емес активтер құнсыздану белгісінің болуына қатысты әрбір есепті күнгі жай-күйі бойынша бағаланып отырады. Гудвилдің өтеу құны әрбір есепті күнгі жай-күйі бойынша бағаланып отырады. Қаржылық емес активтердің өтеу құны дегеніміз – сату бойынша шығындарды және пайдаланудан түскен құндылықтарды шегергендегі әділ құннан алынған ең үлкен шама.

Пайдалану құндылықтарын белгілеген кезде болашақтағы болжалды ақша қаражаты ағындары ақшаның уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағасын және осы активке тән тәуекелдерді көрсететін салық салғанға дейінгі дисконттау мөлшерлемесін пайдалана отырып, олардың ағымдағы сәтке келтірілген құнына дисконтталады.

Ақша қаражаты ағынын түрлендірмейтін, өзге активтермен түрленетін ақша қаражаты ағындарынан айтарлықтай дәрежеде тәуелсіз болып келетін актив үшін өтеу құны актив тиесілі болып табылатын ақша қаражатын түрлендіретін активтер тобы бойынша анықталады. Құнсызданудан болған залал активтің немесе ақша қаражатын түрлендіретін активтер тобының баланстық құны оның өтеу құнынан асып кеткен кезде танылады.

Қаржылық емес активтердің құнсыздануынан болған барлық залал пайданың немесе залалдың құрамында көрсетіледі және өтелетін құнды белгілеген кезде пайдаланылатын бағаларда өзгерістер болған жағдайда ғана қайта қалпына келтіріледі. Активтің құнсыздануынан болған кез келген залал осындай активтің баланстық құны оның құнсызданудан болған залал шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілмейтін жағдайда болатын баланстық құнынан аспайтын (амортизация шегерілген) көлемде қайта қалпына келтіріледі.

(п) Резервтер

Топтың болған оқиғаның нәтижесінде заңдық немесе негізделген міндеттемесі туындаған және осы міндеттемені орындау үшін қаражат аудару қажеттілігі туындауының ықтималдығы болған жағдайда, резерв қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі. Егер осындай міндеттеменің сомасы едәуір болса, онда резервтер ақшаның уақытша құнына жүргізілген ағымдағы нарықтық бағалауды және оның қай жерде қолданылатынын, осы міндеттемеге тән тәуекелдерді көрсететін салық салғанға дейінгі дисконттау мөлшерлемесін пайдалана отырып, болашақтағы болжалды ақша қаражаты ағындарын дисконттау арқылы белгіленеді.

(р) Қаржылық кепілдік беру шарттары және қарыз беру бойынша міндеттемелер

Ағымдағы шаруашылық қызметті жүзеге асыру барысында Топ пайдаланылмаған кредиттік желіні, аккредитивтерді және кепілдіктерді қамтитын кредиттік сипаттағы шартты міндеттемелерді өзіне қабылдайды және кредиттік сақтандырудың өзге нысандарын ұсынады.

Қаржылық кепілдік беру шарты – бұл шартта көрсетілген борышкердің шартты құралдың талаптарында белгіленген мерзімде төлемді жүргізбегені нәтижесінде кепілдік ұстаушыға келтірілген залалды өтеу үшін Топты кепілдік ұстаушыға нақты төлемдерді жүргізуге міндеттейтін шарт. Қарыз беру бойынша міндеттемелер – бұл алдын ала келісімге алынған талаптармен және белгіленген мерзімде қарыз беруге қатысты нақты міндеттеме.

Шығарылған қаржылық кепілдік беру шарттары немесе нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерлеме бойынша қарыз беруге қатысты міндеттемелер бастапқыда әділ құны бойынша бағаланады. Нәтижесінде олар екі шаманың: 9-ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес айқындалған залалға бөлінген бағалау резерві сомасының және 15-ХҚЕС-тің (IFRS) принциптеріне сәйкес танылған, сәйкес жағдайларда жиналған кіріс сомасын шегергенде бастапқыда танылған соманың ең жоғарғысы бойынша бағаланады.

Топтың пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қарыз беру бойынша шығарылған міндеттемелері жоқ. Қарыз беруге қатысты өзге міндеттемелер бойынша, Топ залалға бөлінген бағалау резервін растайды.

(с) Акционерлік капитал

(і) Жай акциялар

Жай акциялар капитал ретінде жіктеледі. Жай акцияларды және акцияларға белгіленген опциондарды шығаруға тікелей байланысты шығыс кез келген салық нәтижелерін шегергендегі капиталдың азаюы ретінде танылады.

ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ

(т) Салық салу

(ii) Артықшылықты акциялар

Сатып алуға болмайтын және олар бойынша дивиденд төлеу міндетті болып табылмайтын артықшылықты акциялар капиталдың құрамында көрсетіледі.

(iii) Меншікті акцияларды сатып алу

Топ меншікті акцияларды сатып алған жағдайда, осы сатып алуға тікелей байланысты шығысты қосқанда, төленген сома шоғырландырылған қаржылық есептілікте меншікті капиталдың азаюы ретінде көрсетіледі.

(iv) Дивидендтер

Топтың дивиденд төлейтінін жариялау және оны төлеу мүмкіндігі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының реттеуінде болады. Жай акциялар бойынша дивиденд шоғырландырылған қаржылық есептілікте жариялануы бойынша бөлінбеген пайданы пайдалану ретінде көрсетіледі.

(т) Салық салу

Табыс салығы сомасы ағымдағы салық сомасы мен кейінге қалдырылған салық сомасын қамтиды. Табыс салығы өзге жиынтық кіріс құрамында көрсетілетін операцияларға жататын немесе сәйкесінше өзге жиынтық кіріс құрамында немесе тікелей меншікті капиталдың құрамында көрсетілетін тікелей капиталдың шоттарында көрсетілетін меншік иелерімен жасалған операцияларға жататын сомаларды қоспағанда, пайда немесе залал құрамында толық көлемде көрсетіледі.

Ағымдағы салық

Ағымдағы табыс салығы есепті күнгі жай-күйі бойынша қолданыста болған табыс салығы бойынша мөлшерлемелерді, сонымен қатар алдыңғы есепті жылдар ішіндегі табыс салығы сомаларын нақтылау нәтижесінде туындаған міндеттемелер сомасын ескере отырып, бір жыл ішіндегі салық салынатын пайданың болжалды мөлшерінің негізінде есептеледі. Ағымдағы табыс салығы бойынша міндеттемелердің есебіне дивидендке байланысты туындаған салық міндеттемесінің мөлшері де кіреді.

Кейінге қалдырылған салық

Кейінге қалдырылған салық активтер мен міндеттемелердің оларды шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсету мақсаты үшін айқындалатын баланстық құны және олардың салық базасы арасында туындайтын мерзімдік айырмаларға қатысты көрсетіледі. Кейінге қалдырылған салық мынадай мерзімдік айырмаларға қатысты танылмайды:

- бастапқы тану кезінде гудвилді көрсетуге байланысты және салық салынатын базаны азайтпайтын айырмалар,
- бизнесті біріктіру бойынша мәміле болып табылмайтын және бухгалтерлік пайдаға да, салық салынатын пайдаға да немесе салықтық залалға да әсерін тигізбейтін мәмілелерді жүзеге асыру нәтижесінде активтер мен міндеттемелерді бастапқы таныған кезде туындайтын айырмалар; және
- еншілес, қауымдасқан кәсіпорындарға және біріккен қызметке Топтың көрсетілген айырмаларды іске асыру уақытын бақылау мүмкіндігі және олардың таяудағы болашақта іске асырылатынына сенімділік болады деген шамада инвестиция салуға байланысты мерзімдік айырмалар.

Кейінге қалдырылған салық активтері пайдаланылмаған салық залалына, пайдаланылмаған салық кредитіне және шегерілетін мерзімдік айырмаларға қатысты кейінге қалдырылған салық активтерін болашақтағы салық салынатын пайданы алу есебінен іске асыратындай шамада танылады. Болашақтағы салық салынатын пайданың көлемі сәйкес қайта қалпына келтірілуі тиіс салық салынатын мерзімдік



айырмалардың негізінде белгіленеді. Кейінге қалдырылған салық активін толық мөлшерде тану үшін сәйкес салық салынатын мезгілдік айырмалар бойынша жеткілікті сома болмаған кезде, Топтың еншілес компанияларының бизнес-жоспарларының негізінде Топтың әрбір еншілес компаниясы үшін жеке-жеке белгіленетін болашақтағы салық салынатын пайда қосымша қабылданады. Кейінге қалдырылған салық активтерінің көлемі әрбір есептік күнгі жай-күйі бойынша талданады және сәйкес салықтық пайданы іске асыру ықтималдығы төмендеген шамада азаяды. Мұндай есептен шығарулар болашақта салық салынатын пайданың болу ықтималдығы артқан жағдайда қайта қалпына келтіріледі.

Танылмаған кейінге қалдырылған активтер әрбір есептік күнге екінші рет бағаланып отырады және болашақтағы салық салынатын пайда осы кейінге қалдырылған салық активінің орнын толтыруға мүмкіндік беретіндей шамада танылады.

Кейінге қалдырылған салықтың мөлшері болашақта, яғни есептік күнгі жай-күйі бойынша қолданыстағы немесе мәні бойынша қолданысқа енгізілген заңнаманы негізге ала отырып, мерзімдік айырмаларды қайта қалпына келтіру сәтінде қолданылатын салықтық мөлшерлемелерді негізге ала отырып белгіленеді. Кейінге қалдырылған салықты бағалау Топ есептік кезеңнің соңында активтер мен міндеттемелердің баланстық құнының орын толтыруды немесе оны өтеуді жоспарлап отырған тәсілге байланысты салықтық салдарды көрсетеді.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен салықтық міндеттемелер ағымдағы салық міндеттемелеріне қарсы ағымдағы салық активтерін есептеу бойынша заңда бекітілген құқық болған және осы активтер мен міндеттемелер бір салық органы бір салық салынатын кәсіпорыннан не әртүрлі салық салынатын кәсіпорындардан алатын пайдаға салынған салықтарға жатқан, бірақ осы кәсіпорындар ағымдағы салықтық міндеттемелер мен салық активтерін таза негізде реттеуді көздесе немесе осы кәсіпорындардың салық активтерін іске асыру олардың салықтық міндеттемелерін өтеумен бір уақытта жүзеге асырылған жағдайларда есептеледі.

Қазақстан Республикасының салық заңнамасының талаптарына сәйкес Топтың компаниясы өздерінің ағымдағы табыс салығы бойынша салықтық залалын және активтерін Топтың басқа компанияларының ағымдағы табыс салығы бойынша салықтық пайдасы және міндеттемелеріне қарсы есептей алмайды. Бұдан басқа, салық базасы Топ қызметінің әрбір негізгі түрі бойынша жеке белгіленеді. Сондықтан салықтық залал және қызметтің әртүрлі түрлері бойынша салық салынатын пайда бойынша өзара есеп айырысу жүргізілмейді.

(у) Сегменттік есептілік

Операциялық сегмент коммерциялық қызметке тартылған Топ қызметінің компонентін білдіреді, осы қызметтен Топ пайда алады немесе зиян шегеді (Топ қызметінің басқа да компоненттерімен жүргізілетін операцияларға қатысты кіріс пен шығысты қоса алғанда), оның қызметінің нәтижесін операциялық шешімдерді қабылдау үшін жауапты тұлға сегменттер арасындағы ресурстарды бөлу кезінде ж не олардың қызметінің қаржылық нәтижелерін бағалау кезінде тұрақты талдайды ж не оған қатысты қаржылық ақпарат қолжетімді болады.

(ф) Жалға беру

2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданылатын есеп саясаты

Шарт жасаған кезде Топ шарттың жалға беру шарты болып табылатынын не табылмайтынын немесе жалға берудің кейбір компоненттерін қамтитынын не қамтымайтынын бағалайды. Егер осы шарт бойынша өтем жасау орнына белгіленген кезең ішінде сәйкестендірілген активін пайдалануды бақылау құқығы берілетін болса, жалпы шарт немесе оның жеке компоненттері жалға беру шарты болып табылады. Сәйкестендірілген активтің пайдаланылуын бақылау құқығы шарт бойынша берілетінін не берілмейтінін бағалау үшін Топ жалға беру ұғымын 16-ХҚЕС-те (IFRS) қолданады.

Аталған саясат 2019 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін жасалған шарттарға қатысты қолданылады.

Топ жалға беруші ретінде

Жалға беру компонентін қамтитын шартты жасаған немесе өзгерткен кезде, Топ негізделген сатылымдар бойынша оның нақты бағасының негізінде жалға берудің әр компонентіне қатысты шарт бойынша жасалатын өтемді бөледі. Топ жалға беру басталатын күні пайдалану құқығы нысанында активтерді және жалға беру бойынша міндеттемелерді таниды. Пайдалану құқығы нысанындағы актив бастапқыда жалға беру күні немесе жалға беру күні басталғанға дейін жүзеге асырылған жалға беру төлемдерінің кез келген шамасына түзетілген жалға беру бойынша міндеттемелердің бастапқы сомасын, оған қоса кез келген бастапқы тікелей шығындарды және негізгі активті демонстрацияда мен ауыстыру немесе жалға беру бойынша кез келген ынталандыру төлемдерін қоспағанда, негізгі активті немесе ол орналасқан учакені қалпына келтіру бойынша шығындардың баға белгілерін қамтитын бастапқы құны бойынша бағаланады.

Жалға беру нәтижесінде Топ негізгі активке меншік құқығын жалға беру мерзімінің соңында алатын немесе пайдаану құқығы нысанындағы активтің құны Топтың сатып алу бойынша опционды іске асыру мүмкіндігін көрсететін жағдайларды қоспағанда, пайдалану құқығы нысанындағы актив нәтижесінде жалға беру мерзімі басталған күннен бастап аяқталғанға дейін желілік әдіспен амортизацияланады. Бұл жағдайда пайдалану құқығы нысанындағы актив негізгі құралдарды пайдалану нәтижесінде алынған активтер тәрізді дәл сол негізде анықталатын негізгі активті нәтижелі пайдалану мерзімі ішінде амортизацияланады. Бұдан басқа егер бұндай болса және жалға беру бойынша міндеттемені қайта бағалау есебімен түзетілетін болса, пайдалану құқығы нысанындағы активтің сомасы жүйелі түрде құнсыздандырылған болатын шығындар шамасына азаяды.

Жалға беру бойынша міндеттеме бастапқыда аталған мерзімде жүзеге асырылмаған, жалға беру шартында белгіленген пайыздық мөлшерлемені немесе мұндай мөлшерлеме оңай анықталмаса, Топтың қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесін пайдалану арқылы дисконтталған жалға берудің келтірілген құны бойынша бағаланады. Ережеге сәйкес дисконттау мөлшерлемесі ретінде Топ өзінің қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесін пайдаланады.

Топ өзінің қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесін әртүрлі сыртқы және ішкі көздерден пайыздық мөлшерлемені алу арқылы анықтайды және қажет болған кезде жалға беру талаптары мен жалға берілетін активтің түрін көрсету үшін белгіленген түзетулер енгізеді.

Жалға беру бойынша міндеттеме пайыздың тиімді мөлшерлемесі әдісін пайдалану арқылы есептелетін амортизацияланған құн бойынша бағаланады. Топтың оның жалға беруді сатып алуға, ұзартуға немесе тоқтатуға опционды пайдаланатынына қатысты бағалауы өзгерген жағдайда немесе мәні бойынша қайта қаралған бекітілген жалға беру төлемдері болған кезде, егер қалдық құнының кепілдігі бойынша төленетін күтілетін сомаға қатысты Топтың бағалауы өзгертін болса, ол индекстің немесе мөлшерлеменің өзгеруі нәтижесінде болашақтағы жалға беру төлемдері өзгерген кезде қайта бағаланады.

Жалға беру бойынша міндеттеме осылайша қайта бағаланған кезде тиісті түзету пайдалану құқығы нысанындағы активтің баланстық құнына енгізіледі немесе егер пайдалану құқығы нысанындағы активтің баланстық құны нөлге дейін азайтылса, пайда немесе залал құрамында көрсетіледі.

17-ХҚЕС (IAS) сәйкес бұрын операциялық жалға беру ретінде жіктелген жалға беру шарттарына қатысты 16-ХҚЕС (IFRS) қолданған кезде, Топ тәжірибелік сипаттағы келесі жеңілдіктерді қолданды:

- пайдалану құқығы нысанындағы активтерді және жалға беру мерзімі 12 айдан аз болатын жалға беру шарттары бойынша міндеттемелерді танымауға мүмкіндік беретін босатуды қолданды;
- стандартты бастапқы қолдану күнгі пайдалану құқығы нысанындағы активтерді бағалаудан болған бастапқы тікелей шығындарды алып тастады.

16-ХҚЕС-ке (IFRS) өту эффектісі айтарлықтай әсер еткен жоқ. 16-ХҚЕС-ті (IFRS) қолдану Топтың 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша шоғырландырылған қаржылық есептілігінің нәтижелеріне айтарлықтай әсер еткен жоқ.



2019 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылған есеп саясаты

2019 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған шарттарға қатысты Топ төмендегілерді бағалау негізінде шарттың жалға беру шарты болып табылатынын не табылмайтынын немесе жалға берудің элементтерін қамтитынын не қамтымайтынын анықтады:

- келісімді орындау нақты активті не активтерді пайдалануға негізделген бе; және
- келісім активті пайдалану құқығын беруді көздеген бе.

Егер келесі талаптардың бірі сақталған болса, Келісім активті пайдалану құқығын беруді көздеген:

- сатып алушы аталған актив өндірген өнімнің айтарлықтай емес көлемінен астам өнімді ала отырып немесе бақылай отырып, активті басқару мүмкіндігіне немесе құқығына ие болды;
- сатып алушы аталған актив өндірген өнімнің айтарлықтай емес көлемінен астам өнімді ала отырып немесе бақылай отырып, активті жеке пайдалану мүмкіндігіне немесе құқығына ие болды; немесе
- фактілер мен жағдайлар басқа тараптардың аталған актив өндірген өнімнің айтарлықтай емес көлемінен астам өнімді алу ықтималдығының төмен болуы туралы, ал бір бірлігінің бағасы өнімнің бір бірлігінің бекітілген бағасы болып табылмайтынын, өнімнің бір бірлігінің ағымдағы нарықтық бағасына тең болмайтынын куәландырды.

Жалға берудің өзге түрлерінің талаптарымен жалға алынған активтер операциялық жалға беру құрамында жіктелген және Топтың қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылған есебінде көрсетілмеген. Операциялық жалға беру шарттары бойынша төлемдер жалға беру мерзімі ішінде желілік әдіспен кезең бойынша пайда немесе залал құрамында танылды. Алынған стимулдар сомасы жалға беру мерзімі ішінде жалға беру бойынша жалпы шығыстардың құрамдас бөлігі ретінде танылды.

(х) Әлі қолданысқа енгізілмеген жаңа стандарттар мен түсіндірмелер

Бірқатар жаңа стандарттар оларды мерзімінен бұрын қолдану мүмкіндігімен, 2019 жылғы 1 қаңтардан кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Алайда Банк аталған қаржылық есептілікті дайындаған кезде жаңа стандарттарды немесе стандарттарға енгізілген түзетулерді мерзімінен бұрын қолданған жоқ.

Стандарттарға енгізілетін келесі түзетулер мен түсіндірмелер күтілетіндей Банктің қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер етпейді:

- Қаржылық есептілікті ұсынудың концептуалдық негіздеріне қатысты ХҚЕС стандарттарындағы сілтемелерге түзетулер енгізу;
- Бизнесі айқындау (3-ХҚЕС-ке (IFRS) енгізілетін түзетулер);
- Мәнділікті айқындау (1-ХҚЕС-ке (IAS) және 8-ХҚЕС-ке (IAS) енгізілетін түзетулер);
- 17-ХҚЕС (IFRS) «Сақтандыру шарттары».

4. ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ ТАЛДАУ

Осы ескертпеде Топтың қаржылық тәуекелдерге ұшырағыштығы туралы ақпарат ұсынылған. Топ қолданатын қаржылық тәуекелдерді басқару саясаты туралы ақпарат Топтың 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша шоғырландырылған қаржылық есептілігінің 27-ескертпесінде көрсетілген.

Кредиттік тәуекел – күтілетін кредиттік залалдар сомасы

Есеп саясатының сипаттамасы 3-ескертпеде (о) ұсынылған.

Кредиттік тәуекелдің елеулі түрде көтерілуі

Қаржы құралы бастапқы танылған сәттен бастап ол бойынша кредиттік тәуекелдің елеулі көтерілу жағдайының орын алғанын бағалаған кезде, Топ дәлелді және расталатын, шамадан тыс шығынданусыз және күш салусыз қол жеткізуге болатын ақпаратты қарастырады. Бағалау сандық және сапалық ақпаратты, сонымен қатар Топтың тарихи тәжірибесіне, кредиттің сапасына және болжамды ақпаратқа жасалған сараптамалық бағалауға негізделген талдауды қамтиды.

Бағалаудың мақсаты:

- есепті күнгі жай-күйі бойынша барлық мерзімнің қалған бөлігі үшін дефолт болуының ықтималдығын; және
- кредиттік тәуекелге ұшырағыш позицияны бастапқы таныған кезде белгіленген уақыт сәтіне қатысты есептелген барлық мерзімнің қалған бөлігі үшін дефолт болуының ықтималдығын (егер орынды болса, мерзімінен бұрын өтеуге қатысты күтуді өзгерту есебімен түзетілген) салыстыру арқылы кредиттік тәуекелге ұшырағыш позицияға қатысты кредиттік тәуекелдің елеулі көтерілу жағдайының орын алғанын анықтау.

Топ кредиттік тәуекелдің елеулі көтерілу жағдайының орын алғанын анықтау үшін үш критерийді қолданады:

- дефолт болуының ықтималдығын өзгертуге негізделген сандық критерий;
- сапалы белгілер; және
- мерзімінен кешіктіруді 30 күнге шектеу.

Кредиттік тәуекелдің градация (рейтинг) деңгейі

Топ кредиттік тәуекелге ұшырайтын әр позицияға дефолт тәуекелін болжау үшін пайдаланылатын әртүрлі деректердің негізінде, сонымен қатар кредиттің сапасына қатысты сараптамалық жорамалды қолдану арқылы кредиттік тәуекелдің тиісті рейтингін белгілейді. Кредиттік тәуекелдің рейтингі дефолттың орын алу тәуекелінің индикаторы болып табылатын сапалық және сандық факторларды пайдалану арқылы анықталады. Бұл факторлар кредиттік тәуекелге ұшырайтын позицияның және қарыз алушының түрінің сипаттамасына байланысты өзгереді.

Кредиттік тәуекелдің рейтингі кредиттік рейтингтің нашарлау шамасы бойынша дефолттың орын алу тәуекелі экспонент бойынша өсетіндей етіп айқындалады және калибрлік тексеруден өтеді – мысалы, кредиттік рейтингтің 1-ші және 2-ші рейтингтерінің арасындағы айырма кредиттік рейтингтің 2-ші және 3-ші рейтингтерінің арасындағы айырмадан азырақ.

Кредиттік тәуекелге ұшырайтын әрбір позиция қарыз алушы туралы қолда бар ақпараттың негізінде бастапқы тану күніндегі кредиттік тәуекелдің белгілі бір рейтингіне жатқызылатын болады. Кредиттік тәуекелге ұшырайтын позицияларға тұрақты түрде мониторинг жүргізілетін болады. Бұл жағдай бастапқы тану кезінде позицияны кредиттік тәуекелдің басқа деңгейіне ауыстыруға әкеп соқтыруы мүмкін. Мониторинг әдетте келесі деректерге талдау жасауды көздейді.

Кредиттік тәуекелге ұшырайтын позициялар (корпоративтік клиенттер)	Кредиттік тәуекелге ұшырайтын позициялар (корпоративтік және бөлшекті клиенттер)
<ul style="list-style-type: none"> • Тұрақты түрде талдау жасау нәтижесінде алынған ақпарат, қарыз алушылар туралы ақпарат – мысалы, аудит жүргізілмеген қаржылық есептілік, басқарушылық есептілік, бюджеттер, болжамдар мен жоспарлар. Ерекше назар аударылатын көрсеткіштер: жалпы пайда, қаржылық тетік көрсеткіштері, борышқа қызмет көрсету коэффициенті, шектеулі талаптарды («ковенанттар») сақтау, басқару сапасы, негізгі басқарушылық қызметкерлердің құрамындағы өзгерістер. 	<ul style="list-style-type: none"> • Мерзімінен кешіктірілген берешектің мәртебесі туралы ақпаратты қосқанда, төлемдер туралы ақпарат

2019 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ БОЙЫНША ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ҚАТЫСТЫ ЕСКЕРТПЕЛЕР ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ ТАЛДАУ, ЖАЛҒАСЫ



<ul style="list-style-type: none"> Кредиттік рейтинг агенттіктерінің деректері, баспасөзге жарияланған ақпарат, сыртқы кредиттік рейтингтердің өзгерісі туралы ақпарат Егер бұл ақпарат қолжетімді болса, эмитенттердің кредиттік дефолты бойынша облигациялар мен своптардың котировкасы 	<ul style="list-style-type: none"> Ұсынылған лимитті пайдалану Кредиттік келісімдердің талаптарын қайта қарастыру туралы өтінімдер және өтінімдерді қанағаттандыру Қаржылық, экономикалық талаптардың және қызметті жүзеге асыру талаптарының ағымдағы және болжанған өзгерістері
<ul style="list-style-type: none"> Қарыз алушының қызметін жүзеге асыруының саяси, нормативтік және технологиялық саладағы немесе оның шаруашылық қызметіндегі нақты және күтілетін елеулі өзгерістер 	

Дефолт ықтималдығының уақыттық құрылымын құру

Кредиттік тәуекелдің рейтингілері кредиттік тәуекелге ұшырайтын позициялар үшін дефолт ықтималдығының уақыттық құрылымын құрған кезде негізгі бастапқы деректер болып табылады. Топ юрисдикцияға немесе өңірге, өнім мен қарыз алушының түріне, сондай-ақ кредиттік тәуекелдің рейтингіне байланысты талданатын берешекке қызмет көрсету сапасы және кредиттік тәуекелге ұшырайтын позицияларға қатысты дефолттың деңгейі туралы мәліметтер жинайды.

Топ жиналған деректерді талдау және кредиттік тәуекелге ұшырайтын позициялар үшін қалған кезең ішіндегі дефолт ықтималдығының және уақыттың өтуімен олардың өзгеруіндегі күтулердің бағасын алу үшін статистикалық модельді пайдаланады.

Осы талдау дефолттың деңгейіндегі өзгерістер мен негізгі макроэкономикалық факторлардағы өзгерістер арасындағы өзара байланысты анықтауды және сұрыптауды, сонымен қатар кейбір басқа факторлардың (мысалы, кредиттік келісімдердің талаптарын қайта қарау тәжірибесінің) дефолт тәуекеліне әсерінің жан-жақты талдамасын қамтиды. Кредиттік тәуекелге ұшырайтын көптеген позициялар үшін негізгі макроэкономикалық көрсеткіш болып ЖІӨ өсуі болуы мүмкін.

Топ болжамды ақпаратты бағалаған кезде сараптамалық жорамалды пайдаланады. Бұл бағалау сыртқы деректер көздерінен алынған ақпаратқа негізделген (болжамды ақпаратты қосу туралы төменде көрсетілген ақпаратты қараңыз). Топ бұл болжамдарды дефолт ықтималдығының бағалауын түзету үшін пайдаланады.

Кредиттік тәуекелдің елеулі көтерілуін анықтау

Кредиттік тәуекелдің елеулі көтерілуін анықтау критерийлері кредиттеудің әртүрлі түрлеріне байланысты әсіресе корпоративтік клиенттер мен жеке тұлғаларға қатысты, сонымен қатар портфельге байланысты әртүрлі болады және дефолт ықтималдығының көрсеткіші белгілерінің сандық өзгерістерімен қатар сапалық факторларды, соның ішінде мерзімінен кешіктірілген мерзім бойынша «шектегіш» белгісін қамтиды. Егер Топ қолданатын модельдей әдістерінің негізінде контрагенттің қаржылық-экономикалық жағдайының нашарлауына әкеп соғатын объективті факторлардың байқалатынын белгіленсе, Топ кредиттік тәуекелге ұшырайтын нақты позиция бойынша кредиттік тәуекелдің оны бастапқы тану сәтінен бастап елеулі түрде артты деп есептейді. Кредиттік тәуекелдің елеулі артуына қатысты бағалау жүргізу кезінде қалған барлық мерзім бойынша күтілетін кредиттік залалдар өтеу мерзімін өзгерту есебімен түзетіледі.

Егер оған сандық талдау аясында әсері толық мөлшерде уақытылы анықталмайтын, Топтың кредиттік тәуекелін басқару процесіне байланысты сапалы белгілер көрсететін болса, кредиттік тәуекелдің артуы маңызды болып қарастырылуы мүмкін. Бұл ерекше қадағалау тізімінде болу, 3-сатыға өткізбейтін қайта құрылымдау белгісінің болуы сияқты тәуекелі жоғары нақты критерийлерге сәйкес келетін, кредиттік тәуекелге ұшырайтын позицияларға қатысты. Аталған сапалы факторларды бағалау кәсіби жорамалдың негізінде және тиісті өткен тәжірибе есепке алынып жүргізіледі.

Бастапқы тану сәтінен бастап қаржылық актив бойынша кредиттік тәуекелдің елеулі көтерілуін куәландыратын «Шектегіш» белгісі ретінде Топ ол бойынша осы белгі бойынша мерзімінен кешіктірілген берешек күндерінің саны 7 күнді құрайтын банкаралық берешек пен бағалы қағаздарды қоспағанда, осы актив бойынша мерзімінен кешіктірілген берешек күндерінің саны 30 күннен асқан деген болжам жасайды. Мерзімінен кешіктірілген берешек күндерінің саны төлемнің толық сомасы алынбаған күнгі жай-күйі бойынша ерте басталған күннен бастап күндер санын есептеу арқылы анықталады. Төлем жүргізілетін күн қарыз алушыға ұсынылуы мүмкін жеңілдік кезеңі есепке алынбай айқындалады.

Егер бастапқы тану сәтіне қатысты кредиттік тәуекелдің айтарлықтай артуы болмағанын куәландыратын белгілер болса, онда тиісті құрал бойынша залалға бөлінген бағалау резерві қайтадан 12 айлық ККЗ мөлшерінде бағаланатын болады. Кредиттік келісімнің қаралған талаптарын бұзу сияқты кредиттік тәуекелдің артуының кейбір сапалы белгілері белгінің өзі жойылғаннан кейін орын алуын жалғастыратын дефолттың туындау тәуекелінің артуын куәландырады. Мұндай жағдайларда Топ «сынақ мерзімін» белгілейді, оның ішінде қаржылық актив бойынша төлемдер осы актив бойынша кредиттік тәуекелдің жеткілікті мөлшерде төмендегенін дәлелдеу үшін белгіленген мерзімде және сомаларға сәйкес орындалуы қажет. Шартта көзделген кредит талаптары өзгерген кезде барлық мерзім ішінде ККЗ тану үшін критерийлердің қанағаттандырылмайтынын куәландыру белгісі шарттың модификацияланған талаптарына сәйкес уақытылы төлемдер статистикасын қамтиды.

Топ төмендегілерге көз жеткізу үшін жүйелі түрде тексерулер жүргізу арқылы кредиттік тәуекелдің елеулі түрде көтерілуін анықтау мүмкіндігіне қатысты критерийлерді тексереді:

- критерийлер кредиттік тәуекелге ұшырайтын позицияға қатысты дефолт жағдайы орын алғанға дейін кредиттік тәуекелдің елеулі түрде көтерілуін анықтауға мүмкіндік береді;
- критерийлер актив бойынша берешек 30 күннен астам мерзімінен кешіктірілген кездегі уақытпен сәйкес келмейді;
- кредиттік тәуекелдің елеулі түрде көтерілуінің анықталуы мен дефолт оқиғасының орын алуы арасындағы орташа уақыт кезеңі саналы болып табылады;
- кредиттік тәуекелге ұшырайтын позициялар ол бойынша бағалау резерві 12 айлық күтілетін кредиттік залал сомасында танылатын портфель құрамынан (1-саты) құнсызданған кредиттік активтер портфелі құрамына (3-саты) тікелей ауыстырылмайды;
- кредиттік тәуекелге ұшырайтын позицияларды ол бойынша бағалау резерві 12 айлық күтілетін кредиттік залал сомасында танылатын портфель құрамынан (1-саты) ол бойынша бағалау резерві барлық мерзім ішінде күтілетін кредит залал сомасында танылатын портфель құрамына (2-саты) ауыстырған кезде күтілетін кредиттік залалдарға бөлінген бағалау резерві шамасының негізсіз құбылмалылығы жоқ.

Модификацияланған қаржылық активтер

Кредит бойынша шартта көзделген талаптар бірқатар себептерге, оған қоса нарықтағы жағдайдың өзгеруіне, клиенттерді ұстап қалуға және қарыз алушының кредитті өтеуге қабілеттілігінің ағымдағы немесе ықтимал нашарлауына қатысты болмайтын басқа да факторларға байланысты модификациялануы мүмкін. Талаптары модификацияланған қолда бар кредитті есепте тану тоқтатылуы мүмкін және 3-ескертеде (ж)(ii) сипатталған есеп саясатына сәйкес әділ құны бойынша модификацияланған талаптармен жаңа кредит есебінде танылуы көрсетілген.

Егер қаржылық активтің талаптары өзгертілетін болса және талаптарды модификациялау қаржылық активті тануды тоқтатуға әкеп соқпаса, қаржылық актив бойынша кредиттік тәуекелдің елеулі түрде артуының орын алғанын анықтау төмендегілерді салыстыру арқылы жүргізіледі:



- шарттың модификацияланған талаптарының негізінде есепті күнгі жай-күйі бойынша барлық мерзімнің қалған бөлігі үшін дефолт болуының ықтималдығы; және
- шарттың бастапқы талаптарының негізінде қаржылық активті бастапқы таныған кезде белгіленген уақыт сәтіне қатысты есептелген барлық мерзімнің қалған бөлігінде дефолт болуының ықтималдығы.

Кредит талаптарын модификациялау оның танылуын тоқтатын болса, қайта танылған кредит 1-сатыға қатысты болады (танылған күні құнсызданған кредиттік болып табылмайды деген талаппен).

Топ қайтарылатын берешек сомасын ұлғайту және дефолт тәуекелін азайту үшін қаржылық қиындықтарға ұшыраған клиенттердің кредиттері бойынша талаптарды қайта қарайды («кредиттік келісімдердің талаптарын қайта қарау тәжірибесі»). Кредиттік келісімдердің талаптарын қайта қарау бойынша Топтың саясатына сәйкес егер дефолт оқиғасы орын алса немесе дефолттың орын алу қаупі жоғары болса, сондай-ақ борышкер шарттың бастапқы талаптарына сәйкес төлем жасау үшін барлық күшін жұмсағаны белгілі болса, өзінің Топ алдындағы міндеттемелерін қайта қаралған талаптармен орындай алатыны болжанған жағдайда, борышкер қазіргі кезде өзінің борышы бойынша дефолтқа жол берген немесе дефолттың орын алу тәуекелі жоғары болған және борышкердің қайта қаралған талаптарды орындай алатыны болжанған жағдайда, талаптар әрбір жеке клиентке қатысты қайта қаралады.

Қайта қаралған талаптар әдетте өтеу мерзімін ұзартуды, пайызды төлеу мерзімін өзгертуді және шарттың шектеу қоятын талаптарын (ковенанттар) өзгертуді қамтиды. Кредиттік келісімдердің талаптарын қайта қарау саясаты жеке тұлғаларға берілген кредиттерге, сондай-ақ заңды тұлғаларға берілген кредиттерге қатысты қолданылады.

Кредиттік келісімдердің талаптарын қайта қарастыру аясында модификацияланған қаржылық активтер бойынша дефолт ықтималдығын бағалау талаптарды модификациялаудың пайызды және негізгі соманы алу бойынша Топтың мүмкіндіктерін жақсартуға немесе қалпына келтіруге әкеп соққанын не соқпағанын, сондай-ақ Топтың осындай кредиттік келісімдердің талаптарын қайта қарастыруға қатысты алдыңғы тәжірибесін көрсетеді. Осы процестің аясында Топ шарттың модификацияланған талаптарына қатысты қарыз алушының борыш бойынша қызмет көрсету сапасын бағалайды және әртүрлі жүріс-тұрыс факторларын қарастырады.

Кредиттік келісімдердің талаптарын қайта қарау кредиттік тәуекелдің елеулі түрде артуының сапалы индикаторын білдіреді, сонымен қатар кредиттік келісімдердің талаптарын қайта қарастыру ниеті кредиттік тәуекелге ұшырайтын позиция құнсызданған кредиттік болып табылуы мүмкін екенін куәландырады (3-ескертпені 3(о) қараңыз). Клиент кредиттік тәуекелге ұшырайтын позиция құнсызданған кредиттік болып есептелгенге / ол бойынша дефолт оқиғасы орын алған немесе оның дефолт ықтималдығы залалға бөлінген бағалау резерві 12 айлық күтілетін кредиттік залалға тең сомада бағаланатындай төмендеген болып есептелгенге дейін белгіленген уақыт кезеңі ішінде төлемді уақытылы, тұрақты түрде жүргізуі қажет.

«Дефолт» ұғымының анықтамасы

Топ қаржылық активтерді келесі жағдайларда дефолт оқиғасы орын алған қаржылық активтерге жатқызады:

- қарыз алушының Топ алдындағы кредиттік міндеттемелерінің Топтың кепілдік қамсыздандыруды (болған кезде) іске асыру сияқты іс-әрекеттерді қолдануынсыз толық көлемде өтелетіні екіталай; немесе
- қарыз алушының кез келген елеулі кредиттік міндеттемелер бойынша Топ алдындағы берешегі мерзімінен 90 күннен аса уақытқа кешіктірілген;
- кредит бойынша өзінің міндеттемелеріне қатысты төлем жасауға қабілетсіз болуына байланысты қарыз алушының банкрот болуы нәтижесінде активті қайта құрылымдау ықтималдығы туындайды.

Қарыз алушының міндеттемелері бойынша дефолт оқиғасының орын алуын бағалаған кезде, Топ келесі факторларды ескеретін болады:

- сапалық: мысалы, шарттың шектеу қоятын талаптарын (ковенанттарды) бұзу;
- сандық: мысалы, мерзімінен кешіктірілген берешектің мәртебесі және бір эмитенттің Топтың алдында өзге міндеттемелері бойынша төлем жасамауы; сонымен қатар
- өзінің және сыртқы дереккөздерден алынған өзге ақпарат.

Қаржы құралы бойынша дефолт оқиғасының туындауын бағалаған кездегі бастапқы деректер және олардың маңыздылығы жағдаяттардағы өзгерістерді көрсету үшін уақыт өткен сайын өзгеріп отыруы мүмкін.

Болжамды ақпаратты қосу

Топ болжамды ақпаратты қаржы құралын бастапқы тану сәтінен кредиттік тәуекелдің елеулі түрде артуына қатысты бағалауға, сондай-ақ күтілетін кредиттік залалдар бағалауына қосады. Топ болжамды ақпаратты бағалау үшін сараптамалық жорамалды пайдаланады. Осы бағалау сыртқы дереккөзден алынған ақпаратқа негізделген.

Топ қаржы құралдарының әрбір портфелі бойынша кредиттік тәуекел мен кредиттік залалға әсер ететін негізгі факторлардың тізбесін айқындап, құжат жүзінде ресімдеді және тарихи деректер талдамасын қолдана отырып, макроэкономикалық айнымалылар, кредиттік тәуекелдер және кредиттік залал арасындағы өзара байланысты бағалайды. Негізгі фактор болып ЖІӨ болжамы танылады.

Қаржылық активтердің әртүрлі портфельдері бойынша негізгі көрсеткіш пен дефолт оқиғасының және залал деңгейінің арасындағы болжанатын қатынастар соңғы 5 жылдағы тарихи деректерге талдау жасау негізінде әзірленді.

Күтілетін кредиттік залалды бағалау

Күтілетін кредиттік залалды бағалау кезінде негізгі бастапқы деректер болып келесі айнымалылардың уақытша құрылымы танылады:

- дефолт ықтималдығы (PD көрсеткіші);
- дефолт болған жағдайдағы залалдың шамасы (LGD көрсеткіші);
- дефолт болған жағдайда, тәуекелге ұшырайтын сома (EAD көрсеткіші).

1-сатыға қатысты кредиттік тәуекелге ұшырайтын позициялар үшін КК3 12 айлық PD көрсеткішін LGD көрсеткішіне және EAD шамасына көбейту арқылы есептеледі.

Аталған көрсеткіштер Топ пайдаланатын статистикалық модельдердің және басқа да тарихи деректердің негізінде алынады. Оларды жоғарыда көрсетілген болжамды ақпаратты есепке ала отырып түзету қажет.

PD көрсеткіштерін бағалау кредиттік тәуекелінің сипаттамалары ұқсас қарыздар тобына өту коэффициенті әдісін (Марков шынжыры) қолдану арқылы әрбір қарыздар тобы үшін жеке есептелетін, белгіленген мерзімде жүргізілген көрсеткіштерді бағалауды білдіреді. Тарихи деректерге негізделген көшу матрицасының көмегімен кредиттік портфель сегментінің мерзімінен кешіктірілген мерзімнің бір сегментінен 3-сатыға (дефолт) өту ықтималдығы айқындалады. Тарихи деректердің тереңдігі кемінде 60 кезеңді қамтуы тиіс. Макроэкономикалық факторларды есепке ала отырып, орташаландырылған өту матрицасын түзету әр сегменттің орташаландырылған матрицасын стандартты қалыпты бөлуді және макроэкономикалық фактордың z-критерийін қосу әдісімен жүзеге асырылады. Макроэкономикалық фактор болып ЖІӨ өсуі танылады. Макроэкономикалық факторларды есепке ала отырып, есеп айырысуды құру көзі болып ресми статистикалық деректер (Қазақстан Республикасының реттеуші органдарының, статистикалық органдарының ресми сайттары) танылады. PD көрсеткіштері кредиттік тәуекелге ұшырағыш позицияларды өтеудің шартты мерзімдері және мерзімінен бұрын өтеуге қатысты күтулер есепке алынып бағаланады.

2019 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ БОЙЫНША ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ҚАТЫСТЫ ЕСКЕРТПЕЛЕР

ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ ТАЛДАУ, ЖАЛҒАСЫ



Топ LGD көрсеткішін өз міндеттемелері бойынша дефолтқа жол берген контрагенттерге қатысты талап арыздар бойынша ақша қаражаттарын қайтару коэффициенттері туралы ақпараттың негізінде бағалайды. LGD бағалау модельдерінде қамсыздандырудың құрылымы, түрі, талаптың үлкендік дәрежесі, контрагенттің қызметін жүзеге асыру саласы және қаржылық активтің ажырамас бөлігі болып табылатын кез келген қамсыздандыруды өтеуге жұмсалатын шығындар есепке алынған. LGD көрсеткіштері әртүрлі экономикалық сценарийлер есепке алынып түзетіледі және жылжымайтын мүлікпен қамсыздандырылған кредиттерге қатысты қолданылады - жылжымайтын мүлік бағасының өзгеру мүмкіндігі есепке алынған. Олар дисконттау факторы ретінде пайыздың тиімді мөлшерлемесі қолданылып, дисконтталған ақша қаражаттары ағынының негізінде есептеледі.

Дефолт болған жағдайда, тәуекелге ұшырайтын сома дефолт орын алған күні кредиттік тәуекелге ұшырағыш шаманың есептік бағасын білдіреді. Аталған көрсеткішті Топ шарттың талаптарына, оған қоса дисконт және сыйлықақы амортизациясына сәйкес осы шаманың күтілетін өзгерістерін есепке ала отырып, есепті күнгі ағымдағы шамаға байланысты есептейді. Қаржылық активі үшін EAD шамасы болып дефолт орын алған сәттегі жалпы баланстық құн танылады. Қарыз беру бойынша міндеттемелер үшін EAD шамасы талап етілген соманы, сондай-ақ тарихы зерттеулер мен болжамдар негізінде бағаланатын шарттар бойынша талап етілуі мүмкін күтілетін сомаларды қамтиды. Қаржылық кепілдік шарттары үшін EAD шамасы қаржылық кепілдікті орындау сәтінде төленуі тиіс соманы білдіреді.

Жоғарыда көрсетілгендей, 1-сатыға жатқызылған қаржылық активтер үшін PD ең көп 12 айлық көрсеткішін пайдалану талабымен Топ шарт бойынша тәуекелдерді басқару мақсатында ұзақ мерзімді қарастыратын болса да, оның ішінде кредиттік тәуекелге ұшырайтын ең көп кезең ішінде (оған қоса мерзімін ұзартуға қатысты кез келген опциондар) дефолт тәуекелін есепке ала отырып, күтілетін кредиттік залалды бағалайды.

Егер параметрді модельдеу топтық негізде жүзеге асырылатын болса, онда қаржы құралдары тәуекелдің жалпы сипаттамалары негізінде топтастырылады, олар төмендегілерді қамтиды:

- құралдың түрі;
- кредиттік активтердің сегментациясы;
- қайта құрылымдау белгілері.

Топқа біріктірілген қаржы құралдарының кредиттік тәуекелдерінің сипаттамалары айтарлықтай ерекшеленетініне қатысты тұрақты түрде бағалау жүргізу қажет.

Топта ол бойынша өткен кезеңдердегі ақпарат жеткілікті деңгейде болмаған портфельдерге қатысты қосымша ақпарат ретінде сыртқы дереккөздерден алынған салыстырмалы ақпарат пайдаланылады. Оған қатысты сыртқы дереккөздерден алынған салыстырмалы ақпарат күтілетін кредиттік залалды бағалау үшін бастапқы ақпарат ретінде пайдаланылған портфельдердің үлгілері төменде көрсетілген.

Сыртқы дереккөздерден алынған салыстырмалы ақпарат

	2019 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша баланстық құны	2018 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша баланстық құны	PD көрсеткіші	LGD көрсеткіші
Ақша қаражаттары мен оның баламалары	158,868	175,413		70%;
Банктердегі қаражат	9,102	31,292	Moody's дефолттар статистикасы	0% - егер контрагент болып Қазақстан Республикасының үкіметі танылса, Эмитенттері қаржы институттары болып табылатын инвестициялық бағалы қағаздар үшін LGD 70%-ға тең, өзге компаниялар үшін рейтингке байланысты кері қайтару деңгейі бойынша деректерге негізделген;

Инвестициялық бағалы қағаздар	164,897	177,790	Moody's дефолттар статистикасы	0% - егер контрагент болып Қазақстан Республикасының үкіметі танылса
-------------------------------	---------	---------	--------------------------------	--

Кредиттік сапаны талдау

Келесі кестеде 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржылық активтердің, өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздардың кредиттік сапасы туралы ақпарат көрсетілген. Егер қаржылық актив бойынша өзгеше белгіленбесе, кестедегі сомалар жалпы баланстық құнның шамасын көрсетеді.

«1-сатыға қатысты активтер», «2-сатыға қатысты активтер», «3-сатыға қатысты активтер» және «РОСІ-активтер» терминдерінің анықтамалары 3-ескертпеде (о) көрсетілген.

Ақша қаражаттары мен оның баламалары	1-саты 12 айлық күтілетін кредиттік залал	2019 жылғы 31 желтоқсан		Барлығы
		2-саты Құнсызданған кредиттік болып табылатын активтер бойынша бүкіл мерзім ішіндегі күтілетін кредиттік залал	3-саты Құнсызданған кредиттік болып табылатын активтер бойынша бүкіл мерзім ішіндегі күтілетін кредиттік залал	
кредиттік рейтингісі бар:				
«AA-» бастап «AA+» дейін	7,822	-	-	7,822
«A-» бастап «A+» дейін	25,373	-	-	25,373
«BBB-» бастап «BBB+»	50,014	-	-	50,014
«BB-» бастап «BB+»	3,929	-	-	3,929
«B-» бастап «B+»	5,836	-	-	5,836
берілген кредиттік рейтингісі жоқ	604	-	-	604
	93,578			93,578
залалға бөлінген бағалау резерві	(158)	-	-	(158)
Барлық ақша қаражаттары мен оның баламалары (кассадағы ақша қаражаттарын қоспағанда)	93,420	-	-	93,420
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар				
«BBB-» бастап «BBB+» дейін кредиттік рейтингісі бар	4,355	-	-	4,355
залалға бөлінген бағалау резерві	-	-	-	-
Барлық амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	4,355	-	-	4,355

**2019 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ
БОЙЫНША ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ
ЕСЕПТІЛІККЕ ҚАТЫСТЫ ЕСКЕРТПЕЛЕР**
ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ ТАЛДАУ, ЖАЛҒАСЫ



	2019 жылғы 31 желтоқсан			Барлығы
	1-саты 12 айлық күтілетін кредиттік залал	2-саты Құнсызданған кредиттік болып табылатын активтер бойынша бүкіл мерзім ішіндегі күтілетін кредиттік залал	3-саты Құнсызданған кредиттік болып табылатын активтер бойынша бүкіл мерзім ішіндегі күтілетін кредиттік залал	
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар – борыштық				
кредиттік рейтингісі бар:				
«AA-» бастап «AA+» дейін	9,759	-	-	9,759
«BbB-» бастап «BBB+»	124,087	-	-	124,087
«BB-» бастап «BB+» дейін	26,330	-	-	26,330
Барлық өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар – борыштық	160,176	-	-	160,176
залалға бөлінген бағалау резерві	(146)	-	-	(146)
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздардың жалпы баланстық құны - борыштық	159,976	-	-	159,976
Банктердегі қаражат				
кредиттік рейтингісі бар:				
«AA-» бастап «AA+» дейін	3,126	-	-	3,126
«BbB-» бастап «BBB+» дейін	5,934	-	-	5,934
берілген кредиттік рейтингісі жоқ	50	-	-	50
	9,110	-	-	9,110
залалға бөлінген бағалау резерві	(8)	-	-	(8)
Банктердегі барлық қаражат	9,102	-	-	9,102

	2019 жылғы 31 желтоқсан			Құрылған құнсызданған кредиттік қаржылық активтер (POCI - активтер)	Барлығы
	1-саты 12 айлық күтілетін кредиттік залал	2-саты Құнсызданған кредиттік болып табылатын активтер бойынша бүкіл мерзім ішіндегі күтілетін кредиттік залал	3-саты Құнсызданған кредиттік болып табылатын активтер бойынша бүкіл мерзім ішіндегі күтілетін кредиттік залал		
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын, корпоративтік клиенттерге берілген несиелер					
Мерзімінен кешіктірілмеген несиелер	317,782	72,960	147,823	1,712	540,277
Мерзімінен кешіктірілген несиелер:					
мерзімінен 30 күнге дейін кешіктірілген	1,853	476	14,915	301	17,545
мерзімінен 31-60 күнге кешіктірілген	-	3,642	3,072	-	6,714
мерзімінен 61-90 күнге кешіктірілген	-	52	3,701	-	3,753
мерзімінен 91-180 күнге кешіктірілген	-	-	2,119	-	2,119
мерзімінен 180 күннен астам уақытқа кешіктірілген	-	-	29,743	-	29,743
	319,635	77,130	201,373	2,013	600,151
залалға бөлінген бағалау резерві	(1,084)	(2,667)	(104,226)	-	(107,977)
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын корпоративтік клиенттерге берілген барлық несиелер	318,551	74,463	97,147	2,013	492,174

**2019 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ
БОЙЫНША ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ
ЕСЕПТІЛІККЕ ҚАТЫСТЫ ЕСКЕРТПЕЛЕР
ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ ТАЛДАУ, ЖАЛҒАСЫ**



	2019 жылғы 31 желтоқсан				Барлығы
	1-саты 12 айлық күтілетін кредиттік залал	2-саты Құнсызданған кредиттік болып табылатын активтер бойынша бүкіл мерзім ішіндегі күтілетін кредиттік залал	3-саты Құнсызданған кредиттік болып табылатын активтер бойынша бүкіл мерзім ішіндегі күтілетін кредиттік залал	Құрылған құнсызданған кредиттік қаржылық активтер (РОСІ - активтер)	
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын жеке тұлғаларға берілген несиелер					
Мерзімінен кешіктірілмеген несиелер	240,220	28,647	6,462	-	275,329
Мерзімінен кешіктірілген несиелер:					
мерзімінен 30 күнге дейін кешіктірілген	7,029	2,285	2,079	-	11,393
мерзімінен 31-60 күнге кешіктірілген	-	3,050	543	-	3,593
мерзімінен 61-90 күнге кешіктірілген	-	2,300	552	-	2,852
мерзімінен 91-180 күнге кешіктірілген	-	-	5,230	-	5,230
мерзімінен 180 күннен астам уақытқа кешіктірілген	-	-	51,439	-	51,439
	247,249	36,282	66,305	-	349,836
залалға бөлінген бағалау резерві	(1,961)	(1,286)	(21,985)	-	(25,232)
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын жеке тұлғаларға берілген барлық несиелер	245,288	34,996	44,320	-	324,604
Кері РЕПО келісімдері бойынша берілген несиелер					
Кері РЕПО	61,771	-	-	-	61,771
залалға бөлінген бағалау резерві	-	-	-	-	-
Кері РЕПО келісімдері бойынша берілген барлық несиелер	61,771	-	-	-	61,771

	2018 жылғы 31 желтоқсан			
	1-саты 12 айлық күтілетін кредиттік залал	2-саты Құнсызданған кредиттік болып табылмайтын активтер бойынша бүкіл мерзім ішіндегі күтілетін кредиттік залал	3-саты Құнсызданған кредиттік болып табылатын активтер бойынша бүкіл мерзім ішіндегі күтілетін кредиттік залал	Барлығы
Ақша қаражаты мен оның баламалары				
с кредитным рейтингом:				
«АА-» бастап «АА+» дейін	2,577	-	-	2,577
А-» бастап «А+» дейін	9,853	-	-	9,853
«ВВВ-» бастап «ВВВ+» дейін	100,787	-	-	100,787
«ВВ-» бастап «ВВ+» дейін	5,733	-	-	5,733
«В-» бастап «В+» дейін	4,285	-	-	4,285
берілген кредиттік рейтингісі жоқ	334	-	-	334
	123,569	-	-	123,569
Залалға бөлінген бағалау резерві	(73)	-	-	(73)
Барлық ақша қаражаты мен оның баламалары (кассадағы ақша қаражатын қоспағанда)	123,496	-	-	123,496
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар				
кредиттік рейтингісі бар				
«ВВВ-» бастап «ВВВ+» дейін	5,908	-	-	5,908
«ВВ-» бастап «ВВ+» дейін	1,009	-	-	1,009
«В-» бастап «В+» дейін	-	-	-	-
	6,917	-	-	6,917
Залалға бөлінген бағалау резерві	(6)	-	-	(6)
Барлық амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	6,911	-	-	6,911



	2018 жылғы 31 желтоқсан			
	1-саты 12 айлық күтілетін кредиттік залал	2-саты Құнсызданған кредиттік болып табылмайтын активтер бойынша бүкіл мерзім ішіндегі күтілетін кредиттік залал	3-саты Құнсызданған кредиттік болып табылатын активтер бойынша бүкіл мерзім ішіндегі күтілетін кредиттік залал	Барлығы
Барлық өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар – борыштық				
кредиттік рейтингісі бар				
«BBB-» бастап «BBB+» дейін	104,193	-	-	104,193
«BB-» бастап «BB+» дейін	66,526	-	-	66,526
Барлық өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар – борыштық	170,719	-	-	170,719
Залалға бөлінген бағалау резерві	(165)	-	-	(165)
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздардың жалпы баланстық құны - борыштық	174,313			174,313
Банктердегі қаражат				
кредиттік рейтингісі бар				
«BBB-» бастап «BBB+» дейін	1,826	-	-	1,826
«BB-» бастап «BB+» дейін	1,014	-	-	1,014
«B-» бастап «B+» дейін	5,901	19,216	-	25,117
берілген кредиттік рейтингісі жоқ	3,907	-	-	3,907
	12,648	19,216	-	31,864
Залалға бөлінген бағалау резерві	(87)	(485)	-	(572)
Банктердегі барлық қаражат	12,561	18,731	-	31,292

	2018 жылғы 31 желтоқсан				Барлығы
	1-саты 12 айлық күтілетін кредиттік залал	2-саты Құнсызданған кредиттік болып табылмайтын активтер бойынша бүкіл мерзім ішіндегі күтілетін кредиттік залал	3-саты Құнсызданған кредиттік болып табылатын активтер бойынша бүкіл мерзім ішіндегі күтілетін кредиттік залал	Құрылған құнсызданған кредиттік қаржылық активтер (POCI - активтер)	
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын, корпоративтік клиенттерге берілген несиелер					
Мерзімінен кешіктірілмеген несиелер	311,034	65,932	49,679	478	427,123
Мерзімінен кешіктірілген несиелер:					
мерзімінен 30 күнге дейін кешіктірілген	539	6,908	69,002	2,200	78,649
мерзімінен 31-60 күнге кешіктірілген	-	163	30,454	-	30,617
мерзімінен 61-90 күнге кешіктірілген	-	45	18,137	-	18,182
мерзімінен 91-180 күнге кешіктірілген	-	-	18,357	535	18,892
мерзімінен 180 күннен астам уақытқа кешіктірілген	-	-	31,996	-	31,996
	311,573	73,048	217,625	3,213	605,459
Залалға бөлінген бағалау резерві	(982)	(2,004)	(103,206)	-	(106,192)
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын корпоративтік клиенттерге берілген барлық несиелер	310,591	71,044	114,419	3,213	499,267

2019 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ БОЙЫНША ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ҚАТЫСТЫ ЕСКЕРТПЕЛЕР
ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ ТАЛДАУ, ЖАЛҒАСЫ



	2018 жылғы 31 желтоқсан				Барлығы
	1-саты 12 айлық күтілетін кредиттік залал	2-саты Құнсызданған кредиттік болып табылмайтын активтер бойынша бүкіл мерзім ішіндегі күтілетін кредиттік залал	3-саты Құнсызданған кредиттік болып табылатын активтер бойынша бүкіл мерзім ішіндегі күтілетін кредиттік залал	Құрылған құнсызданған кредиттік қаржылық активтер (РОСІ - активтер)	
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын жеке тұлғаларға берілген несиелер					
Мерзімінен кешіктірілмеген несиелер	246,165	36,681	9,321	-	292,167
Мерзімінен кешіктірілген несиелер:					
мерзімінен 30 күнге дейін кешіктірілген	6,954	2,848	20,082	-	29,884
мерзімінен 31-60 күнге кешіктірілген	-	3,841	412	-	4,253
мерзімінен 61-90 күнге кешіктірілген	-	3,328	5,778	-	9,106
мерзімінен 91-180 күнге кешіктірілген	-	-	7,198	-	7,198
мерзімінен 180 күннен астам уақытқа кешіктірілген	-	-	46,613	-	46,613
	253,119	46,698	89,404	-	389,221
Залалға бөлінген бағалау резерві	(828)	(880)	(25,266)	-	(26,974)
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын жеке тұлғаларға берілген барлық несиелер	252,291	45,818	64,138	-	362,247
Кері РЕПО келісімдері бойынша берілген несиелер					
Кері РЕПО	75,071	-	-	-	75,071
Залалға бөлінген бағалау резерві	-	-	-	-	-
Кері РЕПО келісімдері бойынша берілген барлық несиелер	75,071	-	-	-	75,071

ТАЗА ПАЙЫЗДЫҚ КІРІС

5. ТАЗА ПАЙЫЗДЫҚ КІРІС

	2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша	2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша
Тиімді мөлшерлеме әдісін пайдалану арқылы есептелген пайыздық кіріс:		
Амортизацияланған құны бойынша көрсетілген қаржылық активтер бойынша пайыздық кіріс:		
- құнсыздану белгісі жоқ кредиттік қаржылық активтер бойынша пайыздық кіріс	89,353	77,127
- құнсызданған кредиттік қаржылық активтер бойынша пайыздық кіріс	18,846	22,736
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржылық активтер бойынша пайыздық кіріс	11,310	10,247
Тиімді мөлшерлеме әдісі қолданылып есептелген барлық пайыздық кіріс	119,509	110,110

Амортизацияланған құны бойынша көрсетілетін қаржылық активтер бойынша пайыздық кірістер төмендегілерді қамтиды:

	2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша	2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша
Клиенттер мен банктерге берілген несиелер бойынша пайыздар	104,447	96,789
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар бойынша пайыздар	1,145	1,281
Клиенттерге және банктерге берілген несиелер бойынша өсімпұлдар	1,164	614
Банктегі қаражат бойынша пайыздар	1,443	1,179
	108,199	99,863
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржылық активтер бойынша пайыздық кіріс және таза қаржылық жалға алуға бөлінген инвестициялар	1,472	1,593
Өзге пайыздық кіріс	1,472	1,593
Барлық пайыздық кіріс	120,981	111,703
Пайыздық шығыс:		
Амортизацияланған құны бойынша көрсетілетін қаржылық активтер бойынша пайыздық шығыс	(62,004)	(65,855)
Барлық пайыздық шығыс	(62,004)	(65,855)

**2019 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ
БОЙЫНША ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ
ЕСЕПТІЛІККЕ ҚАТЫСТЫ ЕСКЕРТПЕЛЕР
ТАЗА ПАЙЫЗДЫҚ КІРІС**

	2019 жылғы 31 желтоқ- санда аяқталған жыл бойынша	2018 жылғы 31 желтоқ- санда аяқталған жыл бойынша
Амортизацияланған құны бойынша көрсетілетін қаржы- лық міндеттемелер бойынша пайыздық шығыс:		
Клиенттердің және банктердің қаржы құралдары бойынша пайыздар	(37,702)	(45,366)
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша пайыздар	(8,960)	(4,218)
Банктердің және қаржы ұйымдарының қаражаты мен несиелері бойынша пайыздар	(7,705)	(8,308)
Реттелген облигациялар бойынша пайыздар	(7,637)	(7,963)
Амортизацияланған құны бойынша көрсетілген қаржылық міндеттемелер бойынша барлық пайыздық шығыс	(62,004)	(65,855)
	58,977	45,848





6. ПАЙЫЗДЫҚ АКТИВТЕР БОЙЫНША КРЕДИТТІК ЗАЛАЛҒА БӨЛІНГЕН РЕЗЕРВТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

2018 жылғы және 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдар бойынша	Корпоративтік қарыздар	Шағын және орта бизнес	Ипотекалық кредиттеу
2018 жылғы 1 қаңтар (қайта есептелген деректер)	116,215	13,804	6,961
Резерв құру / (резервті қайта қалпына келтіру)*	17,605	101	3,709
Жаңадан құрылған немесе сатып алынған қаржылық активтер*	1,900	881	32
Босату әсері ** (қайта есептелген)	4,425	438	50
Активтерді есептен шығару	(46,649)	(4,752)	(3,186)
Бұрын есептен шығарылған активтерді қайта қалпына келтіру	173	74	793
Бағам айырмасы	1,771	206	165
2018 жылғы 31 желтоқсан (қайта есептелген)	95,440	10,752	8,524
2019 жылғы 1 қаңтар (қайта есептелген)	95,440	10,752	8,524
Резерв құру / (резервті қайта қалпына келтіру)*	21,700	1,637	7,162
Жаңадан құрылған немесе сатып алынған қаржылық активтер*	434	238	10
Босату әсері **	3,755	506	53
Активтерді есептен шығару	(19,706)	(4,879)	(7,667)
Бұрын есептен шығарылған активтерді қайта қалпына келтіру	273	145	413
Бағам айырмасы	(2,253)	(65)	(68)
2019 жылғы 31 желтоқсан	99,643	8,334	8,427

Тұтынушылық кредиттер	Бизнесті дамыту	Автокредиттеу	Банктерге берілген несиелер	Клиенттер мен банктерге берілген барлық несиелер
7,704	5,749	115	-	150,548
2,797	2,967	(2)	25	27,202
792	7	-	-	3,612
8	190	380	-	5,491
(2,694)	(352)	(45)	-	(57,678)
396	62	15	-	1,513
186	173	2	-	2,503
9,189	8,796	465	25	133,191
9,189	8,796	465	25	133,191
4,877	3,610	(35)	(20)	38,931
2,018	21	-	5	2,726
236	323	1	-	4,874
(6,592)	(6,155)	(373)	-	(45,372)
384	135	40	-	1,390
(83)	(51)	(1)	-	(2,521)
10,029	6,679	97	10	133,219

*2019 жылғы және 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған он екі айдың ішінде танылған резервті қалыптастыру пайда және залал туралы шоғырландырылған есептің «Пайыздық активтер бойынша кредиттік залалға бөлінген резервті қалыптастыру» бабының құрамында көрсетілген.

** Күтілетін кредиттік залалдың келтірілген құнына қатысты дисконтты амортизациялау (босату).

2019 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ БОЙЫНША ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ҚАТЫСТЫ ЕСКЕРТПЕЛЕР ҚЫЗМЕТТЕР БОЙЫНША АЛЫНҒАН КІРІС (ШЫҒЫС) ЖӘНЕ КОМИССИЯЛАР

7. ҚЫЗМЕТТЕР БОЙЫНША АЛЫНҒАН КІРІС (ШЫҒЫС) ЖӘНЕ КОМИССИЯЛАР

	2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша	2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша
Төлем карталары	8,090	6,994
Есеп айырысу операциялары	7,799	6,544
Кассалық операциялар	4,590	4,736
Кепілдік беру	4,428	3,853
Кастодиандық қызмет	263	266
Құжаттамалық операциялар жүргізу	112	148
«Интернет-банкинг» жүйесі бойынша қызмет көрсету	112	584
Сенімгерлік операцияларын жүргізу	100	181
Шетел валютасымен жүргізілген операциялар	-	408
Басқа	988	840
Қызметтер бойынша барлық алынған кіріс және комиссиялар	26,482	24,554
Төлем карталары	(5,666)	(3,166)
Есеп айырысу операциялары	(1,151)	(544)
Құжаттамалық операциялар жүргізу	(275)	(336)
Кастодиандық қызмет	(131)	(109)
Басқа	(497)	(232)
Қызметтер және комиссиялар бойынша барлық шығыс	(7,720)	(4,387)
	18,762	20,167

Қаржылық актив немесе міндеттеме бойынша тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылмайтын комиссиялық кірістер қызмет түріне байланысты немесе Топтың шарт аясында өз міндеттемелерін орындау шамасына қарай танылады:

- Есеп айырысу операциялары, кассалық операциялар, төлем карталарымен жүргізілетін операциялар бойынша алынатын комиссия, Интернет-банкинг қызметі бойынша алынатын комиссия, шетел валютасымен операция жүргізу үшін алынатын комиссия операцияның түріне байланысты тарифтерге сәйкес клиенттердің төлем тапсырмаларын орындау үшін алынады және операцияны орындау сәтінде кіріс түрінде танылады;
- берілген кепілдіктер және аккредитивтер бойынша алынатын комиссияны клиент алдын ала төлеммен жүргізеді және сәйкес кепілдіктің немесе аккредитивтің қолданыс мерзімі ішінде кірістерге жатқызылады.

Шарттар бойынша қалдықтар

Келесі кестеде дебиторлық берешек және клиенттермен жасалған шарттар бойынша міндеттемелер туралы ақпарат көрсетілген.

ШЕТЕЛ ВАЛЮТАСЫМЕН ЖҮРГІЗІЛГЕН ОПЕРАЦИЯЛАР БОЙЫНША ТАЗА ПАЙДА



ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ШЫҒЫСТАР

	2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша	2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша
«Басқа активтер» құрамына қосылған дебиторлық берешек (19-ескерту)	8,246	8,122

8. ПАЙДА НЕМЕСЕ ЗАЛАЛ АРҚЫЛЫ ӘДІЛ ҚҰНЫ БОЙЫНША КӨРСЕТІЛЕТІН ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕР ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР БОЙЫНША ТАЗА ПАЙДА

	2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша	2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша
Сауда операциялары бойынша іске асырылған пайда	238	293
Туынды қаржы құралдарымен жүргізілген операциялар бойынша іске асырылмаған пайда	9	4,068
Әділ құнның өзгеруінен іске асырылмаған пайда (залал)	211	(1,036)
Туынды қаржы құралдарымен жүргізілген операциялардан алынған іске асырылған пайда	692	742
	1,150	4,067

9. ШЕТЕЛ ВАЛЮТАСЫМЕН ЖҮРГІЗІЛГЕН ОПЕРАЦИЯЛАР БОЙЫНША ТАЗА ПАЙДА

	2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша	2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша
Дилинг операциялары, нетто	5,545	5,967
Бағамдық айырмалар, нетто	(308)	(3,077)
	5,237	2,890

10. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ШЫҒЫСТАР

	2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша	2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша
Жалақы	18,142	13,287
Пайдаға салынған салықтан басқа салықтар	3,694	3,252
Әкімшілік шығыстар	3,217	2,579
Қысқа мерзімге жалға алуға жұмсалатын шығыстар	3,218	2,759

2019 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ БОЙЫНША ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ҚАТЫСТЫ ЕСКЕРТПЕЛЕР
ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫС



	2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша	2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша
Тозу және амортизация	3,212	2,645
Депозиттерге кепілдік беру қорына салынған жарналар	1,982	2,380
Күзет және дабыл қызметіне жұмсалатын шығыстар	1,162	875
Телекоммуникациялар	835	660
Кәсіби қызметтерге жұмсалған шығыстар	680	255
Инкассацияға жұмсалған шығыстар	512	580
Жабдықты жөндеу және оған қызмет көрсету	452	503
Жарнамаға жұмсалған шығыс	401	344
Іссапар шығыстары	341	350
Өкілдік шығыс	51	39
Басқа шығыс	847	724
	38,746	31,232

	2019 жылғы 31 желтоқсан	%	2018 жылғы 31 желтоқсан	%
Мемлекеттік және басқа да квалификацияланатын бағалы қағаздармен жүргізілетін операциялардан алынатын салық салынбайтын пайыздық және басқа кіріс	(1,365)	(57.5)	-	-
Танылмай, кейінге қалдырылған салық активтерін өзгерту	(8)	(0.4)		
Табыс салығы салынбайтын кірістер	(14)	0.61	(945)	(8.17)
Есептен шығарылмайтын операциялық және басқа шығыс	1,301	54.8	1,025	8.87
	389	16.39	2,392	20.69

(а) Кейінге қалдырылған салықтық активтер және кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер

Шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілген активтер мен міндеттемелердің құны мен салық салынатын базаны есептеу мақсатында қолданылатын сомалар арасында туындайтын уақыт айырмасы 2019 жылғы 31 желтоқсандағы және 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша кейінге қалдырылған салықтық активтердің туындауына әкеп соғады.

2019 жыл және 2018 жыл ішіндегі уақыт айырмасы шамасының өзгеруі төмендегіше берілуі мүмкін:

2019 жыл	2019 жылғы 1 қаңтардағы жай-күйі бойынша қалдық	Пайда немесе залал құрамында көрсетілген	Меншікті капитал құрамында көрсетілген	2019 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша қалдық
Төленетін есептелген сыйақы	123	(57)	-	66
Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	159	-	(197)	(38)
Болашақ кезеңге ауыстырылған салық залалы	1,123	-	-	1,123
Басқа	164	114	-	278
Қаржылық активтердің талаптарын модификациялау нәтижесі	405	(148)	-	257
Клиенттерге берілген несиелер бойынша дисконт	-	493	-	493
Клиенттер мен банктерден тартылған пайызы төмен қаражаттар бойынша дисконт	(240)	(621)	-	(861)

11. ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫС

	2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша	2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша
Ағымдағы табыс салығы бойынша шығыс	8	-
Мерзімдік айырмалардың туындауының және қайта қалпына келтірілуінің және бағалау резервінде болған өзгерістердің салдарынан кейінге қалдырылған салық міндеттемелерінің шамасының өзгеруі	381	2,392
Табыс салығы бойынша барлық шығыс	389	2,392

2019 жылы ағымдағы және кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша мөлшерлеме 20% құрайды (2018 жылы: 20%).

31 желтоқсанда аяқталатын жыл ішіндегі табыс салығы бойынша тиімді мөлшерлемені есептеу

	2019 жылғы 31 желтоқсан	%	2018 жылғы 31 желтоқсан	%
Салық салғанға дейінгі пайда	2,373			11,561
Табыс салығы бойынша қолданыстағы мөлшерлемеге сәйкес есептелген табыс салығы	475	20.00	2,312	20.00

**2019 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ
БОЙЫНША ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ
ЕСЕПТІЛІККЕ ҚАТЫСТЫ ЕСКЕРТПЕЛЕР
ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫС**

2019 жыл	2019 жылғы 1 қаңтардағы жай-күйі бойынша қалдық	Пайда немесе залал құрамында көрсетілген	Меншікті капитал құрамында көрсетілген	2019 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша қалдық
Реттелген облигациялар бойынша дисконт	(7,564)	189	-	(7,375)
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтер	(3,269)	(351)	-	(3,620)
	(9,099)	(381)	(197)	(9,677)

2018 жыл	2018 жылғы 1 қаңтардағы жай-күйі бойынша қалдық	Пайда немесе залал құрамында көрсетілген	Меншікті капитал құрамында көрсетілген	2018 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша қалдық
Төленетін есептелген сыйақы	101	22	-	123
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер	113	46	-	159
Болашақ кезеңге ауыстырылған салық залалы	171	(909)	1,861	1,123
Басқа	320	(156)	-	164
Қаржылық активтердің талап- тарын модификациялау нәтижесі	-	(204)	609	405
Клиенттер мен банктерден тартылған пайызы төмен қаражаттар бойынша дисконт	-	(240)	-	(240)
Реттелген облигациялар бойынша дисконт	(6,987)	(577)	-	(7,564)
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтер	(3,298)	(374)	403	(3,269)
	(9,580)	(2,392)	2,873	(9,099)



12. БІР АКЦИЯҒА ШАҚҚАНДАҒЫ ПАЙДА

Бір акция бойынша базалық және тоғытылған пайда кезең бойынша бас Банктің акционерлеріне қатысты таза пайданың кезең ішіндегі жай акциялардың орташа санына ара қатынасы ретінде есептелген.

	2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша	За год, закончившийся 31 декабря 2018 года
Бір акция бойынша базалық пайда		
Банктің акционерлеріне қатысты таза пайда	1,984	9,116
Артықшылықты акцияларды ұстаушылар арасында пайданы толық бөлген кезде төленетін қосымша дивидендті шегергенде	(2)	(17)
Жай акцияларды ұстаушыларға қатысты таза пайда	1,982	9,099
Бір акция бойынша базалық пайданы есептеу үшін жай акциялардың орташа алынған саны	161,293,951	160,889,241
Бір акция бойынша базалық пайда (теңгемен)	12.29	56.55
Бір акция бойынша тоғытылған пайда		
Жай акцияларды ұстаушыларға қатысты таза пайда	1,982	9,099
Артықшылықты акцияларды ұстаушылар арасында пайданы толық бөлген кезде төленетін қосымша дивидендті қоса алғанда	2	17
Бір акция бойынша тоғытылған пайданы есептеу үшін пайдаланылатын	1,984	9,116
Жай акциялардың орташа алынған саны	161,293,951	160,889,241
Шығарылған деп есептелетін акциялар:		
Артықшылықты акцияларды айырбастау кезінде шығарылатын жай акциялардың орташа алынған саны	219,968	7,698,529
Бір акция бойынша тоғытылған пайданы есептеу үшін жай акциялардың орташа алынған саны	161,513,919	168,587,770
Бір акция бойынша тоғытылған пайда (теңге)	12.28	54.07

Топ акциялардың әрбір түрі бойынша бір акцияның баланстық құнын ҚҚБ ұсынған бір акцияның баланстық құнын есептеу әдістемесіне сәйкес есептейді.

2019 жылғы 31 желтоқсандағы және 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша акциялардың әрбір түрі бойынша бір акцияның баланстық құны төменде көрсетілген:



Бір артықшылықты акцияның баланстық құны есепті күнгі артықшылықты акцияларға, артықшылықты акциялардың жалпы санына қатысты капитал сомасына қатынасы ретінде есептеледі. Бір жай акцияның баланстық құны Топтың жай акцияларға арналған таза активтерінің сомасының есепті күнгі жай акциялардың жалпы санына ара қатынасы ретінде есептеледі. Топтың жай акцияларға арналған таза активтері жалпы капитал сомасы ретінде есептеледі, есепті күнгі артықшылықты акцияларға жататын материалдық емес активтер мен капитал сомасы шегеріледі. Жай және артықшылықты акциялардың жалпы саны есепті күні Топ сатып алған акцияларды шегергенде шығарылған және айналымдағы акциялардың жалпы саны ретінде есептеледі.

Топ басшысы Топты есепті күнгі жай-күйі бойынша ҚҚБ-ның талаптарын толық орындайды деп есептейді.

2019 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ БОЙЫНША ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ҚАТЫСТЫ ЕСКЕРТПЕЛЕР АҚША ҚАРАЖАТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ

ӨЗГЕРІСТЕРІ КЕЗЕҢ БОЙЫНША ПАЙДА НЕМЕСЕ ЗАЛАЛ ҚҰРАМЫНДА КӨРСЕТІЛЕТІН ӘДІЛ ҚҰНЫ БОЙЫНША БАҒАЛАНАТЫН ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ



13. АҚША ҚАРАЖАТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ

	2019 жылғы 31 желтоқсан	2018 жылғы 31 желтоқсан
Кассадағы ақша қаражаты	65,448	51,917
ҚРҰБ «ностро» түріндегі шоттар	43,105	94,388
Басқа банктердегі «ностро» түріндегі шоттар		
кредиттік рейтингісі бар		
«АА-» бастап «АА+» дейін	7,822	2,577
«А-» бастап «А+» дейін	25,373	9,853
«BBB-» бастап «BBB+» дейін	6,909	4,411
«BB-» бастап «BB+» дейін	3,929	5,733
«B-» бастап «B+» дейін	40	54
берілген кредиттік рейтингісі жоқ	604	334
Басқа банктердегі «ностро» түріндегі барлық шоттар, күтілетін кредиттік залалға бөлінген резервті шегергенге дейін	44,677	22,962
Залалға бөлінген бағалау резерві	(24)	(18)
Басқа банктердегі «ностро» түріндегі барлық шот	44,653	22,944
Басқа банктердегі мерзімді депозиттер		
кредиттік рейтингісі бар		
«BBB-» бастап «BBB+» дейін	-	1,988
«B-» бастап «B+» дейін	5,796	4,231
Басқа банктердегі барлық ағымдағы шоттар мен мерзімді депозиттер, күтілетін кредиттік залалға бөлінген резервті шегергенге дейін	5,796	6,219
Залалға бөлінген бағалау резерві	(134)	(55)
Басқа банктердегі барлық ағымдағы шоттар мен мерзімді депозиттер	5,662	6,164
Барлық ақша қаражаты және оның баламалары	158,868	175,413

«Standard & Poor's» рейтинг агенттігінің стандарттарына немесе басқа да халықаралық рейтинг агенттіктерінің осыған ұқсас стандарттарына сәйкес ұсынылған кредиттік рейтингтер.

Барлық ақша қаражаты мен оның баламалары кредиттік тәуекел деңгейінің 1-сатысына жатқызылған.

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша Топ екі банкте (2018 жылғы 31 желтоқсанда: 1 банкте) ақша қаражатын орналастырды, олардың шоттары мен депозиттері бойынша қалдықтар капиталдың 10%-нан асады. 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша көрсетілген контрагенттердің

қалдықтарының жиынтық мөлшері 73,869 млн теңгені (2018 жылғы 31 желтоқсанда: 94,388 млн теңгені) құрады.

Ең төмен резервтерге қойылатын талаптар

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша ең төмен резервтік талаптар ҚРҰБ шығарған нормативтік актілерге сәйкес есептеледі. Ең төмен резервтік талаптарды, сондай-ақ Банктің өзге міндеттемелерін орындау үшін Банк Қазақстан Республикасының резиденті және бейрезиденті болып табылатын клиенттердің депозиттері мен ағымдағы шоттарындағы қалдықтары бойынша белгіленген ең төмен деңгей ретінде есептелетін, 4 апта ішінде кассадағы ұлттық валютадағы ақша қаражаты сомасының және ҚРҰБ-да ұлттық валютамен ашылған ағымдағы шоттағы қалдық сомасының кемінде орташа мәні деңгейінде сақталатын ақша қаражатын резервтік активтерге орналастырады. 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша ең төмен резервтік талаптар сомасы 13,749 млн теңгені (2018 жылғы 31 желтоқсанда: 12,704 млн теңгені), ал резервтік активтер 17,089 млн теңгені (2018 жылғы 31 желтоқсанда: 34,866 млн теңгені) құрады.

14. ӨЗГЕРІСТЕРІ КЕЗЕҢ БОЙЫНША ПАЙДА НЕМЕСЕ ЗАЛАЛ ҚҰРАМЫНДА КӨРСЕТІЛЕТІН ӘДІЛ ҚҰНЫ БОЙЫНША БАҒАЛАНАТЫН ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ

Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржылық активтеріне төмендегілер қосылады:

АКТИВТЕР	Номиналды мөлшерлеме, %	2019 жылғы 31 желтоқсан	Номиналды мөлшерлеме, %	2018 жылғы 31 желтоқсан
Топтың меншігінде тұрған активтер				
Туынды қаржы құралдары				
Шетел валютасын сатып алу-сату шарттары		-		27,177
		-		27,177
Саудаға арналған бағалы қағаздар				
Борыштық бағалы қағаздар				
Қазақстан Республикасының мемлекеттік облигациялары	3.88-9.6	542	2.38-9.6	4,093
Корпоративтік облигациялар	6.30-15	8,945	4.63-15.00	7,736
Борыштық бағалы қағаздар*				
Қазақстандық компаниялардың акциялары		2,754		1,036
Халықаралық компаниялардың акциялары		-		46
		12,241		12,911
«РЕПО» мәмілелері бойынша кепіл ауыртпалығы бар				
Қазақстан Республикасының мемлекеттік облигациялары	3.88-6.50	3,604	3.88-9.20	1,052

2019 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ БОЙЫНША ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ҚАТЫСТЫ ЕСКЕРТПЕЛЕР

ӨЗГЕРІСТЕРІ КЕЗЕҢ БОЙЫНША ПАЙДА НЕМЕСЕ ЗАЛАЛ ҚҰРАМЫНДА КӨРСЕТІЛЕТІН ӘДІЛ ҚҰНЫ БОЙЫНША БАҒАЛАНАТЫН ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ

АКТИВТЕР	Номиналды мөлшерлеме, %	2019 жылғы 31 желтоқсан	Номиналды мөлшерлеме, %	2018 жылғы 31 желтоқсан
Корпоративтік облигациялар	6.3-15.00	3,544	9.00-15.00	1,536
		7,148		2,588
		19,389		42,676
МІНДЕТТЕМЕЛЕР	Номиналды мөлшерлеме, %	2019 жылғы 31 желтоқсан	Номиналды мөлшерлеме, %	2018 жылғы 31 желтоқсан
Туынды қаржы құралдары				
Шетел валютасын сатып алу-сату шарттары		-		(12,668)
		-		(12,668)

* Меншік үлесі 1%-дан кем

Төмендегі кестеде 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша Standard and Poor's немесе басқа халықаралық рейтинг агенттіктерінің рейтингілері негізінде кредиттік сапа бойынша өзгерістері кезең бойынша пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар талдауы көрсетілген:

Рейтингісі бар:	Корпоративтік облигациялар	Қазақстан Республикасының мемлекеттік облигациялары	Барлығы
«BBB-» бастап «BBB+» дейін	2,584	4,146	6,730
«BBB-» бастап «BBB+» дейін	1,681	-	1,681
«B-» бастап «B+» дейін	8,224	-	8,224
	12,489	4,146	16,635

Төмендегі кестеде 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша Standard and Poor's немесе басқа халықаралық рейтинг агенттіктерінің рейтингілері негізінде кредиттік сапа бойынша өзгерістері кезең бойынша пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар талдауы көрсетілген:

Рейтингісі бар	Корпоративтік облигациялар	Қазақстан Республикасының мемлекеттік облигациялары	Барлығы
«BBB-» бастап «BBB+» дейін	131	5,145	5,276
«BB-» бастап «BB+» дейін	1,382	-	1,382
«B-» бастап «B+» дейін	7,759	-	7,759
	9,272	5,145	14,417

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР



Өзгерістері кезең бойынша пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық активтері мерзімінен кешіктірілген болып табылмайды.

15. ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР

	2019 жылғы 31 желтоқсан	2019 жылғы 31 желтоқсан
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	160,542	170,879
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық қаржылық активтер	4,355	6,911
Барлық инвестициялық бағалы қағаздар	164,897	177,790

Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар

	Номиналды мөлшерлеме, %	2019 жылғы 31 желтоқсан	Номиналды мөлшерлеме, %	2018 жылғы 31 желтоқсан
Борыштық бағалы қағаздар				
Қазақстан Республикасының мемлекеттік облигациялары	5.3-10.2	21,882	2.38- 10.2	42,110
Корпоративтік облигациялар	2.12-8.5	63,713	3.88-11.5	88,016
ҚРҰБ-ның дисконтталған ноталары		74,581		40,593
Үлестік бағалы қағаздар				
Қазақстандық компаниялардың акциялары		345		138
Халықаралық компаниялардың акциялары		21		22
		160,542		170,879

Барлық инвестициялық бағалы қағаздар кредиттік тәуекел деңгейінің 1-сатысына жатқызылған.

Амортизациялық құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар

	Номиналды мөлшерлеме, %	2019 жылғы 31 желтоқсан	Номиналды мөлшерлеме, %	2018 жылғы 31 желтоқсан
Борыштық бағалы қағаздар				
Қазақстан Республикасының мемлекеттік облигациялары	5.80-6.70	2,529	5.60-6.70	5,908
Корпоративтік облигациялар	8.5	1,826	8.0	1,009
		4,355		6,917
Қүтілетін кредиттік залалға бөлінген резерв		-		(6)
		4,355		6,911



16. БАНКТЕРДЕГІ ҚАРАЖАТ

Мерзімді депозиттер	2019 жылғы 31 желтоқсан	2018 жылғы 31 желтоқсан
ҚРҰБ-ғы шартты депозит	5,934	1,826
кредиттік рейтингісі бар		
«АА-» бастап «АА+» дейін	3,126	-
«ВВ-» бастап «ВВ+» дейін	-	1,014
«В-» бастап «В+» дейін	-	25,117
берілген кредиттік рейтингісі жоқ	50	3,907
Барлық мерзімді депозиттер, күтілетін кредиттік залалға бөлінген резервті шегергенге дейін	9,110	31,864
Күтілетін кредиттік залалға бөлінген резерв	(8)	(572)
Барлық мерзімді депозиттер	9,102	31,292

Кредиттік рейтингтер «Standard&Poor's» рейтинг агенттігінің стандарттарына сәйкес немесе басқа халықаралық рейтинг агенттіктерінің осыған ұқсас стандарттарына сәйкес ұсынылған.

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша банктердегі барлық ақша қаражаты кредиттік тәуекел деңгейінің 1-сатысына жатқызылған.

2018 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша 19,216 млн теңге мөлшеріндегі мерзімді депозит кредиттік тәуекел деңгейінің 2-сатысына жатқызылған, банктердегі қалған қаражат кредиттік тәуекел деңгейінің 1-сатысына жатқызылған.

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша ҚРҰБ-дағы шартты депозит «ҚДБ» АҚ пен «ДАМУ ҚДҚ» АҚ арасында жасалған кредиттік келісімдердің талаптарына сәйкес «Қазақстанның даму банкі» АҚ-тан («ҚДБ» АҚ) алынған 3,864 млн теңге (2018 жылғы 31 желтоқсанда: 1,183 млн теңге) және «ДАМУ» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-тан («ДАМУ ҚДҚ» АҚ) алынған 2,070 млн теңге (2018 жылғы 31 желтоқсанда: 643 млн теңге) мөлшеріндегі қаражатты қамтиды. Қаражат шағын және орта кәсіпорындарға арнайы жеңілдетілген талаптармен ұсынылатын кредит ретінде беріледі. Осы қаражат «ҚДБ» АҚ пен «ДАМУ ҚДҚ» АҚ мақұлдағаннан кейін ғана тиісінше шартты депозиттен алынуы мүмкін.

Банктердегі шоттар мен депозиттерді шоғырландыру

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша Топтың банктердегі қаражаты капиталының 10%-нан асатын, банктерде қалдықтары жоқ (2018 жылы: болған жоқ). 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша аталған контрагенттің қаражат қалдықтарының жиынтық мөлшері 19,216 млн теңгені құрады.

17. КЛИЕНТТЕР МЕН БАНКТЕРГЕ БЕРІЛГЕН НЕСИЕЛЕР

	2019 жылғы 31 желтоқсан	2018 жылғы 31 желтоқсан
Клиенттерге берілген несиелер	895,083	929,588
Есептелген сыйақы	54,904	65,092
	949,987	994,680

	2019 жылғы 31 желтоқсан	2018 жылғы 31 желтоқсан
Залалға бөлінген бағалау резервін шегергенде	(133,209)	(133,166)
Клиенттерге берілген барлық несиелер	816,778	861,514
Банктерге берілген несиелер	766	1,214
Есептелген сыйақы	4	4
Залалға бөлінген бағалау резервін шегергенде	(10)	(25)
Банктерге берілген барлық несиелер	760	1,193
Активке қатысуды жалғастыру	103,081	30,906
Кері РЕПО келісімдері бойынша берілген несиелер	61,771	75,071
Клиенттер мен банктерге берілген барлық несиелер	982,390	968,684

2019 жылғы 31 желтоқсанда және 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған он екі ай бойынша клиенттер мен банктерге берілген несиелер бойынша құнсыздануға бөлінген резервтердің қозғалысы туралы ақпарат б-ескертпеде көрсетілген.

Келесі кестеде 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша кредиттік өнімдердің түрлері туралы ақпарат көрсетілген:

	Залалға бөлінген резервті шегергенге дейінгі шама	Залалға бөлінген резерв	Баланстық құны
Корпоративтік клиенттерге берілген несиелер			
Корпоративтік қарыздар	464,524	(99,643)	364,881
Шағын және орта бизнес	135,627	(8,334)	127,293
Жеке тұлғаларға берілген несиелер			
Ипотекалық кредит беру	110,916	(8,427)	102,489
Тұтынушылық кредит	147,881	(10,029)	137,852
Бизнесі дамыту	83,325	(6,679)	76,646
Автокредит беру	7,714	(97)	7,617
	949,987	(133,209)	816,778

**2019 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ
БОЙЫНША ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ
ЕСЕПТІЛІККЕ ҚАТЫСТЫ ЕСКЕРТПЕЛЕР**

**КЛИЕНТТЕР МЕН БАНКТЕРГЕ БЕРІЛГЕН
НЕСИЕЛЕР**

Келесі кестеде 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша кредиттік өнімдердің түрлері туралы ақпарат көрсетілген:

	Залалға бөлінген резервті шегергенге дейінгі шама	Залалға бөлінген резерв	Баланстық құны
Корпоративтік клиенттерге берілген несиелер			
Корпоративтік қарыздар	480,027	(95,440)	384,587
Шағын және орта бизнес	125,432	(10,752)	114,680
Жеке тұлғаларға берілген несиелер			
Ипотекалық кредит беру	155,672	(8,524)	147,148
Тұтынушылық кредиттер	130,884	(9,189)	121,695
Бизнесті дамыту	95,901	(8,796)	87,105
Автокредит беру	6,764	(465)	6,299
	994,680	(133,166)	861,514



(а) Шағын және орта бизнеске берілген корпоративтік қарыздардың, несиелердің және жеке тұлғаларға берілген несиелердің сапасы

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша клиенттерге берілген несиелердің кредиттік сапасының талдауы төмендегіше көрсетілген:

Клиенттерге берілген несиелер	Корпоративтік қарыздар	Шағын және орта бизнес
Мерзімінен кешіктірілмеген несиелер	425,624	114,653
Мерзімінен кешіктірілген несиелер:		
мерзімінен 30 күнге дейін кешіктірілген	12,901	4,644
мерзімінен 31-60 күнге кешіктірілген	6,107	607
мерзімінен 61-90 күнге кешіктірілген	249	3,504
мерзімінен 91-180 күнге кешіктірілген	1,220	899
мерзімінен 180 күннен астам уақытқа кешіктірілген	18,423	11,320
Клиенттерге берілген барлық несиелер, күтілетін кредиттік залалға бөлінген резервті шегергенге дейін	464,524	135,627
Күтілетін кредиттік залалға бөлінген резерв	(99,643)	(8,334)
Клиенттерге берілген барлық несиелер, күтілетін кредиттік залалға бөлінген резервті шегергенде	364,881	127,293

2018 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша клиенттерге берілген несиелердің кредиттік сапасының талдауы төмендегіше көрсетілген:

Клиенттерге берілген несиелер	Корпоративтік қарыздар	Шағын және орта бизнес
Мерзімінен кешіктірілмеген несиелер	329,026	98,097
Мерзімінен кешіктірілген несиелер:		
мерзімінен 30 күнге дейін кешіктірілген	70,843	7,806
мерзімінен 31-60 күнге кешіктірілген	30,415	202
мерзімінен 61-90 күнге кешіктірілген	16,587	1,595
мерзімінен 91-180 күнге кешіктірілген	11,578	7,314
мерзімінен 180 күннен астам уақытқа кешіктірілген	21,578	10,418
Клиенттерге берілген барлық несиелер, күтілетін кредиттік залалға бөлінген резервті шегергенге дейін	480,027	125,432
Күтілетін кредиттік залалға бөлінген резерв	(95,440)	(10,752)
Клиенттерге берілген барлық несиелер, күтілетін кредиттік залалға бөлінген резервті шегергенде	384,587	114,680

Ипотекалық кредит беру	Тұтынушылық кредиттер	Бизнесті дамыту	Автокредит беру	Барлығы
86,209	118,343	63,370	7,407	815,606
3,552	4,635	3,145	61	28,938
1,433	1,737	410	13	10,307
1,092	1,258	490	12	6,605
1,598	2,329	1,290	13	7,349
17,032	19,579	14,620	208	81,182
110,916	147,881	83,325	7,714	949,987
(8,427)	(10,029)	(6,679)	(97)	(133,209)
102,489	137,852	76,646	7,617	816,778

Ипотекалық кредит беру	Тұтынушылық кредиттер	Бизнесті дамыту	Автокредит беру	Барлығы
122,470	95,753	67,864	6,080	719,290
13,297	9,997	6,503	87	108,533
2,130	1,559	527	37	34,870
2,892	5,493	681	40	27,288
1,570	1,322	4,262	44	26,090
13,313	16,760	16,064	476	78,609
155,672	130,884	95,901	6,764	994,680
(8,524)	(9,189)	(8,796)	(465)	(133,166)
147,148	121,695	87,105	6,299	861,514



(б) Күтілетін кредиттік залалға бөлінген резерв өзгерістерінің талдауы

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша кредиттік тәуекелдің 3-сатысына жіктеліп, корпоративтік клиенттерге берілген несиелердің құнсыздануына бөлінген резервтің көлемін белгілеген кезде басшылық пайдаланатын елеулі пайымдамаларға төмендегілер кіреді:

- басшылықтың операциялық қызметі тоқтатылмаған қарыз алушылардың қатары бойынша операциялық қызметтен күтілетін ақша ағымын бағалауы;
- басшылықтың іске асырған күні және төлемдер түсетін кезеңде кепілдік құнын бағалауы: қамсыздандыруды іске асырудан түскен түсімдерді алған кездегі кешіктіру орташа алғанда 36 айдан бастап 60 айға дейінгі мерзімді құрайды;
- кейбір қарыз алушылар бойынша 3-сатыда Топ алдындағы берешекті өтеу үшін жеткілікті болып табылатын операциялық ақша ағымдарын ұлғайту мақсатында ықтимал инвесторларды тарту күтіледі.

3-сатыға кіргізілген несиелер қарыз алушыларды оңалтуды, кепілдік қамсыздандыруды іске асыру есебінен өтеуге, соттың шешімі бойынша өндіріп алуға бағатталған шараларды қамтитын АСБ жүргізген тексерудің нәтижелері бойынша іс-шаралар жоспарына кірді. Жоспарға сәйкес Топ қарыз алушылардың келісілген тізбесі бойынша бес жыл бойы берешекті қайтаруды күтеді. Әзірленген іс-шаралар жоспары реттеушімен келісімге алу процесінде тұр. Осы жоспар бойынша Топ реттеушіге тоқсан сайынғы негізде жоспардың орындалу мәртебесі туралы есеп бере бастайды.

Корпоративтік клиенттерге және шағын және орта бизнеске берілген несиелер	2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған он екі ай бойынша			
	1-саты 12-айлық күтілетін кредиттік залал	2-саты Құнсызданған кредиттік болып табылмайтын активтер бойынша бүкіл мерзім ішіндегі күтілетін кредиттік залал	3-саты Құнсызданған кредиттік болып табылатын активтер бойынша бүкіл мерзім ішіндегі күтілетін кредиттік залал	Барлығы
Кезеңнің басындағы жай-күйі бойынша күтілетін кредиттік залалға бөлінген резерв сомасы	982	2,004	103,206	106,192
12-айлық күтілетін кредиттік залалға өту	5	(4)	(1)	-
Құнсызданған кредиттік болып табылмайтын активтер бойынша бүкіл мерзім ішіндегі күтілетін кредиттік залал	(1)	1,691	(1,690)	-
Құнсызданған кредиттік болып табылатын активтер бойынша бүкіл мерзім ішіндегі күтілетін кредиттік залал	(30)	(670)	700	-
Резерв құру /(резервті қайта қалпына келтіру)	(366)	(309)	24 012	23,337
Жаңадан құрылған немесе сатып алынған қаржылық активтер	513	6	153	672
Босату әсері	-	-	4,261	4,261

	2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған он екі ай бойынша			
	1-саты 12-айлық күтілетін кредиттік залал	2-саты Құнсызданған кредиттік болып табылмайтын активтер бойынша бүкіл мерзім ішіндегі күтілетін кредиттік залал	3-саты Құнсызданған кредиттік болып табылатын активтер бойынша бүкіл мерзім ішіндегі күтілетін кредиттік залал	Барлығы
Активтерді есептен шығару	-	-	(24,585)	(24,585)
Бұрын есептен шығарылған активтерді қайта қалпына келтіру	-	-	418	418
Бағам айырмасы	(19)	(51)	(2,248)	(2,318)
Кезең соңындағы жай-күйі бойынша күтілетін кредиттік залалға бөлінген резерв сомасы	1,084	2,667	104,226	107,977
Жеке тұлғаларға берілген несиелер				
Кезеңнің басындағы жай-күйі бойынша күтілетін кредиттік залалға бөлінген резерв сомасы	828	880	25,266	26,974
12-айлық күтілетін кредиттік залалға өту	2	(1)	(1)	-
Құнсызданған кредиттік болып табылмайтын активтер бойынша бүкіл мерзім ішіндегі күтілетін кредиттік залал	(90)	109	(19)	-
Құнсызданған кредиттік болып табылатын активтер бойынша бүкіл мерзім ішіндегі күтілетін кредиттік залал	(339)	(89)	428	-
Резерв құру /(резервті қайта қалпына келтіру)	(363)	302	15,675	15,614
Жаңадан құрылған немесе сатып алынған қаржылық активтер	1,941	92	16	2,049
Босату әсері	-	-	613	613
Активтерді есептен шығару	-	-	(20,787)	(20,787)
Бұрын есептен шығарылған активтерді қайта қалпына келтіру	-	-	972	972
Бағам айырмасы	(18)	(7)	(178)	(203)
Кезең соңындағы жай-күйі бойынша күтілетін кредиттік залалға бөлінген резерв сомасы	1,961	1,286	21,985	25,232



(б) Күтілетін кредиттік залалға бөлінген резерв өзгерістерінің талдауы, жалғасы

	2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған он екі ай бойынша			
	1-саты 12-айлық күтілетін кредиттік залал	2-саты Құнсызданған кредиттік болып табылмайтын активтер бойынша бүкіл мерзім ішіндегі күтілетін кредиттік залал	3-саты Құнсызданған кредиттік болып табылатын активтер бойынша бүкіл мерзім ішіндегі күтілетін кредиттік залал	Барлығы
Кезеңнің басындағы жай-күйі бойынша күтілетін кредиттік залалға бөлінген резерв сомасы	2,255	1,976	125,788	130,019
12-айлық күтілетін кредиттік залалға өту	3	(3)	-	-
Құнсызданған кредиттік болып табылмайтын активтер бойынша бүкіл мерзім ішіндегі күтілетін кредиттік залал	(40)	40	-	-
Құнсызданған кредиттік болып табылатын активтер бойынша бүкіл мерзім ішіндегі күтілетін кредиттік залал	(155)	(1,584)	1,739	-
Резерв құру /(резервті қайта қалпына келтіру)	(3,080)	749	20,037	17,706
Жаңадан құрылған немесе сатып алынған қаржылық активтер	1,985	796	-	2,781
Босату әсері (қайта есептелген)	-	-	4,863	4,863
Активтерді есептен шығару (қайта есептелген)	-	-	(51,401)	(51,401)
Бұрын есептен шығарылған активтерді қайта қалпына келтіру	-	-	247	247
Бағам айырмасы	14	30	1,933	1,977
Кезең соңындағы жай-күйі бойынша күтілетін кредиттік залалға бөлінген резерв сомасы	982	2,004	103,206	106,192

	2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған он екі ай бойынша			
	1-саты 12-айлық күтілетін кредиттік залал	2-саты Құнсызданған кредиттік болып табылмайтын активтер бойынша бүкіл мерзім ішіндегі күтілетін кредиттік залал	3-саты Құнсызданған кредиттік болып табылатын активтер бойынша бүкіл мерзім ішіндегі күтілетін кредиттік залал	Барлығы
Кезеңнің басындағы жай-күйі бойынша күтілетін кредиттік залалға бөлінген резерв сомасы	301	1,402	18,826	20,529
12-айлық күтілетін кредиттік залалға өту	1	(1)	-	-
Құнсызданған кредиттік болып табылмайтын активтер бойынша бүкіл мерзім ішіндегі күтілетін кредиттік залал	(28)	53	(25)	-
Құнсызданған кредиттік болып табылатын активтер бойынша бүкіл мерзім ішіндегі күтілетін кредиттік залал	(1,093)	(493)	1,586	-
Резерв құру /(резервті қайта қалпына келтіру)	838	(130)	8,763	9,471
Жаңадан құрылған немесе сатып алынған қаржылық активтер	791	40	-	831
Босату әсері (қайта есептелген)	-	-	628	628
Активтерді есептен шығару (қайта есептелген)	-	-	(6,277)	(6,277)
Бұрын есептен шығарылған активтерді қайта қалпына келтіру	-	-	1,266	1,266
Бағам айырмасы	18	9	499	526
Кезең соңындағы жай-күйі бойынша күтілетін кредиттік залалға бөлінген резерв сомасы	828	880	25,266	26,974



(в) Жалпы баланстық құнының өзгерістерінің талдауы

Бұдан әрі жыл ішінде клиенттерге берілген несиелердің жалпы баланстық құнының айтарлықтай өзгеруі залалға бөлінген бағалау резервінің өзгеруіне қалай әсер еткені жөнінде түсіндіріледі:

Корпоративтік клиенттерге және шағын және орта бизнес клиенттеріне берілген несиелер

- 2019 жылғы 12 ай ішінде клиенттерге берілген несиелердің көлемі корпоративтік клиенттердің және шағын және орта бизнес клиенттерінің несиелер портфелінің жалпы баланстық құнының 178,617 млн теңгеге өсуін көрсетті, 12 айлық негізде бағаланатын залалға бөлінген резерв сәйкесінше 519 млн теңгеге артты.
- 2019 жылғы 12 ай ішінде өтелген несиелердің көлемі корпоративтік клиенттердің және шағын және орта бизнес клиенттерінің несиелер портфелінің жалпы баланстық құнының 169,938 млн теңгеге төмендегенін көрсетті, 12 айлық негізде бағаланатын залалға бөлінген резерв сәйкесінше 407 млн теңгеге төмендеді.
- Жалпы баланстық құны 24,585 млн теңгені құрайтын кредиттерді есептен шығару дәл сол сомада 3-сатыға жатқызылған кредиттер бойынша залалға бөлінген бағалау резервінің азаюына әкеп соқты.

Жеке тұлғаларға берілген несиелер

- 2019 жылғы 12 ай ішінде клиенттерге берілген несиелердің көлемі бөлшекті сегменттің несиелер портфелінің жалпы баланстық құнының 52,556 млн теңгеге өсуін көрсетті, 12 айлық негізде бағаланатын залалға бөлінген резерв сәйкесінше 2,033 млн теңгеге артты.
- 2019 жылғы 12 ай ішінде өтелген несиелердің көлемі бөлшекті сегменттің несиелер портфелінің жалпы баланстық құнының 169,938 млн теңгеге төмендегенін көрсетті, 12 айлық негізде бағаланатын залалға бөлінген резерв сәйкесінше 476 млн теңгеге төмендеді.
- Жалпы баланстық құны 20,787 млн теңгені құрайтын кредиттерді есептен шығару дәл сол сомада 3-сатыға жатқызылған кредиттер бойынша залалға бөлінген бағалау резервінің азаюына әкеп соқты.

(г) Кредитті өтеу қабілеттілігін күшейту үшін қамсыздандыруға және басқа құралдарға талдау жасау

(і) Корпоративтік клиенттерге берілген несиелер

Корпоративтік клиенттерге берілген несиелер мәміленің түріне байланысты әртүрлі кепіл түрлерімен қамтамасыз етілген. Корпоративтік клиенттің, сонымен қатар шағын және орта бизнес клиентінің жалпы кредитті өтеу қабілеттілігі әдетте оған берілген несиелер сапасының аса маңызды көрсеткіші болып табылады. Оның үстіне, қамсыздандыру қосымша кепілдік болып табылады және Топ әдетте корпоративтік қарыз алушылар мен шағын және орта бизнестің қарыз алушыларынан оны ұсынуын талап етеді.

Кестеде қамсыздандыру туралы және корпоративтік клиенттерге және шағын және орта бизнес клиенттеріне берілген (залалға бөлінген резервті қоспағанда) несиелер бойынша кредиттің сапасын арттырудың басқа құралдары туралы ақпарат көрсетілген.

2018 жылғы 31 желтоқсан	Клиенттерге берілген несиелердің баланстық құны	Қамсыздандырудың әділ құны: есепті күнгі жай-күйі бойынша бағаланған қамсыздандыру үшін	Қамсыздандырудың әділ құны: несиелер берілген күнгі жай-күйі бойынша бағаланған қамсыздандыру үшін	Әділ құны белгіленбеген
Корпоративтік клиенттерге берілген несиелер				
Ақша қаражаты және депозиттер	841	841	-	-
Жылжымайтын мүлік	258,449	258,449	-	-
Көлік құралы	606	606	-	-
Жабдықтар	16,316	16,316	-	-
Корпоративтік кепілдіктер	29,892	-	-	29,892
Болашақтағы шарттар бойынша кіріс	12,793	-	-	12,793
Айналымдағы тауарлар	7,382	-	-	7,382
Жер қойнауын пайдалану құқығы	24,297	24,297	-	-
Басқа қамсыздандыру	4,323	-	4,323	-
Қамсыздандырусыз және несиелер сапасын арттыратын басқа құралсыз	9,982	-	-	9,982
Корпоративтік клиенттерге берілген барлық несиелер	364,881	300,509	4,323	60,049
Шағын және орта бизнес клиенттеріне берілген несиелер				
Ақша қаражаты және депозиттер	5,284	5,284	-	-
Жылжымайтын мүлік	106,023	106,023	-	-
Көлік құралы	760	760	-	-
Жабдықтар	3,667	3,667	-	-
Корпоративтік кепілдіктер	7,676	-	-	7,676
Айналымдағы тауарлар	397	-	-	397
Басқа қамсыздандыру	1,241	158	656	427

2019 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ БОЙЫНША ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ҚАТЫСТЫ ЕСКЕРТПЕЛЕР

КЛИЕНТТЕР МЕН БАНКТЕРГЕ БЕРІЛГЕН НЕСИЕЛЕР, ЖАЛҒАСЫ



2018 жылғы 31 желтоқсан	Клиенттерге берілген несиелердің баланстық құны	Қамсыздандырудың әділ құны: есепті күнгі жай-күйі бойынша бағаланған қамсыздандыру үшін	Қамсыздандырудың әділ құны: несиелер берілген күнгі жай-күйі бойынша бағаланған қамсыздандыру үшін	Әділ құны белгіленбеген
Қамсыздандырусыз және несиенің сапасын арттыратын басқа құралсыз	2,245	-	-	2,245
Шағын және орта бизнес клиенттеріне берілген барлық несиелер	127,293	115,892	656	10,745
Корпоративтік клиенттерге берілген барлық несиелер	492,174	416,401	4,979	70,794

2018 жылғы 31 желтоқсан	Клиенттерге берілген несиелердің баланстық құны	Қамсыздандырудың әділ құны: есепті күнгі жай-күйі бойынша бағаланған қамсыздандыру үшін	Қамсыздандырудың әділ құны: несиелер берілген күнгі жай-күйі бойынша бағаланған қамсыздандыру үшін	Әділ құны белгіленбеген
Корпоративтік клиенттерге берілген несиелер				
Ақша қаражаты және депозиттер	2,257	2,257	-	-
Жылжымайтын мүлік	276,848	276,848	-	-
Көлік құралы	492	492	-	-
Жабдықтар	9,753	9,753	-	-
Корпоративтік кепілдіктер	44,230	-	-	44,230
Болашақтағы шарттар бойынша кіріс	5,401	-	-	5,401
Айналымдағы тауарлар	6,325	-	-	6,325
Жер қойнауын пайдалану құқығы	3,372	3,372	-	-
Басқа қамсыздандыру	12,893	-	12,893	-
Қамсыздандырусыз және несиенің сапасын арттыратын басқа құралсыз	23,016	-	-	23,016
Корпоративтік клиенттерге берілген барлық несиелер	384,587	292,722	12,893	78,972

Шағын және орта бизнес клиенттеріне берілген несиелер				
Ақша қаражаты және депозиттер	2,587	2,587	-	-
Жылжымайтын мүлік	102,618	102,618	-	-
Көлік құралы	1,058	1,058	-	-
Жабдықтар	856	856	-	-
Корпоративтік кепілдіктер	4,201	-	-	4,201
Айналымдағы тауарлар	141	-	-	141
Басқа қамсыздандыру	1,682	-	1,682	-
Қамсыздандырусыз және несиенің сапасын арттыратын басқа құралсыз	1,537	-	-	1,537
Шағын және орта бизнес клиенттеріне берілген барлық несиелер	114,680	107,119	1,682	5,879
Корпоративтік клиенттерге берілген барлық несиелер	499,267	399,841	14,575	84,851

Бұрын келтірілген кестеде артық қамсыздандырудың құны көрсетілмеген. ҚРҰБ ұсынымдарына сәйкес болашақта жасалатын шарттар бойынша кірістер түріндегі қамсыздандыру жеткілікті болып табылмайды және резервтерді есептеген кезде пайдаланылмайды. 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша корпоративтік клиенттерге берілген, таза баланстық құны 12,793 млн теңгені (2018 жылғы 31 желтоқсанда: 5,401 млн теңгені) құрайтын несиелер болашақта жасалатын шарттар бойынша кірістермен қамтамасыз етілген.

Кестенің «Қамсыздандырусыз және несиенің сапасын арттырудың өзге құралдарынсыз» атты бабында көрсетілген сомаға қамтамасыз етілмеген несиелер және толық көлемде қамтамасыз етілмеген несиелердің бір бөлігі қосылады.

Несиелердің көп бөлігі үшін қамсыздандырудың әділ құны есепті күнгі жай-күйі бойынша белгіленген. Сондай-ақ Топтың ол бойынша қамсыздандырудың әділ құны несиелер берілген күні бағаланған және бұдан кейін қамсыздандырудың құнын бағалау жүргізілмеген, ол бойынша қамсыздандырудың әділ құны анықталмаған және анықталуға жатпайтын несиелері бар. Егер мұндай бағалау жүргізілген болса, қамсыздандырудың құны туралы ақпарат қай күні бағалау жүргізілгеніне байланысты ұсынылған.

Қамсыздандырудың бірнеше түрлері бар несиелер бойынша ақпарат құнсыздандыру бағалау үшін едәуір маңызды болып табылатын қамсыздандырудың түрі бойынша ашылады. Жеке тұлғалардан, мысалы, кәсіпорын қарыз алушыларының акционерлерінен алынған кепілдеме құнсыздандыру бағалау кезінде ескерілмейді.

Корпоративтік клиенттерге берілген кредиттік-құнсызданған кредиттер

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша клиенттерге берілген кредиттік-құнсызданған кредиттердің баланстық құны 99,160 млн теңгені (2018 жыл: 117,632 млн теңге) құрады, ал осы кредиттерге қатысты қолда бар қамсыздандырудың (негізінен коммерциялық жылжымайтын мүлік) құны артық қамсыздандырудың құнын қоспағанда, 99,160 млн теңгені (2018 жыл: 98,378 млн теңге) құрады. Әрбір кредит бойынша кепілдік қамсыздандырудың құны кредиттің баланстық құнымен шектелген.

Топ 2019 жыл ішінде кепілдік қамсыздандыруға қатысты қолданылатын саясатқа өзгерістер енгізген жоқ.

2019 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ БОЙЫНША ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ҚАТЫСТЫ ЕСКЕРТПЕЛЕР

КЛИЕНТТЕР МЕН БАНКТЕРГЕ БЕРІЛГЕН НЕСИЕЛЕР, ЖАЛҒАСЫ



(г) Кредитті өтеу қабілеттілігін күшейту үшін қамсыздандыруға және басқа құралдарға талдау жасау, жалғасы

(ii) Жеке клиенттерге берілген несиелер

Ипотекалық несиелер тиісті жылжымайтын тұрғын үймен қамтамасыз етілген. Бизнесі дамытуға берілген несиелер жылжымайтын мүлік кепілімен қамтамасыз етілген. Автомобиль сатып алуға берілген несиелер сәйкес автомобильдердің кепілімен қамтамасыз етілген. Тұтыну несиелері әдетте тиісті мүлік кепілімен, ал кейбір жағдайларда активтер, оған қоса жылжымайтын мүлік, ақша қаражаты және көлік құралдары кепілімен қамтамасыз етілген.

Ипотекалық кредиттер

Ипотекалық несиелер портфелінің құрамына таза баланстық құны 9,533 млн теңге (2018 жылғы 31 желтоқсанда: 16,310 млн теңге), ол бойынша қамсыздандырудың әділ құны тиісті несиелердің таза баланстық құнынан төмен болатын несиелер кіреді. Көрсетілген несиелер бойынша қамсыздандырудың әділ құны 5,196 млн теңгені (2018 жылғы 31 желтоқсанда: 7,723 млн теңгені) құрайды.

Басшылық таза баланстық құны 92,956 млн теңге (2018 жылғы 31 желтоқсанда: 130,838 млн теңге) болатын ипотекалық несиелер бойынша қамсыздандырудың әділ құны, кем дегенде тиісті несиелердің есепті күнгі жай-күйі бойынша баланстық құнына тең болады деп есептейді.

Автокредиттеу

Автокредиттеу портфелінің құрамына таза баланстық құны 48 млн теңге (2018 жылғы 31 желтоқсан: 51 млн теңге) болатын несиелер қосылған, олар бойынша қамсыздандырудың әділ құны сәйкес несиелердің таза баланстық құнынан аз болады. Көрсетілген несиелер бойынша қамсыздандырудың әділ құны 12 млн теңгені (2018 жылғы 31 желтоқсан: 13 млн теңге) құрайды.

Басшылық таза баланстық құны 7,569 млн теңге (2018 жылғы 31 желтоқсан: 6,248 млн теңге) болатын автокредиттеу бойынша қамсыздандырудың әділ құны кем дегенде тиісті несиелердің есепті күнгі жай-күйі бойынша баланстық құнына тең болады деп есептейді.

Тұтынушылық кредиттер

Тұтынушылық кредиттер портфелінің құрамына таза баланстық құны 67,025 млн теңге (2018 жылғы 31 желтоқсан: 26,132 млн теңге) болатын несиелер қосылған, олар бойынша қамсыздандырудың әділ құны сәйкес несиелердің таза баланстық құнынан аз болады. Көрсетілген несиелер бойынша қамсыздандырудың әділ құны 2,651 млн теңгені (2018 жылғы 31 желтоқсан: 5,846 млн теңге) құрайды.

Басшылық таза баланстық құны 70,827 млн теңге (2018 жылғы 31 желтоқсан: 95,563 млн теңге) болатын тұтынушылық несиелер бойынша қамсыздандырудың әділ құны кем дегенде тиісті несиелердің есепті күнгі жай-күйі бойынша баланстық құнына тең болады деп есептейді.

Бизнесі дамыту


Бизнесі даму портфелінің құрамына таза баланстық құны 4,877 млн теңгені (2018 жылғы 31 желтоқсанда: 6,923 млн теңге) құрайтын және қамсыздандыруының әділ құны тиісті несиелердің таза баланстық құнынан төмен болатын несиелер кіреді. Көрсетілген несиелер бойынша қамсыздандырудың әділ құны 2,048 млн теңгені (2018 жылғы 31 желтоқсанда: 3,379 млн теңгені) құрайды.

Басшылық таза баланстық құны 71,769 млн теңге (2018 жылғы 31 желтоқсанда: 80,182 млн теңге) болатын даму бизнесі несиелері бойынша қамсыздандырудың әділ құны, кем дегенде тиісті несиелердің есепті күнгі жай-күйі бойынша баланстық құнына тең болады деп есептейді.

Жеке клиенттерге берілген кредиттік-құнсызданған кредиттер

Келесі кестеде кредит сомасы мен кепілдік қамсыздандыру құнының ара қатынасы есепке алынып («LTV коэффициенті»), жеке клиенттерге берілген кредиттік-құнсызданған кредиттер туралы ақпарат көрсетілген. LTV коэффициенті кредиттің жалпы баланстық құнының қамсыздандыру құнына ара қатынасы ретінде есептеледі. Кепілдік қамсыздандыру құнын бағалау осы қамсыздандыруды алуға және сатуға байланысты кез келген шығындарды қоспайды. Кредиттік-құнсызданған кредиттер үшін кепіл құны ең соңғы жүргізілген бағалаулардың негізінде белгіленеді.

Кредиттік-құнсызданған кредиттер Кредит сомасының кепілдік қамсыздандыру құнына арақатынасы (LTV коэффициенті)



Алынып қойылған қамсыздандыру

2019 жыл ішінде Топ клиенттерге берілген кредиттердің қамсыздандыруын бақылауға рұқсат алу арқылы таза баланстық құны 6,126 млн теңге (2019 жылғы 31 желтоқсан: 5,046 млн теңге) мөлшерінде бірқатар активтерді сатып алды. 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша алынып қойылған қамсыздандырудың мөлшері 48,917 млн теңгені (2018 жылғы 31 желтоқсан: 51,375 млн теңге) құрады (19-ескертпе).

(д) Кредиттік портфельді талдау

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша Топтың кредиттер бойынша қалдықтары капиталдың 10%-нан аса мөлшерін құрайтын 10 қарыз алушысы немесе өзара байланысты қарыз алушылар тобы (2018 жылғы 31 желтоқсанда: 14) бар. Аталған контрагенттердің несиелерінің жиынтық көлемі 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша 200,063 млн теңгені (2018 жылғы 31 желтоқсанда: 276,797 млн теңгені) құрады.

2019 жылғы 31 желтоқсандағы және 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша клиенттерге берілген несиелердің құрамына талаптары қайта қарастырылған, сәйкесінше 64,359 млн теңге және 76,716 млн теңге сомасында несиелер қосылған. Кері жағдайда, бұл несиелер мерзімінен кешіктірілуі немесе құнсыздануы мүмкін.

Кредиттерді экономика салалары және географиялық өңірлер бойынша талдау

Несиелер көбінесе Қазақстан Республикасының аумағында экономиканың келесі салаларында қызмет ететін клиенттерге берілді:

	2019 жылғы 31 желтоқсан	2018 жылғы 31 желтоқсан
Жеке тұлғалар	349,836	389,221
Сауда	109,829	128,162
Жылжымайтын мүлікті жалдау	99,223	110,861
Өндіріс	49,858	40,390
Мұнай және газ өнеркәсібі	40,840	20,354
Көлік және телекоммуникация	40,366	39,890
Тұрғын үй құрылысы	40,442	30,391
Өнеркәсіп құрылысы	39,916	42,432
Тамақ өнеркәсібі	34,012	34,059
Энергетика	30,783	32,498

2019 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ БОЙЫНША ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ҚАТЫСТЫ ЕСКЕРТПЕЛЕР

КЛИЕНТТЕР МЕН БАНКТЕРГЕ БЕРІЛГЕН НЕСИЕЛЕР, ЖАЛҒАСЫ



Жабдықты тасымалдау және оған қызмет көрсету бойынша қызметтер	28,272	34,881
Ауыл шаруашылығы	20,320	22,123
Қаржы қызметі	2,923	5,815
Басқа	63,367	63,603
Барлығы	949,987	994,680
Күтілетін кредиттік залалға бөлінген резерв	(133,209)	(133,166)
	816,778	861,514

2019 жылғы 31 желтоқсандағы және 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша қамсыздандыру ретінде алынған активтердің әділ құны мен кері РЕПО келісімдерінің баланстық құны төмендегіні құрады:

Қазақстан Республикасының мемлекеттік облигациялары	2019 жылғы 31 желтоқсан		2018 жылғы 31 желтоқсан	
	Несиелердің баланстық құны	Қамсыздандырудың әділ құны	Несиелердің баланстық құны	Қамсыздандырудың әділ құны
Қазақстан	52,262	53,164	66,116	66,263
Басқа	9,509	11,928	8,955	13,316
	61,771	65,092	75,071	79,579

(е) Несиелерді өтеу мерзімі

Есепті күнгі жай-күйі бойынша кредиттік портфельді құрайтын несиелерді өтеу мерзімі 27-ескертпеде берілген және есепті күннен бастап кредиттік шарттар бойынша өтеу күніне дейінгі уақыт кезеңін білдіреді. Топ беретін несиелердің қысқа мерзімді сипаттамасын ескерсек, көрсетілген несиелердің бір бөлігінің мерзімі ұзартылуы мүмкін. Сәйкесінше несиелерді өтеудің нақты мерзімі кредиттік шарттарда көрсетілген өтеу мерзімдерінен айтарлықтай ерекшеленуі мүмкін.

(ж) Активке қатысуды жалғастыру

Қазақстан Республикасы Президентінің «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» атты халыққа үндеуінде көрсетілген «Әрбір отбасына баспана алудың жаңа мүмкіндіктерін беру» атты бірінші бастаманың міндеттерін іске асыру мақсатында, ҚРҰБ 2018 жылғы 31 мамырдағы Қаулысына сәйкес «7-20-25. Әрбір отбасына баспана алудың жаңа мүмкіндіктерін беру» бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) бекітілді. Осы бағдарламаны іске асыру мақсатында «Баспана» ипотекалық ұйымы» АҚ (бұдан әрі – «Оператор») құрылды.

Осы Бағдарлама қазақстандықтарға екінші деңгейдегі банктер (ЕДБ) арасындағы ипотекалық қарыздар бойынша қолданыстағы талаптармен салыстырғанда едәуір бейілді талаптармен бірінші нарықта меншігіне жылжымайтын мүлік сатып алуға мүмкіндік берді.

Банк Бағдарламаның талаптарына сәйкес келетін қарыз береді: банктік қарыз шарттарына Қарыз алушының кредитті өтеу міндеттері мен жауапкершілігін қосады; өтем жасау кестесін белгілейді және әр қарыз бойынша ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес ақпарат пен құжаттарды қамтитын кредиттік досье жүргізуді қамтамасыз етеді.

Қарыз бергеннен кейін Банк келісімге сәйкес Операторға құжаттарды тапсыру арқылы 10 жұмыс күні ішінде 1 рет қарыздар бойынша талап ету құқығын тапсыруы тиіс.

Бағдарламаға және Оператормен жасалған Сенімгерлікпен басқару шартына сәйкес Банк берілген қарыздар бойынша сенімгерлікпен басқаруды жүзеге асырады және кредиттік досьені тиісті дәрежеде сақтауды қамтамасыз етеді. Сенімгерлікпен басқару үшін төленетін сыйақы Сенімгерлікпен басқару

шартында белгіленген мөлшерде және мерзімде төленеді және әр айдың соңындағы активтердің баланстық құнының 4% құрайды. Қарыз алушылар пайыздық сыйақыны ішінара төлеген жағдайда сенімгерлікпен басқару үшін төленетін сыйақы төленген пайыздарға пропорционалды түрде есептеледі.

Банк кредиттер бойынша негізгі борыш пен сыйақы 90 күнтізбелік күннен астам мерзімге кешіктірілген кезде берілген ипотекалық кредиттер бойынша талап ету құқығын кері сатып алуға міндетті.

Бағдарлама бойынша кредит беру талаптары:

- Сыйақының жылдық номиналды мөлшерлемесі: 7%;
- Кредиттеу мерзімі: 25 жылға дейін; бастапқы жарна: кепілге берілетін тұрғын үй құнының 20%-нан төмен не жоғары болмауы қажет;
- Сатып алынатын тұрғын үйдің ең жоғарғы құны: Астана, Алматы, Атырау, Ақтау, Шымкент қалалары үшін - 25 млн теңге және ҚР басқа қалалары үшін - 15 млн теңге;
- Кепілдік қамсыздандыру: бірінші нарықта сатып алынатын жылжымайтын мүлік;
- Қарыз беру және оған қызмет көрсету үшін алынатын комиссия: алынбайды;
- Бағдарлама бойынша қарыз алу үшін жеке тұлға келесі талаптарға сәйкес келуі тиіс:
 - Қазақстан Республикасының азаматы болуы тиіс;
 - расталған кірісі болуы тиіс;
 - ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша өтелмеген берешегі болмауы тиіс;
 - төмендегілерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағында жеке меншік құқығымен тиесілі тұрғын үйдің болмауы: отбасының әрбір мүшесі үшін пайдалы ауданы 15 шаршы метрден төмен болатын жатақханаларда бөлменің болуы; құлауға (бұзылуға) жақын апатты жағдайдағы тұрғын үйлердің болуы, бұл аталған тұрғын үй орналасқан жердің жергілікті атқарушы органының анықтамасына сәйкес расталуы қажет.

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша «7-20-25» бағдарламасы бойынша 106,000 млн теңгеден астам сомаға 10,101 қарыз берілді (2018 жылы: 32,000 млн теңгеден астам сомаға 2,733 қарыз берілді).

Қазақстандықтардың тұрғын үй сатып алу мүмкіндіктерінің ауқымын кеңейту мақсатында 2018 жылғы 28 желтоқсанда Банк «Баспана Хит» тұрғын үй алуға ипотекалық кредит беру бағдарламасын іске қосты. Аталған бағдарлама бойынша бірінші, сонымен қатар екінші тұрғын үй нарығында жылжымайтын мүлік сатып алу үшін қарыз беру көзделген.

«Баспана Хит» бағдарламасы бойынша кредит беру талаптары:

- Сыйақы мөлшерлемесі келесі формула бойынша есептеледі: ҚР Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі + 175 базистік тармақ;
- Кредиттеу мерзімі: 15 жылға дейін; бастапқы жарна: сатып алынатын тұрғын үй құнының кемінде 20%;
- Сатып алынатын тұрғын үйдің ең жоғарғы құны; Астана, Алматы, Атырау, Ақтау қалалары үшін - 25 млн теңге, ҚР басқа өңірлері үшін - 15 млн теңге;
- Бағдарлама бойынша қарыз алу үшін жеке тұлға келесі талаптарға сәйкес келуі тиіс:
 - Қазақстан Республикасының азаматы болуы тиіс;
 - расталған кірісі болуы тиіс;
 - ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша өтелмеген берешегі болмауы тиіс.

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша Банк «Баспана Хит» бағдарламасы бойынша жалпы сомасы 30,023 млн теңгеге 3,497 кредит берді (Банк 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша 22 млн теңгеден аса сомаға 4 кредит берді).

2019 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ БОЙЫНША ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ҚАТЫСТЫ ЕСКЕРТПЕЛЕР

НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР ЖӘНЕ МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕР

(з) Қаржылық активтерді беру

2019 жыл ішінде Топ жыл соңында қалдығы 103,081 млн теңгені (2018 жыл: 30,906 млн теңге) құраған ипотекалық кредиттер портфелін олардың баланстық құны бойынша сатты және сатып алушыға егер кредиттер 90 күннен астам мерзімге кешіктірілетін болса, жеке кредиттерді кері сатып алуға немесе ауыстыруға кепілдік берді. Кері сатып алу немесе ауыстыру сомасы шектелмейді. Кері сатып алу қарыздың сатып алынған күнгі номиналдық құны (негізгі борыш пен есептелген сыйақының төленбеген сомасы) бойынша жүзеге асырылады.

Топ берілген активтерге меншік құқығына байланысты барлық тәуекелдер мен пайданы бермегенін және өзінде сақтамағанын, әсіресе кредиттік тәуекелді бермегенін, бірақ берілген активтерге бақылау жасау құқығын сақтағанын белгіледі және активтерге қатысуды жалғастыру көлемінде кредиттерді тануды жалғастырады. Топтың активтерге қатысуын жалғастыруы берілген актив бойынша кепілдік нысанын қабылдайтындықтан, Топтың активтерге қатысуын жалғастыру көлемі Топ кері қайтаруға міндетті болуы мүмкін алынған өтемнің ең жоғарғы сомасы мөлшерінде белгіленеді. Топ кепілдіктің құнын айтарлықтай жоғары деп есептейді және бұл кепілдік Оператордың өзіне берілген активті сатуына жол бермейді, өйткені бұл сатудың мақсаттылығы болмайды.

Топтың аталған берілген портфельге қатысуын жалғастыруы 103,082 млн теңге мөлшерінде клиенттерге ұсынылған несиелер құрамында қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есепте көрсетілген (17-ескертпе), бұл өзге міндеттемелер құрамына қосылған қатысуды жалғастырудан болатын сәйкес міндеттемеге тең (24-ескертпе).

Топ ипотекалық кредиттердің берілген портфельдерінің баланстық құны оның әділ құнын көрсететінін белгіледі.

18. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР ЖӘНЕ МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕР

	Ғимараттар мен құрылыстар	Жиһаз және жабдықтар	Аяқталмаған құрылыс	Материалдық емес активтер	Барлығы
Қайта бағаланған/ бастапқы құны					
2018 жылғы 1 қаңтар	31,010	13,992	105	9,339	54,446
Сатып алу	2	3,205	245	2,622	6,074
Аудару	(5,900)	5	(92)	-	(5,987)
Істен шығу	-	(1,752)	(11)	(448)	(2,211)
2018 жылғы 31 желтоқсан	25,112	15,450	247	11,513	52,322
Сатып алу	831	4,074	1,375	1,007	7,287
Аудару	120	6	(126)	-	-
Істен шығу	(151)	(959)	-	(1,765)	(2,875)
2019 жылғы 31 желтоқсан	25,912	18,571	1,496	10,755	56,734

ӨЗГЕ АКТИВТЕР



	Ғимараттар мен құрылыстар	Жиһаз және жабдықтар	Аяқталмаған құрылыс	Материалдық емес активтер	Барлығы
Жинақталған тозу, амортизация және құнсыздану					
2018 жылғы 1 қаңтар	(393)	(8,887)	-	(4,346)	(13,626)
Бір жыл ішіндегі есептеулер	(269)	(1,376)	-	(801)	(2,446)
Істен шығу	153	1,733	-	447	2,333
2018 жылғы 31 желтоқсан	(509)	(8,530)	-	(4,700)	(13,739)
Бір жыл ішіндегі есептеулер	(234)	(1,730)	-	(939)	(2,903)
Істен шығу	5	922	-	37	964
2019 жылғы 31 желтоқсан	(738)	(9,338)	-	(5,602)	(15,678)
Таза баланстық құны					
2018 жылғы 31 желтоқсан	25,174	9,233	1,496	5,153	41,056
2019 жылғы 31 желтоқсан	24,603	6,920	247	6,813	38,583

Материалдық емес активтер бағдарламалық қамсыздандыруды, патенттерді және лицензияларды қамтиды.

2017 жыл ішінде Топ өзінің ғимараттары мен құрылыстарын қайта бағалады. Бағалауды тәуелсіз бағалаушылар жүргізді. Тәуелсіз бағалаушылар негізгі құралдардың әділ құнын анықтаған кезде, екі тәсілді пайдаланды – белсенді нарық талаптарымен ғимараттар мен құрылыстардың әділ құнын анықтау үшін нарықтық ақпаратты қолдану арқылы салыстыру тәсілі және қайта бағаланатын объектілер үшін белсенді нарық болмаған кезде шығындық тәсіл. 2019 жылғы 31 желтоқсандағы және 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша ғимараттар мен құрылыстардың әділ құнының жалпы сомасы сәйкесінше 25,174 млн теңгені және 24,603 млн теңгені құрады. Егер Топтың ғимараттары мен құрылыстары бастапқы бағасы бойынша бағаланатын болса, олардың баланстық құны 2019 жылғы 31 желтоқсандағы және 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша сәйкесінше 18,735 млн теңгені және 18,164 млн теңгені құрайтын еді.

Ғимараттар мен құрылыстардың әділ құны әділ құн сатысының 2-ші және 3-деңгейіне жатады.

19. ӨЗГЕ АКТИВТЕР

	2019 жылғы 31 желтоқсан	2018 жылғы 31 желтоқсан
Өзге қаржылық активтер		
Дебиторлық берешек	4,052	3,873
Есептелген комиссия	8,246	8,122
Вестерн Юнион және басқа электрондық ақша аударымдары	335	164
	12,633	12,159

ӨЗГЕ АКТИВТЕР

	2019 жылғы 31 желтоқсан	2018 жылғы 31 желтоқсан
Күтілетін кредиттік залалға бөлінген резерв	(2,476)	(1,388)
	10,157	10,771
Басқа қаржылық емес активтер		
Алынып қойылған қамсыздандыру	48,917	51,375
Алынып қойылған қамсыздандыру бойынша алынуда тиісті төлем	4,884	3,688
Инвестициялық жылжымайтын мүлік	11,490	10,587
Төленген аванстар	4,249	3,323
Табыс салығынан басқа өтелетін салық	2,047	1,919
Тауарлық-материалдық қорлар	36	40
Басқа активтер	1,124	408
	72,747	71,340
Күтілетін кредиттік залалға бөлінген резерв	(880)	-
	71,867	71,340
	82,024	82,111

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша 10,074 млн теңге мөлшеріндегі басқа қаржылық активтер кредиттік тәуекел деңгейінің 1-сатысына жатқызылды (2018 жылғы 31 желтоқсан: 8,905 млн теңге), сәйкесінше 869 млн теңге және 1,690 млн теңге кредиттік тәуекел деңгейінің 2 және 3-сатыларына жатқызылды (2018 жылғы 31 желтоқсан: сәйкесінше 517 млн теңге және 2,737 млн теңге).

Басқа қаржылық активтер бойынша күтілетін кредиттік залалға бөлінген резервті өзгерту келесі тәсілмен көрсетілген:

	1-саты	2-саты	3-саты	Барлығы
2019 1 қаңтардағы жай-күйі бойынша қалдық	-	-	(1,388)	(1,388)
Залалға бөлінген бағалау резервінің таза өзгерісі	(716)	(70)	(394)	(1,180)
Есептен шығару	-	-	92	92
31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша қалдық	(716)	(70)	(1,690)	(2,476)
2018 1 қаңтардағы жай-күйі бойынша қалдық	-	-	(1,747)	(1,747)
Залалға бөлінген бағалау резервінің таза өзгерісі	-	-	359	(359)
31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша қалдық	-	-	(1,388)	(1,388)

БАНКТЕРДІҢ ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ҚАРАЖАТЫ МЕН НЕСИЕЛЕРІ



Алынып қойылған қамсыздандыру. Алынып қойылған қамсыздандырудың құрамына Топ құнсызданған несиелер бойынша өзінің міндеттемелерінің орнына қабылдаған жылжымайтын мүлік түріндегі қамсыздандыру кіреді. Осы активтер бастапқыда әділ құны бойынша есепке алынады және кейін сатуға арналған шығысты есептен шығарғандағы әділ құны мен баланстық құнының қайсысы аз болса, сол бойынша есепке алынады. Топтың саясаты аталған активтерді барынша қысқа мерзімде сатуды көздейді.

Алынып қойылған қамсыздандыру бойынша алынуда тиісті төлем. Алынып қойылған қамсыздандыру бойынша төлем сатып алу процесі аукцион өткізу арқылы жүргізілетін алынып қойылған мүлік бойынша алдын ала төлем түрінде көрсетілген.

Инвестициялық жылжымайтын мүліктің әділ құны нарықтық салыстыру әдісінің негізінде айқындалды, ол осыған ұқсас жылжымайтын мүлік бойынша жүргізілген соңғы транзакция бағасын көрсетеді, сонымен қатар 2019 жылғы 31 желтоқсандағы және 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша сәйкесінше 13,535 млн теңгені және 12,253 млн теңгені құрады.

Инвестициялық меншіктің әділ құны әділ құн сатысының 3-деңгейіне жатады.

2019 жылғы 31 желтоқсанда және 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдар бойынша жалға беруден түсетін кірістің құрамына қосылған инвестициялық жылжымайтын мүліктен түсетін кіріс сәйкесінше 552 млн теңгені және 400 млн теңгені құрады.

Топ 2019 жылғы 31 желтоқсанда және 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдар бойынша инвестициялық жылжымайтын мүлікті жалға беруден кіріс алған осы мүлікке байланысты операциялық шығыс сәйкесінше 410 млн теңгені және 179 млн теңгені құрады.

20. БАНКТЕРДІҢ ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ҚАРАЖАТЫ МЕН НЕСИЕЛЕРІ

	Номиналды пайыздық мөлшерлеме, %	2019 жылғы 31 желтоқсан	Номиналды пайыздық мөлшерлеме, %	2018 жылғы 31 желтоқсан
Банктер мен қаржы ұйымдарынан алынған ұзақ мерзімді несиелер	1.00-9.80	52,366	1.00-9.80	62,577
Мерзімсіз қаржы құралдары	7.93	29,652	8.34	30,056
Халықаралық кредиттік ұйымдардан алынған қарыздар	7.80-9.45	16,841	8.50-10.00	16,920
Банктердің корреспонденттік шоттары		7,688	-	10,201
ҚРҰБ-дан алынған қарыз	9.25	74	5.50	90
Жинақталған пайыздық шығыс		629		979
		107,250		120,823
РЕПО келісімдері бойынша алынған несиелер	9.25-10.85	6,406	8.50-11.00	4,827
		113,656		125,650

Банктер мен қаржы ұйымдарынан алынған ұзақмерзімді несиелер несиелер. 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша банктер мен қаржы ұйымдарынан алынған ұзақмерзімді несиелер «ДАМУ»

2019 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ БОЙЫНША ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ҚАТЫСТЫ ЕСКЕРТПЕЛЕР

БАНКТЕРДІҢ ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ҚАРАЖАТЫ МЕН НЕСИЕЛЕРІ

кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-тан (бұдан әрі – «ДАМУ») және «Қазақстанның даму банкі» АҚ-тан (бұдан әрі – «ҚДБ» АҚ) 2020-2035 жылдары өтеу мерзімімен жылдық 1%-9,08%-бен 36,540 млн теңге мөлшерінде және сәйкесінше 2034-2037 жылдары өтеу мерзімімен жылдық 1%-2%-бен 15,807 млн теңге мөлшерінде алынған ұзақ мерзімді несиелер ретінде көрсетілген (2018 жылғы 31 желтоқсанда: сәйкесінше 48,079 млн теңге және 14,483 млн теңге). 2019 және 2018 жылдардың ішінде Топ белгіленген өтеу кестесіне сәйкес негізгі борыш пен сыйақы төлемдерін жүргізді.

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде Топ «ҚДБ» АҚ-тан 2034-2037 жылдардағы өтеу мерзімімен жылдық 1-2%-бен 3,189 млн теңге мөлшерінде (2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша: 445 млн теңге) ұзақ мерзімді қарыздардың қосымша траншын алды. Қарыз кейін өңдеуші өнеркәсіп секторында операция жүргізетін ірі кәсіпкерлік субъектілерін (бұдан әрі – «ІКС») қаржыландыру үшін және кейін жеке тұлға – Қазақстанда өндірілген жеңіл автокөлікті сатып алушыларға кредит беру үшін алынды.

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде Топ «ДАМУ» АҚ-тан жылдық 1%-бен 1,096 млн теңге мөлшерінде ұзақ мерзімді қарыз алды, сонымен қатар 2025 жылы өтеу мерзімімен жылдық 4,5%-бен 378 млн теңге мөлшерінде қосымша транш алды. 2019 жыл ішінде Топ «ДАМУ» АҚ-тан жылдық 7%-бен 11,111 млн теңге сомасында алынған ұзақ мерзімді қарызды төледі.

2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде Топ «ДАМУ» АҚ-тан 2020 жылы өтеу мерзімімен жылдық 9,08%-бен 13,289 млн теңге, 2025 жылы өтеу мерзімімен жылдық 4,5%-бен 700 млн теңге және жылдық 1%-бен 400 млн теңге мөлшерінде ұзақ мерзімді қарыз алды.

«ДАМУ» АҚ-тан алынған қарыздар Үкімет бекіткен белгілі бір салалардың шағын және орта кәсіпкерлік (бұдан әрі – «ШОК») субъектілерін қаржыландыру бағдарламасына («Бағдарлама») сәйкес алынды. «ДАМУ» АҚ пен Топ арасында жасалған кредиттік келісімге сәйкес Топ Бағдарламаға қатысуға құқығы бар ШОК субъектілеріне маржасы 4% мөлшерлемен және 10 жылдан аспайтын өтеу мерзімімен қарыз береді. Топтың «ДАМУ» АҚ-қа қарызды төлеу міндеттемелері ШОК субъектілеріне берілген несиелердің қайтарылуына байланысты емес. Топ «ДАМУ» АҚ-тан ақша қаражатын алғаннан кейін 3-9 ай ішінде қарыздың игерілмеген сомасының 15%-ы мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

Топ басшылығы жылдық 1-2% мөлшерлемен «ДАМУ» АҚ-тан және «ҚДБ» АҚ-тан және «Аграрлық Кредит Корпорациясы» АҚ-тан алынған қаржы құралдарының, осы тәріздес қарыздардың болмайтындығын айтады және қарыз алушылар – ІКС және ШОК субъектілері қызметінің өзіндік ерекшеліктерінің болуына байланысты аталған әнім жеке нарық ретінде қарастырылады деп есептейді. Осылайша, «ДАМУ» АҚ-тан, «ҚДБ» АҚ-тан және «Аграрлық Кредит Корпорациясы» АҚ-тан жылдық 1-2% мөлшерлемен алынған қарыздар ұйымдастырылған нарықта жүзеге асырылған операция болып табылады және сәйкесінше танылған күнгі әділ құнымен есепке алынған.

Мерзімсіз қаржы құралдары. Банк 100 млн АҚШ доллары номиналдық құны бойынша 2016 жылғы 3 наурыздан бастап пайыз төленетін кез келген күні ішінара емес, толық өтеу құқығымен 2006 жылғы наурызда мерзімсіз кумулятивті емес қаржы құралдарын шығарды. Пайыз төлеу күні – жыл сайын 3 наурыз, 3 маусым, 3 қыркүйек және 3 желтоқсан.

Халықаралық кредиттік ұйымдардан алынған қарыздар. Халықаралық кредиттік ұйымдардан алынған қарыздар ретінде «Еуропалық қайта құру және даму банкі» АҚ-тан 2020-2022 жылдары өтеу мерзімімен жылдық 7,8%-9,45%-бен алынған қарыздар көрсетілген.

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде Топ «Еуропалық қайта құру және даму банкі» АҚ-тан 2022 жылы өтеу мерзімімен жылдық 7,8%-бен 8,651 млн теңге сомасында қарыз алды. 2019 жыл ішінде Топ белгіленген өтеу кестесіне сәйкес жалпы сомасы 10,448 млн теңге мөлшерінде негізгі борыш пен сыйақы төлемдерін жүргізді.

2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде Топ «Еуропалық қайта құру және даму банкі» АҚ-тан 2021 жылы өтеу мерзімімен жылдық 8,5%-бен 8,335 млн теңге сомасында қарыз алды. 2018 жыл ішінде Топ белгіленген өтеу кестесіне сәйкес жалпы сомасы 8,860 млн теңге мөлшерінде негізгі борыш пен сыйақы төлемдерін жүргізді.

КЛИЕНТТЕР МЕН БАНКТЕРДІҢ ҚАРАЖАТЫ



Топ жоғарыда көрсетілген банктер мен қаржы ұйымдарының қаражаты мен несиелерінің талабын орындау бойынша белгілі бір қаржылық коэффициенттерді сақтауға міндетті. Бұл ковенанттарға келісілген коэффициенттер, міндеттемелердің меншікті капиталға арақатынасы сияқты және қаржы нәтижелері үшін пайдаланылатын басқа да коэффициенттер кіреді. 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша, сондай-ақ 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша Топ міндеттемелер бойынша бұзушылықтарға жол берген жоқ.

2019 жылғы 31 желтоқсандағы және 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша банктер мен қаржы ұйымдарының қаражаттары мен несиелері 2010 жылғы және сәйкесінше 2019 жылғы қаңтарда өтелген, РЕПО келісімдері бойынша 6,406 млн теңге және 4,827 млн теңге сомасына алынған несиелерді қамтыды. РЕПО келісімдері бойынша қамсыздандыру ретінде берілген активтердің әділ құны 2019 жылғы 31 желтоқсандағы және 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша сәйкесінше 6,822 млн теңгені және 5,409 млн теңгені құрады.

21. КЛИЕНТТЕР МЕН БАНКТЕРДІҢ ҚАРАЖАТЫ

	2019 жылғы 31 желтоқсан	2018 жылғы 31 желтоқсан
Клиенттердің қаражаты		
- Жеке клиенттер	544,463	583,807
- Корпоративтік клиенттер	414,482	490,723
	958,945	1,074,530

Мерзімді депозиттер	684,689	767,528
Талап еткенге дейінгі депозиттер	270,584	302,280
	955,273	1,069,808
Есептелген сыйақы	3,672	4,722
	958,945	1,074,530

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша Топтың шоттары мен депозиттері бойынша қалдығы капиталдың 10%-нан асатын 1 клиенті бар (2018 жылғы 31 желтоқсанда: 8 клиент). 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша аталған клиенттердің шоттары мен депозиттері бойынша қалдықтардың жиынтық мөлшері 17,019 млн теңгені құрады (2018 жылғы 31 желтоқсанда: 116,040 млн теңгені құрады).

Экономика секторлары бойынша талдау:	2019 жылғы 31 желтоқсан	2018 жылғы 31 желтоқсан
Жеке тұлғалар	544 463	583,807
Құрылыс	93,382	99,784
Әлеуметтік қызметтер	70,636	118,562
Сауда	62,434	54,068
Білім және денсаулық	35,626	28,032
Көлік және байланыс	23,678	27,161
Өндіріс	15,520	25,457

2019 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ БОЙЫНША ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ҚАТЫСТЫ ЕСКЕРТПЕЛЕР

ШЫҒАРЫЛҒАН БОРЫШТЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР

Экономика секторлары бойынша талдау:	2019 жылғы 31 желтоқсан	2018 жылғы 31 желтоқсан
Ауыл шаруашылығы	13,547	14,042
Энергетика	10,769	6,045
Ойын-сауық қызметі	9,863	4,548
Отын	7,596	6,396
Зерттеулер мен әзірлемелер	6,216	4,582
Мұнай және газ өнеркәсібі	5,797	8,627
Сақтандыру және зейнетақы қорлары	4,307	23,476
Химия өнеркәсібі	4,078	5,186
Металлургия	3,377	10,586
Машина жасау	1,305	3,117
Мемлекеттік басқару	1,439	794
Басқа	44,912	50,260
Клиенттердің барлық қаражаты	958,945	1,074,530

22. ШЫҒАРЫЛҒАН БОРЫШТЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР

	Валюта	Шығарылған күні	Өтеу күні	Пайыздық мөлшерлемесі, %	2019 жылғы 31 желтоқсан	Пайыздық мөлшерлемесі, %	2018 жылғы 31 желтоқсан
Қазақстанда шығарылған облигациялар	Тенге	16/03/2015-31/10/2019	16/03/2022-05/02/2028	8.50-12.00	75,752	8.00-12.00	68,825
	АҚШ доллары	10/06/2019	10/06/2021	4.50	4,974		-
					80,726		68,825
Есептелген сыйақы					1,157		1,322
					81,883		70,147

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған он екі ай ішінде Топ номиналдық құны 34,701 млн теңге болатын борыштық бағалы қағаздарды шығарды. Шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша купондар әрбір жарты жыл сайын төленуі, негізгі борыш мерзімнің соңында өтелуі тиіс.

РЕТТЕЛГЕН ОБЛИГАЦИЯЛАР



23. РЕТТЕЛГЕН ОБЛИГАЦИЯЛАР

	Валюта	Шығарылған күні	Өтеу күні	Пайыздық мөлшерлемесі, %	2019 жылғы 31 желтоқсан	Пайыздық мөлшерлемесі, %	2018 жылғы 31 желтоқсан
Бекітілген мөлшерлеме	Тенге	27/11/2009-03/11/2017	27/11/2024-03/11/2032	4.00-11.00	51,904	4.00-11.00	50,555
	Тенге	05/12/2007-27/11/2009	27/11/2019-11/11/2023	6.30-6.50	8,373	7.00-7.50	20,217
					60,277		70,772
Есептелген сыйақы					1,065		1,143
					61,342		71,915

Реттелген облигациялар бойынша купондар әрбір жарты жыл сайын төленуі, негізгі борыш мерзімнің аяғында өтелуі тиіс.

Банк секторының қаржылық орнықтылығын арттыру бағдарламасына қатысу

ҚРҰБ 2017 жылғы 10 қазандағы №191 қаулысына сәйкес Банктің «Қазақстан Республикасы банк секторының қаржылық орнықтылығын арттыру бағдарламасына» (бұдан әрі – «Бағдарлама») қатысуы мақұлданды.

Бағдарламаның талаптарына сәйкес Банк Шығарылым проспектісінде көзделген талаптарға сәйкес Банктің жай акцияларына айырбасталатын Банктің атаулы купондық реттелген облигацияларын (бұдан әрі – «Облигациялар») шығару арқылы ҚРҰБ еншілес ұйымы «Қазақстанның орнықтылық қоры» АҚ-тан ақша қаражатын алды.

Банк өз қызметінде келесі шектеулерді (ковенанттарды) қабылдайды және олар Облигациялар орналастырылған күннен бастап 5 жыл бойы қолданыста болады, олардың кез келгенін бұзу Облигация ұстаушылардың Облигацияларды Банктің жай акцияларына айырбастау құқығын іске асыруына әкеп соғады:

- Банк ҚР-дың екінші деңгейдегі банктері үшін уәкілетті органдар белгілеген меншікті капиталдың жеткіліктілік коэффициентін орындауға міндеттенеді;
- Банк Банктің активтерін шығару бойынша іс-әрекеттерді жасамауға міндеттенеді; бұл ретте активтерді шығару ретінде қарастырылатын жағдайлардың тізімі Облигациялар шығарылымының проспектісінде көрсетілген.

Аталған Бағдарламаға қатысу аясында 2017 жылғы 3 қарашада Банк «Қазақстан қор биржасы» АҚ-та 15 жыл айналыста болу мерзімімен, жылдық 4.00% купондық мөлшерлемемен 60,000 млн теңге сомасында Облигациялар орналастырды. Облигацияларды бастапқы тану сәтінде пайда мен шығын туралы есепте кіріс түрінде танылған 13% нарықтық мөлшерлемені пайдалану кезінде Облигацияларды дисконттау нәтижесі 34,993 млн теңгені құрады. 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша Облигациялардың баланстық құны 23,507 млн теңгені құрады (2018 жылғы 31 желтоқсанда: 22,561 млн теңге).

РЕТТЕЛГЕН ОБЛИГАЦИЯЛАР

Қаржылық қызметке байланысты міндеттемелердің және ақша ағындарының өзгерістерін салыстырып тексеру

	Міндеттемелер		Барлығы
	Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	Реттелген облигациялар	
2018 жылғы 1 қаңтардағы жай-күйі бойынша қалдық	17,328	75,454	92,782
Қаржылық қызметтен түскен ақша ағынына байланысты өзгерістер			
Шығарылған борыштық бағалы қағаздардан түскен түсім	54,230	-	54,230
Реттелген облигациялардан түскен түсім	-	5,507	5,507
Реттелген облигацияларды өтеу	-	(6,000)	(6,000)
Қаржылық қызметтен түскен ақша ағынына байланысты өзгерістердің жиынтығы	54,230	(493)	53,737
Дисконттың танылуына байланысты баланстық құнның өзгеруі	(1,554)	(3,193)	(4,747)
Басқа өзгерістер	209	441	650
Пайыздық шығыс	(4,218)	(7,963)	(12,181)
Төленген пайыздар	4,152	7,669	11,821
2018 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша қалдық	70,147	71,915	142,062
2019 жылғы 1 қаңтардағы жай-күйі бойынша қалдық	70,147	71,915	142,062
Қаржылық қызметтен түскен ақша ағынына байланысты өзгерістер			
Шығарылған борыштық бағалы қағаздардан түскен түсім	34,701		34,701
Шығарылған борыштық бағалы қағаздарды өтеу	(21,701)		(21,701)
Реттелген облигациялардан түскен түсім	-	400	400
Реттелген облигацияларды өтеу	-	(11,879)	(11,879)
Қаржылық қызметтен түскен ақша ағынына байланысты өзгерістердің жиынтығы	13,000	(11,479)	1,521
Дисконттың танылуына байланысты баланстық құнның өзгеруі	(1,014)	(1,095)	(2,109)
Басқа өзгерістер	(1,188)	1,070	(118)
Пайыздық шығыс	8,960	7,637	16,597
Төленген пайыздар	(8,022)	(6,706)	(14,728)
2019 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша қалдық	81,883	61,342	143,225

БАСҚА МІНДЕТТЕМЕЛЕР



24. БАСҚА МІНДЕТТЕМЕЛЕР

	2019 жылғы 31 желтоқсан	2018 жылғы 31 желтоқсан
Басқа қаржылық міндеттемелер:		
Қатысуды жалғастырудан болған міндеттеме (17-ескертпе (з))	103,082	30,904
Басқа операциялар бойынша есеп айырысу	8,271	6,253
Шығарылған кепілдіктер бойынша міндеттемелер	7,764	7,933
Есептелген комиссиялық шығыс	450	499
Кепілдіктер мен аккредитивтер бойынша резервтер	113	125
	119,680	45,714
Басқа қаржылық емес міндеттемелер:		
Табыс салығынан басқа төленетін салық	765	740
Басқа қаржылық емес міндеттемелер	1,402	199
Барлық басқа міндеттеме	121,847	46,653

25. ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛ

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша Банктің жарғылық капиталы келесідей көрсетілген:

	Шығаруға рұқсат берілген жарғылық капитал	Шығарылмаған жарғылық капитал	Жарияланған жай акцияларды орналастыру	Акционерлерден сатып алынған акциялар	Барлық жарғылық капитал
Жай акциялар, данасы	995,876,753	(833,419,953)	3,181,111	(5,128,782)	160,509,129
Артықшылықты акциялар, данасы	39,249,255	-	-	(39,101,182)	148,073

2019 жылғы наурызда жалпы ауданы 954 млн теңгені құрайтын 3,181,111 дана жай акция бір акция үшін 300 теңге бағасы бойынша орналастырылды.

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша Банктің жарғылық капиталы т өменде көрсетілгендерді құрады:

	Жарияланған және шығарылған жарғылық капитал	Жарияланған жай акцияларды орналастыру	Сатып алынған акциялар	Барлығы
Жай акциялар, данасы	57,511	954	(644)	57,821
Артықшылықты акциялар, данасы	89	-	(45)	44
	57,600	954	(689)	57,865



2018 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша Банктің жарғылық капиталы төменде көрсетілгендерді құрады:

	Шығаруға рұқсат берілген жарғылық капитал	Шығарылмаған жарғылық капитал	Акционерлерден сатып алынған акциялар	Барлық жарғылық капитал
Жай акциялар, данасы	995,876,753	(833,419,953)	(2,431,823)	160,024,977
Артықшылықты акциялар, данасы	39,249,255	-	(38,953,841)	295,414

2018 жылғы 13 ақпанда «Банк ЦентрКредит» АҚ жай акцияларға айырбасталатын орналастырылған артықшылықты акциялардың 100% сатып алу жөнінде хабарлады. 2018 жылғы 26 желтоқсандағы жай-күйі бойынша Банктің артықшылықты акцияларын сатып алу процедурасы аяқталды: 38,953,841 дана артықшылықты акция, соның ішінде «Цеснабанк» АҚ-тан 8,366,560 дана және «Цесна» қаржы холдингі» АҚ-тан 27,067,109 дана артықшылықты акция сатып алынды.

2018 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша Банктің жарғылық капиталы төменде көрсетілгендерді құрады:

	Жарияланған және шығарылған жарғылық капитал	Сатып алынған акциялар	Барлығы
Жай акциялар	57,794	(283)	57,511
Артықшылықты акциялар	11,775	(11,686)	89
	69,569	(11,969)	57,600

Барлық жай акциялар бір санатқа жатады, бір дауысқа ие және олардың номиналдық құны жоқ.

Артықшылықты акциялар кумулятивті болады және Директорлар кеңесінің шешімі бойынша оларды жай акцияларға айырбастауға болады, бір артықшылықты акция бір жай акцияға айырбасталады. Заңнамаға және Банктің жарғылық құжаттарына сәйкес дивиденд төлеу туралы шешім Банк акционерлерінің жалпы жиналысында қабылданған жағдайда, жай акциялар бойынша дивидендті ақшамен немесе Банктің бағалы қағаздарымен төлеуге болады. Банктің Жарғысына сәйкес жай акциялар бойынша дивиденд төлеуді жыл қорытындысы бойынша жүзеге асыруға болады. Бөлуге арналған қолжетімді резервтер Қазақстан Республикасының ережелері мен нормативтік-құқықтық актілері арқылы реттеледі.

Артықшылықты акциялардың талаптары Топтан бір артықшылықты акция үшін келесі формула бойынша дивиденд төлеуді талап етеді:

$$R = (b+3.5\%) \times 300, \text{ мұнда:}$$

- R** – жай акцияға айырбасталатын бір артықшылықты акция үшін төленетін дивидендтің кепілдік берілген мөлшерлемесі, теңгемен есептеледі.
- b** – ҚРҰБ-ның базалық мөлшерлемесі. Базалық мөлшерлеменің мөлшері артықшылықты акциялар бойынша дивиденд төленген жылдан кейінгі жылдың бірінші күні белгіленеді. Осы ретте бір артықшылықты акция үшін төленетін дивидендтің кепілдік берілген мөлшері жылдық 12%-дан төмен емес және 14%-дан аспайтын деңгейде белгіленеді.

Артықшылықты акциялар үшін дивиденд төлеу қазақстандық заңнаманы сақтау мақсатында жүзеге асырылады. Осы заңнама акционерлік қоғамдардан артықшылықты акциялар үшін дивидендтің белгілі бір кепілдік берілген сомасын төлеуді талап етеді. Акционерлік қоғамдар туралы қазақстандық заңнамаға сәйкес жай акциялар үшін төленген дивиденд сомасы артықшылықты акциялар бойынша жасалған төлемнен аспауға тиісті. Осыған қоса артықшылықты акциялар үшін дивиденд толық төленгенге дейін жай акциялар үшін дивиденд төленбейді.

	2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша саны (мыңмен)	2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша саны (мыңмен)
Жыл басындағы артықшылықты акциялар	295	39,249
Артықшылықты акцияларды сатып алу	(147)	(38,954)
Жыл соңындағы артықшылықты акциялар	148	295
Жыл басындағы жай акциялар	160,025	161,004
Меншікті акцияларды сатып алу	(2,853)	(2,344)
Сатып алынған акцияларды сату	156	1,365
Жарияланған жай акцияларды орналастыру	3,181	-
Жыл соңындағы жай акциялар	160,509	160,025

Резервтік капитал

2013 жылға дейін «Екінші деңгейлі банктердің резервтік капиталының ең аз мөлшерін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігінің («ҚҚА») 2011 жылғы 31 қаңтардағы №196 қаулысына (2013 жылы күшін жайған) енгізілген өзгерістерге сәйкес Банк болашақта күтілетін залалды өтеу үшін бөлінбеген кіріс сомасын резервтік құрамына аудару арқылы резервтік капиталды құруға міндетті болды.

Топтың қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есептегі бөлінбеген кіріске енгізілген 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша Банктің жалпы банктік тәуекелдерді өтеуге арналған резервтер сомасы 4,981 млн теңгені құрады (2018 жылғы 31 желтоқсанда: 4,981 млн теңге). 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған он екі ай ішінде Топ 9-ХҚЕС-ке (IFRS) өтуден болған нәтижені тану мақсатында жиналған резервті пайдаланды.

26. СЕГМЕНТТЕР БОЙЫНША АҚПАРАТ

Сегменттер туралы ақпарат қызметті бағалау үшін берілген, оны Топтың 8-ХҚЕС-ке (IFRS) және 2019 жылғы және 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілген операциялық сегменттер туралы ақпаратқа сәйкес шешім қабылдайтын басты тұлғасы қолданады. Топтың есептік сегменттері 8-ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес келесі түрде ұсынылған:

- Корпоративтік клиенттерге қызмет көрсету – есеп айырысу шоттарын жүргізу, депозиттерді тарту, овердрафт, несие беру және кредиттеу бойынша басқа да қызметтер көрсету.
- Жеке клиенттермен жұмыс жүргізу – жеке клиенттерге банк қызметтерін көрсету, жеке клиенттердің ағымдағы дербес шоттарын жүргізу, жинақ салымдары мен депозиттерді қабылдау, инвестициялық жинақ өнімдерін беру, жауапты сақтау қызметтері, кредиттік және дебеттік карталарға қызмет көрсету, тұтынушылық несиелер және ипотека беру.
- Инвестициялық қызмет – қаржы құралдарын сату, капитал нарықтарындағы операциялар, РЕПО, шетел валютасымен және туынды қаржы құралдарымен жүргізілетін операциялар, құрылымдалған қаржыландыру, корпоративтік жалгерлік, қосылған және қосып алған кездегі консультациялар, борыштық бағалы қағаздарды шығару және қарыздарды тарту арқылы Топты қор жинаумен қамтамасыз ету. Осы сегмент ақша қаражатын өзге сегменттер арасында қайта бөлу үшін жауап береді.



Операциялық сегменттер бойынша есеп саясатының принциптері осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте сипатталған есеп саясатының негізгі принциптеріне сәйкес келеді. Директорлар кеңесі әрбір сегмент бойынша қаржылық ақпаратты, соған қоса операциялық нәтижелерді, активтер мен міндеттемелерді бағалауды қарастырады. Сегменттер осы нәтижелердің негізінде басқарылады, оларда топ ішіндегі элиминация әсері қамтылмайды.

Сегменттердің активтері мен міндеттемелері қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептің басым бөлігін құрайтын активтер мен міндеттемелер болып табылады, бірақ оған салық салу сияқты бап қосылмайды. Әрбір компанияның қызметінің нәтижесінде ішкі төлемдер мен трансферттік баға құруды түзету көрсетілген. Барлық кіріс және шығыс тек сыртқы клиенттерден алынған, операциялық сегменттер арасында өзге операциялар жүргізілмейді.

Осыған орай Топ өз қызметін негізгі үш операциялық сегментте ұсынады. Операциялық сегменттер туралы ақпарат төменде көрсетілген.

	Жеке тұлғаларға қызмет көрсету	Корпоративтік тұлғаларға қызмет көрсету	Инвестициялық қызмет	2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша
Тиімді мөлшерлеме әдісін қолдану арқылы есептелген пайыздық кіріс	52,579	50,842	16,088	119,509
Өзге пайыздық кіріс	-	-	1,472	1,472
Пайыздық шығыс	(27,915)	(17,495)	(16,594)	(62,004)
Пайыздық активтер бойынша кредиттік залалға бөлінген резервті құру	(17,126)	(24,531)	-	(41,657)
Таза пайыздық емес кіріс	4,710	16,365	2,724	23,799
Операциялық шығыс	(9,072)	(27,053)	(2,621)	(38,746)
Салық салғанға дейінгі пайда / (залал)	3,176	(1,872)	1,069	2,373
Сегменттер бойынша активтер*	429,377	842,437	185,912	1,457,726
Сегменттер бойынша міндеттемелер*	567,940	548,516	221,217	1,337,673
Сегменттер бойынша өзге баптар				
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің амортизациясы бойынша шығыс	(727)	(2,354)	(131)	(3,212)
Клиенттерге және банктерге берілген несиелер	427,685	554,705	-	982,390
Клиенттер мен банктердің ақша қаражаты	544,463	414,482	-	958,945
Қарыз беру бойынша қаржылық кепілдіктер мен қаржылық міндеттемелер	-	138,821	-	138,821

	Жеке тұлғаларға қызмет көрсету	Корпоративтік тұлғаларға қызмет көрсету	Инвестициялық қызмет	2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша
Тиімді мөлшерлеме әдісін қолдану арқылы есептелген пайыздық кіріс	49,845	42,526	17,739	110,110
Өзге пайыздық кіріс	-	-	1,593	1,593
Пайыздық шығыс	(27,291)	(32,210)	(6,354)	(65,855)
Пайыздық активтер бойынша кредиттік залалға бөлінген резервті құру	(10,302)	(20,512)	-	(30,814)
Таза пайыздық емес кіріс	6,649	17,597	3,513	27,759
Операциялық шығыс	(14,993)	(15,291)	(948)	(31,232)
Салық салғанға дейінгі пайда / (залал)	3,908	(7,890)	15,543	11,561
Сегменттер бойынша активтер*	394,465	924,387	197,697	1,516,549
Сегменттер бойынша міндеттемелер*	602,230	589,073	210,260	1,401,563
Сегменттер бойынша өзге баптар				
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің амортизациясы бойынша шығыс	(1,270)	(1,296)	(79)	(2,645)
Клиенттерге және банктерге берілген несиелер	393,153	575,531	-	968,684
Клиенттер мен банктердің ақша қаражаты	583,807	490,723	-	1,074,530
Қарыз беру бойынша қаржылық кепілдіктер мен қаржылық міндеттемелер	-	154,019	-	154,019

*- пайдаға салынатын ағымдағы және кейінге қалдырылған салықты есептегенде. Табыс салығы бойынша шығыс бөлінбеген.

Топтың активтері Қазақстан Республикасында шоғырланған, сонымен қатар Топ Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырылатын операциялардан кіріс алады.

Ірі клиенттер туралы ақпарат

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша есепті сегменттер бойынша әрқайсысымен жасалған операциялар бойынша кіріс Топ кірісінің жалпы сомасының 10%-нан асатын корпоративтік және жеке клиенттер болған жоқ (2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша: бес клиент болды).



27. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ САЯСАТЫ

(а) Корпоративтік басқару құрылымы

Банк Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ашық акционерлік қоғам нысанында құрылды. Жыл сайынғы және кезектен тыс жиналыстарды өткізу үшін шақырылатын Акционерлердің жалпы жиналысы Банктің жоғарғы басқару органы болып табылады. Акционерлердің жалпы жиналысы Банктің қызметіне қатысты стратегиялық шешімдер қабылдайды.

Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің құрамын белгілейді. Директорлар кеңесі Банктің қызметін жалпы басқару үшін жауап береді.

Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің жарғысында тек Акционерлердің жалпы жиналысы қабылдайтын шешімдердің және Директорлар кеңесі қабылдайтын шешімдердің тізбелері белгіленген.

Директорлар кеңесінің мәжілісі Басқарма Төрағасын тағайындайды, Басқарманың құрамын белгілейді. Банктің атқарушы органдары Акционерлерінің жалпы жиналысы және Банктің Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдердің орындалуы үшін жауап береді. Банктің атқарушы органдары Банктің Директорлар кеңесіне және Акционерлердің жалпы жиналысына есеп береді.

(б) Тәуекелдерді басқару саясаты және процедуралары

Тәуекелдерді басқару банктік қызметтің негізін құрайды және Топтың операциялық қызметінің елеулі элементі болып табылады. Нарықтық тәуекел, кредиттік тәуекел, өтімділік тәуекелі, сондай-ақ операциялық, құқықтық тәуекел және іскерлік беделді жоғалту тәуекелі Топ өз қызметін іске асыру барысында кезіктіретін негізгі (маңызды) тәуекел болып табылады.

Топтың Тәуекелдерді басқару саясаты Топқа тап болатын тәуекелдерді анықтауға, талдауға және басқаруға, тәуекелдер лимиттерін және тиісті бақылауды белгілеуге, сондай-ақ тәуекелдер деңгейін және олардың белгіленген лимиттерге сәйкестігін тұрақты түрде бақылауға бағытталған. Тәуекелдерді басқару саясаты және процедуралары нарықтағы жағдайдың, ұсынылатын банктік өнімдер мен қызметтердің өзгерістерін және пайда болатын үздік тәжірибені көрсету мақсатында тұрақты түрде қайта қарастырылады.

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша Топ үшін маңызды тәуекелдерді анықтау және басқару, аталған тәуекелдер бойынша стресс-тестілеуді жүргізу әдістемелерін белгілейтін Топтың ішкі құжаттарын Банктің уәкілетті басқару органдары ҚРҰБ-ның талаптары мен ұсыныстарына сәйкес бекіткен.

Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару бойынша бақылау жүйесінің тиісті жұмыс істеуі, негізгі тәуекелдерді басқару және тәуекелдерді басқару саясаты мен процедураларын мақұлдау, сондай-ақ ірі мәмілелерді мақұлдау үшін жауап береді.

Басқарма мониторинг жүргізу және тәуекелдерді төмендетуге қатысты шаралар енгізу үшін жауап береді, сондай-ақ Топ қызметін тәуекелдің белгіленген шектерінде жүзеге асыруын қадағалайды. Тәуекел менеджменті бөлімшелерінің (Тәуекелдер департаменті және Кредиттік тәуекелдер департаменті) міндеттеріне тәуекелдерді жалпы басқару және қолданыстағы заңнаманың талаптарын сақтау бойынша бақылауды жүзеге асыру, сондай-ақ қаржылық және қаржылық емес тәуекелдерді анықтау, бағалау, басқару және олар жөнінде есептер құру бойынша жалпы принциптер мен әдістердің қолданылуын бақылау жатады. Тәуекел менеджменті бөлімшелері Басқарма Төрағасына тікелей және Директорлар кеңесіне жанама түрде есеп береді.

Кредиттік және нарықтық тәуекелдер, сондай-ақ өтімділік тәуекелін Кредит комитеттерінің жүйесі, Қаржыны және тәуекелдерді басқару комитеті («ҚТБК») және Тәуекелдерді басқару комитеті («ТБК») жалпы алғанда портфель деңгейінде, сондай-ақ жеке мәмілелер деңгейінде басқарады және бақылайды. Шешім қабылдау процесінің тиімділігін арттыру үшін Топ тәуекелдің түріне және тәуекелге ұшырау ауқымына қарай комитеттердің иерархиялық құрылымын құрды.

Тәуекелдің сыртқы, сондай-ақ ішкі факторлары ұйымның аясында анықталады және басқарылады. Тәуекелдердің барлық тізбесін анықтауға және тәуекелдерді төмендету жөніндегі ағымдағы процедуралардың жеткіліктілік деңгейін белгілеуге ерекше көңіл бөлінеді.

(в) Нарықтық тәуекел

Нарықтық тәуекел – бұл нарықтағы бағалардың өзгеруі салдарынан қаржы құралы бойынша әділ құнның немесе келешектегі ақша қаражатының өзгеру тәуекелі. Нарықтық тәуекел валюталық тәуекелден, пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекелінен, сондай-ақ басқа да баға тәуекелдерінен тұрады. Нарықтық тәуекел нарықтағы жалпы және ерекше өзгерістердің, сондай-ақ нарықтағы бағалар мен валюталардың айырбастау бағамдарының құбылмалылық деңгейі өзгерістерінің ықпалына ұшырайтын пайыздық және үлестік қаржы құралдарына қатысты ашық позициялар бойынша туындайды.

Нарықтық тәуекелді басқарудың міндеті – қабылданған тәуекел бойынша алынатын кірістілікті оңтайландыруды қамтамасыз ете отырып, басқару және нарықтық тәуекелге ұшыраудың қолайлы параметрлер аясынан шықпауын бақылау.

ҚТБК, ТБК Топ үшін жағымды пайыздық маржаны қамтамасыз ете отырып, нарықтық тәуекелдерді басқарады. Жоспарлау және қаржы департаменті Топтың ағымдағы қаржылық жай-күйіне мониторинг жүргізеді, Топтың пайыздық мөлшерлемелердегі өзгерістерге сезімталдығын және олардың Топтың рентабельдігіне беретін әсерін бағалайды.

Топ жекелеген қаржы құралдары бойынша портфельдің көлеміне, пайыздық мөлшерлемелерді, валюталық позицияны өзгерту мерзімдеріне, валюталық позицияға қатысты ашық позиция бойынша лимиттерді, жоғалту лимиттерін белгілеу және олардың сақталуына жүйелі түрде мониторинг жүргізу арқылы нарықтық тәуекелді басқарады, мониторинг нәтижелерін Басқарма қарастырады және бекітеді.

(і) Пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекелі

Пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекелі – бұл нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруі салдарынан қаржы құралы бойынша әділ құнның немесе келешектегі ақша қаражатының өзгеру тәуекелі. Топ басым болатын нарықтық пайыздық мөлшерлемелер құбылыстарының өзінің қаржылық жай-күйіне және ақша қаражатының ағындарына беретін ықпалына сезімтал. Мұндай ауытқулар пайыздық маржаның деңгейін ұлғайтуы мүмкін, алайда оны төмендетуі де мүмкін немесе пайыздық мөлшерлемелер кенеттен өзгерген жағдайда, залал туындауына әкелуі мүмкін.

Пайыздық мөлшерлемелер өзгерісіне сезімталдықты талдау

Пайыздық мөлшерлемелерді қайта қарастыру мерзімдерін талдауға негізделген пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекелін басқару қаржылық активтер мен міндеттемелердің сезімталдығына жүргізілетін мониторингпен толықтырылады. Кірістілік қисығының пайыздық мөлшерлемелердің өсу немесе кему жағына қарай 100 базистік тармаққа қатар жылжуының жеңілдетілген сценарийіне және 2019 жылғы 31 желтоқсандағы және 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша қолданыста болған пайыздық активтер мен міндеттемелер бойынша қайта қарастырылған позициялар негізінде құрылған пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруіне (пайыздық мөлшерлемелерді қайта қарастыру тәуекелі) капиталдың таза пайдасының немесе залалының сезімталдығын талдау (салықтарды шегеріп тастағанда) төмендегідей көрсетуге болады.

	2019 ж.		2018 ж.	
	Пайда немесе залал	Меншікті капитал	Пайда немесе залал	Меншікті капитал
Мөлшерлемелердің кему жағына қарай 100 базистік тармаққа параллельді жылжуы ↓	(1,112)	(1,112)	1,212	1,212
Мөлшерлемелердің өсу жағына қарай 100 базистік тармаққа параллельді жылжуы ↑	1,112	1,112	(1,212)	(1,212)



Сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру салдарынан таза пайданың немесе залалдың және капиталдың өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын және пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық активтердің әділ құнының өзгеруіне сезімталдығына (2019 және 2018 жылдардағы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша қолданыстағы позициялар негізінде құрылған) және сыйақы мөлшерлемелерінің өсу немесе кему жағына қарай кірістілік қисығының 150 базистік тармаққа қатар жылжуының жеңілдетілген сценарийіне жасалған талдау төмендегідей көрсетуге болады.

	2019 ж.		2018 ж.	
	Пайда немесе залал	Меншікті капитал	Пайда немесе залал	Меншікті капитал
Мөлшерлемелердің кему жағына қарай 150 базистік тармаққа параллельді жылжуы ↓	(1,049)	(5,169)	(850)	(7,741)
Мөлшерлемелердің өсу жағына қарай 150 базистік тармаққа параллельді жылжуы ↑	612	5,023	1,093	8,548

(ii) Валюталық тәуекел

Топтың бірнеше шетел валютасында көрсетілген активтері мен міндеттемелері бар. Валюталық тәуекел – валюталардың айырбастау бағамдарының өзгеруі салдарынан қаржы құралы бойынша әділ құнының немесе келешектегі ақша қаражаты ағынының өзгеру тәуекелі.

Қазынашылық департаменті ашық валюталық позицияны басқару арқылы валюталық тәуекелді басқарады, бұл Топқа ұлттық валютаны және шетел валютасын айырбастау бағамдарының айтарлықтай ауытқуынан болатын залалды барынша төмендетуге мүмкіндік береді. Тәуекелдер департаменті ашық валюталық позицияларға және stop-loss-қа белгіленетін лимиттерді есептейді. Барлық лимиттер мен шектеулерді Басқарма мен Директорлар кеңесі бекітеді. Қазынашылық департаменті оның ҚРҰБ талаптарына сәйкес келуін қамтамасыз ету мақсатында Топтың ашық валюталық позициясына бақылау жүргізеді.

Валюталар бойынша қаржылық активтер мен міндеттемелердің құрылымын 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша төмендегідей көрсетуге болады.

	Теңге	АҚШ доллары 1 АҚШ доллары = 382.59 теңге	Еуро 1 Еуро = 429 теңге	Басқа валюта	2019 жылғы 31 желтоқсан Барлығы
Қаржылық активтер:					
Ақша қаражаты және оның баламалары	38,326	103,930	11,716	4,896	158,868
Өзгерістері кезең бойынша пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары	12,382	6,980	-	27	19,389
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық қаржылық активтер	100,984	59,537	21	-	160,542

	Теңге	АҚШ доллары 1 АҚШ доллары = 382.59 теңге	Еуро 1 Еуро = 429 теңге	Басқа валюта	2019 жылғы 31 желтоқсан Барлығы
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық қаржылық активтер	4,355	-	-	-	4,355
Банктердегі ақша қаражаты	5,957	3,145	-	-	9,102
Клиенттер мен банктерге берілген несиелер	781,474	190,200	10,716	-	982,390
Басқа қаржылық активтер	5,245	4,688	213	11	10,157
Барлық қаржылық актив	948,723	368,480	22,666	4,934	1,344,803
Қаржылық міндеттемелер:					
Банктердің және қаржы ұйымдарының ақша қаражаты мен несиелері	75,232	38,339	85	-	113,656
Клиенттер мен банктердің ақша қаражаты	608,307	323,922	22,388	4,328	958,945
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	76,897	4,986	-	-	81,883
Реттелген облигациялар	61,342	-	-	-	61,342
Басқа қаржылық міндеттемелер	113,969	5,380	202	129	119,680
Барлық қаржылық міндеттеме	935,747	372,627	22,675	4,457	1,335,506
Ашық позиция	12,976	(4,147)	(9)	477	

2018 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша Топтың шетел валютасын айырбастау бағамдарының ауытқуы тәуекеліне ұшырауы туралы ақпарат төмендегі кестеде ұсынылған:

	Теңге	АҚШ доллары 1 АҚШ доллары = 384.2 теңге	Еуро 1 Еуро = 439.37 теңге	Басқа валюта	2018 жылғы 31 желтоқсан Барлығы
Қаржылық активтер:					
Ақша қаражаты және оның баламалары	38,464	124,564	7,141	5,244	175,413
Өзгерістері кезең бойынша пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары	9,547	5,394	219	339	15,499



	Теңге	АҚШ доллары 1 АҚШ доллары = 384.2 теңге	Еуро 1 Еуро = 439.37 теңге	Басқа валюта	2018 жылғы 31 желтоқсан Барлығы
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық қаржылық активтер	61,321	109,099	459	-	170,879
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық қаржылық активтер	6,911	-	-	-	6,911
Банктердегі ақша қаражаты	1,853	27,011	2,428	-	31,292
Клиенттер мен банктерге берілген несиелер	752,604	204,650	11,008	422	968,684
Басқа қаржылық активтер	4,685	5,944	113	29	10,771
Барлық қаржылық актив	875,385	476,662	21,368	6,034	1,379,449

Қаржылық міндеттемелер:					
Банктердің және қаржы ұйымдарының ақша қаражаты мен несиелері	82,212	43,436	-	2	125,650
Клиенттер мен банктердің ақша қаражаты	585,590	462,187	21,026	5,727	1,074,530
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	70,147	-	-	-	70,147
Реттелген облигациялар	71,915	-	-	-	71,915
Басқа қаржылық міндеттемелер	39,660	5,966	60	28	45,714
Барлық қаржылық міндеттеме	849,524	511,589	21,086	5,757	1,387,956
Ашық позиция	25,861	(34,927)	282	277	

Туынды қаржы құралдары және спот мәмілелері, жалғасы

2018 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша туынды қаржы құралдары және спот мәмілелерінің түрлері бойынша валюталық тәуекелге жасалған талдау төмендегі кестеде ұсынылған:

	Теңге	АҚШ доллары 1 АҚШ доллары = 384.2 теңге	Еуро 1 Еуро = 439.37 теңге	Басқа валюта	2018 жылғы 31 желтоқсан Барлығы
Спот мәмілелері мен туынды мәмілелер бойынша талаптар	11,111	50,330	-	-	61,441
Спот мәмілелері мен туынды мәмілелер бойынша міндеттемелер	(23,496)	(23,436)	-	-	(46,932)

	Теңге	АҚШ доллары 1 АҚШ доллары = 384.2 теңге	Еуро 1 Еуро = 439.37 теңге	Басқа валюта	2018 жылғы 31 желтоқсан Барлығы
Спот мәмілелері мен туынды мәмілелер бойынша нетто-позиция	(12,385)	26,894	-	-	14,509
Ашық позиция	13,476	(8,033)	282	277	

Төмендегі кестеде көрсетілгендей, 2019 жылғы 31 желтоқсандағы және 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша келесі валюталарға қатысты теңге бағамының әлсіреуі капиталдың және пайданың не залалдың төменде сипатталған өсуіне (кемуіне) әкеп соғуы мүмкін. Осы талдау салықтарды шегере отырып жүргізілді және Топтың пайымдауы тұрғысынан есепті кезеңнің соңындағы жай-күйі бойынша дәлелді ықтимал болып табылатын валюта бағамдарының өзгерістеріне негізделді. Талдауда барлық қалған ауыспалы, әсіресе пайыздық мөлшерлемелер өзгеріссіз қалады деп түсініледі.

АҚШ долларының теңгеге шаққандағы бағамының 20%-ға өсуі (2018: 10%)

(664)
(643)

Еуроның теңгеге шаққандағы бағамының 20%-ға өсуі (2018: 10%)

(1)
23

Басқа валюталардың теңгеге шаққандағы бағамының 20%-ға (2018: 10%)

76
22

■ 2019 жыл ■ 2018 жыл

(iii) Өзге баға тәуекелдері

Өзге баға тәуекелдері – бұл әділ құнның немесе нарық бағаларының өзгерістері (пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекелі немесе валюталық тәуекел салдарынан туындаған өзгерістерді қоспағанда) нәтижесінде осындай өзгерістер осы нақты құралға немесе оның эмитентіне тән факторлардан немесе нарықта айналыста болатын барлық ұқсас қаржы құралдарына ықпал ететін факторлардан туындағанына не туындамағанына тәуелсіз туындаған қаржы құралы бойынша ақша қаражатының болашақ ағындарының ауытқу тәуекелдері. Топтың үлестес қаржы құралы бойынша ұзақ немесе қысқа позициясы болған кезде басқа баға тәуекелдері туындайды.

Тәуекелдегі құнды бағалау әдістемесі белгілі бір тапсырылған сенім интервалындағы белгілі уақыт кезеңі ішінде нарықтық мөлшерлемелер мен бағалардың өзгеруі салдарынан тәуекелдер позициялары бойынша орын алуы мүмкін ықтимал жоғалтуды бағалау әдісі болып табылады. Топ қолданатын тәуекелдегі құнды бағалау үлгісі 95%-ды құрайтын сенім интервалына негізделеді, сонымен қатар позицияның түріне байланысты қаржы құралын ұстау ұзақтығы 60 күн болатын кезеңді болжайды. Тәуекелдегі құнды бағалау үлгісі көбінесе тарихи деректерге негізделген жорамалдау болып табылады. Бұл үлгі нарықтық мөлшерлемелердің тарихи уақыт қатарларына негізделіп және әртүрлі нарықтар мен мөлшерлемелер арасындағы өзара тәуелділікті ескере отырып, болашақ дамудың ықтимал сценарийлерін құрастырады. Нарықтық бағалардың ықтимал өзгерістері кем дегенде соңғы 12 айдағы нарықтық деректер негізінде белгіленеді.

Тәуекелдегі құнды бағалау әдістемесі нарықтық тәуекелдің ықтимал шамасын бағалау үшін маңызды құрал болып табылатынына қарамастан, оның кейбір шектеулері бар, ол әсіресе өтімділігі төмен нарықтарға қатысты, олар төмендегідей ұсыныла алады:

- Болашақ оқиғаларды анықтау негізі ретінде тарихи деректерді пайдалану барлық ықтимал сценарийлерді (әсіресе бұл стандарттан тыс сценарийлерге қатысты) көрсетпеуі мүмкін.



- Қаржы құралын ұстаудың ұзақтығы 60 күн болатын кезеңді қолдану барлық позициялар 60 күнді құрайтын кезең ішінде сатылады немесе хеджирленеді деп болжайды. Барлық жағдайларда мұның орын алуы мүмкін, бірақ нарықтың өтімсіздігі ұзақтау кезеңге созылатын жағдайлар да болады.
- 95%-ды құрайтын сенім интервалын пайдалану осы интервалдан тыс пайда болатын жоғалтуды ескермейді. Жоғалту тәуекелдегі құннан асатын көлемді құрайды деген 5% ықтималдық бар.
- Тәуекелдегі құнның шамасын есептеу сауда сессияларын жабу деректері негізінде жүргізілетіндіктен, ол бір күн ішінде болған құбылыстарды кейде көрсетпейді.
- Тәуекелдегі құнды бағалау әдістемесі бойынша есептелген тәуекелдің көлемі нарық бағаларының позициясы мен құбылмалылығына байланысты. Құбылмалылық азайған кезде, бекітілген позиция үшін тәуекелдегі құн төмендейді, және керісінше.

Нарықтық тәуекелге бағалау жүргізген кезде, Топ тәуекелдегі құнды есептеуге ғана негізделмейді, өйткені бұл әдістеменің жоғарыда айтылған шектеулері бар. Тәуекелдегі құнды есептеу әдісінің шектеулері ашық позицияларға қосымша лимиттерді және сезімталдық лимиттерін, соған қоса әр сауда портфелі бойынша тәуекелдердің ықтимал шоғырлануын шектеуді, сондай-ақ позициялар арасындағы сәйкессіздіктерге жасалған құрылымдық талдауды енгізу арқылы ескеріледі.

31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары портфеліне қатысты пайда болатын залалдың бағасы болып табылатын тәуекелдегі құнның көлемі туралы деректер төменде ұсынылады:

	2019 жылғы 31 желтоқсан	2018 жылғы 31 желтоқсан
Валюталық бағамдардың ауытқу тәуекелі	305	2,070
	305	2,070

(г) Кредиттік тәуекел

Кредиттік тәуекел – бұл қарыз алушының немесе Топтың контрагентінің міндеттемелерін орындамау салдарынан туындайтын қаржылық зиян тәуекелі. Топ кредиттік тәуекелді (танылған қаржылық активтер мен танылмаған шарттық міндеттемелер бойынша) кредиттік тәуекелдің шоғырландыру лимиттерін белгілеу және сақтау бойынша талаптар кіретін бекітілген саясатты және процедураларды қолдану арқылы, сондай-ақ қызметіне кредиттік тәуекелдің белсенді мониторингі кіретін Кредит комитетін құру арқылы басқарады. Кредит саясатын Басқарма мақұлдағаннан кейін Директорлар кеңесі қарастырады және бекітеді.

Кредит саясаты:

- кредиттік өтінімдерді қарастыру және мақұлдау процедураларын;
- қарыз алушылардың (корпоративтік және бөлшекті клиенттердің) кредит төлеуге қабілеттілігін бағалау әдістемесін;
- контрагенттердің, эмитенттердің және сақтандыру компанияларының кредит төлеуге қабілеттілігін бағалау әдістемесін;

- ұсынылатын қамсыздандыруды бағалау әдістемесін;
- кредиттік құжаттамаға қойылатын талаптарды;
- кредиттерге және кредиттік тәуекелі бар басқа өнімдерге тұрақты мониторинг жүргізу процедураларын белгілейді.

Корпоративтік клиенттердің кредит алуға берген өтінімдерін сәйкесінше клиенттермен жұмыс жүргізу бойынша менеджерлер құрастырады. Бұл ретте клиенттің орналасқан жеріне бару және қаржылық талдау жасау қарыз алушы өкілеттілігінің саралануы мен рейтингіне байланысты, кредиттік тәуекел бөлімше қызметкерлерінің қатысуымен, сондай-ақ оларды қатыстырмай өтуі мүмкін. Реттеушінің кредиттік досьені құру және тәуекелді ішкі бақылауды қамтамасыз ету жөніндегі нормативтік процедураларын сақтау үшін қатарлас бөлімшелер (заң бөлімшесі, экономикалық қауіпсіздік бөлімшесі және кредиттік талдау бөлімшесі) жоба бойынша өздерінің қорытындыларын дайындайды. Қаржыландыру туралы шешім өкілетті Кредит комитеттерінде қабылданады: олар филиал, өңірлік деңгейлерде және Бас офистің комитеттері арқылы ұсынылады. Филиалдардың өкілеттігі мен лимиттерінен асатын қаржыландыруға берілген өтінімдерді Бас офистің комитеттерінде қарастырылған кезде, Кредиттік тәуекелдер департаменті қосымша қорытынды әзірлейді.

Топпен жұмыс істейтін кейбір контрагенттердің халықаралық рейтинглік агенттіктер ұсынатын рейтингі болмағандықтан, Топ контрагенттердің рейтингілерін анықтауға мүмкіндік беретін халықаралық рейтинглік агенттіктердің рейтингілеріне сәйкес келетін өз құралдарын әзірлейді. Корпоративтік клиенттерге арналған рейтинглік үлгі және бөлшекті клиенттер мен шағын бизнес клиенттеріне арналған скорингтік үлгі осындай құралдар болып табылады. Топ бұл құралдарды кредиттік тәуекелді және бастапқы бағалау және берілетін несиелерге баға белгілеу үшін қолданады.

Скоринг

Скоринг – әртүрлі сатылымдар арналарынан алынған өтінімдерді өңдейтін, аталған өтінімдерді толықтыратын және кредит беру туралы нақты шешім қабылдау үшін стратегияны қолданатын клиенттерді бағалаудың автоматтандырылған жүйесі. Жүйе нақты уақыт режимінде шешім ұсынады, бұл кредит беру бойынша шешім қабылдау процесін стандарттауға және автоматтандыруға, сонымен қатар операциялық шығыстар мен операциялық тәуекелдерді азайтуға мүмкіндік береді.

Жүйеде клиенттің бастапқы параметрлері мен өнімдік параметрлерді қолданатын кредиттік ережелерден, скоринг модельдері мен антифродтан тұратын кредиттік стратегиялар күйге келтіріледі. Клиенттер бойынша әлеуметтік-демографиялық, қаржылық көрсеткіштер, сондай-ақ кредиттік бюро, телекоммуникациялық және транзакциялық деректер және т.с.с. сыртқы ақпарат көздерінен алынған деректер шешім қабылдау үшін шығыс параметрлер болып танылады.

Кредиттік ережелер кредит саясатына сәйкес өтініш берушілерді автоматты түрде тексеру құралы болып табылады. Бұл талаптар жиынтығы, одан өткен кезде субъект оң шешім алады немесе теріс белгілер болған кезде клиент бойынша теріс шешім қабылданады. Кредиттік ережелер статистикалық талдау жасау және клиенттердің нарықтағы жүріс-тұрысы негізінде әзірленіп, жаңартылады.

Скоринг моделі жаңа, сонымен қатар қазіргі клиенттерге берілетін қарыздарға қатысты болашақтағы төлем жасау қабілеттілігін сандық бағалау үшін пайдаланылатын статистикалық модельді білдіреді. Шығыс параметрлерге белгіленген скорингті пайдаланған кезде белгіленген цифрлық мәндер ұсынылады, олардың сомасы қарыз алушының ішкі кредиттік скорингтік балы болып табылады. Берілген скорингтік балл қарыз алушының кредит бойынша дефолт ықтималдығын көрсетеді. Скоринг модельдерінің сапасы олардың тиімділігі мен шынайылығын бағалау арқылы халықаралық стандарттарға сәйкес келуіне қатысты тұрақты түрде тексеріледі.

Антифрод стратегиясы өтініш беруші тарапынан алаяқтыққа жол бермеу үшін бірқатар тексерулерді қамтиды.

Кредит стратегиясы белгіленген өнімдер мен сегменттер үшін бейімделген және қарыз беру туралы шешім қабылдау кезінде қолданылады.



Кредиттік тәуекелге ұшырағыштықтың ең жоғары деңгейі, дегте, қаржылық активтердің құнында көрсетіледі, олар қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есепте және танылмаған шарттық міндеттемелер сомасында көрсетілген. Активтер мен міндеттемелерді өзара есепке алу мүмкіндігінің келешектегі кредиттік тәуекелді төмендету үшін айтарлықтай мәні жоқ.

Есепті күндегі жай-күйі бойынша қаржылық активтерге қатысты кредиттік тәуекелге ұшырағыштықтың ең жоғары деңгейі төмендегідей ұсыныла алады.

	2019 жыл	2018 жыл
АКТИВТЕР		
Ақша қаражаты және оның баламалары	93,420	123,496
Өзгерістері кезең бойынша пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары	16,635	41,594
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық қаржылық активтер – борыштық қаржы құралдары	160,176	170,719
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық қаржылық активтер	4,355	6,911
Қолдағы сатуға арналған инвестициялар	-	-
Банктердегі ақша қаражаты	9,102	31,292
Клиенттер мен банктерге берілген несиелер	982,390	968,684
Басқа қаржылық активтер	10,157	10,771
Кредиттік тәуекелге ұшыраудың барлық ең жоғарғы деңгейі	1,276,235	1,353,467

Клиенттерге берілген кредиттер бойынша қамсыздандыруға және кредиттік тәуекелдің шоғырлануына жасалған талдау 17-ескертпеде берілген.

Есепті күндегі жай-күйі бойынша танылған шарттық міндеттемелерге қатысты кредиттік тәуекелге ұшырағыштықтың ең жоғары деңгейі 29-ескертпеде берілген.

Банк тұрақты түрде бір қарыз алушыға немесе өзара байланысқан қарыз алушылар тобына қатысты тәуекелдің ең жоғарғы мөлшерінің міндетті нормативін есептейді және оған мониторинг жүргізеді, ол бір қарыз алушыға немесе өзара байланысты қарыз алушылар тобына қатысты Банктің тәуекелін реттейді және қарыз алушының (өзара байланысқан қарыз алушылар тобына кіретін қарыз алушы) Банк алдындағы міндеттемелерінің жиынтық сомасының Банктің меншікті қаражатына (капиталына) ең жоғарғы қатынасын анықтайды. 2019 жылғы 31 желтоқсандағы және 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша ҚРҰБ белгілеген к-3 нормативінің ең жоғарғы рұқсат етілген мәні 25%-ды құрады. 2019 жылғы 31 желтоқсандағы және 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша Банк есептеген к-3 нормативінің мәні заңнамада белгіленген деңгейге сәйкес келді.

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша Топтың кредиттік тәуекелге ұшырағыштығы кредиттік тәуекелге ұшырағыштықтың ең жоғары деңгейінің 10%-нан асатын 6 борышкері немесе өзара байланысты борышкерлер тобы бар (2018 жылғы 31 желтоқсанда: 14 борышкер немесе өзара байланысты борышкерлер тобы). Осы клиенттерге қатысты кредиттік тәуекелге ұшырағыштық 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша 186,215 млн теңгені (2018 жылғы 31 желтоқсанда: 276,797 млн теңге) құрады.

Қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелерді өзара есепке алу

Бұдан рі кестеде берілген ақпаратты ашу қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер туралы ақпаратты қамтиды, онда келесі көрсетілгендер ескеріледі:

- Топтың қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылған есепте өзара есепке алынады немесе
- заңды күші бар өзара есепке алу туралы бас келісімнің немесе қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есепте өзара есепке алынатынына не алынбайтынына байланысты олар ұқсас қаржы құралдарына қолданылатын осындай келісімдердің мәні болып табылады.

Ұқсас қаржы құралдарына туынды құралдар, «РЕПО» мәмілелері, «кері РЕПО» мәмілелері, бағалы қағаздарды қарызға алу және қарызға беру туралы келісімдер кіреді.

Топ биржада жүзеге асырылмайтын туынды құралдармен операцияларды орталық контрагент арқылы жасайды. Басшылық ұқсас келісімдерді өз мәні бойынша өзара есепке алуға теңестіруге болады және Топ өзара есепке алуды жүргізу талаптарына сәйкес келеді деп есептейді, өйткені толық сомаларда есеп айырысу механизмі кредиттік тәуекелдің және өтімділік тәуекелінің алдын алатын немесе барынша төмен деңгейге келтіретін сипатқа ие, осы арқылы Топ бірыңғай есеп айырысу процесінің немесе циклының аясында дебиторлық және кредиторлық берешекті реттей алады.

Топ төмендегі мәмілелерге қатысты ақша қаражаты және нарықта айналыста болатын бағалы қағаздар түріндегі қамсыздандыруды алады және қабылдайды:

- туынды құралдар,
- «РЕПО» мәмілелері, «кері РЕПО» мәмілелері және
- бағалы қағаздарды қарызға алу және қарызға беру туралы келісімдер.

Осыған ұқсас келісімдер своптар мен туынды құралдар бойынша халықаралық дилерлер қауымдастығының (ISDA) Қарызға алуды қамсыздандыру туралы толықтырудың стандарт талаптарының мәні болып табылады. Бұл қамсыздандыру ретінде алынған/кепілге берілген көрсетілген бағалы қағаздарды мәміленің қолданыс мерзімі ішінде кепілге беруге немесе сатуға болады, бірақ мәміленің аяқталу мерзіміне дейін қайтарылуы тиіс дегенді білдіреді. Сонымен қатар мәміленің талаптары әр контрагентке контрагенттің қамсыздандыруды беруге қабілетсіз болуының салдарынан сәйкес мәмілелерді тоқтатуға құқық береді.


Төмендегі кестеде 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша өзара есепке алу туралы заңды күші бар бас келісімдердің және ұқсас келісімдердің мәні болып табылатын қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер ұсынылады:



Қаржылық активтердің/ қаржылық міндеттемелердің түрлері	Танылған қаржылық активтердің / қаржылық міндеттемелердің толық сомасы	Қаржылық жай-күйі туралы шоғырландырылған есепте алынған танылған қаржылық активтердің/ қаржылық міндеттемелердің толық сомасы	Қаржылық жай-күйі туралы шоғырландырылған есептегі қаржылық активтердің/ қаржылық міндеттемелердің таза сомасы	Қаржылық жай-күйі туралы шоғырландырылған есепте есепке алынбаған сома		Таза сома
				Қаржы құралдары	Алынған ақшалай қамсыздандыру	
Клиенттерге және банктарға берілген несиелер	58,777	-	58,777	-	(8,746)	50,031
Кері РЕПО келісімдері бойынша берілген несиелер	61,771	-	61,771	(61,771)	-	-
Барлық қаржылық актив	120,549	-	120,549	(61,771)	(8,746)	50,031
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері	8,746	-	8,746	(8,746)	-	-
Банктердің және қаржы ұйымдарының қаражаты мен несиелері (РЕПО келісімдері бойынша берілген несиелер)	6,406	-	6,406	(6,406)	-	-
Барлық қаржылық міндеттеме	15,152	-	15,152	(15,152)	-	-

Төмендегі кестеде 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша өзара есепке алу туралы заңды күші бар бас келісімдердің және ұқсас келісімдердің мәні болып табылатын қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер ұсынылады:

Қаржылық активтердің/ қаржылық міндеттемелердің түрлері	Танылған қаржылық активтердің / қаржылық міндеттемелердің толық сомасы	Қаржылық жай-күйі туралы шоғырландырылған есепте алынған танылған қаржылық активтердің/ қаржылық міндеттемелердің толық сомасы	Қаржылық жай-күйі туралы шоғырландырылған есептегі қаржылық активтердің / қаржылық міндеттемелердің таза сомасы	Қаржылық жай-күйі туралы шоғырландырылған есепте есепке алынбаған сома		Таза сома
				Қаржы құралдары	Алынған ақшалай қамсыздандыру	
Клиенттерге және банктарға берілген несиелер	59,641	-	59,641	-	(7,725)	51,916
Кері РЕПО келісімдері бойынша берілген несиелер	75,071	-	75,071	(75,071)	-	-
Барлық қаржылық актив	134,712	-	134,712	(75,071)	(7,725)	51,916
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері	7,725	-	7,725	(7,725)	-	-
Банктердің және қаржы ұйымдарының қаражаты мен несиелері (РЕПО келісімдері бойынша берілген несиелер)	4,827	-	4,827	(4,827)	-	-
Барлық қаржылық міндеттеме	12,552	-	12,552	(12,552)	-	-



Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте ұсынылған және бұрын келтірілген кестелерде ашылып көрсетілген қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер және олардың таза сомалары қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылған есепте келесі негіз бойынша бағаланады:

«РЕПО» мәмілелері, «кері РЕПО» мәмілелері, бағалы қағаздарды қарызға алу және қарызға беру туралы келісімдер нәтижесінде туындайтын активтер мен міндеттемелер – амортизацияланған құны.

«РЕПО» келісімдері бойынша кепілге берілген бағалы қағаздар (15-ескертпе) жалпы танылуы тоқтатылмаған табысталған қаржылық активтер болып табылады. Қарызға берілген немесе қайта сатып алу міндеттемесімен сату туралы келісімдер аясында сатылған бағалы қағаздар үшінші тарапқа табысталады, бұл ретте Топ ақша қаражатын алады. Топ өз міндеттемелерін орындамаған жағдайларды қоса алғанда, бұл қаржылық активтерді контрагенттер қайта кепілге салуға немесе сатуға құқылы, алайда контрагент шарттың қолданыс мерзімі аяқталған кезде бағалы қағаздарды қайтаруға міндеттенеді. Топ осы бағалы қағаздарға берілетін құқықтардан пайда болатын барлық тәуекелдер мен пайданы өзіне қалдыра отырып, оларды тануды тоқтатпайды деп белгіледі. Топ бағалы қағаздар бойынша ақша қаражатының ағындарын алуға шарттық құқықтарды сататындықтан, Топтың табысталған активтерді келісімнің қолданыс мерзімі ішінде пайдалану мүмкіндігі жоқ.

Географиялық шоғырлану

Қаржыны және тәуекелді басқару комитеті («ҚТБК») заңнамадағы өзгерістерге байланысты тәуекелді бақылайды және оның Топ қызметіне келтіретін әсерін бағалайды. Бұл тәсіл Топқа Қазақстан Республикасындағы инвестициялық климаттың өзгерістерінен келтірілуі ықтимал залалды барынша азайтуға мүмкіндік береді.

Активтер мен міндеттемелердің географиялық шоғырлануы туралы ақпарат төмендегі кестелерде көрсетілген:

	Қазақстан	ЭЫДҰ емес елдер	ЭЫДҰ елдері	2019 жылғы 31 желтоқсан Барлығы
Қаржылық активтер				
Ақша қаражаты және оның баламалары	119,074	928	38,866	158,868
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржы құралдары	19,389	-	-	19,389
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық қаржылық активтер	142,158	8,604	9,780	160,542
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық қаржылық активтер	4,355	-	-	4,355
Банктердегі ақша қаражаты	5,957	-	3,145	9,102
Клиенттер мен банктерге берілген несиелер	968,439	13,951	-	982,390
Басқа қаржылық активтер	10,157	-	-	10,157
Барлық қаржылық актив	1,269,529	23,483	51,791	1,344,803
Қаржылық міндеттемелер:				
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржы құралдары	61,660	4,110	47,886	113,656
Банктердің және қаржы ұйымдарының қаражаты мен несиелері	948,053	5,333	5,559	958,945

	Қазақстан	ЭЫДҰ емес елдер	ЭЫДҰ елдері	2019 жылғы 31 желтоқсан Барлығы
Клиенттер мен банктердің ақша қаражаты	81,883	-	-	81,883
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	61,342	-	-	61,342
Реттелген облигациялар	119,680	-	-	119,680
Барлық қаржылық міндеттеме	1,272,618	9,443	53,445	1,335,506
Ашық позиция	(3,089)	14,040	(1,654)	

	Қазақстан	ЭЫДҰ емес елдер	ЭЫДҰ елдері	2018 жылғы 31 желтоқсан Барлығы
Қаржылық активтер:				
Ақша қаражаты және оның баламалары	155,689	4,995	14,729	175,413
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржы құралдары	42,478	-	198	42,676
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық қаржылық активтер	148,777	18,121	3,981	170,879
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық қаржылық активтер	6,911	-	-	6,911
Банктердегі ақша қаражаты	27,415	-	3,877	31,292
Клиенттер мен банктерге берілген несиелер	954,092	14,591	1	968,684
Басқа қаржылық активтер	10,771	-	-	10,771
Барлық қаржылық актив	1,346,133	37,707	22,786	1,406,626
Қаржылық міндеттемелер:				
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржы құралдары	12,668	-	-	12,668
Банктердің және қаржы ұйымдарының қаражаты мен несиелері	68,954	8,326	48,370	125,650
Клиенттер мен банктердің ақша қаражаты	1,074,530	-	-	1,074,530
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	70,147	-	-	70,147
Реттелген облигациялар	71,915	-	-	71,915
Барлық қаржылық міндеттеме	45,714	-	-	45,714
	1,343,928	8,326	48,370	1,400,624
Ашық позиция	2,205	29,381	(25,584)	

д) Өтімділік тәуекелі

Өтімділік тәуекелі – бұл Топ өз міндеттемелерін орындау үшін ақша қаражатын тартуда қиындықтарға ұшырауы мүмкін тәуекел. Өтімділік тәуекелі активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімдері сәйкес келмеген кезде туындайды. Активтер мен міндеттемелердің өтеу мерзімдері және пайыздық мөлшерлемелері бойынша сәйкес келуі және/немесе бақыланатын сәйкессіздік өтімділік тәуекелін басқаруда негізге алатын сәт болып табылады. Жүргізілген операциялардың әр түрлі болуы және соларға байланысты тұрлаусыздық салдарынан активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімі бойынша толық сәйкес келу қаржы институттары үшін әдеттегі тәжірибе болып табылмайды, бұл операциялардан түсетін пайданы ұлғайту мүмкіндігін береді, алайда залалдың пайда болу тәуекелін арттырады.

Топ міндеттемелерді өтеудің мерзімдерін олардың келіп түсуіне қарай барлық міндеттемелерді орындау үшін қажетті ақша қаражатының тұрақты түрде болуын қамтамасыз ету мақсатында өтімділіктің қажетті деңгейін ұстап тұрады. Өтімділікті басқару саясатын Басқарма қарастырады және бекітеді.

Топ шығарылған борыштық бағалы қағаздардан, басқа банктердің ұзақмерзімді және қысқамерзімді кредиттерінен, негізгі корпоративтік клиенттердің және жеке тұлғалардың депозиттерінен тұратын қаржыландыру көздерінің әртарапандырылған және тұрақты құрылымын, сондай-ақ жоғары өтімді активтердің әртарапандырылған портфелін Топ өтімділікке қатысты көзделмеген талаптарға жедел және ауытқуларсыз ықпал етуге қабілетті болуы үшін белсенді қолдауға тырысады.

Қазынашылық департаменті аталған тәуекелді басқаруды активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімдерін талдау және ағымдағы өтімділікті сақтау және ақша ағындарын оңтайландыру үшін ақшалай нарықтың операцияларды жүргізу арқылы жүзеге асырады. Жоспарлау және қаржы департаменті баланстың оңтайлы құрылымын өтімділік көрсеткіштеріне белгіленетін лимиттерді есептейді. Гэп-позицияларды ҚТБК бекітеді. Тәуекелдер департаменті өтімділік көрсеткіштеріне мониторинг жүргізеді.

Өтімділікті басқару саясатына:

- өтімділік тәуекелін анықтау (сәйкестендіру) және өлшеу (бағалау);
- өтімділік тәуекеліне және өтімділік позицияларына мониторинг жүргізу, есептілік, соның ішінде пруденциалдық және басқарушылық есептілік жүйесін құру;
- өтімділік тәуекелін шектеу, лимиттер (шектеулер) және ерте ден қою көрсеткіштерінің жүйесін құру;
- стресс-тестілеуді жүргізу;
- өтімділікті жоспарлаудың балама сценарийлерін, дағдарыс жағдайларында қаржыландыру жоспарларын және күтпеген жағдайлардағы іс-әрекеттер жоспарын әзірлеу, оларды жүйелі түрде қайта қарау;
- өтімділік тәуекелін ішкі бақылауды және өтімділік тәуекелін басқаруды ұйымдастыру, ішкі аудитті жүзеге асыру;
- өтімділік тәуекелі және өтімділік позициялары туралы тиісті ақпаратты жария ету кіреді.

Төменде көрсетілген кестелерде, қажет болған жағдайда, кез келген сәтте іске асырылуы мүмкін болғандықтан, «талап еткенге дейін және 1 айға дейін» санатына жататын пайда мен залал арқылы көрсетілетін қаржылық активтерді және өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық қаржылық активтерді қоспағанда, баланс бойынша күннен бастап өтеу күніне дейінгі қалған кезең бойынша топтастырылған қаржылық активтер мен міндеттемелерге жасалған талдау ұсынылған.






2019 жылғы 31 желтоқсан	Орташа алынған тиімді % мөлшерлеме	Талап еткенге дейін және 1 айға дейін
Қаржылық активтер		
Ақша қаражаты және оның баламалары	2.50%	-
Өзгерістері кезең бойынша пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары	7.71%	16,641
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық қаржылық активтер	5.63%	160,176
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық қаржылық активтер	6.15%	-
Банктердегі қаражат	11.50%	110,145
Пайыз есептелетін барлық актив		286,962
Ақша қаражаты және оның баламалары		153,206
Өзгерістері кезең бойынша пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары		2,748
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық қаржылық активтер		367
Банктердегі ақша қаражаты		9,102
Басқа қаржылық активтер		10,157
Барлық қаржылық актив		462,542
Қаржылық міндеттемелер		
Банктердің және қаржы ұйымдарының қаражаты мен несиелері	6.12%	39,826
Клиенттер мен банктердің ақша қаражаты	6.16%	39,874
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	9.91%	-
Реттелген облигациялар	11.75%	-
Басқа қаржылық міндеттемелер	3.00%	857
Пайыз есептелетін барлық міндеттеме		80,557
Банктердің және қаржы ұйымдарының қаражаты мен несиелері		5,367
Клиенттер мен банктердің ақша қаражаты		274,086
Басқа қаржылық міндеттемелер		16,597
Барлық қаржылық міндеттеме		376,607
Активтер мен міндеттемелер арасындағы айырмашылық		85,935

1-3 ай	3 ай - 1 жыл	1 жыл- 5 жыл	5 жылдан аса	2019 жылғы 31 желтоқсан Барлығы
5,662	-	-	-	5,662
-	-	-	-	16,641
-	-	-	-	160,176
211	2,318	1,826	-	4,355
45,362	183,741	456,434	186,708	982,390
51,235	186,059	458,260	186,708	1,169,224
-	-	-	-	153,206
-	-	-	-	2,748
-	-	-	-	367
-	-	-	-	9,102
-	-	-	-	10,157
51,235	186,059	458,260	186,708	1,344,804
1,298	25,325	9,947	31,893	108,289
60,606	284,466	276,390	17,439	678,775
1,106	51	28,607	52,119	81,883
559	508	16,357	43,918	61,342
1,122	2,667	16,945	81,492	103,083
64,691	313,017	348,246	226,861	1,033,372
-	-	-	-	5,367
1	4,111	379	1,593	280,170
-	-	-	-	16,597
64,692	317,128	348,625	228,454	1,335,506
(13,457)	(131,069)	109,635	(41,746)	



2019 жылғы 31 желтоқсан	Орташа алынған тиімді % мөлшерлеме	Талап еткенге дейін және 1 айға дейін
Пайыз есептелетін активтер мен міндеттемелер арасындағы айырмашылық		206,405
Пайыз есептелетін активтер мен міндеттемелер арасындағы айырмашылық, өспелі қорытындысы		206,405
Пайыз есептелетін активтер мен міндеттемелер арасындағы айырмашылық, пайыз есептелетін активтердің жалпы сомасының пайызы түрінде, өспелі қорытындысы		17.65%
2018 жылғы 31 желтоқсан	Орташа алынған тиімді % мөлшерлеме	Талап еткенге дейін және 1 айға дейін
Қаржылық активтер		
Ақша қаражаты және оның баламалары	2.84%	3,910
Өзгерістері кезең бойынша пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары	8.77%	41,594
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық қаржылық активтер	4.15%	170,719
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық қаржылық активтер	6.37%	-
Банктердегі ақша қаражаты	2.60%	7,978
Клиенттер мен банктерге берілген несиелер	11.84%	113,498
Пайыз есептелетін барлық актив		337,699
Ақша қаражаты және оның баламалары		169,249
Өзгерістері кезең бойынша пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары		1,082
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық қаржылық активтер		160
Банктердегі қаражат		3,704
Басқа қаржылық активтер		10,771
Барлық қаржылық актив		522,665
Қаржылық міндеттемелер		
Өзгерістері кезең бойынша пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары	3.00%	12,668

1-3 ай	3 ай - 1 жыл	1 жыл - 5 жыл	5 жылдан аса	2019 жылғы 31 желтоқсан Барлығы
(13,456)	(126,958)	110,014	(40,153)	
192,948	65,990	176,004	135,851	
16.50%	5.64%	15.05%	11.62%	
1-3 ай	3 ай - 1 жыл	1 жыл - 5 жыл	5 жылдан аса	2018 жылғы 31 желтоқсан Барлығы
2,254	-	-	-	6,164
-	-	-	-	41,594
-	-	-	-	170,719
-	4,436	2,475	-	6,911
19,610	-	-	-	27,588
43,060	201,614	373,464	237,048	968,684
64,924	206,050	375,939	237,048	1,221,660
-	-	-	-	169,249
-	-	-	-	1,082
-	-	-	-	160
-	-	-	-	3,704
-	-	-	-	10,771
64,924	206,050	375,939	237,048	1,406,626
-	-	-	-	12,668



2018 жылғы 31 желтоқсан	Орташа алынған тиімді % мөлшерлеме	Талап еткенге дейін және 1 айға дейін
Банктердің және қаржы ұйымдарының қаражаты мен несиелері	6.42%	32,335
Клиенттер мен банктердің ақша қаражаты	5.83%	84,025
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	8.62%	-
Реттелген облигациялар	11.09%	-
Басқа қаржылық міндеттемелер	3.00%	166
Пайыз есептелетін барлық міндеттеме		129,194
Банктердің және қаржы ұйымдарының қаражаты мен несиелері		10,201
Клиенттер мен банктердің ақша қаражаты		302,945
Басқа қаржылық міндеттемелер		14,810
Барлық қаржылық міндеттеме		457,150
Активтер мен міндеттемелер арасындағы айырмашылық		65,515
Пайыз есептелетін активтер мен міндеттемелер арасындағы айырмашылық		208,505
Пайыз есептелетін активтер мен міндеттемелер арасындағы айырмашылық, өспелі қорытындысы		208,505
Пайыз есептелетін активтер мен міндеттемелер арасындағы айырмашылық, пайыз есептелетін активтердің жалпы сомасының пайызы түрінде, өспелі қорытындысы		17.07%


1-3 ай	3 ай - 1 жыл	1 жыл- 5 жыл	5 жылдан аса	2018 жылғы 31 желтоқсан Барлығы
1,567	19,360	42,786	19,401	115,449
54,701	296,309	308,430	20,266	763,731
1,107	21,271	22,632	25,137	70,147
550	12,463	8,346	50,556	71,915
216	655	4,125	25,742	30,904
58,141	350,058	386,319	141,102	1,064,814
-	-	-	-	10,201
7	5,420	524	1,903	310,799
-	-	-	-	14,810
58,148	355,478	386,843	143,005	1,400,624
6,776	(149,428)	(10,904)	94,043	
6,783	(144,008)	(10,380)	95,946	
215,288	71,280	60,900	156,846	
17.62%	5.83%	4.99%		

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салымшылар өздерінің мерзімді депозиттерін банктен кез келген сәтте алуға құқылы, бұл ретте көптеген жағдайда олар есептелген пайыздық кірісті алу құқығынан айырылады. Бұл депозиттер шарттарда белгіленген оларды өтеу мерзімдері негізінде ұсынылған.

Дегенмен, Басшылық мерзімінен бұрын алу опциясының болуына және салымдардың айтарлықтай бөлігі талап етуге дейінгі шоттар болып табылатынына қарамастан, осы шоттар мен депозиттерді саны мен салымшылар түрлері бойынша әртараптандыру және Топтың бұрынғы тәжірибесі осы шоттар қаржыландырудың ұзақмерзімді және тұрақты болып табылатынын білдіреді деп есептейді.

Басшылық белгілі бір қаржылық активтер мен міндеттемелерге қатысты ақша ағындарының қозғалысы шартта ескерілгеннен басқаша болуы мүмкін деп күтеді, бұл Басшылық ақша қаражаты ағындарын басқаруға өкілетті болғандықтан немесе бұрынғы тәжірибе аталған қаржылық активтер мен міндеттемелер бойынша ақша қаражаты ағындарының қозғалыс мерзімдері шарттарда белгіленген мерзімдерден өзгеше болуы мүмкін екенін көрсететіндіктен орын алады.

Өтімділік тәуекеліне және пайыздық мөлшерлеме тәуекеліне одан әрі талдау жасау 7-ХЕҚС-ке (IFRS) сәйкес төмендегі кестеде көрсетіледі. Кестедегі сомалар қаржылық жағдай туралы есепте берілген сомаларға сәйкес келмейді, өйткені оларға қаржылық міндеттемелер бойынша төлемдерге жасалған талдау кіреді, аталған міндеттемелер қалдық сомалары болып табылады (соның ішінде пайыз



төлемдері), олар қаржылық жағдай туралы есепте тиімді пайыздық мөлшерлемесі бойынша есепке алынбайды. Егер пайыздар құбылмалы мөлшерлеме бойынша есептелсе, дисконтталмаған сома пайыздық мөлшерлемелердің есепті күндегі жай-күйі бойынша өзгеру қисығы негізінде белгіленеді.

	Талап еткенге дейін және 1 айға дейін	1 айдан 3 айға дейін	3 айдан 1 жылға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан аса	2019 жылғы 31 желтоқсан Барлығы
Қаржылық міндеттемелер:						
Банктердің және қаржы ұйымдарының қаражаты мен несиелері	39,922	1,803	29,676	11,400	43,107	125,908
Клиенттер мен банктердің ақша қаражаты	45,943	65,896	299,979	284,623	17,295	713,736
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	-	1,785	6,608	57,785	63,321	129,499
Реттелген облигациялар	-	1,108	4,857	39,791	102,629	148,385
Басқа қаржылық міндеттемелер	866	1,509	4,388	26,101	108,437	141,301
Пайыз есептелетін барлық міндеттеме	86,731	72,101	345,508	419,700	334,789	1,258,829
Банктердің және қаржы ұйымдарының қаражаты мен несиелері	5,367	-	-	-	-	5,367
Клиенттер мен банктердің ақша қаражаты	274,086	1	4,111	379	1,593	280,170
Басқа қаржылық міндеттемелер	16,597	-	-	-	-	16,597
Барлық қаржылық міндеттеме	382,781	72,102	349,619	420,079	336,382	1,560,963
Қаржы кепілдіктері мен шартты міндеттемелер	138,821	-	-	-	-	138,821

	Талап еткенге дейін және 1 айға дейін	1 айдан 3 айға дейін	3 айдан 1 жылға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан аса	2018 жылғы 31 желтоқсан Барлығы
Қаржылық міндеттемелер:						
Банктердің және қаржы ұйымдарының қаражаты мен несиелері	32,413	2,136	22,686	49,035	25,137	131,407
Клиенттер мен банктердің ақша қаражаты	86,295	56,179	304,313	316,761	20,813	784,361
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	-	1,681	25,441	42,204	33,691	103,017
Реттелген облигациялар	-	1,088	17,677	29,608	80,491	128,864
Басқа қаржылық міндеттемелер	244	370	1,334	7,467	33,295	42,710

	Талап еткенге дейін және 1 айға дейін	1 айдан 3 айға дейін	3 айдан 1 жылға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан аса	2018 жылғы 31 желтоқсан Барлығы
Пайыз есептелетін барлық міндеттеме	118,952	61,454	371,451	445,075	193,427	1,190,359
Банктердің және қаржы ұйымдарының қаражаты мен несиелері	10,201	-	-	-	-	10,201
Клиенттер мен банктердің ақша қаражаты	302,945	7	5,420	524	1,903	310,799
Басқа қаржылық міндеттемелер	14,810	-	-	-	-	14,810
Барлық қаржылық міндеттеме	446,908	61,461	376,871	445,599	195,330	1,526,169
Қаржы кепілдіктері мен шартты міндеттемелер	154,019	-	-	-	-	154,019
Туынды қаржылық міндеттемелер						
Толық сомада орындалатын туынды қаржылық міндеттеме						
Түсім	-	-	23,816	-	-	23,816
Қолданыстан шығу	-	-	(11,111)	-	-	(11,111)

Төлем жасау уақытының есебі төменде көрсетілген принциптер негізінде белгіленген:

Туынды қаржы құралдары

Туынды қаржы құралдары бойынша келісімшарттық төлемдер негізгі борышты бастапқы және қорытынды айырбастау бойынша жалпы төлемдер мен қаржы құралдары бойынша шарттық талаптарына сәйкес пайыздық төлемдер негізінде белгіленген.

Міндеттемелер бойынша алдын ала төлем

Кейін өндіріп алуды қолдану үшін негіз болатынына қарамастан, қаржылық міндеттемелер бойынша алдын ала төлем жақын арада жасалатын төлем ретінде қарастырылады. Егер қаржылық міндеттеменің төлемі нарық бағасы сияқты белгілі бір критерийлерге тіркелген немесе тәуелді болса, онда осындай төлем ең жақын арада жасалатын төлем ретінде қарастырылады. Төлем талаптар орындалған және шарт бойынша талаптар бұзылмаған деген негіз бойынша енгізілген.

Қаржы кепілдіктері мен шартты міндеттемелер «талап еткенге дейін» санатына қосылған, яғни төлемдер сауал салған кезде талап етілуі мүмкін.

(е) Операциялық тәуекел

Операциялық тәуекелдің анықтамасы:

Операциялық тәуекел – Топта болып жатқан процестерге, қызметкерлерге, технологияларға немесе инфрақұрылымға байланысты әртүрлі себептер салдарынан, сондай-ақ заңнамалық немесе кредиттік,



нарықтық тәуекелдерден немесе өтімділік тәуекелінен өзгеше болатын реттеуші талаптар мен корпоративтік мінез-құлқының жалпы қабылданған стандарттары сияқты сыртқы фактілердің әсер ету салдарынан тікелей немесе жанама залалдың пайда болу тәуекелі. Операциялық тәуекел Топтың барлық операциялары бойынша туындайды.

Топтың операциялық тәуекелді басқарудағы мақсаты – қаржы шығасына және Топтың беделіне нұқсан келтіруге жол бермеу, сонымен қатар шығын мен инновациялар тиімділігін теңестіру. Барлық жағдайларда Топ саясаты барлық қолданылатын заңнамалық және нормативтік талаптардың сақталуын талап етеді.

Топ операциялық тәуекелді Басшылық Топ қызметінің әр саласында қажет деп есептейтін ішкі бақылауларды енгізу арқылы басқарады.

28. КАПИТАЛДЫ БАСҚАРУ

ҚРҰБ Банк капиталының жалпы деңгейіне қатысты талаптарды белгілейді және олардың орындалуын бақылайды.

Банк капитал ретінде кредиттік ұйымдардың капиталын құрайтын баптар ретіндегі заңнамаға сәйкес анықталған баптарды белгілейді:

1-деңгейдегі капитал

негізгі капитал мен қосымша капитал сомасын білдіреді. Негізгі капитал төлем жасалған меншікті жай акцияларды, материалдық емес активтерді, соған қоса гудвилді, өткен жылдардың залалын және ағымдағы жылдың залалын, шегерілетін уақытта айырмаларға қатысты танылған кейінге қалдырылған салық активтерінің бөлігін қоспағанда, кейінге қалдырылған салық міндеттемелерін шегергенде кейінге қалдырылған салық активін, өзге де қайта бағалау бойынша резервтерді, активтерді секьюритилендіру бойынша транзакциялармен байланысты сатудан түскен кірісті, қаржылық міндеттемелер бойынша кредиттік тәуекелдің өзгеруіне байланысты осындай міндеттемелердің әділ құнының өзгеруінен болған кірістерді немесе шығындарды, қосымша капиталдан шегерілуі тиіс, бірақ оның жеткіліксіз деңгейіне байланысты негізгі капиталдан шегерілетін реттеуші түзетулерді және Топтың қаржылық есептілігін құрған кезде қаржылық есептілігі кейбір шектеулермен шоғырландырылатын заңды тұлғалардың қаржы құралдарына инвестицияларды алып тастағанда, төленген жай акциялардың, төленген қосымша капиталдың, ағымдағы жылдың және өткен жылдардың бөлінбеген таза пайдасы мен оларға қарсы құрылған резервтердің сомасы ретінде есептеледі. Қосымша капиталға мерзімсіз шарттар және банктің меншікті төленген артықшылықты акциялары енгізіледі, бұл ретте Банктің меншікті мерзімсіз қаржы құралдарына жасалған инвестицияларын түзету, меншікті сатып алынған артықшылықты акциялары, Топтың қаржылық есептілігін құрған кезде қаржылық есептілігі кейбір шектеулермен шоғырландырылмайтын заңды тұлғалардың қаржы құралдарына жасалған инвестициялар және екінші деңгейдегі капиталдан шегерілуі тиіс, бірақ оның жеткіліксіз деңгейіне байланысты қосымша капиталдан шегерілетін реттеуші түзетулер шегеріледі.

2-деңгейдегі капитал

банктің шығарылған акцияларының он және одан көп пайызына ие қаржы ұйымдарының реттелген борышына банктің инвестициясын шегергенде, теңгемен көрсетілген реттелген борыш сомасы ретінде есептеледі.

Жалпы капитал 1-деңгейдегі капитал мен 2-деңгейдегі капитал сомасын білдіреді (2018 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша жалпы капитал жеке клиенттердің депозит сомасы мен 5.5-ке көбейтілген және нормативпен белгіленген кредиттік залалға бөлінген резерв пен ХҚЕС-ке сәйкес құнсыздануға бөлінген резервтер арасындағы оң айырманың 33.33%-ы шегерілген нормативтік капиталдың оң айырмасын алып тастағанда, 1-деңгейдегі капитал мен 2-деңгейдегі капитал сомасын білдіреді).

Жалпы капиталдың жоғарыда келтірілген элементтеріне қолданылатын әртүрлі шектеулер қатары мен жіктеу критерийлері бар.

ҚРҰБ белгілеген қолданыстағы талаптарға сәйкес Банк жалпы капиталдың жеткіліктілігі коэффициентін келесі деңгейлерде ұстауы тиіс:

- -кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген активтердің, шартты және ықтимал міндеттемелердің, нарықтық тәуекелді ескере отырып есептелген активтердің, шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелердің, операциялық тәуекелдің сомасына қатынасы (k1);
- -1-деңгейдегі капиталдың кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген активтердің, шартты және ықтимал міндеттемелердің, нарықтық тәуекелді ескере отырып есептелген активтердің, шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелердің, операциялық тәуекелдің сомасына қатынасы (k1-2);
- -жалпы капиталдың кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген активтердің, шартты және ықтимал міндеттемелердің, нарықтық тәуекелді ескере отырып есептелген активтердің, шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелердің, операциялық тәуекелдің сомасына қатынасы (k2).

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша Банкке қолданылатын коэффициенттердің ең төмен деңгейі төмендегідей:



2019 жылғы 1 қазаннан бастап ҚРҰБ капиталдандыру нормативтеріне жаңа реттеуші буферді енгізді. Реттеуші буфер Нормативтерге қарыздар және дебиторлық берешек түріндегі банк активтерінің құнсыздануына арналған провизияны қалыптастыру жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес есептелген провизия мен кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген активтер, шартты және ықтимал міндеттемелер сомасына ХҚЕС және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес банктің бухгалтерлік есебінде қалыптастырылған және көрсетілген провизия арасындағы оң айырманың (бұдан әрі – оң айырма) арасындағы оң айырма ретінде есептеледі.

Банк 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша реттеуші буферді есепке алмай-ақ, k1, k1-2 және k2 бойынша капиталдандырудың барлық пруденциалдық нормативтерін орындады, осы коэффициенттердің нақты мәні 0.094, 0.100 и 0.174 (2018 жылғы 31 желтоқсанда: k1 – 0.087, k1-2 – 0.100 және k2 – 0.171) құрады.

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша реттеуші буфер 2%-ды құрады, сондай-ақ реттеуші буферді есепке алғанда, k1, k1-2 және k2 нормативтері 9.5%, 10.5% және сәйкесінше 12%-ды құрады. Реттеуші буферді есепке ала отырып, капиталдандыру нормативтерін орындау аясында ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі реттеуші буферді есепке ала отырып, капиталдың жеткіліктілігі коэффициенттерін орындау бойынша іс-шаралар жоспарына келісім берді.

Бұдан кейін кестеде 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша Банк капиталының құрамына талдау көрсетілген, ол «Пруденциалдық қалыптардың қалыптық және өзге де орындалуы міндетті нормалар мен лимиттерді маңызы мен есептеу әдістемелерін, белгілі бір күнге шекті банк капиталының мөлшерін және Ашық валюталық позицияларды есептеу қағидалары мен олардың лимиттерін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі Басқармасының 2018 жылғы 13 қыркүйектегі №170 қаулысына сәйкес енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды есепке ала отырып есептелген.

2019 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ БОЙЫНША ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ҚАТЫСТЫ ЕСКЕРТПЕЛЕР

КАПИТАЛДЫ БАСҚАРУ

	2019 жылғы 31 желтоқсан	2018 жылғы 31 желтоқсан
1-деңгейдегі капитал		
Негізгі капитал:	108,564	102,067
Акционерлік капитал	58,932	57,977
Нормативтік талаптарға сәйкес есептелген өткен жылдың бөлінбеген пайдасы	46,575	33,104
Ағымдағы жылдың бөлінбеген пайдасы	1,497	13,215
Өткен жылдың бөлінбеген пайдасының есебінен құрылған резерв	4,981	4,981
Ғимараттарды оң қайта бағалау	1,442	1,564
Инвестициялық бағалы қағаздарды қайта бағалаудан болған резерв	285	(3,708)
Реттеуші түзетулер:		
Гудвиллді қоса алғанда, материалдық емес активтер	(5,148)	(5,066)
Барлық негізгі капитал	108,564	102,067
Қосымша капитал:		
Негізгі капитал критерийлеріне сәйкес келмейтін төленген артықшылықты акциялар нысанындағы капитал	11,775	5,887
Банктің меншікті сатып алынған артықшылықты акциялары	(11,686)	(5,843)
2015 жылғы 1 қаңтарға дейін тартылған мерзімсіз қаржы құралдары (2019 жыл бойынша баланстық құнның 20%, 2018 жыл бойынша баланстық құнның 50%)	6,186	15,531
1-деңгейдегі капитал	114,839	117,642
2-деңгейдегі капитал		
Реттелген борыш	82,154	81,754
2015 жылғы 1 қаңтарға дейін теңгемен тартылған реттелген борыш	3,167	12,670
Барлық 2-деңгейдегі капитал	85,321	94,424
Реттеуші түзетулер:		
2018: нормативпен белгіленген кредиттік залалға бөлінген резерв пен ХҚЕС-ке сәйкес құнсыздануға бөлінген резервтер арасындағы оң айырманың 33.33%-ы шегерілген	-	(11,511)
Барлық капитал	200,160	200,555

КРЕДИТТІК СИПАТТАҒЫ ШАРТТЫ ҚАРЖЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР



	2019 жылғы 31 желтоқсан	2018 жылғы 31 желтоқсан
Нормативпен белгіленген кредиттік залалға бөлінген резерв пен ХҚЕС-ке сәйкес құнсыздануға бөлінген резервтер арасындағы оң айырма	(22,923)	н/п
Тәуекелді есепке ала отырып өлшенген активтер, шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелер және туынды қаржы құралдары және операциялық тәуекел		
Кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша өлшенген активтер	985,438	993,520
Кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша өлшенген шартты және ықтимал міндеттемелер	105,085	114,948
Нарықтық тәуекелді ескере отырып есептелген активтер, шартты және ықтимал активтер мен міндеттемелер	11,686	19,777
Операциялық тәуекел	49,380	44,136
Тәуекелді есепке ала отырып өлшенген активтер, шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелер және туынды қаржы құралдары және операциялық тәуекел	1,151,589	1,172,381
k1	0.094	0.087
k1-2	0.100	0.100
k2	0.174	0.171

29. КРЕДИТТІК СИПАТТАҒЫ ШАРТТЫ ҚАРЖЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Топтардың кредит ресурстарын беру бойынша міндеттемелері бар. Осы міндеттемелер кредит ресурстарын мақұлданған кредит, кредит карталары бойынша лимиттер, сондай-ақ овердрафт түрінде беруді қарастырады.

Топ өз клиенттерінің үшінші тұлғалар алдындағы міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету мақсатында қаржылық кепілдіктер шығарады және аккредитивтер ашады. Көрсетілген келісімдер міндеттемелердің лимиттерін белгілейді және әдетте олардың қолданыс мерзімі бес жылға дейін болады. Топ қаржылық кепілдік, баланстан тыс кредиттік міндеттемелер және аккредитивтер берген кезде клиенттерге несие бергенде қолданылатын тәуекелдерді басқару саясаты мен процедурасын қолданады.

Кредиттік сипаттағы шартты міндеттемелердің шарттық сомалары бұдан кейін санаттарға бөлінген кесте түрінде берілген. Кестеде кепілдіктер мен аккредитивтерге қатысты көрсетілген сомалар контрагенттер шарттардың талаптарына сәйкес өз міндеттемелерін орындай алмаған жағдайда, есепті күнгі жай-күйі бойынша бухгалтерлік залалдың ең жоғары мөлшерін білдіреді.

2019 жылғы және 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша номиналды сомалар немесе шарттарға сәйкес сомалар және тәуекел бойынша өлшенген сомалар келесілерді құраған:

2019 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ БОЙЫНША ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ҚАТЫСТЫ ЕСКЕРТПЕЛЕР

КРЕДИТТІК СИПАТТАҒЫ ШАРТТЫ ҚАРЖЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

	2019 жылғы 31 желтоқсан		2018 жылғы 31 желтоқсан	
	Номиналды сома	Тәуекелді есепке ала отырып алынған сома	Номиналды сома	Тәуекелді есепке ала отырып алынған сома
Берілген кепілдіктер және басқа да ұқсас міндеттемелер	132,543	75,407	145,936	138,490
Аккредитивтер және басқа операцияларға қатысты басқа шартты міндеттемелер	6,278	1,256	8,083	1,617
	138,821	76,663	154,019	140,107

Басшылық кредиттер және кредиттік желілер бойынша міндеттемелер өтеу кестесіне сәйкес ағымдағы кредит портфелінің өтелуінен алынған сомалардың есебінен қажетті мөлшерде қаржыландырылады деп күтеді.

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша 128,089 млн теңге (2018 жылғы 31 желтоқсанда: 140,783 млн теңге) мөлшерінде берілген кепілдіктер кредиттік тәуекелдің 1-деңгейіне, 3,479 млн теңге және 975 млн теңге (2018 жылғы 31 желтоқсанда: 958 млн теңге және сәйкесінше 4,195 млн теңге) мөлшерінде берілген кепілдіктер кредиттік тәуекелдің 2- және сәйкесінше 3-деңгейіне жатады.

Төменде көрсетілген кестеде міндеттеменің әділ құнын емес, шығарылған кепілдіктер мен әртүрлі кепіл түрлерімен қамсыздандырылған ұқсас өзге міндеттемелер көрсетілген:

	2019 жылғы 31 желтоқсан	2018 жылғы 31 желтоқсан
Жылжымайтын мүлік	12,899	52,407
Кепілсіз	4,930	27,675
Ақша қаражаты	57,136	7,446
Корпоративтік кепілдіктер	12,169	12,255
Жылжымалы мүлік	219	14,373
Айналымдағы тауарлар	200	421
Дебиторлық берешек	-	10,371
Жер	-	42
Басқа	44,990	20,946
Барлығы	132,543	145,936

Төменде көрсетілген кестеде міндеттеменің әділ құны емес, әртүрлі кепіл түрлерімен қамсыздандырылған аккредитивтер және өзге операцияларға жататын шартты басқа міндеттемелер көрсетілген:

КАСТОДИАНДЫҚ ҚЫЗМЕТ



	2019 жылғы 31 желтоқсан	2018 жылғы 31 желтоқсан
Ақша қаражаты	6,278	8,083
Қамсыздандырылмаған аккредитивтер	-	-
Барлығы	6,278	8,083

Көрсетілген міндеттемелерді ішінара немесе толық орындамай-ақ, тоқтатуға болады. Мұның салдарынан жоғарыда көрсетілген міндеттемелер ақша қаражатының күтілген қайтуын қамтымайды.

30. КАСТОДИАНДЫҚ ҚЫЗМЕТ

Топ жеке тұлғаларға, трастілік компанияларға, зейнетақы қорларына және өзге ұйымдарға кастодиандық қызмет көрсетеді, атап айтқанда клиенттің тапсырмасына сәйкес активтерді есепке алады және сақтайды немесе әртүрлі қаржы құралдарымен клиенттердің мәмілелері бойынша есеп айырысуды жүргізеді. Топ осы қызметтерді ұсынғаны үшін комиссиялық сыйақы алады. Кастодиандық сақтау үшін алынған активтер Топтың активтері болып табылмайды және сәйкесінше оның қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылған есебінде көрсетілмейді. Топ аталған инвестициялар бойынша кепілдіктер бермейтіндіктен аталған қызметті жүзеге асырған кезде кредиттік тәуекелге ұшырамайды.

Фидуциарлық активтер номиналдық құны бойынша келесі санаттарға бөлінеді:

	2019 жылғы 31 желтоқсан	2018 жылғы 31 желтоқсан
Бағалы қағаздар	266,434	227,078
Ғимаратқа, машинаға, жабдыққа, көлікке және басқа меншікке жасалған инвестиция	6,597	19,791
Инвестициялық қорлардың пайлары	22	23
Банктік депозиттер	373	-
Басқа активтер	20	688
Барлық фидуциарлық актив	273,446	247,580

Банк активтерді басқаратын инвестициялық қорлардың және өзге заңды тұлғалардың активтері мен қызмет нәтижелеріне және олардың активтерімен жүргізілетін операцияларға қатысты есеп жүргізеді және есептілік құрады, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және ҚРҰБ ережелеріне сәйкес қызмет көрсетілетін активтерге қатысты басқарушы компаниямен салыстырып тексеру жүргізеді.

31. ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

(а) Сақтандыру

Қазақстан Республикасындағы сақтандыру нарығы әлі даму үстінде, сондықтан басқа елдерде қолданылатын сақтандыру тұрғысында қорғаудың көптеген нысандары Қазақстанда әзірге пайдаланылмайды. Топ ғимараттар мен жабдықтарды, қызметтің уақытша тоқтауын немесе Топтың мүлкін пайдалану нәтижесінде немесе Топтың қызметіне қатысты өзге жағдайларда келтірілген мүлктік немесе экологиялық зиянға байланысты үшінші тұлғалардың жауапкершілігіне қатысты толық көлемде сақтандыру жүргізген жоқ. Топ өз қызметін жеткілікті дәрежеде сақтандырмайынша, келтірілген залал немесе

ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

белгілі бір активтердің ысырабының Топтың қызметіне және қаржылық жағдайына теріс ықпал етуінің тәуекелі болады.

б) Сот талқылаулары

Нарықта өзінің әдеттегі қызметін жүргізу процесінде Топ әртүрлі заңдық шағымдарды кездестіреді. Басшылық сот талқылаулары нәтижесінде туындаған міндеттемелерінің соңғы мөлшері (ондайлар болған жағдайда) Топтың қаржылық жағдайына немесе кейінгі қызметіне айтарлықтай теріс ықпал етпейді деп есептейді.

(в) Қазақстандағы шартты салықтық міндеттемелер

Қазақстанның салық жүйесі, салыстырмалы түрде жаңа бола тұрып, көбінесе нақты баяндалмаған және қарама-қайшы заңнамалық нормалардың, ресми түсініктемелердің және сот шешімдерінің жиі өзгертілуімен сипатталады, бұл өз кезегінде әртүрлі салық органдарының оларды әртүрлі түсінуіне, қоса алғанда ХҚЕС-ке сәйкес кірістердің, шығыстың және қаржылық есептіліктің басқа да баптарының есебін жүргізу тәртібіне қатысты әртүрлі пікірлерге жол береді. Салықтарды есептеудің дұрыстығына қатысты тексерулер мен тергеулерді ірі айыппұлдар салуға және пайыз алуға құқығы бар әртүрлі деңгейдегі реттеуші органдар жүргізеді. Есепті кезеңде салықты есептеу дұрыстығын кейінгі кезектегі бес жыл ішінде тексеруге болады, алайда белгілі бір жағдайларда, бұл мерзімді ұзартуға болады.

Осы жағдайлар Қазақстандағы салық тәуекелдерінің басқа елдермен салыстырғанда едәуір жоғары болуына әкелуі мүмкін. Топтың басшылығы қолданылатын салық заңнамасы, нормативтік талаптар мен сот шешімдері туралы өз түсінігіне сүйене отырып, салық міндеттемелері толық шамада көрсетілген деп есептейді. Дегенмен, бұл қағиданы сәйкес органдар басқаша түсінуі мүмкін, егер олар өз позициясының дұрыстығын дәлелдей алса, бұл осы шоғырландырылған қаржылық есептілікке айтарлықтай ықпал ете алады.





32. ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

(а) Есептік жіктеулер және әділ құн

Бұдан кейін келесі кесте 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелердің баланстық және әділ құнын көрсетеді:

	Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын	Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын	Барлық баланстық құны	Әділ құны
Ақша қаражаты және оның баламалары	-	-	158,868	158,868	158,868
Өзгерістері кезең бойынша пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары	19,389	-	-	19,389	19,389
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық қаржылық активтер	-	160,542	-	160,542	160,542
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық қаржылық активтер	-	-	4,355	4,355	4,275
Банктердегі ақша қаражаты	-	-	9,102	9,102	9,102
Клиенттер мен банктерге берілген несиелер	-	-	982,390	982,390	974,476
Басқа қаржылық активтер	-	-	10,157	10,157	10,157
	19,389	160,542	1,164,872	1,344,803	1,336,809
Банктердің және қаржы ұйымдарының ақша қаражаты мен несиелері	-	-	113,656	113,656	113,656
Клиенттер мен банктердің ақша қаражаты	-	-	958,945	958,945	957,859
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	-	-	81,883	81,883	76,136
Реттелген облигациялар	-	-	61,342	61,342	57,729
Басқа қаржылық міндеттемелер	-	-	119,680	119,680	119,680
	-	-	1,335,506	1,335,506	1,325,060

Бұдан кейін келесі кесте 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелердің баланстық және әділ құнын көрсетеді:

	Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын	Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын	Барлық баланстық құны	Әділ құны
Ақша қаражаты және оның баламалары	-	-	175,413	175,413	175,413
Өзгерістері кезең бойынша пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары	42,676	-	-	42,676	42,676
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық қаржылық активтер	-	170,879	-	170,879	170,879
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық қаржылық активтер	-	-	6,911	6,911	6,803
Банктердегі ақша қаражат	-	-	31,292	31,292	31,292
Клиенттер мен банктерге берілген несиелер	-	-	968,199	968,199	957,551
Басқа қаржылық активтер	-	-	10,771	10,771	10,771
	42,676	170,879	1,192,586	1,406,141	1,395,385
Өзгерістері кезең бойынша пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары	12,668	-	-	12,668	12,668
Банктердің және қаржы ұйымдарының қаражаты мен несиелері	-	-	125,650	125,650	125,650
Клиенттер мен банктердің ақша қаражаты	-	-	1,074,530	1,074,530	1,073,112
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	-	-	70,147	70,147	64,549
Реттелген облигациялар	-	-	71,915	71,915	64,989
Басқа қаржылық міндеттемелер	-	-	45,714	45,714	45,714
	12,668	-	1,387,956	1,400,624	1,386,682



(а) Есептік жіктеулер және әділ құн, жалғасы

Әділ құнды бағалау активті сатудан алынған немесе бағалау күніне нарыққа қатысушылар арасында ұйымдастырылған нарықта жүргізілетін операцияның талаптарында міндеттемелерін берген кезде төленген белгілі бір бағаға бағытталған.

Дегенмен, тұрлаусыздық факторын, сондай-ақ қолданылатын пайымдардың субъективтілігін назарға ала отырып, әділ құн активтер тез арада іске асырылатын, ал міндеттемелер реттелетін құн ретінде қарастырылмауы тиіс.

Белсенді нарық айналымындағы қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелердің әділ құны нарықтық баға белгілеуге немесе дилерлік бағаларға негізделеді. Топтың өзге барлық қаржы құралдарының әділ құнын Топ басқа бағалау әдістерін пайдалана отырып, белгілейді.

Бағалау әдістерінің мақсаты бағалау күніне нарыққа қатысушылар арасында активті сату немесе міндеттемелерді беру бойынша ұйымдастырылған нарықта жүргізілетін операция өткізілетін бағаны көрсететін әділ құнды бағалау тәсіліне жету болып табылады.

Бағалау әдістеріне осы сәтке келтірілген таза құнды бағалау, ақша қаражатының ағымын дисконттау және оған қатысты нарықтық баға белгілеулер мәлім болатын ұқсас құралдармен салыстыру модельдері кіреді. Бағалау үшін пайдаланылатын пайымдар мен деректерге тәуекелсіз және базалық сыйақы мөлшерлемесі кредиттік спрэдтер және дисконттау мөлшерлемесін бағалау үшін пайдаланылатын өзге де түзетулер, акциялар мен облигацияларға баға белгілеу және валюта бағамдары жатады. Бағалау әдістері нарыққа тәуелсіз қатысушылар белгілеген есепті күнгі жай-күйі бойынша қаржы құралының бағасын көрсететін әділ құнды анықтауға бағытталған.

Топ тек жалпыға қолжетімді нарықтық деректерді пайдаланатын және пайымдарды немесе басшылықтың бағалауын талап етпейтін пайыздық және валюталық своптар сияқты стандарт және қарапайым қаржы құралдарының әділ құнын анықтау үшін кең танылған бағалау модельдерін пайдаланады. Модельдерге арналған бақыланатын түзетулер мен шығыс деректер әдетте нарық айналымындағы борыштық және үлестік бағалы қағаздар, биржа айналымындағы туынды құралдар, сондай-ақ пайыздық своптар сияқты биржадан тыс қарапайым туынды қаржы құралдары үшін нарықта қолжетімді.

Күрделірек құралдар үшін Топ өзінің жеке бағалау модельдерін пайдаланады. Осы модельдерде пайдаланылатын кейбір немесе маңызды барлық деректер жалпыға қолжетімді нарықтық деректер болмауы мүмкін және нарықтық түзетулерден немесе мөлшерлемелерден туындайды немесе пайымдарлар негізінде құрылған баға болып табылады. Бағалау бақыланбайтын нарықтық деректерге негізделген құралдардың мысалы ретінде кейбір несиелер мен белсенді нарық болмаған бағалы қағаздар бола алады.

Келесі жорамалдарды басшылық қаржы құралдарының әділ құнын бағалау үшін пайдаланады:

- корпоративтік клиенттерге берілген несиелер және жеке клиенттерге берілген кредиттер бойынша ақша қаражатының болашақтағы ағымын дисконттау үшін 4.4 – 12.9% және сәйкесінше 6.0 – 18.8% дисконттау мөлшерлемесі пайдаланылды;
- корпоративтік және жеке клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері бойынша ақша қаражатының болжалған болашақтағы ағымын есептеу үшін 1 – 7.2% және сәйкесінше 1.2 – 9.4% дисконттау мөлшерлемесі пайдаланылды;
- баға белгілейтін нарықтық құн шығарылған қарыздық бағалы қағаздардың әділ құнын анықтау үшін пайдаланылады.

Әділ құнды бағалау құнды нақты анықтауға бағытталған, ол бойынша қаржы құралы жақсы хабарландырылған, мұндай мәмілені жасауды шын мәнінде қалайтын, бір-бірінен тәуелсіз тараптар арасында айырбасталуы мүмкін. Дегенмен, тұрлаусыздық факторын, сондай-ақ пайдаланылатын пайымдардың субъективтілігін назарға ала отырып, әділ құн активтер тез арада іске асырылатын, ал міндеттемелер өтелетін құн ретінде қаралмауы тиіс.

(б) Әділ құнды бағалау иерархиясы

Топ қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылған есепте көрсетілген қаржы құралдарының әділ құнын бағалайды, ол үшін көрсетілген бағалауларды құрған кезде пайдаланылатын нақты деректерді есепке алатын келесі әділ құнды бағалау иерархиясын пайдаланады:

1-ДЕҢГЕЙ:
Бірдей қаржы құралдарына қатысты актив нарығында белгіленетін бағалар (түзетілмеген);
2-ДЕҢГЕЙ:
•Тікелей (яғни баға белгілеу) немесе жанама (яғни баға белгілеуден туындайтын деректер) қолжетімді нарықтық деректерге негізделген бағалау әдістері. Бұл санатқа келесілерді пайдалана отырып бағаланатын құралдар енеді: ұқсас құралдарға арналған белсенді нарықта нарықтық баға белгілеу, белсенді нарық ретінде қаралмайтын нарықта бірдей немесе ұқсас құралдарға арналған нарықтық баға белгілеу немесе барлық пайдаланылатын деректер бақыланатын нарықтық деректерге тікелей немесе жанама негізделетін басқа да бағалау әдістері;
3-ДЕҢГЕЙ:
•Бақыланбайтын нарықтық деректерге негізделген бағалау әдістері. Бұл санатқа бақыланатын нарықтық деректерге негізделмеген ақпаратты пайдалана отырып бағаланатын құралдар енеді, бұл ретте мұндай бақыланбайтын деректер құралды бағалауға маңызды әсер етеді. Бұл санатқа құралдар арасындағы айырманы көрсету үшін маңызды бақыланбайтын баға белгілеуді немесе пайымдарды пайдалану талап етілетін ұқсас құралдарға арналған, баға белгілеуге негізделген құралдар кіреді.

Бұдан кейін кестеде 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша әділ құнын көрсететін қаржы құралдарының әділ құнның иерархия деңгейлері бойынша талдауы берілген.

	1-ДЕҢГЕЙ	2-ДЕҢГЕЙ	3-ДЕҢГЕЙ	БАРЛЫҒЫ
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын туынды емес қаржы құралдары – борыштық бағалы қағаздар.	7,007	12,382	-	19,389
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық қаржылық активтер – борыштық қаржы құралдары.	43,990	116,552	-	160,542
	50,997	128,934	-	179,931

2019 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ БОЙЫНША ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ҚАТЫСТЫ ЕСКЕРТПЕЛЕР

ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕР ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР ӘДІЛ ҚҰН ЖӘНЕ ЕСЕПТІК ЖІКТЕУЛЕР



(б) Әділ құнды бағалау иерархиясы, жалғасы

Бұдан кейін кестеде 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша әділ құнын көрсететін қаржы құралдарының әділ құнның иерархия деңгейлері бойынша талдауы берілген:

	1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей	Барлығы
Өзгерістері кезең бойынша пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары				
- Туынды активтер	-	-	27,177	27,177
- Туынды міндеттемелер	-	-	(12,668)	(12,668)
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын туынды емес қаржы құралдары – борыштық бағалы қағаздар	8,076	6,341	-	14,417
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық қаржылық активтер – борыштық қаржы құралдары	58,874	112,005	-	170,879
	66,950	118,346	14,509	199,805

2019 жыл ішінде бірқатар инвестициялық бағалы қағаздарға қатысты нарықтық талаптардың өзгеруіне байланысты, осы аталған бағалы қағаздар бойынша белсенді нарықта нарықтық бағамдар мүмкін болмады. Осыған қарамастан, бақыланатын шығыс деректері негізінде аталған бағалы қағаздардың әділ құнын бағалау үшін қолжетімді ақпарат жеткілікті болды. Яғни баланстық құны 112,005 мың теңгені құрайтын аталған бағалы қағаздар әділ құн иерархиясы бойынша 1-деңгейден 2-деңгейге ауыстырылды.

Бастапқы танылған кезде бақыланбайтын бағалау мәндері арасындағы айырма

ҚРҰБ-мен «своп» мәмілелері жасалатын нарықтағы мәміле бағасы негізгі нарықтағы «своп» құралдарының әділ құнынан өзгеше болуы мүмкін (14-ескертпе). Бастапқы танылған кезде Топ бағалау әдістерін пайдаланып, ҚРҰБ-мен жасалған «своп» мәмілелерінің әділ құнын бағалайды.

Көп жағдайларда бағалау әдістері негізделетін барлық нақты шығыс деректер, мысалы, валюталық нарықтағы ұқсас мәмілелер бойынша ақпаратқа сүйеніп, толығымен қолжетімді болып табылады. Барлық шығыс деректер бақыланатын болып табылмайтын жағдайда, мысалы, есепті күнгі жай-күйі бойынша тәуекелдің ұқсас сипаттамаларымен бақыланатын мәмілелер болмауына байланысты, Топ тек бақыланбайтын шығыс деректерге негізделетін бағалау әдістерін пайдаланады, мысалы, қаржы құралдарының негізінде жатқан құбылмалылықтар, мәміленің қолданыс мерзімі аяқталатын кезеңге қатысты күтулер. Егер бастапқы танылған кезде әділ құн белсенді нарықтағы баға белгілеулерімен расталмаса немесе тек бақыланатын шығыс деректер пайдаланылатын бағалау әдістеріне сүйенбесе, бастапқы танылған кездегі әділ құн мен мәміле бағасының арасындағы кез келген айырма тез арада пайданың немесе залалдың құрамында көрсетілмейді, болашақтағы кезеңдерге тасымалданады (3-ескертпені қараңыз).

3-деңгейдегі қаржы құралдарының әділ құнының өзгерістері келесі түрде ұсынылған:

	Туынды қаржылық активтер	Туынды қаржылық міндеттеме
2018 жылғы 1 қаңтар	19,495	(9,199)
Пайдада және залалда көрсетілген барлық (шығыс)/кіріс:	7,682	(3,469)
Өтелгендері	-	-
2018 жылғы 31 желтоқсан	27,177	(12,668)
Пайдада және залалда көрсетілген барлық (шығыс)/кіріс:	449	702
Өтелгендері	(27,626)	11,966
2019 жылғы 31 желтоқсан	-	-

Топ өзінің әділ құнды бағалауларын барабар деп есептейтініне қарамастан, әртүрлі әдістерді және пайымдарды пайдалану әділ құнды әртүрлі бағалауларға әкелуі мүмкін.

Келесі кестеде 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша әділ құнға қатысты бағаланбайтын қаржы құралдарының әділ құнды бағалау жатқызылатын әділ құнның иерархиясының деңгейлері бойынша талдауы берілген:

	2-деңгей	2-деңгей	Барлық әділ құны	Барлық баланстық құны
Активтер				
Ақша қаражаты және оның баламалары	158,868	-	158,868	158,868
Банктердегі ақша қаражаты	9,102	-	9,102	9,102
Клиенттер мен банктерге берілген несиелер	834,080	140,396	974,476	982,390
Басқа қаржылық активтер	10,157	-	10,157	10,157
Міндеттемелер				
Клиенттер мен банктердің ақша қаражаты	957,859	-	957,859	958,945
Банктердің және қаржы ұйымдарының қаражаты мен несиелері	113,656	-	113,656	113,656
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	76,136	-	76,136	81,883
Реттелген облигациялар	57,729	-	57,729	61,342
Басқа қаржылық міндеттемелер	119,680	-	119,680	119,680

2019 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ БОЙЫНША ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ҚАТЫСТЫ ЕСКЕРТПЕЛЕР

БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН ЖҮРГІЗІЛГЕН ОПЕРАЦИЯЛАР

БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН ЖҮРГІЗІЛГЕН ОПЕРАЦИЯЛАР



Келесі кестеде 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша әділ құнға қатысты бағаланбайтын қаржы құралдарының әділ құнды бағалау жатқызылатын әділ құнның иерархиясының деңгейлері бойынша талдауы берілген:

	2-деңгей	2-деңгей	Барлық әділ құны	Барлық баланстық құны
Активтер				
Ақша қаражаты және оның баламалары	175,413	-	175,413	175,413
Банктердегі ақша қаражаты	31,292	-	31,292	31,292
Клиенттер мен банктерге берілген несиелер	784,238	173,313	957,551	968,684
Басқа қаржылық активтер	10,771	-	10,771	10,771
Міндеттемелер				
Клиенттер мен банктердің ақша қаражаты	1,073,112	-	1,073,112	1,074,530
Банктердің және қаржы ұйымдарының ақша қаражаты мен несиелері	125,650	-	125,650	125,650
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	68,482	-	68,482	70,147
Реттелген облигациялар	64,549	-	64,549	71,915
Басқа қаржылық міндеттемелер	45,714	-	45,714	45,714

	2019 жылғы 31 желтоқсан		2018 жылғы 31 желтоқсан	
	Байланысты тараптармен жүргізілген операциялар	Орташа тиімді пайыздық мөлшерлеме	Байланысты тараптармен жүргізілген операциялар	Орташа тиімді пайыздық мөлшерлеме
басқарушы тірек қызметкерлердің жақын туыстары				
- теңгемен	51	6.00%	81	12.83%
ортақ бақылаудағы кәсіпорындар				
- АҚШ долларымен	19,315	5.03%	-	-
- теңгемен	-	-	68	16.26%
Клиенттер мен банктерге берілген несиелердің құнсыздануына бөлінген резерв	(19)		-	
ортақ бақылаудағы кәсіпорындар	(19)		-	
Клиенттер мен банктердің ақша қаражаты	6,158		11,910	
Топтың басқарушы тірек қызметкерлері				
- теңгемен	2,089	8.92%	221	11.17%
- АҚШ долларымен	-	-	640	1.27%
басқарушы тірек қызметкерлердің жақын туыстары				
- АҚШ долларымен	2,135	1.23%	9,728	3.24%
- теңгемен	186	9.98%	744	9.10%
- басқа				
- еуромен	1,252	1.29%	577	5.30%
- теңгемен	496	10.4%	-	-
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар				
Акционерлер	1,142	4.5%	-	-

33. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ОПЕРАЦИЯЛАР

Б.Р. Байсейітов мырза Топқа түпкілікті бақылау жасайды.

Әрбір ықтимал байланысты тарапты қарастырған кезде, олардың заңды нысанына ғана емес, қарым-қатынастардың мәніне де ерекше көңіл бөлінеді. Банк пен Банктің байланысты тараптары болып табылатын еншілес компаниялар арасындағы операциялар шоғырландыру кезінде есептен шығарылады және осы ескертпеде көрсетілмейді. Топтардың байланысты тараптармен жүргізетін операциялары туралы ақпарат төменде берілген:

	2019 жылғы 31 желтоқсан		2018 жылғы 31 желтоқсан	
	Байланысты тараптармен жүргізілген операциялар	Орташа тиімді пайыздық мөлшерлеме	Байланысты тараптармен жүргізілген операциялар	Орташа тиімді пайыздық мөлшерлеме
Клиенттер мен банктерге берілген несиелер, брутто	19,414		205	
Топтың басқарушы тірек қызметкерлері				
- теңгемен	48	2.95%	56	3.66%

Қамсыздандырылған және қамсыздандырылмаған несиелер мен кепілдіктер басқарушы тірек қызметкерлерге және өзге байланысты тараптарға әдеттегі қызмет барысында беріледі. Бұл несиелер негізінде пайыздық мөлшерлемелерді қосқанда, осындай жағдайдағы тұлғалармен немесе, егер қолданылатын болса, басқа компаниялармен және қызметкерлермен басқа осындай мәмілелерді жасағанда қолданылатын талаптармен беріледі. Осы несиелер әдеттегіден тыс кредиттік тәуекелге ұшыраған жоқ және басқа жағымсыз жағдайлар тудырған жоқ.

Басқарушы тірек қызметкердің және басқа байланысты тараптардың депозиттеріне нарықта ұсынылатын мөлшерлемелер немесе Топтың ішіндегі басқа қызметкерлерге қойылатын талаптар бойынша пайыз есептеледі. 2019 жылғы және 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдарға жасалған пайда және залал туралы шоғырландырылған есепте байланысты тараптармен жүргізілген операциялар бойынша туындаған келесі сомалар көрсетілген:

2019 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ БОЙЫНША ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ҚАТЫСТЫ ЕСКЕРТПЕЛЕР

БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН ЖҮРГІЗІЛГЕН ОПЕРАЦИЯЛАР

	2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша	2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша
Пайыздық кіріс	535	19
- Топтың басқарушы тірек қызметкерлері	2	2
- басқарушы тірек қызметкерінің жақын туыстары	3	7
- ортақ бақылаудағы кәсіпорындар	530	10
Пайыздық кіріс	(139)	(532)
- Топтың басқарушы тірек қызметкерлері	(30)	(166)
- басқарушы тірек қызметкерлерінің жақын туыстары	(80)	(324)
- басқа	(29)	(42)
Операциялық шығыс	(618)	(389)
- Топтың басқарушы тірек қызметкерлері	(618)	(389)

2019 жылғы және 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін басқарушы тірек қызметкерлерге төленген сыйақы қысқамерзімді сыйақы түрінде берілді. Банктің Директорлар кеңесі мен Басқармасы сыйақысының жалпы сомасы 2019 жылғы және 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін 618 млн теңгені және сәйкесінше 389 млн теңгені құрады.

34. ЕСЕПТІ КҮННЕН КЕЙІНГІ ОҚИҒАЛАР

2020 жылғы 15 наурызда Қазақстан Республикасының Үкіметі COVID-19 вирусының ғаламдық індетіне байланысты төтенше жағдай жариялап, ол 2020 жылғы 30 сәуірге дейін ұзартылды. Вирустың таралуын төмендету мақсатында Қазақстанда тұрғындардың жүріп-тұруына бірқатар шектеулер қойылып, бұл еліміздегі көптеген кәсіпорындардың қалыпты экономикалық қызметінің төмендеуіне әкеліп соқты.

Әлемдегі басқа елдердің Үкіметтері вирустың әсерін шектеу мақсатында ұқсас шектеулер енгізіп, бұл ғаламдық экономикалық белсенділікті барынша төмендетті.

Мұнайдың әлемдік бағасы 2020 жылғы наурызда айтарлықтай төмендеді, қазақстандық теңгенің АҚШ долларына бағамы 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша бір АҚШ доллары үшін 382.59 теңгеден 2020 жылғы 27 сәуірдегі жай-күйі бойынша шамамен 430.99 теңгеге дейін өсті.

Топ басшылығы COVID-19 вирусының әсерінен туындаған экономикалық эффект ғаламдық масштабта, сондай-ақ Қазақстанда да елеулі болуы мүмкін деп есептейді. Бұл Қазақстандағы экономикалық белсенділіктің төмендеуіне және активтерге белгіленген бағаның құлдырауына әкеліп соғуы мүмкін. Басшылық 2-ескертпеде (Г) ұсынылған үш стресс-сценарийдің негізінде Топтың қаржылық жағдайына келтірілетін ықтимал әсерге талдау жасады.

Топтың ҚРҰБ Басқармасының Қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасы банк секторының қаржылық орнықтылығын арттыру бағдарламасына» қатысуын жалғастыру аясында 2020 жылғы 31 наурыздағы Акционерлердің жалпы жиналысының нәтижесі бойынша 215,263,858 дана жай акцияларды қосымша шығару арқылы жарияланған акциялардың санын арттыру туралы шешім қабылданды.

Коронавирус инфекциясы індетінің таралуына байланысты елімізде төтенше жағдайдың енгізілуінің нәтижесінде зардап шеккен шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері мен жеке кәсіпкерлерді қолдау шараларын көрсетуді көздейтін «Жеңілдікпен кредит беру бағдарламасын бекіту туралы» ҚРҰБ Басқармасының 2020 жылғы 19 наурыздағы №39 Қаулысына сәйкес Топ «ҚТҚ» АҚ 71,000 млн теңге мөлшерінде бөлген ақша қаражатын игеруге кірісті.